

Амангелді МАМЫТ



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ
ДӘСТҮР МЕН
ЖАҢАШЫЛДЫҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

Амангелді МАМЫТ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Шымкент, 2022

“Ж. А. ТӘШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ”
АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ
КІТАПХАНА

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті академиялық кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған (хаттама № 4, 25.02.2022ж.).

Пікір жазғандар:

Тасболатов Б.Т., филология ғылымдарының кандидаты

М.Әуезов атындағы ОҚУ Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі

Омаров Н., филология ғылымдарының кандидаты,

М.Әуезов атындағы ОҚУ Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті

Нұрпейісов Н.Ж., филология ғылымдарының кандидаты,

ОҚМПУ Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті

Мамыт А.

Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жанашылдық: Оқу құралы. – Шымкент: 2022. – «Әлем» баспаханасы, 152 бет

Оқу құралында қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жанашылдық мәселесі зерделенеді. Дәстүр мен жанашылдық термині жан-жақты талданып, оның ұлттық сөз өнеріндегі көрінісі, зерттелуі ғылыми тұрғыдан сарапталған. Фольклор мен әдеби дәстүр, ежелгі дәуір әдебиетіндегі түркілік таным мен көркемдік, орта ғасырдағы ислам мәдениеті мен шығыс әдебиетінің сарыны, жыраулық поэзияның өзіндік болмысы, Абай жанашылдығы мен акындық дәстүрі, Алаш қайраткерлеріндегі ұлттық рух, көркем прозадағы Әуезов жанашылдығы мен дәстүрі, көркемдік дәстүр және әдеби процесс, қазақ прозасындағы модернизм арнайы тақырыптар аясында қарастырылады.

Кітап жоғары оқу орындары филология факультетінің студенттері мен ізденушілеріне, магистранттар мен докторанттарға, жалпы қазақ әдебиетіне қызығушы қалың көпшілікке арналады.

© Мамыт А.А., 2022.

© «Әлем» баспаханасы, 2022.

АНДАТПА

Дәстүр мен жаңашылдық – әдебиет пен өнердің даму барысында сабақтастық пен жаңғыртуды, бұрынғы мен соңғының байланысын білдіретін ұғым. Дәстүрге ғасырлар бойы қалыптасып, сұрыпталған әдет-ғұрыптар, жол-жобалар көзқарас түсініктер жатады.

Жаңашылдық – өткен өмірдің, кешегі күннің тәжірибесі мен жемістерінің ішінде мән-мағынасы бай, дәрежесі жоғары заман талабына жауап беретін, бұрынғы-соңғының шеңберінен шығып, болашаққа кен жол ашатын аса маңызды ізденіс-әрекеттер. Ол жалпы өркениеттің дамуына әсер етеді, осы жолда туып, орнығады. Дәстүр мен жаңашылдық диалектикалық бірлестікте болып, ескі мен жаңаны жалғастырады, тарихпен бірге дамиды, өндірістің базисі ретінде өзгеріске ұшырап отырады. Дәстүр мен жаңашылдық арасындағы заңды байланыс – материалдық және рухани мәдениеттің, өндіріс пен техниканың, философия мен әдебиеттің, өнердің барлығына тән. Жаңашылдық – әрқашан асқан шеберлік пен зор таланттың нәтижесі, ол әдебиет пен өнердің өрісін кеңейте түседі. Дәстүр мен жаңашылдық әдебиетте, өнерде ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, жаңа заманның талап-тілегіне сай келу қағидасын қажет етеді. Тұрмыстың, қоғамдық тіршіліктің өзгеруіне, адамның өмір танудағы жаңа ұғым-түсініктеріне байланысты әдебиетте мазмұн мен түр жағынан жаңашыл шығармалар туады. Бұл тұрғыда кейбір дәстүрлік әдіс-тәсілдер сақталумен қатар жаңаша суреттеу, бейнелеу, сөз қолдану амалдары пайда болады. Әсіресе жаңа өзгерістер мен құбылыстарды аңғаратын соны бейнелеу құралдары жасалады. Бұл – әдебиеттегі жаңашылдықтың белгісі. Дәстүр мен жаңашылдық тек түрді, сыртқы өзгерістерді білдірумен қатар, ішкі мазмұнды, мағынаны білдіреді, түр мен мазмұнды бірдей қамтып, шығарманың идеялық-көркемдік немесе ұлттық сипатын жаңа сатыда елестетеді. Енген жаңалық әдебиетке сіңіп, дәстүрге айналып кетуі мүмкін.

Жаңашылдық әдеби-көркем дамудың белгілі бір кезеңінде құнарлы дәстүрден барып өркен жаятыны анық. Сондықтан да біз әдеби дәстүрді өткен дәуірде жасалған жалпыұлттық, жалпыадамзаттық маңызы бар бүгінгі заманның рухани қажеттіліктері мен сұраныстарын өтей алатын, көркемдік қуаты айрықша құндылық деп санаймыз. Яғни, әдеби дәстүр – өткен дәуірлердің бүгінгі күнге жарайтын, өзектілігімен ерекшеленетін құндылығы. Таратынқырап айтсақ, ілгері дәуірлерде қалыптасқан дәстүр жаңашылдықтың өзегіне айналуы үшін оның бойында өзекті идея, өміршен көркемдік болуы шарт. Философиялық тұрғыдан алғанда адамзаттың даму жолы дәстүр мен жаңашылдықтың үздіксіз сабақтасып тұруымен байланысты. Уақыт пен кеңістік ауқымында дамитын өзге де рухани үдерістер секілді әдеби-көркем үдеріске де диалектиканың үзіліссіз және үзілмелі қозғалысы ретінде қарауымыз қажет. Жалпы тіршілік диалектикасындағы осы үзіліссіз және үзілмелі қозғалыстың сипаты әдеби

көркем дамудың кезендік табиғаты болатындығын және ол әдеби дамудың ажырамас бөлігі міндетті құрамдас бөлігі екендігін аңғартады. Диалектика заңдылығы бойынша қандай да болмасын рухани үдерістің басталуы, шарықтау шегі, дағдарысқа ұшырауы, өзге бір келесі кезеңге өтуі, яғни алмасуы болмақ. «Бәрі де өзгереді...» - дейді дүниенің даму дидарын түсінген ақылмандар. Өмір өзгерістер арқылы дамып, тіршілік сипаты алмаса отырып дүние дөңгелемек.

Тіршілік көші тоқтамай өмір жалғасу үшін ескінің орнын жаңа баспақ, жаңа ұрпақ өз дәуірінің рухани-көркем сұраныстарын жаңаша қанағаттандырмақ, дүние дидарын жаңа оймен өрнектемеқ, жаңа сөзбен сомдамақ. Адамзат ойының дүниені көркем игеруінің жолы болып табылатын сөз өнерінің даму тарихында дәстүр мен жаңашылдықтың осындай сабақтастығын жиі аңғарамыз. Белгілі бір дәуірде қалыптасқан әдеби-көркем мұраның баршасы кейінгіге жарар жоралы жолға, игі дәстүрге айнала бермейтіндігі түсінікті. Дәстүрге дәуірдің озығы, кезеңнің үздігі ғана айнала алмақ. Дәстүрге айнала алған әдеби туындылар ғана кейінгіге жетпек. Айталық, ХІҮ-ХҮІІІ ғасырлар аралығында өмір сүрген 10-15 жырауды ғана білеміз, олардың бізге жеткен шығармалары 80-90 ғана. Бірақ осы бес ғасырдағы жыраулардың саны бізге жеткен жыраулардан әлдеқайда көп болғандығы күдік тудырмайды. Соған орай, біз білетін шығармалардан бізге жетпеген шығармалардың саны әлденеше есе көп екендігі де күмәнсіз. Дегенмен, біздің дәуірімізге олардың озығы мен асылы ғана жеткен. Осы озығы мен асылы дәстүр жасаған көркем дүниелер. Жыраулар ХІҮ-ХҮІІІ ғасырларда қалыптастырған осы дәстүр ХХ ғасырдың ортасына дейін сақталып келді. Қазтуған мен Доспамбеттің, Асан Қайғы мен Ақтамбердінің, Үмбетей мен Бұқардың дәстүрлері ХІХ ғасыр әдебиетінің идеялық бағдарына, жанрлық құрылымына, стилі мен тіліне, өлең құрылысына әсер етіп келді. Бірақ, жыраулық дәстүр қазақ әдебиеті үшін мәңгілік бұлжымас құбылыс емес еді. Өйткені, кең сахараны жайлаған қазақ тұрмысының сол ғасырлардағы көші, өмір сарыны, ұлттың ой-өрісі, қам-қаракеті өзгеріске түсетіні жаңа заманның жаңа талаптарына бейімделетіні анық болатын. Соған орай, оның сөз өнері де жаңа өріс таппақ. Жаңа өріс жаңа соқпақ салмақ.

Дәстүр де халықтың ой-өрісі сияқты, ол ұлттың рухани дамуында үнемі жаңғырып тұрады. Біз мұны, яғни, дәстүрдің жаңғырып тұруын өзектілік категориясы арқылы түсіндіргіміз келеді. Егер оған сұраныс болмаса, онда ол жаңғыра да қоймас еді. Жалпы қандай да болмасын жаңғыруды тудыратын оның қоғамға қажеттілігі, яки зәрулігі. Әдеби дәстүр – кейінгі дәуірлер үнемі рухани қуат алатын құнды қазына дегенде, біз оның осы өзектілігін айтамыз. Қазіргі кезде әлем әдебиетінде, соңғы жылдары өзіміздің әдебиетімізде де фольклорлық сюжеттердің, әсіресе, мифтік оқиғалардың осындай өзектілікке ие болып отырғанын көреміз. ХХ ғасырдың соңғы ширегіндегі ең ұлы тұлғалар Габриэль Гарсиа Маркес романдарындағы, Шыңғыс Айтматовтың

иниестері мен романдарындағы, казак әдебиетінде Оралхан Бөкей иниестеріндегі, Есенғали Раушанов, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Жанат Әкерейбекқызы поэзиясындағы мифопоэтиканың жандана, белсенді түрде көркем мәтіндерден орын алуы – дәстүрдің осындай өзектілігінен туындап отыр. Әрине, аталған қаламгерлердің қай қайсысы да мифтік мазмұнды дағдыны күйінде ала салмайды, мұны шығармашылықпен игерілген дәстүр деп қабылдағанымыз жөн.

Әдебиеттегі өзектілік пен көкейкестіліктің көрінісі, әсіресе, мәнішылдықтан байқалады. Сондықтан да көкейкесті тақырып пен идея, тіпті көкейкесті жанрда болмақ. Сөз өнеріндегі көкейкестілікті тудыратын мәнішылдық ойдағы өзекті мәселелер. Әлеуметтік дамудың белгілі бір дәуірдегі өзекті ойлары тақырыптың, идеяның өзектілігін тудыра отырып, жаңаша дәстүрлің қабырғасын қалайды. Өзекті мазмұн көркем мазмұнға айналу биіктігінде әрқашан жақсы шығарма тудыра бермейді. Бұл арада өзектілікпен әуестену құбылыстары да ұшырасып жатады. Мұндай көріністер кеңестік саясатты мадақтау заманында көп кездескен. Бұл адамды, адамның әрекеті мен жан дүниесін шынайы суреттемеуден, адамнан гөрі саяси ұрандар жетегінде кетуден туатын құбылыс десек, бүгінгі күнде де осындай арзанқол, үстірт жазылған шығармалар орын алып отырғаны белгілі. Өйткені, өмірдің өзі философиясына, дәуірдің иірімдеріне бармаған шығарманың айтары киішпінде арзан болған. Сондықтан сөз өнеріндегі өзектіліктің арқауында киішпінде мазмұн мен пішіннің табиғи бірлігі мен үйлесімі тұруы шарт.

Сыйып келгенде, жаңашылдық пен дәстүр әдебиеттің дамуына қуат беруші генератор екені даусыз. Бұл мәселені арнайы қарастыру – сөз өнерінің көркемдік болмыс-бітімін тануға алып барар сара жол.

ӘДЕБИЕТТЕГІ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

1. Дәстүр мен жаңашылдық туралы жалпы түсінік.
2. Дәстүр мен жаңашылдық – философиялық ұғым.
3. Әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық.
4. Халық поэзиясының игі дәстүрі.
5. Әдеби дәстүрді игеру және жалғастыру мәселесі.

Тарихи жалғастық – қоғам дамуының объективті заңдылығы екені мәлім. Мұндай жалғастықтың өзі қоғамда қалыптасқан белгілі бір дәстүрге негізделеді. Дәстүр дегеніміз – бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын тарихи тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік қалып пен мен ұстанымдар. Дәстүр – халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің рухани негізі болып табылады. Мұның өзі көркемдік дәстүр жалғастығына да тікелей қатысты болып келеді. Өйткені әрбір ұрпақ өзінен бұрын ғұмыр кешкен барлық ұрпақтар жасаған рухани мұраны игеріп, оны жаңа қоғамдық-тарихи жағдайға сәйкес жетілдіріп отыруы тиіс. Сонда ғана қоғам дамуының рухани мүмкіндіктері объективті түрде жүзеге асады. Жаңашылдық және дәстүр – әдеби процеске тән жалғастықты, шығармашылық барысында халықтық үлгілер мен өзіндік соны сипат-қасиеттердің бірлігін танытатын ұғым, қалыптасып, сұрыпталған көзқарас, түсініктер, көркемдік үлгі-өрнектер, тәсілдер жатады. Дәстүр – әдебиеттің мазмұны мен түрін, стильдік ерекшеліктерін, дәуірлік сипатын қамтитын әдеби әдіс. М.Әуезов сөзімен айтқанда: «Дәстүр мағынасына характер де, түр де, оқу мен өсу де, дами түсіп өзгеру де, мазмұн мен сыртқы сипат – көрік күйі мәселесі бәрі де түгел кіреді. Бұл сөз ғылымдық анығырақ және көлемдірек ұғымды аңғартады». Қандай да жаңа әдістің өмірге келуі жаналық, ал оның орнығып, қанат жайған көрінісі – дәстүрлік сипат алуы. Ендеше, дәстүр жаңа белгілер мен жаңашылдық көріністерінен түзіледі. Сол түзілген дәстүр өзгеру барысында кезендік сипаттарға ие болады да, жаңашылдыққа негізгі ұйытқы тірек болады.

Жаңашылдық деп кешегі күннің тәжірибесі мен жемістерінен мән-мағынасы бай, дәрежесі жоғары заман талабына жауап беретін, бұрынғы-соңғысының шеңберінен шығып, болашаққа кең жол ашатын аса маңызды ізденіс-әрекеттерді айтуға болады. Жаңашылдық даму нәтижесінде біраз уақыттан кейін өзі дәстүрге айналады, келесі сатыда басқа жаңашылдық туып-өрбиді. Жаңашылдыққа байланысты А.Егеубаев былай деп жазады: «Жаңашылдық – кен мағыналы ұғым. Оның өзі кәдімгі дамудың тарихи әлеуметтік даму сипатымен байланысты. Қаламгер шабытының кайнар көзі – өмір, өмірдің сымбатты салтанаты, дәуір мен дәуірдің органикалық байланысы. Уақыт үндестігі, ұрпақ туыстығы десек, бұл көркемдік заңдылықты қиналмай-ақ еркін көзге елестете аламыз. Сөйтіп, әдебиеттің дамуы – поэзияның поэзия болғалы жаратылған жақсы сипаттарының өшпей,

кестеннен-кезенге жалғаса дамуының өзі жаңашылдық мәуесі. Уақыт тынысының, жеке адамның күнделікті көңіл-күйінен гөрі, салмақты лирикалық-философиялық толғамдарын толғау».

Дәстүр мен жаңашылдық диалектикалық бірлікте болады. Оның негізі ескі мен жаңаның жалғастығы. Дәстүр мен жаңашылдық тарихпен бірге өмірлері отырады. Дәстүрге көркем өнердің тақырып ауқымы, үйреншікті сұрып, өмірге қатынасы, бейнелер аумағы, идеялық бағыты, қалыптасқан көркемдік құралдары жатады. Көркем өнердің жеке түрлерін де дәстүр бойынша суреттеу амалы мен тәсілдері, композициялық құрылымы, шығарманың тұтастығы мен көркемдік бітімі саналады. Өнердегі жаңашылдық деп тың тақырыпты бұрын қолданылмаған әдіспен көркем тіл арқылы суреттеуді, соны мәселеге батыл шешім табуды, шығармалар жасауды айтамыз.

Жаңашылдық – әрқашан асқан шығармашылық ізденістің нәтижесі. Сол арқылы сөз өнерінің өрісі кеңейе түседі. Өнердің бұрын қол жеткен тәжірибесіне, ұлы суреткердің тәжірибесіне сүйенбей шығармашылықта ілгерілеу мүмкін емес. Жаңашылдық пен дәстүрдің ұдайы ұштасып отыратыны да осыдан. Тұрмыстық, қоғамдық тіршіліктің өзгеруіне, адамның айнала өмір танудағы жаңа ұғым, түсініктеріне байланысты әдебиетте мазмұн мен форма жағынан жаңашыл шығармалар туады. Бұл сәтте кейбір дәстүрлік әдіс-тәсілдер сақталумен қатар, суреттеу, сомдау, сөз қолдану жағынан жаңа бейнелеу тәсілдері пайда болады. Әсіресе жаңа өмір құбылыстарын аңғартатын көркемдегіш суреттеу құралдары жасалады.

Дәстүр мен жаңашылдық дейтін мәселе кең мағынасында – философиялық ұғым. Себебі, ол – дүниежүзіндегі барлық даму атаулының істегі. Мұнсыз өсу, өрбу, өзгеру жоқ. Дәстүр, жалғастық дегеннің өмірде де, өнерде де үлкен ролі бар екенін дәлелдеп жату артық.

Әдеби шығармадағы тақырып жаңалығы, дүниетанымдағы, көркемдік ойлау жүйесіндегі жаңашылдық бүкіл бейнелеу құралдарына, көркемдік тіл, стиль, өлең ырғағы, жанрлар – бір-біріне жаңаша сипат дарыта алады. Көркемдік жаңашылдық тек қана жаңа сөздер, өрнектер, тәсілдер табу арқылы ғана емес, бұрыннан бар бейнелеу құралдарын жаңаша қолдана білетін суреткерлік шеберлігі арқылы да танылады. Жаңашылдықтың негізі – ойдың саралығы, өмір құбылыстарын жаңаша ұғып-түсіне білу, сезіну және соған сәйкес туатын көркемдік шеберлік. Бұл мәселені Қ.Жұмалиевт былайша тұжырымдайды: «Әрбір жаңа стиль – метод...

1. Өмірге жаңа көзқарас, жаңа дүниетанушылық.
2. Суреттеу үшін өмірдің жаңа, басқаша бір жағын таңдап алып, ескі тақырыпты жаңаша көрсету.
3. Дүниеге жаңа көзқарасты айтып беру үшін суреттеу құралының жаңа жүйесін табу.
4. Әдебиет мұраларына жаңа қатынас, жаңа көзқарас».

М.Базарбаев: «Көркемдік жанашылдық тек қана жаңа сөздер, өрнектер, тәсілдер табу арқылы ғана емес, бұрыннан бар бейнелеу құралдарын жаңаша қолдана беретін суреткерлік шеберлігі арқылы да танылады», - деп жазады.

Дәстүр жалғау, жаналау дегенді бір ғана аспектіде қарастыру – өнер үшін қиянат. Қазіргі мәдениетті өнерімізде дәстүр жалғастығының ізі тым нәзік. Бірақ сол дәстүр жалғастығының алтын арқауынан жаза басып жаңылып, алмағайып адасып калуға болмайды.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі іргелі жанрдың бірі поэзияның да даму процесіндегі басты көркемдік сипат – ұзақ жылдардағы көркемдік дәстүрді бойына сіңіре беру екенін көреміз. Әдеби жанрдағы, соның ішінде поэзиядағы дәстүр деген – кең ұғым, күрделі құбылыс. Суреткер ұзақ мерзім ішіндегі дәстүрге арқа сүйей отырып, жанашылдыққа ұмтылады. Әдебиеттегі дәстүр мен жанашылдықтың айқын межесін тайға таңба басқандай етіп, ажырата айту әзірге ешкімнің қолынан келген емес. Өйткені, дәстүр мен жанашылдық бір-бірімен табиғи тамырлас, тұтасқан диалектикалық бірлік құбылысы. Әдебиет қоғам өмірінің айқын сәулесі десек, сол қоғам өмірінің қай саласында болмасын дәстүр мен жанашылдық бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан да, әдебиеттегі дәстүр мен жанашылдық бір-бірінен бөле-жара қарау қиын, тіпті мүмкін емес. Жанашылдық дегеніміз – көнерген, тозған дәстүрден арылып, заманның ілгерішіл, прогресшіл талабына сәйкес дәстүрден өнегеден барып туындайтын құбылыс.

Әдебиетке келген әр қаламгер өзіне дейінгі ақын-жазушылардың мұрасына сүйенетіні хақ. Біреуіне сын көзбен қараса, екіншісін жаратпай мансұқ қылады. Ал тағы біріне піріндей табынады.

Халықтың ежелден өмір жолында, тырбанған тіршілігінде, шытырмен тағдыр талқысында тірнектеп жиған қазынасы – арман-мұраты, салт-санасы, сенім-сезігі, түсінік-түйсігі қазақтың бай фольклоры мен поэзиясының терең мазмұнын қалады. Мазмұн қазақтың тіл байлығынан өзіне лайық түр тауып, көркем сөз өнерінің поэтикасын тізді. Сөйтіп, қазақ халқының көп ғасыр бірге жасасып келген көркем сөз өнері Абай заманына жеткенде, атакты шығыс зерттеушісі ғалымдардан жоғары бағасын алған өзінше ұлан-асыр көркем дүние еді. Абайдың «Біреудің кісісі өлсе қаралы - ол» деген атакты өлеңін оның поэзия мұрасынан деген көзқарасының айнасы дей аламыз. Қазақтың тұрмыс-салт жырларын, тақпақ, мақал-мәтел, шешендік сөздерін тізіп келіп, ақын:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денен.

Өмірдегі қызығын бәрі өлеңмен,

Ойлансайшы, бос қақпай елен-селен,-

деп өлең өнерінің құнын көтеріп берді. Бірақ Абай ондағы не бардың бәрін бірдей талғамай қабылдай берген жоқ және қабылдағанның деңгейінде қалып қойған жоқ. Қайта соның бәрін жіті сын көзінен өткеріп, пайда-зиянын

айыра білді, шірігі, шикісі болса, міні кемшілігі болса көре білді. Аталмыш өлеңдегі мына бір шумақ соның айғағы:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,

Өлені бір – жамау, бірі – құрау.

Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,

Кемшілігі әр жерде-ақ көрінеу тұр-ау.

Бір жағынан қазақ өлеңдерінің өмірде кең тарап, керемет қызмет атқарғанына сүйсінсе, екінші жағынан, әлгі өзі көрген «кемшілігі» дарынды ақынды поэзияның жаңа биігіне меңзеген сияқты. Бұл мақсатта Абайдың асқар талантының үстіне оған бағыт сілтеп, талабына дем берген, тірек болған күш не дегенде М.Әуезов анықтаған үш әдеби дәстүрді айтар едік: ол

қазақтың төл әдебиеті, Шығыстың және Батыстың төл әдебиеті, әсіресе ұлы орыс әдебиеті. Арман биігіне көтерілген Абай творчествосын зерттеген кісі осы үш арна дәстүрдің сара ізін анық байқаған. Сонымен бірге осынау жосылған дәстүр іздерінің қандай жаңа биікке ұласқанын көреді. Ұл Абайдың өзі арман еткен, кәдеуілгі «ер данасының қиыннан қиыстырар», «өлең сөздің патшасы», «сөз сарасы», екен, «іші алтын, сырты күміс сөз жаксысы» екен, арман биігін ансап қана қоймай, оған тегеурінді талантымен шарықтап шығу – Абай поэзиясының жаңашылдық қасиетін танытқаны сөзсіз. Қат-қабат дәстүр қазынасынан асылын аршып ала білу және оны жарқын идеяның игілігіне жұмсап, шығармашылық іске асыра алу – Абай даналығының, Абай жаңашылдығының Пушкинге ұқсас үлгісі мен өрнегі лесе болады.

Ал енді, Абай үлгісі мен өрнегінің одан кейінгі поэзия үшін таптырмас дәстүр болып қалғаны – өз алдына бөлек әңгіме. Абайдың ізін басып шыққан М.Жұмабаев, М.Дулатұлы, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Тайыр Жароков, Әбділдә Тәжібаев, кейінгі бүкіл қазақ ақындары Абайды ұстаз тұтып, тәлім алды. Абай творчествосының жаңашылдық табыстарының енді күллі қазақ әдебиетінің баға жетпес байырғы дәстүріне айналды.

Жаңашылдық жақсы нәтижесін ең алғаш қазақ әдебиетінің іргесін қалаған «алыптар тобының» творчествосынан көргенбіз. Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровтің, Иса Байзақов пен Сәбит Мұқановтың поэзиясы, Бейімбет Майлин мен Мұхтар Әуезовтің, Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафиннің прозасы мен драматургиясы – соның кепілі.

Әдеби процесс әдебиеттің дамуында әрдайым байқалады. Әдеби әдіс және әдеби бағыттар мен ағымдар да өз кезінде жаңашылдық сипат алады. Оларды алғашқыда әдеби орта мойындай қоймайды. Бірте бірте уақыт өте келе әдебиеттегі жаңа үдеріс дәстүрге айналады. Осы орайда романтизм, реализм, синтетизм, классицизм және тағы басқалар жайлы айтуға болады. Әдебиеттегі дәстүр жалғастығын әр уақытта да көркемдік әдістердің қатарында романтизм және реализм болса олар белгілі бір дәуірде пайда

болады да әр кезеңде әдебиетте өз көріністерін табады. Мысалы: Ауыз әдебиеті үлгері қатарында саналатын батырлар жырларының эпикалық сарындарының бүгінгі қазақ ақындарының поэмаларынан, балладаларынан кездестіруге болады.

Жамбылдың эпикалық жырлары мен өлеңдерінде де эпикалық сарын аз емес. Ақын Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы шығармаларында өз кейіпкерлерін эпостық жырлардағы батырлар секілді суреттеді. Мысалы:

Суға салса батпайтын,
Отқа салса жанбайтын...

Романтизм XIX ғасыр мен XX ғасыр әдебиетінде мейлінше көбірек кездеседі.

Әдеби дәстүрді игеру және жалғастыру әрбір әдебиетке тән қасиет. Қазақ поэзиясында XIX ғасыр аяғында поэма жанры, ал көркем прозада XX ғасырдың басында роман жанрының да пайда болғандығы белгілі. Алғашқыда қазақ әдебиетінде жаналық болып енген бұл жанрлық түрлер соңыра дәстүрге айналды. Асқақ рух, қаһармандық леп әр дәуірдің әдебиетіне тән. Өйткені әр уақыт өз заманының кейіпкерлерін күн тәртібіне қоюға ұмтылған, атап айтқанда, ауыз әдебиетіндегі үлгілердегі эпикалық жырлардағы Қобыланды батыр, Алпамыс батыр қаһармандық кейіпкерлер болса, Б.Момышұлының соғыс тақырыбына жазған шығармаларының кейіпкерлері мен батырдың өзінің соғыстағы ақыл айла өнегелік істері орасан зор рухани-тәрбиелік мәнге ие. Мұндай дәстүрді игеру мен жалғастыру әлемдік әдебиетке де тән.

Сондай-ақ проза, поэзия, драматургия жанры бүгінгі күні де жалғасып келе жатыр. Әдебиеттегі дәстүрлер бүгінде жан-жақты зерттелуде. Мәселен қазіргі қазақ әдебиетінде әлемдік әдебиеттегі бағыттар мен ағымдардың түгел дерлік элементтерін, кездестіруге болады. Проза оның тілі мен практикалық сипаты және заңдылықтары өз көрінісімен бүгін де ерекше саралануы тиіс. Өйткені бүгінгі проза, поэзия немесе драматургия кешегі поэзия немесе адамдарға мүлдем ұқсамайды. Тілі де, практикалық сипаты да, ойлау жүйесі де әр алуан. Көркем әдісте бүгінде ең көп тараған түрі реализм. Қазақ әдебиетін жалпы алғанда да, оның түрлі жанрларына талдау жасасақ та дәстүр жалғастығы әрдайым орын алады. Сол арқылы жанашылдық көрініс табады.

Қазақ әдебиеті тарихында дәстүр және жанашылдық – өте егіз ұғымдар, олардың ара-жігін дәл басып ажырата білу қиын, өзара шектес құбылыстар. Бірінен-біріне өтетін күй ретінде ғана танымыз. Дәстүр жаңара келіп жанашылдыққа айналады, жанашылдық ол өзіне дейінгі түр арқылы түрлене түседі. Мұхаметжан Қаратаев: «Дәстүр мен жанашылдық дейтін проблема кең мағынасында – философиялық проблема... Онсыз өмір жоқ. Неге десеніз ештеңеден ештеңе шықпайтыны, яғни «нөлден» ештеңе өнбейтіні, екінші сөзбен айтқанда, жоқтан бар болмайтыны белгілі. Оның үстіне дүниеде не бар, соның бәрі дамып, өзгеріп отырады, жанғырып,

жанарып тұрады. Ол бұрынғы мен бүгінгінің, көне мен жаңаның арасындағы табиғи жалғастық құбылысының заңдылығы, философия тілімен айтқанда, дәстүр мен жанашылдық дейтін проблеманың қарастыратын заңдылығы», - деп жазады.

Әр халықтың тарихи қалыптасқан тұрмыс-салт, әдет-ғұрып бар, мінез-құлық бар, тілі бар, толып жатқан өнер түрлері бар. Бұлар да белгілі заңдылықпен дамып, өзгеріп жаңғырып отырады. Ол жаңалықтың көктеп түспейтіндігін, оның жоқтан емес, бардан пайда болатындығын танытатын диалектикалық даму процесінің заңдылығы.

Дәстүр – өте бай ұғым. Ол адамзат өміріне, өнеріне, біліміне қатысты салалардың көбіне-ақ тән құбылыс. Қай салада болмасын, жалпы дәстүр игаулыға тән қасиет – ол дайын күйінде тумайды, не өзге біреуден оңай алына салмайды, ол заманалар жемісі, тәжірибелер нәтижесі, уақыт сынынан ұрпақтардың ақыл-ой елегінен мүдірмей өткен, халықтың тіршілік-тұрмысына жауап беру арқылы өміршен сипат алып, әрдайым өсіп, өніп, жалғасып отырған әрі тұрақты, әрі жанды, белсенді құбылыс. Әрине, дәстүр игаулының бәрі бірдей барлық дәуірге ортақ, озық та өрен сипатта бола бермейді деп.

Дәстүр, әдет, салт, үрдіс, тіпті дағды, ғұрып деген сөздер кең мағынада адам мінезі мен тіршілігіне байланысты канға сіңген қылықтар. Демек, ұлттық дәстүр тез өзгеріп, немесе жоғалып кете қоймайтын құбылыс. Ұзақ уақыт бойына, тіпті таптық формациялардың ауысуына қарамастан өзгермей қалатын кездері де бар. Мұндай әдет-ғұрыптар адам санасының жаңалануына біраз уақыт кедергі жасауы да мүмкін. Үрдіс, дәстүр, салт адам психикасына, мінезіне байланысты түзіліп қаралатын тұрақты құбылыс.

Әр ұлттың психикалық түзілісі ұлттық сезім, ұлттық салт, дәстүр және ұлттық мінез-құлық сияқты бір-біріне сүйенген компоненттерді қамтиды. Және ұлттық сезімдер мен ұлттық мінез-құлық түрлері ішкі формалар ретінде осы ұлт таптарының рухани ерекшеліктері мен қасиеттері ретінде көрінеді, ал ұлттық салт пен дәстүрлер сыртқы факторлар ретінде, қоғамдық пікірлер күші ретінде, осы ұлт өкілдерінің қоғамдық тәртібін бір қалыпқа келтіретін материалданған идеялар ретінде байқалады.

Әдебиеттегі дәстүр туралы сөз қозғағанда, онымен бірге айтылатын, егіздің сыңарындай тығыз байланысты тағы бір ұғым бар. Ол – жанашылдық.

Ендеше әдебиеттегі дәстүр дегеніміз не? Энциклопедиялық анықтамалыққа жүгінсек, оның мәнісі мынадай екен. Дәстүр дегеніміз – әрбір халықтың арғы-бергі тарихындағы көркемсөз өнерінің ең таңдаулы үлгілерінде жинақталған, халықтың көркемдік талғам-түйсігінде баянды етілген, эстетикалық ой-пікір жүзінде, әдебиеттану ғылымында кеңінен мойындалып жинақталған, сөйтіп, заманнан заманға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын идеялық-көркемдік тәжірибе. Халықтың тұрақты рухани қазынасының, сарқылмайтын мол мұрасының кепілі – осы дәстүр.

Ал, жанашылдық дегеніміз – сол дәстүрге сүйене отырып, оны жаңа бір нәрмен, тың нақыштармен молықтыра отырып, соның бастауынан тағы бір өрістерге қарай арна тартатын соны үрдіс. Ол арна бірте-бірте аңғарын кеңейтіп, өркенін жайып, тамырын тереңдетіп, өмірге нығырақ, бергірек орныққан кезде, өзі де дәстүрге айналады.

Осындай үздіксіз өсу, бірден-бірге жалғасу үстінде жанағы жаңалық белгілі бір дәстүрге айналып, ол дәстүр бара-бара тағы да жаңалық тудырып, үздіксіз тізбекті әдеби үдеріске айналып отырады.

Дәстүр де, жанашылдық та белгілі бір заман, уақыт шеңберінде, әдебиеттің даму тарихында бір өзі тұтас бір кезенге айналған шығармашылық тұлғаның есімімен байланыста қарастырылады.

Ал, осы тұрғыдан алып қарағанда, Абай шығармашылығы арқылы келген жаңалықтың да, сол арқылы қалыптасқан дәстүрдің де мән-мағынасы мен тамыр тартқан ортасын Абай азаматтық және ақындық санасы қалыптасқан он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан іздеуіміз керек болады.

Жалпы дәстүр туралы пікірлердің дені осы сарындас. Бұл пікірлерден шығатын қорытынды – дәстүрдің философиялық ұғым екендігі. Оның тарихи тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер жиынтығы немесе белгілі бір ұлттық қоғамдық тәртібін бір қалыпқа келтіретін материалданған идеялар жиынтығы екендігі. Оған тән қасиеттер ұлттың айырмашылықты білдіретіндігі, атадан - балаға, ұрпақтан - ұрпаққа ауысып отыратындығы, белгілі-бір уақыт аралығындағы тұрақтылығы, жаңалыққа, жанашылдыққа жол бергендігімен уақыт өте келе оны өзіне (дәстүрге) айналдырып алатындығы. Ал, әдебиет пен көркемөнердегі дәстүрдің, кен мағынадағы дәстүрге ұқсастық жақтары болғанымен, өзіндік ерекшеліктері де бар.

Ұлттық дәстүрлер көркемдік шеберліктің халықтар жинаған мол қазынасын ғасырдан ғасырға әкеп тапсыратын эстафета іспетті. Бірақ олар ұлттық әдебиеттердің өзара қарым-қатынасының, өзара игі ықпалының нәтижелерін міндетті түрде қамтиды. Сонымен қатар, қоғамдық өзгерістердің және халықтың ұлттық характері дамуының нәтижесінде, ұлттық дәстүрлердің кейбір элементтері күн асқан сайын құри береді. Көне заманға тән діни мифологиялық образдар мен метафоралар, немесе кейбір ежелгі ақындардың бипаздалған бал көмейлігі мен лұғатты сәуегейлігі – қазір бағзы архаика ғана. Дәстүрлер шебер суреткердің жанашылдық ізденуі арқасында толысып, түрленіп отырады. Жаңа дәстүрлер туады.

Тіршілік үшін күресте әрбір халық өзіне тәжірибе алып, өмірлік тәсіл, тұрмыстық салт құратыны сықылды, өнерпаздық тәжірибе арқылы творчестволық дәстүр құрады. Өнер дамуы дегеніміз оның осы дәстүрінің дамуы, себебі өнердің негізгі ұрығы – халық даналығы, халықтың рухани күш-қуаты десек, дәстүр өнер атаулы жеміс ағашының, образбен айтқанда орныққан, бекіген тамырлы түбірі. Ал, жаңалық дейтініміз сол дәстүрдің

ламу нәтижесінде жаңа салған жапырағы мен жемісі. Дәстүрдің дамып, көңілдегідей жақсы жаңалықты жеміс беруі қоғамдық жағдай, талант, мәдениет сықылды көптеген факторларға байланысты. Мұны қазақ әдебиеті тарихынан анық көруге болады. Қазақ халқының жүз жылдар бойы қорланып, шыңдалған бай поэзиялық творчествосының дәстүрі XIX ғасырдың жаңалықты жемісі ретінде Абай мен Махамбет есімдерін жарқыратты. Ал бұл екі ақынның мұрасы бұрынғы дәстүрді дамытқан жаңалық бола тұра, енді өзіндік дәстүр құрды.

М.Әуезовтің «Дәстүр – болмысты көркем образға айналдырудың ғасырлар бойы машықталған тәсілдерінен және айналамызды қоршаған қоғамдық орта мен табиғатты ой таразысына сала отырып бейнелеуді ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан қағидаларынан құрылады» деген анықтамасы дәстүрдің заңдылықтарын ашатын тұжырым. Қазақ көркемсөз өнеріне тән дәстүр мен жаңашылдықтың бірнеше қырлары көрсетілген. Соның бірі қазақ әдебиетінің ауыз әдебиеті мен жазба кәсіби әдебиетінен нәр алып, қос арна болып дамып келе жатқандығы. Қазақ фольклорының сұрыпталған шебер тілі, халықтың үміт, арманын бейнелейтін үрдісі кеніш қымды толғамдылығы Абай Құнанбаев бастаған классикалық әдебиетімізге игі әсер тигізген. Сондай-ақ кеңес дәуірінде көркейіп дамыған жазба әдебиет халық ақындарының, соның ішінде Жамбыл Жабаевтың шығармашылығын биіктітуге зор ықпал еткен – Әуезов қазақ кеңес әдебиетінің жетілуіне, жанрлық жағынан түрленуіне, жаңа сапалар табуына орыс әдебиетінің тәсіл, үлгісі болғанын атап өтеді. Қоғамдық өзгерістердің нәтижесінде әдебиеттегі көне дәстүрлердің кейбіреулері жоғалып, оның орнына өміршен жаңа биіктіктер келетіні де жалпы заңдылық. Жаңа дәстүрлер шебер суреткерлердің тіленістері арқылы толысып, түрленіп отырады. Қазақ кеңес поэзиясы мен прозасы әлемдік әдебиеттің тәжірибесін де пайдалынып, жетілген. Ал драмалық шығармалар, әдеби сын дәстүрі негізінен алғанда, кеңес дәуірінің жемісі болып табылады. Жазба әдебиеттің ең күрделі жанры – романшылықтың қалыптасуына да төл дәстүрімізбен қатар жаһан әдебиетінің де әсері тиген. Тың жанрлардың пайда болуы, көне жанрлардың жаңғыруы, ауызша және жазбаша көркем шығармашылықтың бірін-бірі байытуы ортақ шындықтай құбылыс. Дәстүр мен жаңашылдық қазақтың көркем әдебиетінің қалыптасу процесінде көрінеді. Сонымен:

1. Халықтың ақындық шығармашылығы, оның жанрлары мен түрлері, ақындардың стилі мен қолжазбасы жүздеген жылдарда қалыптасып, дамып отырады;

2. Қазақ әдебиеті өзінің даму процесінде ұлттық дәстүрлерімен қатар шығыстың, орыстың, еуропалық жалпы жаһан әдебиетінің көркемдік жетістіктеріне де сүйенеді, жаңа сипаттар табады;

3. Жазба әдеби тіл де ақындар, жазушылар шығармашылығының негізгі үрдістерін сұрыптап, жетілдіреді.

Әдебиеттегі дәстүр жайындағы сөз бүкіл көркем әдебиеттің тарихы туралы сөз. Дәстүрге соқпай жанашылдық жайында әңгіме қозғау қиын. Дәстүр дегенде өнердің бастау бұлағының кейінгі толқынға шығармашылық жүйелі әсерін, қалыптасқан жалғасын, үндестігін, өрісін, өміршендігін айтамыз. Бірақ бұл жалаң елендеу, өзінен бұрынғылардың айтып кеткенін қайталап, сол ізбен жүру емес, жаңа жол салу, барды дамыту, жоқты табу.

Дәстүр мен жанашылдық – әдебиет пен өнердің даму барысында сабақтастық пен жаңғыртуды, мұрагерлік пен қайта жасауды, бұрынғы мен соңғының байланысын білдіретін ұғым. Дәстүрге ғасырлар бойы қалыптасып, сұрыпталған әдет-ғұрыптар, жол-жобалар, көзқарас түсініктер жатады.

Жанашылдық – өткен өмірдің, кешегі күннің тәжірибесі мен жемістерінің ішінде мән-мағынасы бай, дәрежесі жоғары заман талабына жауап беретін, бұрынғы-соңғының шеңберінен шығып, болашаққа кең жол ашатын аса маңызды ізденіс-әрекеттер. Ол жалпы өркениеттің дамуына әсер етеді, осы жолда туып, орнығады. Дәстүр мен жанашылдық – диалектикалық бірлестікте болып, ескі мен жаңаны жалғастырады, тарихпен бірге дамиды. Дәстүр мен жанашылдық арасындағы заңды байланыс – материалдық және рухани мәдениеттің, өндіріс пен техниканың, философия мен әдебиеттің, өнердің барлығына тән. Жанашылдық – әрқашан асқан шеберлік пен зор таланттың нәтижесі, ол әдебиет пен өнердің өрісін кеңейте түседі. Дәстүр мен жанашылдық әдебиетте, өнерде ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, жаңа заманның талап-тілегіне сай келу қағидасын қажет етеді. Тұрмыстың, қоғамдық тіршіліктің өзгеруіне, адамның өмір танудағы жаңа ұғым-түсініктеріне байланысты әдебиетте мазмұн мен түр жағынан жанашыл шығармалар туады. Бұл тұрғыда кейбір дәстүрлік әдіс-тәсілдер сақталумен қатар жаңаша суреттеу, бейнелеу, сөз қолдану амалдары пайда болады. Әсіресе жаңа өзгерістер мен құбылыстарды аңғаратын соны бейнелеу құралдары жасалады. Бұл – әдебиеттегі жанашылдықтың белгісі. Дәстүр мен жанашылдық тек түрді, сыртқы өзгерістерді білдірумен қатар, ішкі мазмұнды бірдей қамтып, шығарманың идеялық-көркемдік немесе ұлттық сипатын жаңа сатыда елестетеді. Енген жаңалық әдебиетке сіңіп, дәстүрге айналып кетуі мүмкін.

Қазақ әдебиетінің өзіндік даму тарихы бар. Сонау ауыз әдебиетінен нәр алып сусындаған әдебиетіміз уақыт өткен сайын өзіндік жаңалықтарымен, ізденістерімен дараланып тұратын қаламгерлер шығармаларымен толығып отырды. Соның нәтижесінде әр кезеңдегі қазақ қаламгерлері қалыптасқан дәстүрлі арнаны жанашылдық сипатта жан-жақты дамыта отырып, қазақ әдебиетіне мол жаңалық әкелді. Қазақ әдебиетінің төріне жаңа кейіпкерлер келді, олардың мінез-құлқы күрделенді, әр түрлі жанрда жазылған жаңа мазмұнды шығармалар қатары кеңейді. Кейіпкер бейнесін сомдауда, өмір шындығын көркем өрнектеуде соны көркем бейнелеу құралдары жасалды. Яғни әдебиеттегі дәстүрлі арна жаңа сипат алды. Әдебиеттегі жанашылдық –

арқанадан асқан шеберлік пен зор таланттың нәтижесі, ол әдебиет пен өнердің өрісін кеңейте түседі. Тұрмыстың қоғамдық тіршіліктің өзгеруіне, адамның өмір таңудағы жаңа ұғым-түсініктеріне байланысты әдебиетте мазмұн мен түр жағынан жаңашыл шығармалар туады. Бұл тұрғыда кейбір дәстүрлік әдіс-тәсілдер сақталумен қатар жаңаша суреттеу, бейнелеу, сөз қолдану мүмкіндіктері пайда болады. Әсіресе жаңа өзгерістер мен құбылыстарды сипаттауға соны бейнелеу құралдары жасалады. Бұл – әдебиеттегі жаңашылдықтың белгісі. Дәстүр мен жаңашылдық тек түрді, сыртқы өзгерістерді білдірумен қатар, ішкі мазмұнды бірдей қамтып, шығарманың идеялық-көркемдік немесе ұлттық сипатын жаңа сатыда елестетеді. Енген жаңашылдық әдебиетке сіңіп, дәстүрге айналып кетуі мүмкін. Көркем шығармашылық – үнемі қозғалыс, даму үстіндегі күрделі әрі жанды процесс. Бұл процесте әр шынайы жаңашылдық өзінің сонылық қасиетін берік сақтай отырып, кейінгі дамуға да үлкен ықпалын тигізеді. Бұл ретте белгілі озық жетістіктердің жаңашылдық өмірі мен дәстүрлік қызметі қатар басталады дауыс болады. Нағыз дәстүрлік сипат алған көркемдік құбылыс әдеби дамуда бүтіндей жаңа серпіліс, жаңа белес алып келеді.

Әдебиет пен көркем өнердегі ұлттық дәстүрлер ұрпақтың дүниені көркем оймен тану жолындағы озық тәжірибелерінен жасалғаны мәлім. Дәстүр тұлғасы – тарих талқысынан өткен, халықтың ой-сезіміне етене білінген, халықтың эстетикалық талғамына төтеп бере алатын бейнелеу нышандары мен күллі ұлттық тіл байлығы арқылы айқын көрінеді.

Халық поэзиясындағы дәстүр дегеніміз өте кең ұғымды қамтиды. Тұтас алғанда ол осы поэзиядағы тұрақты көркемдік арсеналы деген сөз. Ал, бұл ұғымға халық поэзиясының «әу» деп басталатын беташарынан бастап, соңғы шыңына дейінгі барша көркемдік құралдар (тенеулер, метафоралар, троптар т.б.), әдіс-тәсілдер, қалыптасқан түрлер, пішіндер, көркем ұғымдар мен түсініктер т.б. кіреді. Бұлардың бәрі де халықтың тіршілігіне, тұрмысына, дүние танымына, көркемдік ойының өзіндік қалыптасуы мен даму дәрежесіне, өзге халықтар әдебиетімен, мәдениетімен байланысына және өзгешелігіне т.б. сәйкес, сабақтасып өріс алады. Сөйтіп, поэзияның ұлттық ерекшелігін де, халықтық сипатын танытатын, құрайтын осы белгілер. Олар ұзақ уақыт өмір сүру арқылы өзіне тән барша өзгешеліктерді қалыптастырады, тұрақтандыра түседі, соның нәтижесінде белгілі дәстүр дәрежесіне көтеріледі.

Әдебиеттік дәстүр, яғни әдебиеттегі ұлттық дәстүр, сөз жоқ, әрбір халықтың, ұлттың өмірді көркемдік, образдық жолмен тануынан шығып қалыптасқан. Оның арғы төркіні белгілі бір халықтың белгілі географиялық ортада, белгілі климаттық жағдайда, адамдардың белгілі әлеуметтік қатынастары нәтижесінде түзілген әдет, салт, дәстүрлерде екенін жоғарыда айтып отырмыз. Екеуінің арасында сабақтастық бар. Ол сабақтастықтың бірі себеп те, екіншісі салдар.

Әдебиеттегі дәстүр деп көбіне-көп қазір қызмет атқарып жүрген, белгілі бір әдебиеттің ұнамды айырым белгісі болып табылатын, оның қазіргі сипатын танытатын, бірақ әріден келе жатқан ерекшеліктерін айтамыз.

Әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық бір-бірін үнемі толықтырып отырады. Поэзияның фольклорлық түрінен бастап, негізін Абай қалаған жазба поэзияға, онан соң бүгінгі дәуірдің поэзиясына дейінгі ұзақ шығармашылық жол дәстүр мен жаңашылдыққа бай. Көне заманнан бері бар сөз өнерін поэзия түрінде сақтап келген халықтың қалыптасқан ұлттық дәстүрі мол. Сол ұлттық дәстүрлердің арқасында ғана бүгінгі ұлттар әдебиетінің қатарында қазақ әдебиеті, әсіресе қазақ поэзиясы өзіндік түр, сипатпен көрініп отыр. Оның ұлттық дәстүрі жалпы әдебиеттің сырын, бояуын танытады, байытады, жаңа өмір құбылыстарын реалистік жолмен суреттеу арқылы оның мазмұнын тереңдетеді, реализмнің жаңа белестеріне қарай сілтейді.

Дәстүрлер шебер суреткерлердің жаңашылдық ізденуі арқасында толысып, түрленіп отырады. Жаңа дәстүрлер туады. Бұл арқылы мынадай қорытынды шығаруға болады:

1. Халықтың поэтикалық творчествосының ертедегі сатыларынан бастап, жанрлары мен формаларының жүйелері кен дамыған, ақындары мен жазушыларының өзіндік стилі, өзіндік творчестволық сипаты бар осы заманғы профессионал әдебиетке жеткен социалистік реализм жолындағы қазақ әдебиетінің озық дәстүрлері жүздеген жылдар бойына қалыптасты.

2. Қазақтың ұлттық әдебиетінің өзіндік ерекшелік, халықтық реализм іспетті айрықша қасиеттерінің сұрыпталып, сомдану процесі қазақ және орыс әдебиетінің, Шығыс пен Батыс халықтары әдебиеттерінің өзара творчестволық көмегі бірін-бірі игі қасиеттермен молықтыруы жағдайында өсіп келеді. Осы сапа-қасиеттердің өрби өсуіне қазақ әдебиетінде терең тамырлы ішкі процестер жүріп жатыр: озық дәстүрлер мешеу тенденцияларға қарсы, болмысты аңдау және оны игерудегі өресіздік пен тарихи томағатұйықтыққа қарсы күресте шынығып, маркаюда.

3. Қазақтың ұлттық әдебиеті әдебиеттің өзегі болып танылатын қазақтың әдеби тілін қалыптастыруда және дамытуда тарихи роль атқарады һәм әлі де атқарып келеді. Халық өркенді жыр өнерімен атсалысса, ақындар, жазушылар адамдар арасындағы қарым-қатынастың құралы болып табылатын тілдегі небір прогрессив жаңалық атаулының бәрін іріктейді, сұрыптайды, жетілдіреді, дәйектендіреді.

Қазақ ұлтының озық әдебиеті әлем тіліне, Шығыс пен Батыс халықтарының тілдеріне аударылуы арқасында әлемнің барлық елдерінде сансыз достары мен оқушыларын тапты.

Философиялық тұрғыдан алғанда, дәстүр мен жаңашылдық құбылыстарының сабақтаса байланысынсыз өмір, тірлік болмақ емес. Ал: «Көркемдік ойлаудың ұлттық ерекшеліктері негізінде қалыптасқан әр халықтың әдеби дәстүрі дегеніміз, - дейді академик Рымғали Нұрғали: бір

көп, бір дәуір емес, ұзақ ғасырлар тудырған, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, үнсімі өзгеріп, түлеп, байып, дамып отыратын рухани игілік. Қашанда әдеби дәстүр мен әдеби даму — әдеби қозғалыстың өзара ажырамас, тығыз диалектикалық байланыстағы құрамдас қайнарлары. Жаңашылдық идеяларының арнасы ең алдымен жүйелі дәстүрді игеруде жатыр, табанды қаламгер үйрену, үлгі алу, тәжірибе жинақтау кезеңдерінен өтіп алып барып, соныға тартады».

Дәстүр мен жаңашылдық — даму заңдылығы. Сонау Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі дастандардан бастап, хандық дәуірдегі Бұқар жырау, Асан қайғы, Ақтамберді, Доспанбеттермен ұласып, олардан кейінгі жазба шартушылық әдебиетінің негізін қалаушылар Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтардан да әрі асып, олардан кейінгі талай ақындарға, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан жол бары анық. Алмас қылыш шарқайраққа қайрамай өтпейтіні тәрізді, ұлы ақындар туындыларынан нәр алмаған қалам иесінің де шығармасы да өткір болмасы хақ. Оқу, үйрену, жалғау-жыраулық, ақындық дәстүр. Кейінгі буын алдыңғы буынды жалғастырмаса, жалғастыра отырып өзінше талғап, өзінше ізденіп, жаңалыққа ұмтылмаса, бастау-бұлағы, көні бітелген өзендей үзіліп қалмай ма?! Ақынды алға жетелеп, мақсатқа жеткізер дәстүр жалғастығы.

Дәстүр жалғастығы ұғымына әдеби орта сөзі де сыйып кететіні хақ. Әдеби орта дегенде ақынның туып-өскен ортасы, аймағы деген мәселені ең бірінші орынға қоюымыз керек. Ақындыққа көтерілу жолында өз ауылының, өлкесінің әдебиет өкілдерінен құнар жинаса, толысып, кемеліне келген шақта да шдымен өз айналасына рухани нәрін септі. Сол себепті де Абайдың әдеби ортасы туралы сөздің бастауы оның айналасынан басталуы заңды. Абай Құнанбайұлы Ертіс бойындағы Семей шаһары мен Шыңғыстау аралығында түмір кеітті. Ес біліп, ақыл тоқтатқан шаққа дейін өлең-сөздің, ақындықтың өліппесін Абай өз әулетінен, манайындағы үлкенді-кішілі ақындар мен би-шешендерден үйренді. Демек, қазақ әдебиетіндегі кеңінен қанат жайған Абай дәстүрінің бұлақ көзі алдымен осы ақын айналасына шоғырланған ақындардан бастау алады. Ал, Абайдың әдебиеттегі дәстүрі қазақ даласында кеңінен сипаталды.

“Ж.А.ТӘШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ
КІТАПХАНА

ФОЛЬКЛОР ЖӘНЕ ӘДЕБИ ДӘСТҮР

1. Фольклор мен ежелгі әдебиеттің байланысы.
2. Жыраулық поэзиядағы халықтық үрдіс, фольклормен байланыс.
3. Абай және фольклор
4. XX ғасыр әдебиетіндегі фольклорлық дәстүр.
5. Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық сарын.
6. Қазіргі қазақ поэзиясындағы фольклор дәстүрі.

Ежелгі дәуір әдебиетінің фольклорымен арақатынасын айқындау Түркі Қағанаты дәуіріндегі сөз шеберлерінің әдеби дәстүрлерді игеруін, олардың таным-түсініктерін, рухани сабақтастық жалғастығының деңгейін танып-білуімізге оң ықпалын тигізеді. Еліміздің тәуелсіздігін алуына орай «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары негізінде соңғы жылдары халқымыздың өткен тарихын, мәдениеті мен әдебиетінің бастауларын тануға бетбұрыстар жасалынып, түркі тілдес халықтарының ертедегі жазба мұраларына да ерекше назар аударылуда.

Орхон ескерткіштеріндегі фольклорға тән белгілердің көріністері жөнінде айтылған, жазылған ой-пікірлер он тоғызыншы ғасырдың соңы мен жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жартысындағы баспасөз беттері мен мұрағат деректерінде кездеседі.

Орхон жазбаларының құпия сыры ашылып оқылған кезден жиырмасыншы ғасырдың 50-жылдарына дейінгі ғылыми еңбектерде олар тілдік, тарихи мұра ретінде ғана қарастырылады. Олардың фольклорлық сипаты жөнінде алғаш рет пікір айтқан Ә.Марғұлан, М.Әуезовтер болды. Кенес дәуірінде әдеби тұрғыдан зерттеген ғалымдар И.В.Стебелева, М.Жолдасбековтердің еңбектерінде Орхон жазбаларының тақырыптық, жанрлық және идеялық-көркемдік қырлары қарастырылды. Бұл ғалымдардың зерттеулері жана ғылыми тұжырымдардың жасалуына жол ашты.

Өткен ғасырдың 60-жылдарынан кейінгі кезеңдерде Б.Кенжебаев, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев, Ә.Қоныратбаев, Ғ.Айдаров, Х.Сүйіншалиев, Қ.Өміралиев, М.Жолдасбеков, Н.Келімбетов, Т.Тебегенов, М.Мырзахметұлы, Н.Базылхан сияқты ғалымдар Орхон ескерткіштерін тілі, әдебиет тарихы тұрғыларынан қарастырып отырса да, олардың жанрлық ертектілігі мен фольклор үлгілерімен байланысына соқпай өтпеді.

Кейінгі кездері академиктер Р.Бердібай, С.Қасқабасов, сол сияқты фольклортанушы ғалымдар Ш.Ыбыраев, Т.Қоныратбай еңбектерінде Орхон жазбаларының фольклорға қатысы жөнінде маңызды ойлар айтылды.

М.Жолдасбеков пен Қ.Сартқожаұлы 2005 жылы «Күлтегін» баспасынан «Орхон ескерткішінің толық Атласын» жарыққа шығарды. Соңғы жылдары жарық көрген қазақ әдебиетінің тарихына арналған он томдықтың қазақ фольклорының тарихы қамтылған бірінші томында

жарияланған С.Қаскабасов, Т.Қоңыратбай зерттеулерінде фольклордың Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиетке қатысы қарастырылған.

Көркем әдебиет пен фольклордың байланысы, көп жағдайда, акын-жазушылардың фольклордағы негізгі идеялар мен сюжеттерінің негізінде шығарма жазуы мен фольклорлық жанрлар мен мотивтерді, фольклорға тән айшықтарды пайдалануынан аңғарылады.

Фольклордың басты сипатының бірі – синкреттілігі. Фольклор синкреттілігін Е.М.Мелетинский идеологиялық және жанрлар синкретизмі деп екі сыйаға бөліп қараған.

Епосты фольклордың бірнеше жанрлық түрлерін, көне наным-сенім, ежелгі түсінік, дүниетанымдарды бойына жинаған көлемді әрі синкретті эпикалық жанр десек, осы жанрға ұқсастық белгілері мол Орхон-Енисей кешендерінде де идеологиялық синкретизм көрінісі бар. Түркі қағанаты дәуіріндегі кешендерде, сол кезден жеткен жазба ескерткіштерде ежелгі дәуірдегі түркілердің наным-сенімдері, дүниетанымы біршама көрініс тапқан. Солардың бірі фольклорлық жанрлардың ең көне түрінің бірінен саналатын мифтік танымның бейнеленуінен байқалады.

Алғашқы қауымға тән дүниетаным мен діни танымдардың көрінісі болып саналатын анимизм, тотемизм, сондай-ақ рулық қауымның тұсында қалыптасқан эруакқа табыну белгілері Түркі қағанаты дәуірінің киелі деп саналатын кешендерінде, жазбаларында едәуір бейнеленген.

С.Қаскабасов эпостың жанр болып қалыптасуында оған тірек болатын айынар көздерінің бірі ретінде ертегі, өлең, тарихи жырлармен қатар мифті де атап көрсеткеніндей Түркі қағанаты дәуірінде «Ежелгі мифтер мен нанымдар, сюжеттер мен мотивтер бірыңғай идеологиялық сипат алып, қараңды дәріптеу үшін біршама көркем қасиетке ие болған, сондай-ақ түркі жұртының бабасы – Көкбөрі деп, Ашинадан тарағаны туралы тотемистік ұғымның іздері Күлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк туралы жазуларда сақталған».

Жазбалардағы «Көк түрк», «Көкте түрк тәңірісі», «Көк тәңірі», «Жол тәңірі», «Жер-су тәңірі», «Тәңірі», «Ұмай», «Қасиетті жер-су» деген ұғымдар мифтің тәңірлікке қатысты наным-сенімінен көрініс береді. Кейбір түркі елдіктерінің мифтерінде жердің иесі әйел құдай – Ұмай болса, жазбаларда оны түсініктің ізі де едәуір көрініс тапқан.

Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазуларында көне мифтердің бір түрі жасамшылық – әлемнің пайда болуы жөніндегі мифтің сілемі, түркі аңыз, дастандарында жиі кездесетін мифтік эпикалық уақыт пен кеңістік сарындыры көрінісі де бар.

Фольклордың ертегі, аңыз, әпсана, эпикалық жыр сияқты түрлерінің бәріне дерлік айрықша орын алатын ғажайып туу мотивінің де түп-төркіні мифтерден бастау алады. Бұл мотив әлем халықтарының фольклорында бар. Ғажайып туу мотивіне А.Н.Веселовский, В.Я.Пропп сияқты ғалымдар назар аударып, ол жөніндегі пікірлерін жазған болатын. Бұл құбылыстың қазақ

фольклорындағы көрінісі С.Қасқабасов, Б.Әзібаева, Ш.Ыбыраев зерттеулерінде де қарастырылды.

Эпикалық фольклорлық туындыларда жиі көрініс табатын мотивтердің бірі – кейіпкердің ғажайып тууының түрлерін С.Қасқабасов: «тотем бабаның баласы, аталар әруағының жәрдемі, мұсылман әулие әнбиелердің, пірлердің көмегі және баланың ерекше жағдайда (әкесі үйде жоқта) тууы» - деп топтастыра көрсетеді. Қаһарманның ерекше туылысы жайындағы мотив, әсіресе эпостарда дәстүрлі түрде сақталып, басты қаһарманды дәріптеу, оның ерлігін аша түсу үшін қолданылады, яғни қаһарманның алдағы ерліктерді жасауына дайындығын көрсетуге бағытталған.

Түркі қағанаты дәуірі жазба ескерткіштерінде тотемизмнің – фольклорлық ғажайып туу мотивінің де көрінісі бар. Ол жазбаларда қағандар Тәңірінің қалаулысы, Көктен жаралды деп көрсетіледі. Қағандардың, батырлардың Тәңіріден жаралуы туралы ұғым ежелгі түсінік – көктен, күн нұрынан жаралуы жөніндегі көне танымының бір көрінісі. Орхон жазбаларында ел билеушінің ерекше жаралатыны жайындағы ежелгі наным айқын бейнеленген. «Бұл – ғайыптан туу мотиві ежелгі тотемизмнің өзгерген түрі» қазақтың көркем фольклорында «бас қаһарманды дәріптеудің бір амалына айналып кеткен».

Қазақ мифтерінің ең көне түрлерінің бірі – жан-жануарлар туралы мифтер болса, фольклорда кең көрініс табатын осы дәстүр түркілердің Түркі қағанаты дәуіріндегі киелі кешендерінен, ол дәуір аңыздарынан, Орхон жазбаларында көк бөріге қатысты жайттардан байқалады. Ежелгі түркілердің өздерінің шығу тегін көк бөрімен байланыстыратындығы, қасиетті санайтындығы жөніндегі осы ежелгі түсінігінің ізі Орхон киелі кешендерінде де сақталған. Мысалы: Бұғыты кешеніндегі қасқырды еміп тұрған баланың белері (барельеф), Күлтегін, Білге қаған, Қарабалғасун (Ордубалық) ескерткіштерінде де бөрі бейнесін тас бетіне түсіргенде мифтік түрде бейнеленуі. Тарихи деректерге қарағанда байырғы түркі заманында бөрінің мүсіні гранит тастан да тұтас ойылып жасалған. «... байырғы түркілер киетегі болған бөріні ардақ тұтып, Қағанның оққағарынан бастап, Кіші ханға дейін бөрі атап, мәңгілік елдің аруақтарының рухын сақтап тұратын киелі орынға қойылар ескерткіштің (мәңгітас) басына бөрі бейнесін ойып қалдырып, оны бүкіл қағанаттың (империяның) киетегіне айналдырған».

Ежелгі түркілердің бұл түсінігі олардың Көк бөрі туралы аңыздарымен қатар Оғыз қаған сияқты ежелгі эпосында да сақталған. Оғыз батырдың дүниеге келуі, батырлық бейнесі, оның ерлікке толы жорықтары мен Күлтегін жырындағы Күлтегін бейнесі, жорықтарынан ортақ ұқсастықтарды аңғаруға болады. Осы сияқты көріністердің қазақ фольклорында да жиі ұшырасуы кездейсоқ ұқсастық емес, ол сандаған ғасырлық тарихы тығыз байланысып жатқан түркі тайпаларының туыстастығынан туындайтын құбылыстар. Ежелгі түркілердің қасқырды

көрсетулері тастан жасалған ескерткіштерде бейнелеуі, көк бөрі туралы аңыздары мен «Оғыз қаған» дастаны арасында, сондай-ақ түркі тектес халықтар мен қазақтың батырлық жырлары, т.б. әдебиет үлгілері арасында дәстүрлі көркемдік байланыс, сабақтастық бар.

Орхон жазбаларында түркі әскерінің күштілігін, басымдылығын көрсету үшін жазбагер оларды бөріге теңейді. Қазақтың батырлық жырларында да жауға қарсы әскер бастаған батырларды көк бөріге теңей сипаттау жиі кездеседі. Осы ұқсастықтарды «Күлтегін» жазбасындағы «Әкем қызыл қосыны бөрідей болыпты» деген жолдармен салыстыра қарасақ, олардың арасында өзара байланыстың бар екендігі айқындала түседі. Қазақта бөрі жігіттің күшіне, ерлігіне риза болғанында «бөрім», «нарым» деп сүйсініп айту мен эпостарда батырдың ерлік іс-әрекетін бөріге теңеуінде сол ежелгі танымының көркемдік дәстүрлі сабақтастығы бар. Бұл дәстүр кейінгі көркем фольклорда да кеңінен қолданылып отырған.

Осыған орай М.Жолдасбеков: «Ұнамды кейіпкерлерді бөріге теңеу түркі халқы бөріден тараған деген аңыздан шықса керек. Өзінің түп тегі қыпшаң халық бөріні ерекше қасиеттеген. Қасқырбек, Бөрібек, Бөрібай тәрізді кісі аттарының өте көп болуы осыдан», - деген пікір білдіреді. Сол сияқты «Тіттің иесі болса, бөрінің Тәңірісі бар» деген мақалдан да қазақ халқының бөріні қасиеттей қарағаны байқалады. Эпитет пен метафораның поэтикалық жолмен туып, даму процесін қарастырған А.Н.Веселовский мен И.М.Жирмунский пікірлеріне сүйенсек, мифтік ұғымдар кейін ауыспалы, батырлық мағынаға ие болып, поэтикалық тілдің құрамына қосылады да әртүрлі көркемдік тәсілдердің – эпитет, теңеу, метафоралардың қызметін атқара бастайды. Түркі қағанаты дәуірінде ежелгі түркілердің көк бөріге байланысты түсінігі – «алғашқы қауымға тән мифтік сананың жемісі көркем әдебиетте бейнелілікке және метафораға негіз болды».

Орхон жазба мұралары ежелгі дәуірлердегі халықтың көркем танымындағы ізденістерінің негізінде туып қалыптасқан. Орхон жазбалары дәуір шындығын танытатын, жазбагерлердің өзіндік қолтаңбалары бейнеленген, сонымен қатар өз дәуірінің әдеби дәстүріне негізделіп жазылған мұралар. Орхон жазба ескерткіштерінің жанрлық ерекшелігі туралы көптеген ғалымдардың ертелі-кеш айтқан ой-пікірлері әр түрлі сипатта болған. Бұл мәселе әлі де жан-жақты қарастыруларды қажет етеді. Қай кез дәуірде болса да өлең шеберлері көркем әдебиет өкілдері фольклорлық дәстүрге арқа сүйеніп отырған. Бұл құбылыс Орхон ескерткіштерінде де кеңінен көрініс тапқан.

Көне түркі әдеби ескерткіштері мен қазақтың өзіндік төл әдебиетінің көркемдік дәстүр жалғастығы бір сәтке де үзілмей жалғасып, ұласып келе жатыр. Біз оны әдеби шығармалардың ішкі логикалық байланыстарынан, даму жолдарынан, ескі де жаңа көріктеу құралдарынан т.б. белгілерінен көре аламыз. Көне түркі мәдени-тарихи ескерткіштері, жазбалары мен көркем шығармалары өзіне дейінгі ұзақ тарихтың өркениетті сипаттарын жалғастырып, ғасырлар бойы қордаланған тұтас мәдениеттің бір кезеңін

танытады. Сактар мен ғұндар дәуірінде дүниеге келген «Алып ер Тұнға», «Оғыз қаған», «Атилла», «Шу батыр», «Ергенекон», «Көк бөрі» дастандары мен казактың батырлық жырлары арасында мазмұн, форма, стиль бірлігін байқау қиын емес. Қазақ жазба әдебиетінің бастаулары Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жайындағы жырларда жатыр. Орхон ескерткіштерінде шешендік арнауның, келісімді ырғақтың, ойлы мақалдың, азалы жоктаудың, жойқын соғыс суреттерінің сан үлгілері ұшырасады. Солардың қай-қайсысының да дамыған, жетілген түрлерін әдебиетіміздің әр саласынан киналамай-ақ тауышп жатамыз.

Көер көзім көрместей,
Білгір ақылым білместей болды.
Жылай-жылай жұртымның,
Қасы-көзі аз болар деп қайғырдым.
Деген жолдар мен «Қобыландыдағы»:
Жайықтың суы лай-ай,
Көр болды көзім жылай-ай
Секілді Аналық зарының арасында «Алпамыстағы»:
Көретін көзім көр болды,
Бір перзентке асық боп,
Аққан жасым тия алмай,
Көзімнің жасы төгіліп,-

деп ботадай боздаған Байбөрі қасіретінің арасында алшақтық жок.

Эпос жырына тән белгілердің денін біз Орхон жырларынан табамыз.

1) Орхон ескерткіштері мен батырлар жырының идеясы бір.

2) Солардың қай-қайсысында да әлеуметтік сарын басым. Ат жалын тартып, қолына қару алған жас батыр елінің намысы үшін сыртқы жауға қарсы аттанып, есепсіз қиындықтардан өтіп, ақыры жеңіспен оралады.

3) эпикалық жырларда жеңілуді білмейтін ежелгі батырлардың жас шағынан өмірінің ақырына дейінгі ерлік әрекеттері тұтас жырланады. Күлтегіннің де он алты жасынан 47 жасына дейінгі ерлік істері баяндалады.

4) Эпостарда батырдың сенімді серігі тұлпарына ерекше мән беріледі. Күлтегіннің де Алып Шалшы, ақ айғыр, Азман ақ, Жетібек тәрізді тұлпарлары шабытпен жырланады.

5) Эпостық жырларға да Орхон ескерткіштеріне де дәстүрлі қайталаулар тән.

Баяндау жағынан Қорқыт жырлары казактың белгілі эпостарымен сабақтас келеді. Әсіресе, казак эпостарының табиғатына өте жақын жырлар: «Бұқаш жыры», «Салор қазанның ордасының шабылуы туралы», «Бамсы-Бәйрек жыры».

«Бұқаш жырының» сюжеттік желісі казак эпостарындағы перзентсіздік сарынымен басталады. Қазақ жырларында «Алпамыс», «Қобыланды батыр» жырларының сюжеттік желісін осы сарын құрайтыны белгілі. Құралайды көзге атқан мергендікті, аң аулау, аңмен елін асырау мәселесін жырлау казак

жырларында ежелден бар. «Бамсы-Бәйрек» жыры көптеген түркі халықтары тусына арқау болған белгілі сюжеттік арнаға құрылған. Атап айтқанда, қырғыздың «Жаныш пен Байыш» жырлары, казактың «Қозы көрпеш-Баян үлү», «Алпамыс» жырлары мен «Желкілдек» атты ерлік ертегісі бір арнадан тарихи желілер.

«Отыз-нама» түркі халықтары туғызған елеулі шығармалардың бірі. Қазіргі тіршілігінде жарқын сақталған әлеуметтік жол-жоралар, төрелік, билік иігу жосындары, құдалық, әменгерлік, құн төлеу жоралары.

Ежелгі түріктерге ортақ рухани мұралар – фольклорлық жанр дәстүрлерін бойына сіңіре отырып жазылған, тарихи, шежірелік те сипаты бар көркем туындылар. Олардың негізгі белгі, сипаттары осыған келіп саяды. Көне дәуірден Қазақ хандығына дейінгі әдеби туындылардың алуан сырлы, көп қырлы ерекшеліктерінің бірі, бірегей тұстары фольклорлық дәстүрмен байланысты болып келуін дәстүр жалғастығы мен сабақтастығы деп қабылдаймыз.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы», Ахмет Йиссауидың «Даналық кітабы» поэзия әлеміне философиялық, диалектикалық, гуманистік сарындардағы тың бағыт-бағдарлар әкелді. Ал бұл диалектикалық сарындағы поэзия араға бірнеше ғасыр уақыт салып, жаңа тарихи жағдайда, дәлірек айтқанда, Қазақ хандығы тұсында Асан Қайғы, Қаттуған, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау толғауларында өзінің дәстүрлі жалғасын тапты.

Қазақтың бай фольклоры мен ежелгі түркілердің ортақ жазба өнеркөшіптері негізінде қалыптасып дамыған XV-XVIII ғасырлар поэзиясы – қазақ халқының ықылым замандар бойы жасаған сөз өнерінің, тума әдеби қазынасының үлкен бір саласы, құнды мұрасы. Бұл мұраның ең басты қасиеті

XV ғасырдың ортасы мен XVIII ғасырлар аясында қазақ хандығының құрылып, қазақ халқының қалыптасуы сияқты күрделі тарихи кезеңдерінің көптеген тұстары көркемдік дәрежеде бейнеленуінде. Осы дәуірде Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет, Шалғез, Жиамбет, Марғаска, Ақтамберді, Тәтікара, Үмбетей, Бұқар сияқты ақындардың мұрасы пайда болып, кейін олар ұлттық әдебиетіміздің алтын қорына қосылды. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы, негізінде, жыраулық поэзия. Алғашқыда, иыр, иырағу – жыр, жырымы сонымен шыққан жырау аты әрі өз жанынан өлең, жыр шығарушы, әрі құрылымнан қалыптасқан туындыларды – эпостық дастандарды жатқа айтып, ұрпақ сана-есіне жеткізуші, орнықтырушы қызметін атқарған халық поэзиясының өкілі. Жыраулық поэзия – ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған ұлт әдебиетінің ғажап көркемдік құбылысы. Жыраулық поэзия көбіне қазақта көп дамыған ақындық өнердің түрі, оның шығу тегі, көшпелі, жартылай көшпелі өмір сүрген ру тайпалардың бай мұрасы. Сондықтан жыраулық поэзия қазақ ауыз әдебиетіне тән ерекшеліктермен бірге жазба поэзияға тән ерекшеліктер де қатар кемелденген. Жыраулық поэзияда, әсіресе бұрын ауыз әдебиетінде көп тараған толғау жанры, сөз үлгілері кеңінен қолданылған.

Толғауда, негізінен, терең азаматтық әуен, замана келбеті, ірі қоғамдық, әлеуметтік, саяси, философиялық мәселелер мен тақырыптар ерекше орын алады. Сөз өнерінің толғау түрі ежелгі жазба ескерткіштерінде арақидік бар болса да, оның жанр ретінде қалыптасуы XV-XVIII ғасырларға сәйкес келеді. Осы кезеңде ол ерекше өркендеп, биік сатыға көтерілді. Толғау әуел баста магиялық, тотемдік сипатта, табиғат құбылыстарын адамға түсіндіру, бағындыру қажеттігіне байланысты дүниеге келсе де, сөз өнері күрделене, жетіле түсуіне сәйкес қоғамдық, әлеуметтік, этикалық, эстетикалық маңыз алып, жанр ретінде қалыптасты. Жыраулық поэзияға ұласты. Жыраулық поэзияның алғашқы өкілдері эпостық жырларды шығарушылар, ауызша таратушылар, таратқанда жанынан өлең, жыр шумақтарын қосушылар, сәл өзгертушілер, сөйтіп бір эпостың бірнеше нұсқасын тудырушылар болғаны сөзсіз. Алайда, өкінішке орай, олардың аттары сақталмаған, әуелде сақталса да кейін ұмытылған. Сөз жоқ, сол аттары ұмытылған жыршылардың феноменалдық еске сақтау қабілеттері, таланттары, дарындары арқасында ғана біздің заманға қыруар туындылар жетті. Көркем сөз зергерлерінің бұл ерекше дарындылығы мен қабілеттілігі өзіміздің зиялылар тарапынан жоғары бағалануымен қатар, басқа жұрт оқымыстыларын да таң қалдырған. Қазақтың ескіліктегі халық мұрасын жинаушылардың бірі Г.Н.Потаниннің «бүкіл казак даласы ән салып тұрғандай көрінеді» деуі де осыдан. Қазақ әдебиеті қазіргі Қазақстан жерін жайлаған тайпалар тугызған бай рухани казынанын заңды мұрагері еді. Ол өзіне дейін ғасырлар бойы жасалған мол мұрадан нәр алды, ежелгі дәстүрлерді дамыту, тың тақырыптар игеру, соны соқпақ, сораптар қалыптастыру нәтижесінде кемелденді. Мұсылманшылықтың күш алуына байланысты бұл кезеңде көне түрік жазуы ығыстырылған еді. Оның орнын араб жазуы басты. Шығыс тарихшыларының айтуынша, казактар өздерінің балаларын мектеп, медреселерде оқытатын болған. Халық арасынан сауатты, өз заманы үшін білімдар адамдар шығарды. Жазба әдебиет нұсқасы деп танылуға лайық шежіре жинақтары, тарихи үлгідегі шығармалар жазылды. Бұл кезеңде туған еңбектердің көпшілігі жоғалған. Хандық дәуірдің акын-жыраулары қашанда шындықтың шеңберінен шықпауға тырысты, асыл өнердің қатаң заңдылықтарына бағынды. Сонымен қатар олар аумалы-төкпелі заманның перзенті болғандықтан, қым-қуыт дәуірдің сан қилы шырмауындағы өмір келбетін бейнелеу үшін тек ақиқатқа ғана арқа сүйеді. Сондықтан жыраулар шығармашылығының өз дәуірінің әлеуметтік тіршілігінен оқшау болуы тіпті мүмкін емес-тін. Міне, бүгінгі күнге ауызша жеткен жыр-толғаулардан өткендегі казак тарихының ұлы сорабын айқын байқаймыз. Фольклор мен өзіне дейінгі ауыз әдебиеті үлгілерінен нәр алып, бастапқыда кең құлашты эпикалық бағытта қанат жайған жыраулық дәстүр негізінен реалистік сипат алғаны белгілі. Солардың ішінен, әсіресе, импровизаторлық өнері бар тұлғалар көбірек дараланды. Тіпті, жеке тұрып-ақ, бір ғасыр келбетінен хабар беретін жыраулар шығармашылығы ғасырлар керуенінде сап түзеп, төрт-бес

төртінші ел тарихын еркін елестете алды. Әсіресе, XV-XVII ғасырлардағы тарихи оқиғалар, соның ішінде Алтын Орданың құлауы, Керей мен Жәнібек сұлтандардың Алтын Ордадан бөлек кетуі сияқты ірі оқиғалар, сол тұстағы жыраулық поэзияның күн тәртібінен түспейтін негізгі тақырыпқа айналды. Нұрын Алтын Орданың құрамында болып, қоян-қолтық аралас өмір сүріп өлген қазақ пен ноғайдың айрылысу сәттерін жырға қосқан жыраулар Қазақстан жыр-толғауларын ағытып жатты.

«Жылау, жылау, жылау күй,
Жылаған зарлы мынау күй.
Қазақ пен ноғай айрылды,
Қазақ сартқа қайрылды.
Ноғайлының ну елі,
Күңіренді, қайғырды.
...Зор күн туды, зор күндер,
Кетті күлкі мол күндер».

Қазақ сұлтандарының Алтын Ордадан бөлек кетуі болашақ өмірімізде бізге жетпес онды нәтижесін бергенімен, тұрып жатқан мекенінен үдере көшуші елді күйзеліске түсіргені осылайша көрініс берді. XV ғасырдың ортасына жартысында Керей мен Жәнібек сұлтандар көптеген рулар мен тайпаларды ертіп, Шығыс Дешті Қыпшақ ханы Әбілхайырдан бөлінгеннен кейін, Моғолстанның батысына қоныстанған болатын. Бұл жайында Асан Қайғы:

Жәнібек атты жақсы хан,
Еділ менен Жайыққа,
Кәуірге қала салдырдың,
...Көңілді жаман қалдырдың,

• деп тарихи деректен мәлімет береді. Қазақ халқының мемлекеттік дәрежеге көтерілуіне үлес қосқан тұлғалар – ұлы хандардың жыраулар поэзиясының негізгі де басты кейіпкеріне айналуын сол кезеңнің өзі талап етті. Сонымен бірге кетіп келген жыраудың жыр-толғауында ел қорғаған ерлердің ерен еңбегі сомдалып отырды. Ойдан шығарылған персонаждардың мүлдем айырмауы да жыраулық әдебиет үшін қалыпты жағдай болатын.

Хандық дәуір әдебиетінің бір ерекшелігі – оларда кездесетін фольклор үлгілері, соның ішіндегі аңыздардың, көбіне-көп тарихта болған тұлғалармен тығыз байланыста өрбитіндігі. Қазақтың тарихи тұлғаларына байланысты туындаған аңыздарға тоқталған академик С.А.Қаскабасов: «Бұл аңыздарда нақты бір тарихи оқиға суреттелмесе де, жалпы сол мезгіл шынайы тарихи бірнеше оқиғаны шоғырландыру арқылы көрсетіледі. Мәселен, Токтамыс жайындағы аңызда сол кезде анық болған Токтамыс пен Еділге арасындағы (бірде тату, бірде араз) қатынас Хабардин және Сәтемір (Ақсақ Темір) деген қаһармандардың араласуы арқылы баяндалады» деп атап көрсеткендей жыраулар шығармашылығында сомдалатын кейіпкерлер көбіне көп ел тарихына өшпес орны бар тұлғалар болып келеді. Ежелгі жазба

әдебиет нұсқаларында мысалы, Орхон ескерткіштерінде Күлтегін, Білге Тонкөк тәрізді беделді бек-батырлардың ерлігі, одан кейін оғызда дәуірінде Қорқыт ата, Оғыз ханның баяны, Алтын Орда дәуірінде Шыңғыс хан мен оның ел басқарған ұрпақтарының жорықтары, одан кейін кезеңдердегі Токтамыс пен Едіге, Ақсақ Темірлердің бейнесі көрініс берсе Қазақ хандығы дәуіріндегі акын-жыраулардың өлең, жыр-толғауларында көбінесе Керей мен Жәнібек, Есім, Қасым, Тәуекел, Абылай хандарды бейнесі сомдалады. Мысалы, Сыпыра жыраудың толғауларында Шыңғыс хан, Әмір Темір есімдері назарға іліксе, Асан Қайғы толғауларының ба- объектісі Әз-Жәнібек болып келеді. Сонымен қатар, Шалкиіз жырау Би Темір мен Шобан батырды, Доспамбет жырау Қосай, Досай, Мамайларды, Жиамбет Тәуекел мен Есім хан, Жолымбет батырды, Марғасқа Тұрсын ханды, Үмбетей мен Бұқарлар Абылай хан мен Бөкембай, Қабанбай Құттыбай, Қазыбек, Жәнібек батырларды жырға қосады.

Абай шығармаларының ауыз әдебиетімен байланысы туралы өткен ғасырдың 20-30 жылдары А.Байтұрсынов, М.Әуезов пікір білдірген. Кейін кезеңде З.Ахметов, Р.Бердібаев, М.Мырзахметұлы, С.Қасқабасов осы тақырып төңірегінде ғылыми тұжырым жасады. Халық шығармашылығының әдебиетке әсер-ықпалын пайымдау мақсатында С.Қасқабасов «Абай және фольклор» атты зерттеу жазды. Автор ұлы акынның өлең, поэмаларындағы халық поэзиясынан алынған тіл өрнегін, метафора, символ, тенеу, аллегория секілді көркемдеу тәсілдерін пайдалану, жанғырту амалдарына талдау жасап толымды ой қорытады.

Қазақ халқының танымында «Күн» образының ерекше символдық мәні екені белгілі. Бұл – ежелгі наным-сенімнің сарқыншағы. Күнге табыну өткен замандардан бастау алады. Қытай жылнамаларының жазуынша, хунда Күнді жаратушы деп таныған. Түркілік танымда Күн ең алдымен – жасампаз қаһарман. Ол – жерді жаратушы, көрік беріп, әлемді түрлендіруші. Мифтік танымға сәйкес, алғашында Күн құдай ретінде көрінді. Тәңіршілдікке дейін Күн жаратушы, ғаламды жасаушы құдірет түрінде қабылданған. Күн – жасампаз, сонымен бірге Ер адам кейіпінде, яғни «әке» деп ұғынылып, оны қосағы, серігі Жер – «ана» ретінде түсіндірілген. Осы орайда Абайдың «Жазғытұры» өлеңінің мифтік танымды арқау еткені ой саларлық. Мысалы:

Күн – күйеу, Жер – қалыңдық сағынышты,

Құмары екеуінің сондай күшті...

Немесе:

Күн – күйеуін Жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай,
Көңілі күн лебіне толғаннан соң,
Жер толқысып түрленер тоты құстай...

Тағы да:

Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер,

Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.

Анамыздай жер иіп емізгенде,

Бейне әкендей үстіңе аспан төнер...

Ұлы акынның осы өлең жолдарына қатысты ой қорытқан фольклортанушы С.Қасқабасов: «Көне замандағы, түркі қағанаты дәуіріндегі наным-сенімдері ерек, жерді – әйел деп түсінетін мифтік ұғым қазақтың мифі мен наным-сенімінде ғана сақталып қоймаған. Ол ұлттымыздың көркем фольклоры мен классикалық әдебиетінде поэзиялық символға, көркем әдіске, метафораға айналған», - деп жазады. Ал өлең теоритигі З.Ахметов: «Жазғытұры» атты өлеңінде жылдың осы мезгілінің елге жайлылығын айтқанда акын жерді мейірімді анаға, аспанда қамқор әкеге теңейді. Жерді ана бейнесінде алып қаруы қазақ халқы ғана емес басқа елдердің де ой санасына тән нәрсе...

Аспанда әке бейнесінде көрсету де жайдан жай алына салмаған. Аспанды өлең деп түсінетін нанымның ерте кездегі, ежелгі замандағы адамның ой-санасында орын алғандығын байқататын деректер бар. Абай соны өзінше жанғыртып, ескі ұғым қалыпында емес, тың сипаттағы тәсіл етіп қолданып отыр.

Күннің жаратушылық құдіреті фольклордағы нұрдан (Күннен) жаралу мифімен анық көрінеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін белгілі фольклортанушы Ш.Ыбыраев құрастырған «Қазақтың мифтік әңгімелері» жинағынан мысал келтірейік: «Хан сұлу қызын туысымен қараңғы темір үйге тығып қойыпты. (Хан) тек бір кемпір ғана қызмет етеді екен. Қыз бой жетіп, кемпірден қайда барып жүргенін сұрағанда ол: «Жарық дүние бар, қызым, сонда барамын», - дейді. Қыз сол жарықты көрсетуін өтінген соң, кемпір оны алып шығады. Жарық сәулесін көрген соң, қыздың басы айналып құлапты. Содан жүкті болыпты. Мұның бәрі Күн нұрының киесінен екен». Күн нұры мотиві – қазақ таным-сеніміндегі тәңіршілдік наным-сенімнің бір көрінісі. Фольклорлық шығармаларда ғайыптан туу сарыны кең орын алған. Бұл мотивтің негізгі мазмұны халық армандаған «мінсіз» адам туралы тілек, адамның ерекше өмірінен жаралып, өмірде де айрықша текті болуын қалауы. Мәселен, Оғыз хан туралы шығармада былай баяндалады: «Күндерде бір күн Оғыз қаған бір жерге таңирге жалбарынып отыр еді. Қараңғы болды. Көктем бір жарық (сәуле) түсті. Бұл – Күннен аян еді. Оғыз қаған жарыққа қарай жүрді, көрді. Көре, әлгі жарықтың арасында бір қыз бар екен, жалғыз екен. Артықша көрікті бір қыз екен... Ол қызды алып үйіне кетті. Оны сүйді... Тілегі қабыл болды... үш ер бала туды. Біріншісіне Күн, екіншісіне Ай, үшіншісіне Жұлдыз деп ат қойды». Сол сияқты «Шыңғысنامه» ескерткішінде де осы мотив көрінеді. Шыңғыс ханның анасына Күн сәулесі түсіп, содан анасы жүкті болып, Шыңғыс дүниеге келді. Шыңғысты жаратушы Күн сәулесі қасқырға айналды. Жалпы, тек түркі-моңғол халықтары емес, гректерде Гелиос, ежелгі римдерде Апполон, ежелгі үнді таным-сенімінде Митра, египеттерде Ра, ежелгі япондарда Ярило, жапондарда Аматаэрасу секілді Күнтәкті құдайлардың болуы, фольклордағы «көшпелі сюжеттер» қай халықта бірізді танымның

болғандығын дәлелдейді. «Күн» культі орыс халқының үйлену ғұрпына катысты фольклоранда да кездеседі. Ежелгі словяндардың үйлену салтындағы басты символика – қалыңдықтың басындағы гүлдесте Күн образын береді.

Уақыт өте келе, Күн нұқырының соқралыдық мәні жайлы бастады. Фольклорда, әдебиетте Күн нұры символикаға ауысты. Нұр – жақсылықтың, бейбітшіліктің, жылулықтың нышаны ретінде қабылданды. Алайда, Абай өлеңіндегі Күн мен Жердің бейнесі ежелгі мифті арқау еткені күмәнсіз.

Акын поэмаларының барлығы жалпак жұртқа таныс сюжеттерге құрылғаны мәлім. «Ескендір» поэмасының аңыз әңгімелерді арқау ету ерекшелігі ерекше назар аудартады. Ежелден шығыс халықтарының фольклорында Ескендір Зұлқарнайын туралы әпсана кеңінен тарған. Ол жайында қасиетті Құран-Кәрімнің Кехф сүресінің 83-97 аяттарында баяндалады. Яғни, ислам әлемінде қос мүйізді Ескендір туралы аңызды естімеген адам жоқ деуге болады. Дей тұрғанмен, фольклортанушы С.Қасқабасов шығыс халықтарының фольклорында Ескендір қақында үш топқа негізделген шығармалар, яғни әпсана мен хикаят, жыр жанрында таралған мұралардың бар екендігін атап көрсетеді. Олардың ішінде әпсанаға жататын әңгімелердің қысқаша мазмұны былай болу керек:

Ескендір патшаның басында мүйізі бар. Сол мүйізін ешкімге көрсетпеуге тырысып, шашын алған адамдарды түгел өлтіріп отырған. Сондай шаштаразшылардың ішінен біреуі тірі қалады. Күндердің бір күнінде білетін құпиясын жасыра алмай, ол құдыққа барып:

«...Ескендірдің мүйізі бар!» - деп айқайлайды. Құдықтан қамыс өсіп шығады. Ол қамыстан бір қойшы сыбызғы жасап, ойнайды. Сөйтсе, сыбызғыдан шыққан дыбыс «... Ескендірдің мүйізі бар!» - деген ән болып, Ескендір патшаның құпиясы елге жарияланып кетеді».

Қазақ арасына тараған Ескендір жайлы шығармалардың екінші тобы хикаятқа жатады да, оның сюжеті төмендегіше келеді:

Ескендір өзінің Қызыр және Ілияс деген жолдастарын ертіп, Зұлматқа өлмес суды іздей келеді. Бірақ, ол суды алға қарай озып кеткен Қызыр мен Ілияс тауып ішіп кетеді де, сонынан Ескендір келіп жеткенде, су ғайып болып кетеді немесе ол суды қарғалар ішіп қояды.

Ал үшінші топты құрайтын шығармалар мына сюжетке құрылған:

Ескендір патша жорықта (жолда) келе жатып, керемет бұлыққа тап болады. Бұлақты бойлай жүріп, ол жұмақтың қақпасына жетеді. Патша қақпаны аш деп бұйырады, бірақ қақпаны ешкім ашпайды. Оған қақпаның ар жағынан орнамалы түйілген адамның бас сүйегін (кейде бір дорба үн мен қоса) тастайды. Оның мәнісін түсінбеген Ескендір ашу шықырады. Сол кезде әміршінің қасындағы Қызыр (данышпан) бас сүйекті таратып салдырып, өлшетеді. Бас сүйекті еш нәрсе баса алмайды. Сол уақытта таңдланған патшаға данышпан: «Адамның көзі дүниеге тоймайды, тек топырақ қана баса алады!» - деп бір уыс топырақта сүйектің көзіне салады. Сол сәтте патшаның бас сүйек

тұрған жағы көтеріледі де, бұл мысалдан ғибрат алған Ескендір патша жаһангерлік райынан қайтады.

Абайдың «Ескендір» поэмасының сюжеті осы үшінші топқа жатады, Ескендір Зұлкарнайын туралы Шығыстың Мәшһүр акындарының көпшілігі жыр жазған. Фирдауси, Низами, Жәми сынды Абайдың бала күнінде бас иген ұстаздары патшаның атақ – абыройын асыра өлең жолдарына айналдырған. Фирдауси өзінің «Шахнамасанда» Ескендірді Иран патшасынаң тұқымы, мұсылман аксүйектерінен туған деп, біле тұра теріс танытып, мадақ – жыр арнайды. Ал, Низами акын «Ескендірнама» атты арнайы дастан жазды. Белгілі жаһангердің тарихи бейнесін суреттеп, жорықтарын жырға қосты. Оны асқан ақыл иесі болды деп дәріптеді. Жәми «Ескендірдің даналық кітабын» жазып мәртебесін биік етіп көрсетеді.

Низамидің Ескендірді ақылды, данышпан патша бейнесінде акырғы сөзді өзі айтса, Абайдың Ескендірі дөрекі, мансапқор патша. Сондықтан соңғы тоқтамды ақыл иесі Аристотельдің:

Бұл – адам көз сүйегі, - деді ханға
Тоя ма адам көзі мың мен санға?
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда.

Кәпір көздің дүниеле араны үлкен,
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.

Ашуланба ей патшам, айтайын дат:
Алтын какпа бермеді сізге рұқсат.
Сый сұрадың, бергені – бір ку сүйек,
Мұны көріп, алып сіз де ғибрат! -

деген сөзімен береді. Фольклорлық туындылардағы Ескендір патшаның «жаһангерлік райынан қайтқаны» сияқты Абайдың Ескендірі де:

Ойлап-ойлап патшаның мойны түсті,
Құдайым көрсетті деп бұл бір істі.
Бекерлік екен менің бұл ісім деп,
Қолын алып, жұртына қайта көшті, -

деп суреттеледі. Абайдың «Масғұт», «Әзімнің әнгімесі» поэмалары да шығыс елдеріне кеңінен тарған аңыздар сюжетін арқау еткен шығармалар. Ұлы акын фольклорлық мұралардың көркемдік дәстүрін жаңа сипатта дамытты.

XIX ғасырдағы Абай мен Ыбырайдан кейінгі акын-жазушылар да фольклорға иек артқан. Бұл тұстағы жазба акындар мен сал-серілер казактын ғана емес, шығыстың да фольклорына қол созып, шығармаларына енгізді. Осы ретте, мәселен, Шәлі Жәңгірұлын, Майлыкожа Сұлтанқожаұлын, Біржан мен Ақанды, Нұржан Наушабайұлы мен Әсет Найманбайұлын атауға болады.

Жиырмасыншы жүзжылдықтың алғашқы ширегінде жазылған әдеби шығармаларда да жазба әдебиет өкілдерінің фольклордан қол үзіп кетпегенін көреміз. Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Тайыр Жомартбаевтың, т.б. үлкенді-кішілі туындылары, әсіресе, романдары, фольклорлық қазынамыздан мол сусындап, соларға негізделген.

Кенес өкіметі орнағаннан кейінгі кезде фольклор мен әдебиеттің байланысы жаңа бағытта көрініс береді.

XX ғасырдың басы мен Кенес өкіметінің алғашқы 10-15 жылдарында елді жаппай сауаттандыру мәселесі өткір болып, қай алфавитті алу керектігі туралы айтыстар орын алғанына, идеологиялық қыспақтың күшейгеніне қарамастан, әдебиет өзінің дамуын тоқтатқан жоқ. Рас, жаңа әдебиет қандай болуы керек, ол қалай дамуға тиіс, оған ескі мұраны пайдалануға бола ма, жоқ па, қандай бағытта пайдалану қажет деген секілді сауалдар төңірегінде алуан түрлі пікір айтылып, кереғар, бірін-бірі жокқа шығарған мақалалар газет-журналдардың беттерінде қардай борап жатты. Бірақ бұл жағдай жаңа әдебиеттің туып, қалыптасу процесін тоқтата алмады. Осы тұста әдебиеттің өзі үлкен саяси-әлеуметтік мәнге ие болды да, қоғамдық ойдың дамуына өз ықпалын жасай да алды. Халықты жаппай сауаттандыру мен ағарту ісін жүзеге асыруда әдебиеттің рөлі орасан болды және әдебиет бұл міндетті ойдағыдай атқару үшін бұқараға түсінікті, ежелден етенехалық поэзиясын барынша пайдаланды. Фольклорлық шығармалар авторлардың оқулықтарында, хрестоматияларында, жеке өз шығармаларында кең орын алды. Сөйтіп, фольклор жаңа әдебиетке тірек болды, оны халыққа жақындатты, сол арқылы жаңа идеяларды, соны ой-пікірлерді ел арасына таратты, халықтың рухани жаңғыруына әсер етті. Фольклор – халық рухының көрінісі екенін ескерсек, әдебиет соны пайдалану арқылы қарапайым елдің шығармашылық-рухани қабілетін айқара ашса, екінші жағынан, әдебиет халықты, оның өмірін қалай бейнелеу керектігін үйренген еді.

Тұтастай алғанда, 20-30 жылдар төңкерісшіл жаңа әдебиеттің идеялық-көркемдік принциптерінің қалыптасып, жаңаша ізденістерге бет бұрған дәуір болады. Әдебиет ескі қоғамды қиратып, жаңа тұрмыс орнатамыз деген ұранды өмірдің шындығына сүйенді. Сондықтан да өмірдің өзіндегі сияқты артық-кем дүниелер орын алып жатты. Соған қарамай, жаңа әдебиет біртіндеп, тарих сабағын тани, бой түзеді. Әдебиеттің жанрлық түрлері кеңейіп, ұлғая түсті.

Осы процесте фольклордың рөлі айрықша болды десек, артық айтқандық емес. Санамалап қана айтар болсақ, Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Өтірік ертеке», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Нартайлак пен Айсұлу», Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау», Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш», Ілияс Жансүгіровтің «Күйші», «Күй», «Дала», Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» сияқты туындылары фольклорлық сюжеттерді арқау еткенін және сол

кездер үшін ғана емес, бүкіл XX ғасыр қазақ әдебиетінің классикасы екенін еске алсақ та жеткілікті.

«Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңінде оның қай жанрынан болса да, фольклордың рухын, демократиялық тенденциясын және түр ерекшелігін табу онша қиын емес. Азаматтық лириканың да, үгіттік поэзияның да, табиғат лирикасының да, сондай-ақ әдебиеттің басқа ұсақ жанрларының да, тіпті, белді жанрлар – эпикалық, лиро-эпикалық және толғау, поэмалардың да нәр алған бұлағы осы фольклор болды», – деп жазды «Қазақ әдебиетінің тарихына» «Фольклор және әдебиет» тарауын жазған үш автор (М.Қаратаев, М.Сильченко, Н.Смирнова).

XX ғасырдың басындағы әдебиетімізге еуропа, әсіресе, орыс әдебиетінің әсері болғаны хақ, бірақ бұл басым сипат алған жоқ. Олардан қажетті дәрежеде керегін қабылдай отырып, қазақ ақындары мен жазушылары ұлттық фольклорды кең мағынасында өз шығармаларына негізгі өзек етіп алды. Бұл үрдіс ұсақ өлең-жырларда ғана емес, үлкен эпикалық туындыларда айқын көрініс берді. Бірінші болып фольклор элементтерін романда пайдаланған Міржәкып Дулатов болды («Бақытсыз Жамал»), одан кейін Тайыр Жомартбаев («Қыз көрелік»), Спандияр Көбеев («Қалың мал»), Сұлтанмахмұт Торайғыров («Қамар сұлу»), т.б. авторлар қазақ фольклоры мен этнография материалдарын мол қамтыған болатын. Бұл кезеңде романмен қатар пьесалар, поэмалар жазылып, оларда да фольклорлық сюжеттер мен кейіпкерлер, халықтық салт-сана мен әдет-ғұрыптар, ойындар пайдаланылғанын айтуға болады. Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебегі», «Бәйбіше-Токалы», Жүсіпбек Аймауытовтың «Рәбиға», «Мансапқұмар», «Қанапия-Шәрбану», Бекмұхамед Серкебаевтың «Баксы», «Ғазиза», Қошқе Кемеңгерұлының «Әулие тәуіп» сияқты 1920 жылдарға дейін жазылған пьесаларды атауға болады.

XX ғасырдағы әдебиет, ең алдымен, проза жанрының күрт дамып, өркендеуімен ерекшеленгені белгілі. Бұл үрдісте де фольклордың өзіндік үлесі бар. Әсіресе, тарихи романдардың қайсысын алсақ та, оларда фольклордың небір әдемі үлгілерін табамыз және олар шығармаға шынайылық қана емес, көркемдік қасиет, тамаша ауандарытады, оның шырайын келтіреді. Алуан түрлі аңыздар, өлеңдер, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, үйлену мен жерлеу салтына байланысты әдет-ғұрыптар мен ән-жырлар романның өн бойында әдемі жарасымдылықпен пайдаланылып, кейіпкерлердің көркем бейнесін сомдауда, шығарманың мазмұнын тереңдетуде, өмір шындығын жан-жақты көрсетуде үлкен рөл атқарады. Мұны, мәселен, «Абай жолы», «Оянған өлке» сияқты классикалық тарихи романдардан анық көреміз. Бұл дәстүр XX ғасыр басындағы әдебиеттен бастау алатыны даусыз. «Қыз көрелік», «Бақытсыз Жамал», «Қалың мал», «Ақбілек», т.б. осы ойымызға дәлел бола алады.

Жаңа дәуірдегі, әсіресе, 1900-1930 жылдарғы қазақ әдебиеті үшін фольклорға сүйену, оны пайдалану – қажетті де орынды іс болды. Жаңа

туып, калыптасып келе жатқан профессионалды әдебиет фольклордың көмегінсіз бірден өркендеп кетуі мүмкін емес еді, себебі жүздеген жылдар бойы өмір сүріп келе жатқан фольклордың орныққан өзіндік көркем жүйесі, эстетикалық қуаты, тарихпен арақатынасы, болмысты көркем бейнелеу принциптері мен әдіс-тәсілдері, көркемдік-бейнелеу құралдары бар болатын, соларды пайдаланбай, жаңа әдебиет аяғынан тік тұрып кете алмайтын еді, өйткені, ол әлі өзінің көркемдік жүйесін тудырған жок-ты. Мұндай жағдай, яғни әдебиеттің фольклорға «тәуелділігі» өткен ғасырдың 20-40 жылдар әдебиетінде айқын көрінді. Уақыт өте келе, ол әдебиет дами келе, фольклорды бұрынғыдан басқаша пайдаланды, оған деген қатынасы да өзгеше болды. Бұл жерде үлкен рөл атқаратын фактордың бірі — жазушының таланты мен алдына қойған мақсаты екенін айту керек, және өмір мен қоғам талабы да айтарлықтай маңызды болғаны белгілі. Рас, бұл тұста бір жазушылар фольклорды сол қалпы пайдаланды да, енді бір авторлар оны өзгерте, сәл басқаша қолданды. Бұл жерде шығарманың қай жанрда жазылғаны да аз әсер еткен жок.

Әрине, әдебиет пен фольклордың арақатынасын зерттегенде «жазушы және фольклор» деген мәселені айналып өту мүмкін емес. Өйткені, жоғарыда айтылғандай, қай жазушы фольклорды қандай мақсатта шығармасына арқау етеді, және оны қаншалықты әрлі, қандай деңгейде пайдаланады — бұл әдебиет пен фольклордың байланыс түрлерін қарастыру үшін аса маңызды мәселе. Әсіресе, жазушы шығармашылығында фольклор эстетикалық міндет орындай ма және ол көркем шығарманың ішкі, ажырамас бөлігіне (ингредиентке) айнала ма, — бұл да айтылмыш проблеманы зерттеудің бір қыры. Қаламгердің дарыны мен алға қойған мақсаты фольклорды шикізат есебінде емес, ойлаған идеясын көркем түрде іске асыруға мүмкіндік беретін тәсіл ретінде бағалап, оны мазмұн мен эстетика жағынан байыта түседі. Автор фольклорлық сюжетті өз көрігіне салып, қайтадан қорытады, сөйтіп, шығармасымен тұтастандырып жібереді. Сондай қаламгердің ең жарқын өкілі — Мағжан Жұмабаев. Ол фольклордың бірнеше түрін қамтыған.

Мағжанның фольклордың әр жанрлық түріне баруы оның фольклоризмі әр алуан екенін көрсетеді. Бұл жағдайды тек қана Мағжанның шығармашылық өздігінен деп түсіндіру аздық етеді. Ұлы ақынның фольклорға, оның әр жанрына ден қоюының басқа да маңызды себептері бар сияқты. Мәселен, ол Қорқыт жайлы эпсананы, Қойлыбай бақсы туралы шамандық мифті, Баян батыр туралы жазғанда тарихи аңызды, сондай-ақ Жүсіп хан туралы ертегіні, Сыздық жайында айтқанда хикаяны өз поэмаларына арқау етіп алған. Неге, қандай себеп? Біздің ойымызша, мұның сыры мынада: біріншіден, Мағжан өз заманына риза емес, сол тұста жүзеге асып жатқан қоғамдағы, санадағы саяси, экономикалық, мәдени, тұрмыстық өзгерістер мен іс-шараларға, жалпы жағдайға наразы, бұл жағдайдан құтылу жолын шарқ ұрып іздейді;

екіншіден, халықтың өткен ғасырлардағы ұлт-азаттық күресін, тарихта өшпес із қалдырған оқиғаларды, сондағы Абылай, Баян, Кенесары тәрізді қаһармандардың ұлы істерін көрсетіп, казак жұртының рухын көтеруге күш салды, тәуелсіздік үшін күресуге шақырды; үшіншіден, Мағжан, бір жағынан, романтик акын ретінде халықтың өткеніне, рухани мұрасына айрықша мән беріп, оны өте жоғары бағалады және содан идеялық-көркемдік нәр алды. Бұл айтылған тұжырымдар Мағжан поэмалары арқылы әдебиет тарихында халық поэзиясы қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Осы жерде Мағжан шығармашылығын монографиялық түрде арнайы зерттеген проф. Шериаздан Елеукеновтің мына ойларын келтіру жөн деп ойлаймыз. Ұлы акынға ескіні көкседі, патриархалдыкка қарай кейін сүйрейді деген айыптаулардың жала екенін айта келіп, зерттеуші былай дейді: «Мағжан елім деп қан жұтқан ерлерді болашақ үшін, казакқа қайрат-жігер беру үшін жырлады. Өткенді көксеу бар да, өткеннен рух алу бар. Бұл екеуі екі басқа нәрсе. Акын өткеннің қайраткерлерін, Абылайды, Кенесарыны дәріптеді. Бірақ ол хан заманын тірілтуді тілеген жоқ. Елдің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен ерлердің рухын шақырғанда отаршылдық қамыты астында жасып, жүнжіп кеткен елінің намысын қоздырғысы келді, кеуделерінде бабаларының өжет, қайсар жігерін тұтатқысы келді».

Осы ретте айтатын бір нәрсе: қоғам өмірінде үлкен сілкініс, тағдырлыбетбұрыс болған кездерде бүкіл мәдениет, әсіресе, әдебиет халықтың тағдыры туралы ой қозғап, қоғамдық санаға үлкен әсер етеді. Сондай оқиға Ресейде орын алған 3 революция еді. Алғашқы, 1905 жылғы революция орыс қана емес, империя құрамындағы ұлттардың да санасына қозғау салып, бостандық, азаттық идеясының жүзеге асуы мүмкін деген сенім тудырды. Дәл осы шақта орыс әдебиеті классикалық сыншы реализмнен басқа әдіске (символизм, т.б.) көшіп жатқанда, бізде романтизм белгілері бой көрсетті. Ал, романтиктердің халық поэзиясына, тарихына аусары ауып тұратыны белгілі.

Ұлттық поэзияға тақырып жағынан да, идея тарапынан да, түр тұрғысынан да көп жаңалық енгізген Сәкен Сейфуллин де фольклорға жүтініп, өзінің шоктықты «Көкшетау» поэмасын дүниеге әкелгені белгілі. «Сәкен, – деп жазады академик Серік Қирабаев, – Көкше аңыздарының ішінен «Жеке батыр», «Бурабай», «Оқжетпес», «Жұмбақтас» туралы әңгімелерді бөліп алады. Бұл аңыз әңгімелер Көкшетаудағы бірнеше жерлердің жоғарыдағы аттарға ие болуы жайын шертеді. «Жеке батыр» тауының аты қарауылда тұрған батырдың қалғып кетуіне байланысты тұса, «Бурабай» сол көлді мекен еткен ақ бас бура тарихымен байланыстырылады... Сәкен жырлауындағы ел анызында Бурабай көлін мекендеген ақ бас бура – ардақты ел күзетшісі, соның жақсылық, жаманшылығына ортақ жануар болып суреттеледі. Мұның өзі тіршілігі төрт түлік малмен байланысты болған халықтың сол малды ардақты деп

табынуы кезіндегі ұғымның әсері болуы ықтимал. Акбура ел өміріне қатысы бар елеулі жайларды алдын-ала сезетін болған деседі». Зерттеуші дұрыс аңғарған. Ақ бас бураны кереметі бар, алдағыны болжайтын сәуегейлік қасиеті бар деп керемет тұту – ежелгі мифологиялық сананың, дәлірек айтқанда – тотемистік пен анимистік және магиялық нанымдардың қалдығы. Ал, Жеке батырдың шаршағандықтан ұйықтап кетіп, тасқа айналғаны – арханкалық мифтің сарқыншағы. Әлбетте, бұлар реликті ғана, бірақ алғашқы түпкі түсінік өзгертілсе де сақталған, алайда, мұны автор да, оқырман да олай деп ойламаған, себебі ол ұғымдар әдеби-көркемдік құрал деп қабылданған. Сәкен Сейфуллиннің фольклорлық материалды шебер пайдаланатынын «Оюкетпес» пен «Жұмбақ тас» тарауларынан айқын көруге болады. Оюкетпес туралы да, Жұмбақ тас жайындағы сюжет те таза фольклорға жатады, біреуі – тарихи аңыз болса, екіншісі ертегі іспетті әпсана, бірақ соған карамастан екеуі де этиологиялық мифті еске түсіреді, яғни ежелгі замандағы «ана жердің атауы неге солай, мына көл не себепті осылай аталады», «қарлығаштың құйрығы неге айыр» деген сұрақты-жауапты, себеп-салдарлы мифтер мен әпсаналарға ұқсайды. Әрине, олар ұзақ уақыт фольклор жүйесінде болғандықтан жанрлық та, сюжеттік те өзгерістерге ұшыраған, көркем шығармаларға айналған, ал, әдебиетте мүлде жаңа сипат алып, үлкен әдеби-көркем міндет атқарған. Мәселен, қыздың жұмбағын айтуға болады. Бұл өзі – жеке сюжет және өте ескі сюжет. Ол ежелгі Үндістанның «Веталанын жиырма бес әңгімесі» (бізде «Калила мен Димна») атты көне кітаптарында әңгімеленеді. Мұнда төрт күннен кейін тойы болайын деп тұрған қызды бір жігіт тоғайда ұстап алады да, зорламақ болады. Қыз жалынып, «тойдан кейінгі күні өзім келейін, сен менің обалыма қалма, жібер» – дейді. Жігіт жібереді. Той өтеді, түнде күйеуі құшақтайын десе, қыз болған жағдайды айтады. Күйеуі «рас болса, жарайды, бар» – дейді. Қыз уәдесін орындау үшін жолға шығады. Оны бір қаракшы ұстап алады да, әшекейін тартып алып, өзін қорлайын деп ойлайды. Қыз оған басынан кешкендерін түгел баян етеді. Қаракшы «бұл қыздың махаббат қуанышын қалайша бұзам», – деп ойлап, қызды жөніне жібереді. Қыз уәдесі бойынша өзін тоғайда ұстап алған жігітке қайтып келеді. Ол риза болып, қызға тиіспей, үйіне қайтарады.

Жанр жағынан бұл – ежелгі Үндістанның тәмсілі (притча). Ал, осы сюжетті С.Сейфуллин қайдан алды, ол – жеке мәселе. Біздің мақсат – басқа: аталмыш сюжетті акын қалай пайдаланған. Ол өзінің идеялық-шығармашылық мақсатына қарай ескі фольклорлық сюжетке үлкен әлеуметтік жүк артқан, өмірдегі моральдық, этикалық қайшылықтарды ашу үшін қызды жаугершіліктің қызығына түсіп, қарапайым жұртқа зорлық-зомбылық жасағандарға қарсы қойған, ол үшін акын фольклорлық шығармадағы кейіпкерлерді өзгертіп, оларға символдық мағына берген, сол себепті қалмақ қызы өзінің өмірін, ойын жұмбақтап айтады. «Өзі және әңгімеге қатысы бар адамдар онда әртүрлі құстар түрінде бейнеленеді.

Мысалы, ол өзін кептер етіп көрсетсе, қиянатшыл адамдарды қаракүс, жапалак күйінде, лашын – елдің камкор адамдары, сұңқар – өзінің сүйген жары, жыртқыш бүркіт – хан бейнесінде суреттеледі. Қыз тек өзін ғана емес, момын құстардан көп зәбір шегетін кептерге бүкіл әйел қауымын балайды». Әрине, талантты акын Сәкен Сейфуллин көне фольклорлық сюжетке әдеби-көркем нәр беріп, оқиғаларды лиро-эпикалық сарында жырлаған.

Қазіргі қазақ кара сөзінің баяндау үлгісіне тән фольклоризм дәстүрлі фольклорлық желілер мен сюжеттерді пайдаланумен шектелмейді. Қазақ прозасындағы басты көркемдік әдістердің бірі – фольклорлық образдылық пен фольклорлық жанрларды психологиялық тұрғыдан интерпретациялау. Халықтық ертегі, немесе фольклорлық образдардың элементтері трансформацияланып, жазушының баяндау стилін айқындайды. Осы ыңғайда Ә.Кекілбаевтің «Бәйгеторысы», М.Мағауиннің «Тазының өлімі», О.Бөкейдін «Бурасы» мен «Кербұғысы», С.Санбаевтың «Ақ аруанасы» қазақ прозасының баяндау стиліне жаңалық әкелген дүниелер. «Бәгеторыдағы» жылқы түлігі, «Тазының өліміндегі» жеті қазынаның бірі – ит, «Бұра» мен «Ақ аруанадағы» - Ойсыл кара тұқымы түйе барлығы да қазақ фольклорындағы дәстүрлі образдар. Аталған жазушылар қазақ фольклорлық образдары арқылы адамзат қоғамына тән аса мәнді мәселелерді жанамалап, астарлап көрсете алған. Бұл жерде әдебиеттегі шарттылық (художественная условность) деген эстетикалық категорияның іс жүзіне асқанына куә боламыз. Мұнда бірінші планда әңгіме ит, құс туралы болғандығында емес, ең маңыздысы қаламгер көкейінде адам тағдыры тұрғандығы. Мәселен, Ә.Кекілбаевтің «Бәйгеторы» повесінде қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі образ – ат өзгеше мән иеленген. Жазушы бұл повесінде бейнеленуші заттың өзіне тіл бітіріп, өз тағдыры жайлы әңгімелетеді. Бір кездегі дүлдүлдің адамдардың кәтігездігінен бейшара болған қалпын Бәйгеторының өз сөздері арқылы танимыз. Повестің оқиға желісі тұлпардың естелігі түрінде баяндалады. Повестің аса мәнді стильдік жаңалығы: баяндаушы мен Бәйгеторының дауыстары тоғысып келуінде. Ә.Кекілбаевтің «Бәйгеторысы» бір қарағанда қамыттан қалып, тұяқтан тозған, енді ешкімге керегі жоқ бір кездегі сүліктей сәйгүліктің бүгінгі пұшайман халі туралы сияқты. Ал, үңіле қарасак, автор не айтқысы келген деген сауалға жауап іздесек, мысқылдап басталып, батпандаған ойға тап боламыз. Тұғырдан сәл тайып кеткен азаматтың шетқақпай болған тағдырын, яғни кезіндегі сұңқылдаған сұңқардың қарқылдаған қарғалардың имансыздығының құрбаны болып кеткендігін аңғарасын. «Бәйгеторы» - осынау мазағы да азабы мол, күрделі де күрмеуі мол, итжығысы мен текетіресі тең түсіп жататын өмірдегі әділетсіздікті, немкеттілікті, тасжүректілікті айыптайтын, күні түскенде күйбен қағатын, күйін кетсе, сәл сүрініп қалсаң демеудің орнына демінді алғанша тұншықтырып жіберетін екі жүзділер мен «ішінде ит өліп жатқандардың» жалға моральін әшкерелейтін хикая. Адамды «шені мен шекпеніне» қарап бағалайтын, қызметі мен

атағына бола «ағалап», сағалайтын – «бойы бұлған, сөзі жылмаң» желбуаз жандардың шын азаматтың қадірін біле бермейтіндігін, керісінше оның басына сәй бағы тайған күні «сені қайдан көрдім» боп қалай шыға келетінін жазушы астарлы жеткізген.

Осы асқаралы ойдың барлығын Бәйгеторының өз үнімен, өз дауысымен оқырман жүрегіне шынайы да әсерлі жеткізеді. «Бәйгеторының» оқығанда өнер адамы тағдырының соқтықпалы-соқпақсыз келетін сансыз тараулары еске түсіп, көңілге бейуақытта соққан салқын самалдай ашы мұң келеді. «Өмірге біреу келіп, біреу кетіп жатады. Қаншама адам болса, сонша тағдыр жолы бар. Соның ішінде осындай да тағдыр болуы мүмкін ғой», деп еріксіз күрсінесін. Өмірдің күнгейі мен теріскей жағынын күн мен түндей алма кезек ауысып отыратындығы, жақсылықтың да ауыз жіғанша аяқ астынан болатындығы көкейге сап ете түседі. Бір кезде шаршы топтан суырылып шығып бәйгенің алдын бермеген Бәйгеторының мына ең соңғы пұшаймандық халі қандай аянышты еді! Өмірде қашан да оқ бойы озық жүре беру мүмкін емес қой. «Жанылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ». Бәйгеторы да қашанғы бәйгеден алдымен келе берсін, нә, бар-жоғы бір рет қалып еді, бұрынғы атак-абырой көзден бұлбұл ұшты. Бәрі теріс айналып кетті... Әңгімедегі философиялық түйін «Бәйгеторы» бәйгеден бір жолы қалғанмен алда тағы да суырылып шығар еді, бірақ оны адамдар өздері қалдырып кетіп отыр» - дегенге келіп саяды. ...Өмірдегі әр адам тағдырының басқаны қайталамастай өзінше қоныр ырғағы бар. Егер сол ырғақ арқауы сәл кедергіден үзіліп кетсе бастапқы қалпына келмеуі де мүмкін. Өмірдегі шытырманға толы шырғаланның бір ұшығы сол келмеуден де басталатын сияқты. Әңгімедегі Бәйгеторы тағдыры осындай ойларға қалдырады. Егер жазушы Бәйгеторы тағдырын бөгде бір баяндаушыға айтқызар болса, шығарманың көркемдік дәрежесін әлдеқайда төмен болар еді. Әңгіменің негізінде жатқан гуманистік әрі терен философиялық ой автор тосын баяндау тәсілін таңдағандықтан ерекше әсерлі етіп жеткізілген.

С.Санбаевтың «Ақ аруана» повесінде бас кейіпкер – ақ аруана. Бұл повестің кейіпкерлері үшін Отанға деген сүйіспеншілік адамға көз, құлақ, ауа сияқты аса қажетті табиғи ділгірліктен әсте кем емес. Кімде-кім оның жүрегінде осы сезімнің айқын көрінуіне кедергі жасамақ болса, оның табиғи тіршілік мәніне қарсы шыққаны, яғни, оны өмірдің өзінен айырғысы келгені.

С.Санбаевтың бейнелеу тәсілінде бейнеленген сананы ауыспалы түрде өзгертіп алу бар. Автор хайуанның «сезімі мен ойын» көрсеткенде тым еліге бермейді, шамадан тыс асырып жібермейді. Жазушы хайуанның бойын туа біткен табиғи дағдыны (рефлексі) сырлап-қырламайды. Ақ аруананың «ойы» Мырзағали қарттың көңіліндегі оймен параллель өріледі. Қарт ақ аруананың өзі туып-өскен Маңқыстау даласына деген табиғи сезіміне іштей елжіреп іштей алау-далау күйге түседі. С.Санбаев елжандылық, туған жерге шексіз махаббат тақырыбын көтеруде өзінше кілт тапқан. Повестің баяндау тәсілін тосыннан тапқанда қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі образ – түйе түлігін

сәтті пайдаланған. С.Санбаев Ә.Кекілбаев, Т.Ахтановтар сияқты тек фольклорлық жанрдың фабуласын пайдаланумен ғана шектеліп қалған жоқ (мысалы, Ә.Кекілбаевтің «Бәсеке» повесіндегі ертегі фабуласын пайдалануы), қазақ фольклорының лиро-эпикалық жанларының стилистикасын да сәтті пайдаланды. Фольклорға тән бейнелеу тәсілдерін шығармашылықпен игеру арқылы жазушы көркем туындыны стильдік бірсарындылықтан арылтқан.

Жазушы қаламына тән ерекшелік - өмір шындығын лирикалық тұрғыдан интерпретациялау. Бұл тәсіл - баяндаушы бейнесінің эмоциялық-сезімдік әсерлілігін күшейтіп, қаһарманның жан дүниесін мейілінше терең түсінуге мүмкіндік берген. Бұл көркемдік табысқа жазушы қазақ фольклорындағы дүниені лиро-эпикалық тұрғыдан игеру дәстүрін меңгеру нәтижесінде қол жеткізген.

1968 жылы жарық көрген «Ақ аруана» повесі сол кезеннің әдеби процестің арналы саласы тарихи проза нөпірінен окшау тұрған бөлек дүние - тін. Бұл окшаулық туындының поэма не лирикалық өленнің атына лайық сезімді сөз еткізер атауынан-ақ көрініс тапты. (Мәселен салыстырып қараныз: «Қан мен тер», «Алмас қылыш», «Қаһар», «Бір атаның балалары», «Бәсеке» т.б.). Жанрлық сипаты тұрғысынан повесть деп аталғанымен туынды төрт түлік малдың ең кастерлісі, киелісі түйе түлігі Ақ аруана мен оның иесі Мырзағали карт тағдыры жайлы лиро-эпикалық толғаныс деуге лайық. Повестегі оқиғаларға параллель Мырзағалидың характері де даму, өсу үстінде болады: авторды қарияның тағдыры қызықтырған. Автор үшін Ақ аруана мен Мырзағалиды сөйлету маңызды. Жазушы түйелердің өмірін суреттеп қана қоймай, адамдардың жауыздығы мен қатыгездігінің құрбаны аруана мен бота тағдырын суреттеген. Туған жерге деген ыстық махаббат, жүректі кернеген сағыныш екі көзінен айырылған зағип аруананы Манкыстау өңіріне қарай ұзақ сапарға аттандырады. Анасының соңынан амалсыз ерген бота психологиясы өте сәтті берілген.

Аруана түсінің ақ болуы кездейсоқ емес. Ақ түс қазақтың ұғымында жақсылықтың, тазалық пен пәктіктің, мейірім мен шуақтың символы. Халықтың дәстүрлі дүниетанымы мен фольклордың жанрлық-стилистикалық табиғатына арқа сүйеу арқылы С.Санбаев туындысына прозамен жазылған лирикалық поэма сипатын дарытқан.

Мұхтар Мағауиннің «Тазының өлімі» повесінде негізінен кәдімгі ауыл өмірі суреттеледі. Автор сол ауылдағы өсу мен өшуді, озық дәстүр мен тозық салтты, адамдар санасындағы моральдық өзгерістерді көрсетуді көздеген. Шағын ауылдағы сыры кетсе де сыны кетпеген халықтық қадір қасиеттерді бүгінгі тұрпатымен байланыстыра сөз еткен. Қысқасы, повестегі жазушының қол жеткен табысы ұлттық колорит айқындығы дер едік. Мұхтар Мағауиннің кейіпкерлерінің портреттік, психологиялық мінездемесінен тартып иесін жоқтап қаңғып кеткен Тазысына дейін ешкімге ұқсамайды. Автор бәрі өзінше берген. Тіпті өзі көтеріп отырған моральдық проблеманың сөз болуы

да баскаша. Қазақ о бастан-ақ шын мәніндегі серілікті қатты қадірлеген халық. Бұның екінші жағында өмірдегі, табиғаттағы, адам бойындағы әсемдікті, пәктікті, сұлулықты қадірлегендік жатқан жоқ па? Баптап қыран құс ұстауы, желмен жарысқан алғыр тазы жүгіртуі, үкілеп бәйгеге сәйгүлік атны қосуы, шүйгінді жерлер мен мөлдір сулы бұлақ бойын, шалқар өзендер мен көлдер бойын жағалай көшіп-қонуы тегін емес еді. Бұл да табиғатқа деген інкәрлік сезімімен астасып жатыр. «Тазының өлімі» повесінде осылар тікелей сөз болмағанымен, еске аласын. Әлде тазы сол дәуреннің жұрнағы болған соң ба екен?

Қорыға айтар болсақ, Ә.Кекілбаевтің Бәйгеторысы, С.Санбаевтың Аруанасы, О.Бөкеевтің Бурасы көркемдік шарттылыққа негізделген терең ойлы, фольклорлық-символикалық образдар арқылы өмір туралы толғаныс-ойларын батыл айта білген.

Ә.Кекілбаевтің «Бәсеке» (1965ж.) атты повесть-ертегісінде қазақ жазушыларының фольклорлық жанрларды психологиялық тұрғыдан интерпретациялау шеберлігін көре аламыз. Жазушы повестің сюжетіне фольклорлық фабуланы трансформациялап енгізген. Бір байдың жалғыз қызын қалай ұзатқаны жайлы тұрмыс – салт ертегісінің фабуласын жазушы өзінің түпнұсқасына мүлдем ұқсамайтын көркем шығарма сюжетін түзген. Повестің ертегі ассоциациясын туғызуы тек сырттай ғана: персонаждар – Балпан бай, оның бәйбішесі Маржан, қызы Ажар, басқа да байлар, болыстар, сот пен Есен барлығы да ертегілік кейіпкерлер. Алайда осы персонаждар сөйлеп кетсе, ойланып, әрекет ете бастағанда фольклорлық сюжетпен арадағы ұқсастық бірден ғайып болады.

«Бәсекедегі» баяндаушы мен кейіпкердің қатынасы «Бәйгеторыдағыдан» басқаша. «Бәйгеторыда» баяндаушы мен Бәйгеторының дауысы тоғысып, бірігіп кетсе, мұндағы кейіпкер мен баяндаушының арақатынасы көзге айқын көрінеді. Баяндаушы оқиға барысын қызыға, әжуалай тіпті кекесімен бақылап отырғандай әсер береді.

Жазушы повестің екінші бөлімінде ертегілердегі дәстүрлі мотив қалыңдықтың өзіне күйеу тандауын өзек етеді. Балпан бай күйеу жігіттердің арасында бәсеке ұйымдастырып дәл ертегі кейіпкері тәрізді әрекет жасайды. Үстірт қарған адамға Ә.Кекілбаев повесть сюжетін «Көп тандаған тазға жолығар», - деген халық макалын дәлелдеуге құрған боп көрінуі мүмкін. Бірақ автор ойы бұдан әлдеқайда тереңде. Туындыгердің шешімі бойынша сұлу Ажар есірік Есенге бұйырғанында емес. Повестің мотивировкасы адамдардың шынайы өмірдегі қарым-қатынасының қайшылығынан туындап жатыр. Жазушы ертегілік фабуланы психологиялық жағынан байытады. Қаламгер кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіндегі құбылыстарға ерекше көңіл қояды. Кейіпкердің ішкі әлемі фольклордағыдай сырт құбылыстар арқылы емес, нағыз көркем прозаға тән тәсілдермен ашылады.

Қазіргі ғылымда тарихи поэтика мәселесін әлемдік сөз өнерінің даму зандылығы тұрғысынан қарастырып, көркем мәтіннің өмір сүру шартын үш

дәуірге бөліп қарастыру үрдісі бар: ең көне кезең – синкретизм (яғни, фольклорлық дәуір, бұнда авторлық туынды жоқ), одан кейін – канондық үлгі дәуірі (Бұл қазақта ауыз әдебиеті кезеңі: классик жыраулар поэзиясынан бастау алып, сал-сері акындар шығармашылығымен аяқталады. Бұнда фольклор мен ауыз әдебиетінің кан-сөлі араласып жатады, автор тұлғасы жартылай байқалады), акырғы кезең – канонды бұзушылық (Бұл кезеңде түбегейлі авторлық шығармашылық пайда болады, қазақта бұл дәуірді өмірге әкелуші – Абай Құнанбаев. Бүгінге дейін жалғасып отырған бұл кезеңде автор фольклорға оралады, бірақ ол оны жеке қолтаңбасымен безендіріп, бедерлеп, өңдеуден өткізіп, ұстартып, кәдеге жаратады. Сол себептен де зерттеушілер бұл кезеңді кейде неосинкретизм деп те атайды). Осы тұрғыдан қарағанда, қазіргі қазақ поэзиясынан фольклорлық дәстүрлі қолданыстарды игерудің небір үлгі-өрнегін көре аламыз.

Көшпелі қазақы өмірдің қайнаған ортасынан шыққан акын Ж.Бөдешұлы жыраулық сарынмен толғап, халық қазынасындағы дайын сюжет, образ, тілдік қолданыстарды кейде түйдек-түйдегімен қажетіне жаратады. Яғни фольклормен генетикалық байланыс құрайды.

Аңызға акын көңілім қанбай қалып,
Таң қалдым, құдіретіне таңдай қағып.
Жер үшін құрбан болған Бұланай ер,
Кетіпті мынау алып тауға айналып.

Айқасып Бұланай батыр алып күшпен,
Дұшпанын талай мәрте шалыпты іштен.
Найзаның ұшы тиіп қапелімде,
Оң көзі етегіне ағып түскен.

Анау көл, бұл таудағы көл деймісін,
Оны айтсам, жаным жанып, шөлдейді ішім.
Көл емес, ол – батырдың сынар көзі,
Жас тұр ғой жанарында көрмеймісін?!

Тегінде, алып батырдың денесі тау-тасқа құбылу, көзден немесе көз жасынан су пайда болу сарыны түрік-монғол фольклорында жиі кездесетін, жалпы, адам баласының ең ежелгі санасынан хабар беретін мифопоэтикалық құбылыс деуге болады.

Біз талдаған өленде Ж.Бөдешұлы фольклорлық дайын сюжетті, яғни өз тілімен айтқанда, аңызды жырлаған. Ал, келесі бір өленде «тау-тасқа құбылу» сарынын саналы түрде көркемдік құрал ретінде пайдаланып, дағдылы сарынды Алатауға теліді:

Жанымды жаралады жастай жалған,
Сүңгідей кірпігіме тас байланған.
Алатау ақылы асқан адам екен,
Тағдырдың талқысымен тасқа айналған.

Рас, акын айтып отырғандай, Алатаудың бұрын адам болғандығы туралы топонимикалық аңыз ел аузында айтылмайды. Бірақ акын ежелгі калыпты үдгіні қиялмен көмкеріп пайдалану арқылы Алатаудың көрнекі бейнесін жасайды. Акынның поэтикалық түсіндіруі бойынша Алатау бұрын адам болған, бірақ ол аңыздаудағыдай алып батыр емес, кәдімгі «акылы асқан адам». Яғни акын Алатауды ойшыл картка ұксатады.

Тау айнып, ғұламаға айналар ма,
Алатын айналдырып айла бар ма?
Балқашқа құйып жатқан Іле өзені,
Кім білсін бір заманғы айдаһар ма?

Бұл шумақта акынның фольклорлық ескі бейнеге мүлде жаңа, соны мазмұн сыйлап, байыта түскені байқалады. Себебі, акын қиялы сол алып таудың қайтадан ғұламаға айналуын көксеп, бүгінгі лирикалық кейіпкердің утопиялық арман-аңсарын алға тартады. Халық дәл бүгінгі күні Алатаудай саялы абызға ділгер екендігін білдіреді. Ал, өзен-суды жылан мен айдаһарға теңеу – дәстүрлі символ. Сөзімізді дәлелдеу үшін казактың екі жұмбағын келтіре кетейік:

Ақ жылан аяғы жоқ, көзі де жоқ,
Сөйлеген не бір ауыз сөзі де жоқ.
Тоқтамай, қысы-жазы кезе берер,
Үстінде бір жапырақ бөзі де жоқ.

Бір жылан жол салыпты әр бір сайға,
Сай түгіл, жол салыпты әр бір жайға.

Сондықтан Іле өзенін акын бейсана күйде айдаһарға теңеуі – фольклорлық сананың астарлы көрінісі болып шығады.

Адамдардың жазадан, қуғын-сүргіннен, қарғыстың салдарынан қара тасқа айналу сарыны мифтік сананың белгісі екендігі де ғылымда анықталған жайт. Ежелгі танымнан хабар беретін осы үлгіні қазіргі акындар көркемдік құрал етіп қолданатыны байқалады. Акын Қорғанбек Аманжолдың «Шошала тас» деген балладасында қол ұстасып қашқан қос ғашықтың артынан қуғыншылар жеткенде, олар отауымен қоса тасқа айналғаны жырланады:

Болған екен сол бір сәт, болған екен жамағат,
Құлақ естіп ешқашан, көз көрмеген ғаламат.
Ғашықтарды ақ отау құшағына алыпты,
Күдіреттің күшімен тас боп қатып қалыпты.
Қияметтен құтқарып ғашықтардан бата алған,
Содан бері ақ отау Шошала тас атанған.

Туған жеріне деген жойқын сағынышын білдіру үшін акын Жүкел Қамайұлы өз ықтиярымен «тасқа айналғысы» келеді, солай ету арқылы атамекеннің қадір-қасиетін ұлықтай түседі:

Туған жерім таулы еді,

Таулы еді кайтейін.
Тас тауыма мен енді,
Тас болып бірге бітейін.

Ал, Ж.Бөдешұлының келесі бір өлеңінде енді өзінің басқа затқа құбылып кеткенін сөз етеді:

Ақыл-есі түп-түзу,
Әу баста адам болғанмын.
Алуан-алуан ой кештім,
Ойлы-қырлы жол алдым.
Ит тұмсығы өтпейтін,
Түрегеп тұрып көктейтін –
Енді қалың орманмын.
Аяқтарым, қолдарым –
Бұтақтарым қорғаным.
Құлағым жасыл жапырақ,
Шашым-шалғын болғанын –
Біле ме екен адамдар?

Бірден айтарымыз, бұл М.Жұмабаевтың «Жиіленді қара орман» деген әйгілі өлеңін еске түсіреді. Онда М.Жұмабаев «Ұйықтасам мен орман боп, тәтті-тәтті түс көріп» деп аяқтаған болатын. Ал, Ж.Бөдешұлы:

Жасыл желек бүркеніп.
Мызғып кеткен екенмін.
Бойды жайлап шекер мұң, –

деп бастайды өлеңін.

Жалпы, ойды ой, сөзді сөз көріктендіріп, сәуле түсіріп, өзара әсер ететіні секілді белгілі бір әдебиетте данғайыр дарын иелері қалыптастырған ұстарған стиль кейінгі буынға ықпал етуі әбден заңды құбылыс. Бұндай үдерісті, кен ауқымда алғанда, мәтін аралық мәдени байланыстарды зерттеуші ғалымдар интертекст ұғымымен пайымдап жүр. Яғни, біз талдап отырған акын М.Жұмабаевтың қалыптастырған машықты үлгі-өрнегін өзіндік қолтанбасымен бедерлеп, жаңғыртып, жаңа сатыға көтереді. Дәлірек айтқанда, Ж.Бөдешұлы адамның орман-ағашқа айналуы туралы айтылатын мифтік сюжетті Мағжанның ілкі пікірімен қабыстырып, құлпырта түседі.

Жалпы, адамның аяқ-қолын – бұтаққа, шашын – шалғынға, құлағын жапыраққа баламалау – халық шығармашылығында кездесетін тұрақты символ. Әлбетте, қара орманның қалың ұйқы, меніреу түс, мүлтіген тыныштықты тұспалдайтын рәміз екендігі де белгілі. Жәркен Бөдешұлы өлеңінде лирикалық кейіпкер өзі орманға айналып, қайтадан басқа сипатта өмірге келгені айтылады. Демек, бір түрден екінші түрге көшу, басқа қалыпта қайта жаралу – мифопоэтикаға тән дағдылы рәміз. Әрине, акын бейсана жағдайда сана түкпіріндегі осы байырғы ұғымдарды шабытты шағында көркем бейнеге айналдырған.

Фольклорлық үлгілердегі киссалар үрдісін, сондай-ақ дастан сарынын жанаша қалыпта түрленткен Е.Раушановтың «Ғайша-бибі» поэмасы құрылымы, көркемдік-эстетикалық құндылығы мен өзек еткен оқиғасы тұрғысынан алғанда өз алдына ерекше көркем дүние. Қазіргі қазақ поэмамысының даму деңгейі, көркемдік-эстетикалық сапасы, поэма жанрының зор поэтикалық мүмкіндігі, тың ізденіс пен жанашылдық төңірегінде ой өрбітсек, алдымен ойға оралып, назар аудартары – осы «Ғайша-бибі» поэмасы. Мазмұндық, пішіндік, стильдік тұрғыдан алғанда поэма жанрында көш бастарлықтай салмағы бар бұл туынды акын Есенғали Раушановтың талантын жана қырынан танытқанын, оны таланты тегеурінді ұлт ақыны ретінде мойындатқанын айта кеткен абзал. Ең әуелі бұл поэманың романтикалық туынды екенін айтқан жөн. Романтизмге тән басты белгі ретінде ерекше жағдайда ерекше әрекет, мінездерімен танылатын ерекше қаһарманда екенін ескерсек, аталмыш поэмаға осы сипат тән.

Акын Серік Ақсұнқарұлының поэзиясынан да фольклорлық қолданыстарды көре аламыз. Түрік-моңғол халықтары ерте заманда ән-жырды қалаған еліне қонатын қанаты бар сырлы бейне ретінде елестеткен. Мысалы, ел аузында мынадай аңыздау айтылады: «Қариялар ерте заманда жердің үстімен әннің ұшқанын және ол төмен ұшқан жерлерде адамдардың ән салып үйренгенін айтады. Және ән қазақтың шеті-шегі жоқ даласының үстімен жерге ең жақын ұшыпты. Міне, сондықтан қазақтар әлемдегі ең бірінші әншілерге айналған». Осы мифтік ұғымды акын С.Ақсұнқарұлы «Ақтоғайдың аңызы һәм Ташкент базарындағы әнші туралы хикая» өлеңіне негіз етеді:

Ән... Аркада құс болып ұшып жүріп,
Құс болса да, құдірет күшін біліп
Қонбай қойған... Өзінің қол жетпейтін
Құдай үні екенін түсіндіріп.

Ақының да таң қалған, пақырын да.
Қонбай ұшқан құс шалғай шақырымға –
Ақтоғайдың үстінен өте беріп,
Абдырапты адамдай ақырында...

С.Ақсұнқарұлы «Қыпшақ хиссасы» деген жинағында көне түркінің киелі рәміздерін көптеген өлеңіне арқау етеді. Ол Тәңір, Ұмай, көк бөрі символдарын бүгінгі қазақы ұғымға ұштастыра жырлайды. Оқырманға ой тастап, тарихи сананы жаңғырта түседі:

Алғаным ару қыз еді,
Маңдайы күнге тимеген.
Тұла бойын Ұмай-ана зерлеген.

Немесе:

Мен Көк Тәңірдің бір демінен жаралып,
Көк бөрінің құрсағынан туғанмын.

С.Ақсұңкарұлының лирикалық кейіпкері бірде қазіргі қоғамдағы ауыр кеселдерді аластап, тазартатын бақсы бейнесінде көрінеді. Ақын шамандық түсінікті түрлендіре жырлап, ел-жұрттың санасын сарсытқан мәңгүрттікті аластап, қумақ болады. Осы мақсатта бақсы сарыны үлгісін көп өзгеріссіз түйдегімен қолданады:

Алас! Алас! Ділімнен кет!
Миды ашытқан ілімнен кет!
Ит пен құсқа қор боп жүрген,
Ұлы ана тілімнен кет!!!

Бұлдыраған бумен кет!
Сарқыраған сумен кет!
Мен сімірген умен кет!
Төккен күлмен кет!
Батқан Күнмен кет!
Мүлдем, — кет!

Нарықтық қоғамның отбасына түскен әлеуметтік ауырлығын иығымен қайыса көтеріп, қап арқалап, сауда істеген әйелдерді ақын «Базардағы Баян сұлуларға» теңеп, лиро-эпостық образды контраст етіп қолданады:

Көлдер кепкен қоғалы,
Ерлер кеткен...
Кімге соның обалы?
Баянсыз-ақ базар боп тұр найқалып,
Қодарлар мен Жантықтардың қоғамы...

Ақын Нұржан Қуантайұлы да ежелгі космогониялық мифті жаңғырта жырлайды:

Таншолпан – тан жұлдыздар мұзбалағы,
Көңілде Құсжолындай сыз қалады.
Ажарын Жұлдыз-қыздың жымындаған,
Ежелден Ай-бәйбіше қызғанады.

Халық мұрасында аспан шырақтарының өзара күндестігін былайша түсіндіру де бар: «Күн, Ай, Үркер – үшеуі бірге туған қыздар. Үркер – кенжесі, ол ең сұлу қыз еді. Күн мен Ай сіңлісінің бетін қызғанып, тырнап та алды. Содан Үркер секпілденіп көрінеді».

Н.Қуантайұлы аспан шырақтарын осылайша өзара күндес сұлу қыздарға балаған ел ұғымын жалғастыра жырлап, аспан перизатына ынтық дала перзентінің лирикалық бейнесін сәтті сомдайды.

Ақын Әбубәкір Қайран да ғарышпен сырласады, жұлдыз қыздарға ғашық лирикалық кейіпкерді сомдайды. Ал, ақын Әмірхан Балқыбектің кейіпкері көшпелілер қос ғашық деп түсінетін Аспан мен Жердің байланысын:

Жатар ем солай жайланып,
Қыздырып қырдың шекесін.

Сезіммен қиып ең ізгі,
Аспан мен жердің некесін, -
деп, одан әрі жақындатуды армандайды.

Жалпы, акындық поэзияда кеністік пен уақыт сығылыса түсіп, хронотоп жасалатынын зерттеушілер айтып жүр. Шынтуайтында, фольклордағы батырлық дәуір мен мифопоэтикалық кеністік сыршыл поэзияда кәдімгі тұрмыстық кеністікке көшіріліп, тарихи уақыт үстемдікке ие бола бастайды.

Акын Қазыбек Иса «Ұкаша әулие басындағы құдық немесе ер кезегі үшке дейін» деген өлеңіне Оңтүстік Қазақстанда Ұкаша әулие туралы айтылатын мифті өзек етеді. Жергілікті халықтың айтуынша, оқиға былай болған: «Ұкаша әулие намаз оқығанда денесі балқып кетеді екен. Атқан оқ өтпейтін әулиенің ағзасы сол кезде осал халге түседі. Бұл құпияны опасыз әйелі жауларға айтады да, дұшпандар тақуа намаз оқып жатқанда қылышпен басын шабады. Кесік бас домалаған күйінде тау шатқалына сіңіп, жер астына еніп кетеді. Сол жерден соңынан шипалы құдық пайда болады. Құдықтан су ішкелі жұрт зиярат етіп жиі барады, әркім қауға салады, алайда, қасиетті су күнадан пәк адал жандарға ғана бұйырады».

Киелі мекенге тәуап етіп барған Қазыбек Иса өз көңіл күйін:

...Алдымен жұрт акындықты сөз етті,
Сөйтіп, маған алғаш берді кезекті,
Шырылдатты-ау шырай бермей шынырау,
Сусыз... қайтіп өшірем өрт өзекті?..-

Бұл жолы мен бола алмадым деп епті,
Екінші рет қайта салдым шелекті.
Сыйынғанмен... сырт берді ме, Жасаған,
Су шықпады... Айтам елге не бетті?..

Барлығы да ұмытылып басқанын,
Қайрандап-ақ қалдым сәтте қас-қағым.
Рахым тілеп Рахман Раббым сыйынан,
Үшінші рет тағы шелек тастадым, -

Бойды шарпып жатқан кезде зор жалын,
Бос кетер ме ойлаған бұл болжамым?
Солк еткенде салмақ тартып қыларқан,
Солқ етті ғой қуаныштан сол жағым... -

деп, әулие басына барып, ұжданым тазартып, сыннан өтіп, рухтанып келгенім жеткізген.

Әдетте, қауым зиярат ететін киелі жағырапиялық нүктелер ежелгі сырлы тарихты тасымалдаушы нысан ғана емес, сонымен бірге мифтік энергияның сарқылмас қайнар көзіне айналатыны ғылымда дәлелденген.

Салт орындалған шақта мифтік қасиетті ілкі-баба дәуірімен қазіргі ұрпақтың тарихи уақыты бір мезет түйісіп, рухани жалғастық, сабақтастық табатыны анық. Акын өлеңінде де жас ұрпақтың бабалар рухы алдында сыннан өтуі, рухани тазаруы, өткеннен күш-қуат алуы тамаша суреттелген.

Әрине, қазіргі акындар фольклорлық дайын үлгіні еш өзгеріссіз өлеңіне тасымалдай бермейді, оны көбінде «бұзып», яғни стильдік өңдеуден өткізіп қолданады, сол себептен де ежелгі рәміз-тұспалдар олардың шығармасында мүлде жана мәнге, соны мағынаға ие болып, оқырманның қызығушылығын тудырады.

Алайда, ХХІ ғасыр акындары фольклордан алшақтай түсіп, ол қалыптастырған канондық үлгіні қалауынша бұзып, авторлық қолтаңбасы қанық, тың бейнелер туғызуға құлшынатаыны қазіргі қазақ өлеңін тексергенде мәнмұңдалап тұр. Өйткені, фольклор мен авторлық поэзия көркемдік ерекшелігі бар сөз өнерінің екі дара жүйесі екенін ұмытпаған жөн. Қазіргі поэзияның басты мақсаты – мәтінді барлық деңгейде жаналау, яғни соны образ туғызу, ал, баба мұрасы – фольклордың өмір сүру шарты болса, керісінше ескі таптаурын сарынды қайталау, соның мызғымауын қадағалау, ұрпақ зердесіне орнықтыру, ұялату. Сол себептен де фольклордағы әмбеге аян, дайын қалыптағы дағдылы көркем үлгілер халықтың жедел қабылдауына қолайлы, көкейіне қонымды болса, акынның дараланған, салмақтанған, төлтума жеке сөздері, соны бейнелері жалпы жұртқа тосын, тосырқаулық танытатыны заңды құбылыс болса керек. Қазіргі поэзияның тілінің өзі дәстүрлі қолданыстан, ежелгі үлгі-өрнектен алыстап, алшақтап, тұрмыстық тілге жақындай түсуде. Мифопоэтикалық салқар кеңістік те тұрмыстық тар, ықшам кеңістікке көшіріліп, акындар күнделікті тұрмысты, кәдімгі заттарды, қазіргі адамның реалды өмірі, жеке басында болатын дара түйткілдерді дәлме-дәл дәлдікпен, ұсақ-түйек детальдарына дейін бадырайтып, шынайы суреттейтін болды.

Акын Тыныштықбек Әбдікәкімовтың да өлең өрімі өзгеше екені оқырмандарға жақсы мәлім. Ол сүйіктісінен жылы жауап ести алмай, әбден жалғызсыраған, бірақ одан үмітін үзбейтін лирикалық кейіпкердің көңіл күйін: «Жат біреумен отырсын сен ыңылдап, Қолдарында күміс тұмсық үміттерім бар үйтілген», – деп суреттейді. Акын үмітке тұмсық, соның ішінде күміс тұмсық бітіріп (жарқыраған, жарқын үміт мағынасында), оны сүйіктісінің қолына ұстатады, ұстатып қана қоймай, «үйттіреді». Тағы бір өлеңінде «Мұң аңқыған сезімнің шатқалынан, Маңырайды таутеке ұйқысырап», – дейді. Осылай суреттеу арқылы акын адам жанының жабырқап, құлазыған күйін бейнелейді.

Әрине, бұл соны қолданыстар тек Т.Әбдікәкімовтың қолтаңбасына тән төлтума сипатты білдіреді. Қазіргі қазақ акындарының шығармашылығынан осы айтылған жаңа өрнектердің небір үлгілерін кездестіруге болады. Себебі, Абай бастап берген авторлық поэзия

фольклордын уызын еміп, сымбат түзегенімен, оның бейнелеу тәсілдерінен саналы түрде іргесін аулақ салып, көркемдік кеңістікті игерудің дара жолын іздеп, әсемдік сапарында кашықтап бара жатқаны анық. Фольклор мен қазіргі поэзияның жақындығын, сонымен бірге ара алшақтығын нақтылы осындай жағдайлармен түсінуге болады.

ИСЛАМ МЕН ШЫҒЫСТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ ӘСЕРІ

1. Ислам мәдениеті мен шығыс әдебиетінің игі әсері.
2. Қазақ әдебиетіндегі сопылық поэзия дәстүрі.
3. Абайдың шығыс әдебиетімен байланысы.
4. Шәкәрім шығармаларындағы шығыс сарындары.

Қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдерінің негізгі арнасы — поэзиялық шығармалар. Қазақ поэзиясы туған топырақтағы көркемдік негіздерден нәр ала өсіп-өніп, сонымен бірге басқа да халықтардың сөз өнері мұраларының ықпалдарымен толыса, түрленіп дамып келеді. Ұлттық дінін сақтай отырып басқа халық шығармаларының игі дәстүрлерімен араласу, ықпалдасу қазақ поэзиясындағы әрі ұлттық, әрі жалпы адамзаттық байланыстардың жалғастығын қалыптастырады. Қазақ поэзиясының шығыс халықтары әдебиеттерімен араласуы — рухани мәдениетіміздің елеулі ерекшелігі. Қазақ әдебиетінің осы ерекшелігі ұлттық сөз өнері мұраларының әлемдік қазынасының құрамдас бөлігі екенін дәлелдейді. Бұл арқылы қазақ және әлем халықтары әдеби шығармаларына, мәдениетіне ортақ көзқарастар үндестіктері де сараланады. Академик С.Қирабаев былай дейді: «Рухани мәдениет — әрі элеуметтік, әрі идеологиялық категория. Оны жасаушы адамның талғамы, көзқарасы, арманы, идеясы. Оны әрқашан жаңартып жетілдіріп отырады. Ол — тарихи ортаның жемісі. Сонымен бірге белгілі дәрежеде рухани мәдениет — пікірлер мен көзқарастардың жиынтығы». Бұл — сөз өнері шығармаларының бәріне де ортақ заңдылық. Мекендеген аймақтары, өмір сүрген дәуірлері әр түрлі болғанмен адамзатқа ортақ көзқарастардың, идеялардың ортақ сарындары әрі ұқсастығы, әрі өзгешелігі қатарласқан табиғи болмысымен ерекшелінеді. Бұл орайда қазақ поэзиясына шығыс классикалық әдебиеті дәстүрінің ықпалы мәселесін ғаламдық байланыстар аясында қарастыру — зәрулігі анық мәселе. Бүгінгі Қазақстанның ұлттық әдебиеті мұраларын ислам дініне негізделген шығыстың классикалық әдебиеті дәстүрі ықпалына байланыстыра қараудың маңыздылығы танылады. Қазақ поэзиясына шығыс классикалық әдебиеті дәстүрінің арқауындағы ықпал — ислам діні. Қасиетті құран арқылы бүкіл әлемге кең қанат жайып, адамзатты қараңғылықтан құтқарған. Л.Н.Толстой: «Адамзат баласының соңғы табан тірейтін нүктесі — ислам», — деп көрсеткеніндей, Алланың ақ жолы ислам діні әдеби шығармашылықтың да басты өзегіне айналды. Қазақ поэзиясында ислам мәдениеті мен түркі өркениеті синтезінің тоғысқан жүйесі сабақтаса өрілді. Шығыс классикалық әдебиетінің қазақ поэзиясына ықпалы ислам діні қағидаларының дәстүрлі әдеби дамуға тоғыса сабақтасумен байқалады. Шығыс және қазақ әдебиеттерінің классикалық деңгейде қалыптасуын негіздеген көрнекті ақындар мұраларын әдеби ықпалдастық, үндестік көрсеткіштіктері аясында байланыстыра, сабақтастыра қарастырудың өзектілігі бүгінгі таңын басты

әрі мәнді мәселелерінің бірі.

Сопылық поэзия исламның кайнар көзі саналатын Құран мен хадистерден бастау алған. Иман тақырыбына терең бойлаған алғашқы сопылар жаратылыстың таңғажайып сырлары мен Құранның ішкі мәнін және адамның болмысын ұғынуға талпыныс жасады. Қасандыққа бой алдырмай, шынайы ықыласпен жасалған бұл талпыныс кезінде сопылар Құран мен тәпсірге, хадис пен сүннетке және шариғат қағидаларына сүйенді. Сопылық әдебиет құлқынның калауына ерік бермей, нәпсіні тежеу, харам мен күдікті нәрселерге аса сактықпен карап, тақуа өмір кешу, фәни дүниенің рахатын тәрк етіп, өлместен бұрын өлу, осылайша сүйікті Жарға қауышу сияқты ұғымдар арқылы өрбіді. Увайс әл-Қарани (657), Хасан Басри (728), Ебу Хашим суфи (767), Ибраһим бин Етхем (777), Суфиян Саури (778), Рабият-ул Адауия (804), Зу-и-нун әл-Мысри (861), Жүнейд Бағдати (909), Халлаж Мансұр (921) сияқты алғашқы сопылар сопылық әдебиеттің қалыптасуына ықпал етті. Зу-и-нун әл-Мысри «пенде бойындағы рухани кемелдікке бастар жолда кездесетін кедергінің бірі «меннен» бас тартып, Жаратушы Иемен бірігіп, тұтасып кетуі тиіс» десе, Баязид Бистами Алланың шексіз мейірімі туралы айтып, сүйіспеншіліктің маңыздылығын ескертті. Жүнейд Бағдати «сопылық жолда Құран мен хадис білмейтін кісіні пір тұтуға болмайды» деген тұжырымын айтты. Сопылық әдебиеттің мақсаты – Алла тағаланы әрдайым еске ала отырып, одан ғапіл калмау, таңғажайып тылсым дүниенің көркем көріністеріне көз жіберіп, көңілге тоқу арқылы Алла тағаланың әсем аттары мен сипаттарын білу, оның әмірлерін түсіну және қалтқысыз сезіммен оған құлай беріліп, сүю. Сондай-ақ «жүрек», «көңіл», «көкірек көзі» сынды ұғым-түсініктер де сопылық әдебиеттің тұрақты тіркестеріне айналды. Өйткені тасаууф ілімінде жүрек – иманның тұрағы, ұлы Жаратушыға деген сүйіспеншіліктің мекені болып табылады.

Сопылық әдебиетте «Хакты танып, Хакикатқа ұласу», «Сырды түсінуге ұмтылу», «Сүйіктіге ғашық болу», «Жарға ынтық болу», «Сүйіктімен сұхбат құру», «Акикат шарабын ішу», «Мас болып, естен тану», «Көбелек болып, отқа күйу», «Өлмей тұрып өлу», «Пәруанадай шыр айналу», «Гүлге ынтызар бұлбұлдай сайрау» сияқты ұғымдар қолданылды. Сонымен қатар сопылар дүниені жемтікке, нәпсіні төбетке тенеді (Дулат Бабатайұлы, т.б.). Сопылар негізінен Тәңірі алдында тізе бүгіп, қатесін ұғынып, тәубаға келуді, «ынталы жүрек, шын көңілмен» егіліп, Жаратқанға жалбарынуды, сүйіктіге мұңын шағып, оған құлшылық етуді насихаттады. Сопылықты «хәл ілімі» деп те атайды. сопылық әдебиет өкілдері Алла мен оның елшісіне арналған махаббатын түрлі тәмсіл-рәміздер мен аллегориялар, ым-ишаралар арқылы жеткізді, транска түсіп, Тәңірмен тілдесуді түрліше баяндады. Дегенмен сопылық әдебиетте метафоралық әсіре бояу мен захир іліміне қайшы келетін «шараб» сияқты ұғымдар қолданылғандықтан, кейде шариғат үкімдерімен үйлеспейтін. Тіпті бұл жолда «Мен – Хакпын» («Ана-л-Хак») деген Халлаж Мансұр мен хуруфилік сенімі үшін Сейид Несими есімді

сопылар өлім жазасына кесілген. Сондықтан сопылық әдебиетте Сүйіктінің сырын сақтау, оны жалпак жұртқа жария етпеу үлкен маңызға ие. Бұл жайында Харис Мухасибі (857), Келебази (990), Ебу Талиб Мекки (996), Абд-ул Керім Кушейри (1072), Хужвири (1077) еңбектерінде жан-жақты баяндалған. Сопылық пен сопылық әдебиеттің нық орнығып, шариғатпен үндесе бір арнаға түсуіне имам Ғазали (1111) көп еңбек сіңірді. Дәуірінің ең ірі оқу орны саналатын «Низамия» медресесінің басшысы қызметін тастап, ақиқатты іздеп шыққан Ғазали ұзақ ізденіс нәтижесінде ақыл мен жүректің үндестігін табуды көздеді. Одан кейін Ибн-ул Жеузи (1200), Хаким Санаи (1130), Феридуддин Аттар (1141 – 1229), Мұхиддин ибн Араби (1165 – 1241), т.б. сопылар өз шығармалары негізінде сопылық әдебиетті дамытты. Хорасан мен Түркістан жеріне сопылық әдебиет Иран өлкесі арқылы келді.

Әуелі Бағдат, Куфе, Шам, Герат, Нишапур, Мерв сияқты қалаларда өріс жайған сопылық әдебиет уақыт өте келе Бұхара, Самарканд арқылы Мауераннахрға жетті. Мұны Жүсіп Баласағұнның (XII ғасыр) «Құтадғу білік» шығармасынан аңғаруға болады. Сопылық әдебиет, әсіресе, Қарахан мемлекеті тұсында, Қожа Ахмет Ясауи шығармашылық негізінде XII ғасырда дамыды. «Менің хикметтерім – «хадис қазынасы», оны оқып таныр болсаң – бар мағынасы Құран» деп жырлаған Ясауидың «Диуани хикмет» еңбегі көшпелі түркі тайпалары арасында ислам дінінің кеңінен таралуына қызмет етті. Ясауи Құран мен хадисте, тәпсір мен фикхта кездесетін арабша жазылған күрделі ұғымдарды түркі тілінде түсінікті, жеңіл етіп, халық поэзиясы негізінде жеткізе білді. Ясауидан кейін хикмет жазу үрдісін Ахмед Иүгінеки (XII – XIII ғасырлар), Хакім ата Сүлеймен Бақырғани (XII ғасырдың басы – 1186) секілді шәкірттері жалғады. «Бақырғани кітабы», «Мигражнама», «Ақырзаман кітабы», «Мәриям кітабы», т.б. еңбектер «Диуани хикмет» үлгісінде жазылған. Бұл дәстүрді Сыр мен Еділ бойында Саиф Сараи (1321 – 1396), Хорезми, Құтыб (XIV ғасыр), ал Анадолы жерінде Қажы Бекташ әулие, Жүніс Әміре сынды ақындар жалғастырды. XII - XIV ғасырларда Анадолыда өмір сүрген Мәулана Жалаладдин Руми, Ахмет Факих, Шеяд Хамза, Несими, Гүлшехри, Қайғысыз Абдал сынды ақындар да сопылық әдебиет өкілдері қатарында саналады. Алтын Орда мен Шағатай ұлысында да сопылық әдебиет қарқынмен дамыды. Орталық Азияда Әлішер Науаи, Мырза Бедил, Молла Жәми, Сопы Аллаярдың еңбектері «Чар кітап» деп аталып, мектептер мен медреселерде арнайы оқытылды. Қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясында да сопылық сарын көрініс тапқан. Сыпыра жырау мен Асан Қайғыдан бастау алатын сопылық әдебиет дәстүрлері қазақ сөз өнерінде зар заман өкілдері мен Абай, Шәкерім, М.Жұмабаев, М.-Ж. Көпеев, Ғ.Қараш т.б. ақындарға зор ықпал еткен.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі қисса, дастан сияқты кең көлемді жанрлардың тууына ең алдымен шығыстың көне әдебиетінің, әсіресе, ерте дәуірде өмір

сүрген атакты классиктердің көркем мұрасы әсер етті. Шығыс әдебиетінің ішінде, әсіресе, тәжіктің классикалық әдебиетінің алатын орны, ықпалы ерекше еді. X-XI ғасырларда тәжік әдебиетінің алыптары Рудаки, Фирдауси, Омар Наям, Сағди, Хафиз, Жәмилер өмір сүріп, асыл жырларын тудырды. Бұл ықпал әсіресе, XIX ғасыр әдебиетінде айқын байқалады.

Атакты данышпан Абай нәр алған үш бұлақтың бірі осы шығыстың классикалық әдебиеті болса, ал қазақ әдебиетінде шығыстан бастау алмаған, нәр алып сусындамай шығармашылық өмірін бастаған поэзия өкілдерінің бары кемде – кем. Абай медреседе оқып жүргенінде ден қойып, бар ынтасымен көңіл бөлгені араб, парсы тілдеріндегі әдебиет еді. Шығыс әдебиеті акындарының шығармаларын, араб, иран, шағатай тілдеріндегі ертегі, дастандарды қызыға оқыды. Абай шығыс бұлбұлдарының көркемдік мұрасын жоғары бағалап, ұлы суреткерлерді өзіне ұстаз санады.

Шығыс акындары Абайға өздерінің тамаша шеберліктері, өмірге деген гуманистік көзқарастары, ғаждайып өнерлері әсер етті. Жаңа ғана қалыптаса бастаған жас акынға даналық пікірлерімен, терең ойларымен, нәзік сырларымен ықпал жасап, өмірдегі өз орнын, бағытын дұрыс тауып, биікке, адалдық пен парасаттыққа, адамгершілік пен жақсылыққа, сұлулық пен нәзіктікке талпынуға баулыды. М.Әуезов бұл ықпалдың екі кезеңі барлығын атап өтеді. Бірі 1860-1865 ж.ж. арасындағы жастық шақтағы еліктеу болса, бірі есейген, шығармашылық толысқан шақтағы қайта оралып, басқаша тұрғыдан келу. Кемелдік шағында жазылған «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным» сияқты өлеңдерінен шығы поэзиясының жанға жағымды, майда лебі есіп тұрады. Абай шығыстан үйренген үлгілерін ойшыл ақылымен санасынан өткізіп, шығармашылықпен игерді. Ақынның шығармашылық ізденісін, сыншыл көзін әсіресе, шығыс дастандарының сюжетін пайдалануынан көреміз. Абайдың үш поэмасы да шығыс тақырыбына жазылған. «Ескендір» поэмасы иран тілдес халықтар арасында кеңінен тараған Александр Македонскийге арналған. Поэмада Ескендір бейнесі мүлдем басқаша тұрғыдан бейнеленеді. Шығыс поэзиясында Ескендір бейнесі Фирдауси, Низами, Навои, Жәмидің шығармашылығында кездеседі. Ең алғаш рет Ескендір эпикалық кейіпкер ретінде фирдаусидің «Шахнамасында» көрінеді.

Данышпан Абай шығыстың нәзирагөйлік үлгісі ауанында қалмай, аңыз сюжетін реалистік тұрғыдан жырлауға тырысады. Гуманистік идея түйеді. Абайдың «Масғұт», «Әзім» поэмаларының оқиғалары да шығыстық сюжетке құрылған. Бұл шығармаларда да шығыстың классикалық поэзиясының игі әсері, тамаша үлгісі байқалады.

Қазақ әдебиеті өкілдерінің кез – келгенін алып қарар болсақ, шығыс әдебиетімен арасындағы астасып жатқан ерекше бір үндестікті байқай аламыз. Ол үндестік – «айдан анық» көрінетін, бір арнамен аққан қос ағыс тәрізді өзара тоғыса, сабақтасып, байланысып жатқан рухани үндестік. Осы орайда сөз қылып отырған үндестік ұғымынан біраз мәлімет бере кетуді жөн көрдік. Бұл ұғым жайында Г.Бельгер өзінің «Созвучие» атты очеркінде:

«Үндестік әр нәрседен айқындалады. Табиғатта. Әуенде. Поэзияда. Адамзат жүрегінің үндесуі бар. Сонымен қатар рухани үндесу бар», - деп жазады.

Ал бұл турасында белгілі каламгер Ә.Нұрпейсов: «Үндестікте табиғат орныққан. Онда мейірім тұнған адамзаттық қарым-қатынас құрылады. Сол сияқты таланттар рухының үндесуі де айқын көрініс тапқан. Алла Тағаланың берген дарынына бөленген акындардың оның тіліне, салт дәстүріне, туып-өскен елі, жеріне, ұлттық, жеке тұлғаның ерекшеліктеріне, өмір сүрген дәуірлерінің алшақтығына қарамастан өзара тоғысып, үндесіп жататыны бар. Бұл – дарын иелерінің рухани үндесуі.

Рухани үндестік – ғасырлар бойы қаншама қайғы-мұңды басынан кешіре отырып, әр тілді адамзат құрған нәзік категория. Адамзат қарым-қатынасының шынайы бейнесі. Оны біз қазіргі таңда әр нәрседен айқындап, халықтандырып, ең бір бағалы затымыздай қорыуымыз керек», - деп терең пайымдау жасайды. Міне, тап осындай үндестік, бірін-бірі толықтырып, бірінің ойын екіншісі жалғастырып, өзара астасып, тоғысып жатқан рухани үндестікті шығыс поэзия әлемінің жарық жұлдыздарының бірі Мұслихиддин Сағди мен қазақ халқының ірі акыны Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларынан ұшыратамыз.

«Оятқан мені ерте, Шығыс жыры, -

Жасымнан жетік білдім түрік тілін»,

- деп өзінің төл әдебиетінен тысқары ең алғашқы өнеге мектебін нақты атаған, классикалық тәжік-парсы поэзиясын да, тамырлас, туыстас халықтарға тиіс тесілі ортағасырлық түркі әдебиетін де терең тынаған акынның айрықша қадір тұтқан шайырлары Қожа Хафиз, Физули мен Науаи болатын. Шәкәрімнің Фердауси мен Сағди, Хожа Ахмет Яссауи мен софы Аллаярды да жақсы білгені күмәнсіз.

Шәкәрім өз білігін кеңейту мақсатында Түркияның Стамбул шаһарына барып, біраз уақыт Стамбул кітапханасында білім деңгейін көтеру үшін ізденеді. Одан араб жеріне, қасиетті Мекке қаласына барып, қажылық парызын өтейді. Бұл сапарында тек Ислам дінінің алтын қазығы әрі бастауы болып табылатын қасиетті, киелі жерден хақ дінінің қыр-сырын зердесіне тоқып, құранды араб тілінде оқып, қасиетті Құранда жазылған сөздердің мән-мағынасын сол тілде түсінуге ниет етеді.

Шәкәрім акын халқын имандылық жолға түсіріп, түзетуге дін жолын тандайды.

Шығыс классиктерінің біразының шығармаларын қазақ тіліне аударған. Шәкәрімнің бұл саладағы ең көлемді мұрасы арабтың орта ғасырлық жыры «Ләйлі-Мәжмүн». «Ләйлі-Мәжмүн» көркем аударма болғанымен де акынның төл туындысы ретінде танымалды. Оның басты себебі – Шәкәрім поэмасының ұлттық болуының қанықтығы мен сөз шеберлігі болса керек.

Шәкәрім жас кезінен-ақ шығыс әдебиеттеріндегі рубай, бәйіт, ғазал тәрізді жанрлар үлгісімен сусындап өз туындыларына арқау еткен. Айталық Өзінің төл әдебиетінен басқа ең алғашқы өнеге мектебі саналғаны

классикалық араб-парсы поэзия екенін ашық жазады.

Шәкәрімнің рухани өрісінің кеңейуі тек қана оның араб-парсы мәдениетінің терең салған ізі бар деп есептеу қажет. Бұл туралы ақынның «Иманым» атты өлеңдер жинағында жазған алғы сөзінде Абдұғалым Маралбек былай дейді: «Шәкәрім – шығыс шайырлары желісін үзбей келген ізгілік ілімінің Исламның ішкі мазмұнының мәнін бізге жеткізуші ұстаз. Әр сөз Құран аяттарынан астасып жататын ақын жыларындағы кәміл махаббат үшін есту үшін қадірлі оқырман қауымның дін тарихы мен Ислам даналығынан, пайғамбар хадистері мен Ибраһим Әдһам, Зун Нун Мысри, Баязид Бастамы, Омар Һәйям, Фарид ад-дин әттар, Руми, Муслихиддин Сағди Қожа Ахмет Яссауи, Шамсуддин Хафиз, Низами ганджаул, Әлішер Науан сынды әулие – ақындардың сырға толы жырларымен таныстығы болуға керек».

Шәкәрім өлеңдері атакты Шығыс шайырларының бірі – Хафиз шығармаларымен де тығыз байланыста. Шәкәрім туындыларының ішінен Хафизден аударған «Кел, аяқшы қымыз құй», «Ей, жарымыз, ай нұры», «Тұр, аяқшы бер қымыз» атты өлеңдерінен көре аламыз.

Шәкәрім өзінің «Қожа Хафиз түсінеме енді» деп келетін өлеңдерінде ойды, кәрілікті, өмір мен өлімді конфликтіге түсіріп отырып жеткізеді.

Ежелгі Шығыс поэзиясын еркін игеріп, қазақтың қара өлеңінің қасиетін жетік меңгерген, Абайды үлгі тұтқан Шәкәрім Шығыс поэзиясына тән мәснәуи (бәйіт) үлгісіндегі өлең құрылысына сәйкес өлеңдер жазады.

Қорыта келгенде Шәкәрім Шығыс әдебиетін ақын біліп қана қоймай, оның идеялық – көркемдік озық жетістіктерін қабылдағандағы шығармашылық тәжірибесінен танылды.

Шәкәрім шығармашылығының негізі – қазақ халқын қараңғылықтан, надандықтан құтқарып, Алланың ақиқат жолына, имандылыққа тарту. Шәкәрімнің қаламгерлік қызметі тек ақындықпен, аудармашылықпен шектелмейді. Оның тарих, дін, философия тәрізді ғылым салаларында да құнды төлтума еңбектері жеткілікті.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

1. Қазақ әдебиетінің өзіндік даму заңдылықтары.
2. Көркемдік шеберлік: идея, тақырып, образ.
3. Социалистік реализм канондары.
4. Рухани өрістер ашудың заңдылықтары, алғышарттары.

Өнердегі дәстүр жалғастығы негізінен үш салада: идея мен тақырып, образ және көркемдік шеберлік тұрғысынан дамиды. Енді осылардың көркем әдебиеттегі көрінісі арқылы талдап көрелік.

Айта беретін 1960-шы жылдар қазақ әдебиетіне әсіресе сыншылдық, талғампаз, сыршыл психологизм әкелсе, оның анық нышаны Ә.Кекілбаев, А.Сүлейменов, Қ.Ысқақов, Р.Токтаров, О.Бөкеев, С.Жүнісов, Ш.Мұртазаев, Д.Досжанов, Д.Исабеков, С.Мұратбеков, Қ.Найманбаев, Т.Нұрмағанбетов т.б. жазушыларымыздың шығармаларынан жақсы көрінді. Олар қазақ әдебиетінде өзіндік бет-бейнелерімен, ешкімге ұқсамайтын мәнер-машықтарымен дараланды.

Әрбір өмірге келген талантты көркемсөз туындысының кездейсоқ болмайтындығы белгілі, оны сол мезгілдің қажетсініп отырған рухани проблемалары туғызады, соған қарамастан әдеби шығарма сол дәуірдің жай көшірмесі емес, оның сол өнер туындысының иесі - ақынның, не жазушының, суретшінің ыстық қайраты мен нұрлы сезімінің, сарабал ақылының сараптауынан өткен субъективті бейнесі, сырлы суреті. Ендеше мұндайлық субъективтік бейне қалайша сол мезгілдің, заманның шын ақиқат бейнесі бола алады? Бұл ең алдымен таланттың қуатына байланысты: суреткер неғұрлым талантты, рухани қуатты болған сайын оның дүниеге әкелген шығармасы объективтік шындыққа жақындай түседі, себебі ең алдымен оның, суреткердің, өзі - сол мезгілдің, сол қоғамның, сол шындық туындысы, сондықтан о баста жаратқанның оның бойына суреткердің байқампаз дарынын, сезімтал жүрегін жомарттықпен сыйға тартқаны рас болса, ол сол дәуірдің, сол қоғамның шындығын, мұңы мен зарын, алдан күтер үмітін бенелемей тұра алмайды. Бұл тұрғыдан алғанда заман, уақыт шындығын жан-жақты ашып беруде көркем әдебиет туындысына шендесер құбылыс кемде-кем, тіпті бұлтартпас логикалық пайымдауларға сүйенетін ғылым да көп жағдайда талантты көркем шағармалармен тайталаса алмайды, өйткені ғылым қоғам шындығының бір қырын ғана бағайлап зерттейді: айталық мысалы социология негізінен қоғамның әлеуметтік өмірін, тарих оның ең алдымен саяси-экономикалық сипатын, ал демография сол әлеуметтік ортада өмір кешкен жұртшылықтың сан жағынан өсіп-өнуінің диалектикасын сөз етеді. Ал көркем әдебиет болса мұндай шектеулерге көнбейді, ол ғылымды ғылым секілді бір қырынан емес, тұтасынан көреді, белгілі бір уақыт шеңберінде сол қоғам басынан қандай саяси, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық,

демографиялық т.б. халдерді басынан кешірді, міне, осының бәрі көркем әдебиеттің қырағы жанрынан тыс қала алмайды. Сондықтан да қарапайым оқырманнан бастап ғалым экономиске, юристке, тарихшыға, географқа, әлеуметтанушыға, саяси қайраткерге, әскери қолбасшыларға дейін көркем әдебиеттен өз керегін белгілі бір дәрежеде таба алады, сондықтан да аула сыпырушыдан бастап Ғарышкерге дейін одан рухани қанағат іздейді.

Әсіресе, осы дәуірдің соңғы кезеңдерінде кеңестік кеңістікте ғылым мен өнер саласында көптеген жетістіктер болғанын жоққа шығаруға болмайды.

Алайда бұл мемлекет жабық қоғамға негізделген саяси-экономикалық жүйеден тұратын. Сондықтан да ғалымдар Кеңестер одағындағы саналы өмірге гомо советикус деген атау берді. Өйткені бұл саяси-экономикалық рухани-әлеуметтік ортада тек советтік экономика, советтік саясат, советтік мәдениет пен советтік әдебиет қана мойындалатын, ал басқа әлемдік өркениеттерде болып жатқан қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым көпшілігі күні өткен буржуазиялық қоғамның мезгілден, уақыттан артта қалған кертартпа көзқарастары, ағымдары ретінде көрсетілетін, солай уағыздалатын. Пікірдегі, көзқарастардағы плюрализмге қысым жасау сөкеттік болып саналмайтын. Сондықтан да сол кездегі КСРО территориясындағы бірден-бір саяси билеуші күш – Коммунистік партияның басшылығымен жүзеге асырылған идеологиялық саясат ұлттық мәдени күштердің өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін толығымен ашып көрсетуіне мүмкіндік бере бермейтін. Коммунистік партияның қоғам өмірінде араласпайтын жері жоқ еді, ол тіпті адам қызметінің көркемөнер секілді шығармашылық еркін ойды ауадай қажет ететін ең бір нәзік, ең бір кінәмшіл саласына дейін қатаң бақылауға алып отырды. Қоғамдық сананың барлық институттары секілді өнердің, оның ішінде көркем әдебиеттің де партиялық болу керектігі талап етілді.

Алайда Коммунистік партия мен кеңестік үкімет қанша қырағы бақылауға алғанмен кеңес халқының, оның алдыңғы қатарлы өкілдері – ұлттық интеллигенцияның қоғамдық ой-санасы революциялық романтикаға көзсіз табынған балаң қалпында мәңгіге қалып қоя алмайтын еді, сондықтан да осы ой-сана да барша қоғамдық-әлеуметтік құбылыстар секілді уақыт, мезгіл алға озған сайын жаңа мазмұн, тың идеялармен қаруланып, өсе берді. Осындай өсу сол кездері қалыптасқан идеологиялық шатмштар тұрғысынан алғанда, біршама тосын, тың құбылыс – 1970-1980 жылдары жарыққа шыққан таңдаулы қазақ прозасын ұлттық көркемөнердің сахнасына алып шықты.

Осы шығармалардың авторларының балалық шақтары екінші майдан 1941-1945-жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдағы ауыр тұрмыстың тауқыметінде өткенімен, бозбалалық, жастық дәурендері Кеңес одағының

материалдық жағынан да, моральдық тұрғыдан да біраз әл жинап, оналған кезіне сәйкес келді. Сондықтан да бұл толқын кеңес жазушыларының өздерінен бұрынғы буындарына қарағанда үлкен өнерге институттар мен университеттердің қабырғаларында білім алып, оқымыстылау болып барып араласты. Сол себепті Совет үкіметінің балаң шағында әдебиетке араласқан қызыл пролетар жазушылар секілді олар шығармашылық кәсіпті өнердің әліпбиінен бастаған жоқ, жазушылық қадамды әлемдік классиканы біршама меңгерген тұста қолдарына алды.

Олардың балалық шақтары жоқшылықта өткенімен, мазмұны жағынан аса бай болды. Жесір қалған шешелер мен жетім қалған ін-қарындастарының көзіндегі мұңды жастайын оқып өскен олар ересек қоғамдық өмірге ерте араласты. Осы жағдайлар бұл буынның жан дүниесін мезгілінен бұрын есейтті. Кейін осы өмірлік тәжірибеге жоғары оқу орындарында олған интеллектуальдық мазмұн қосылды. Сондықтан да Бұл буын оқырман жұрттың назарын өздеріне ә дегеннен бірден аударды; отандық көркем әдебиетке оның азды-көпті бұрынғы тарихында болып көрмеген суреткерлердің мол, әрі аса тегеуірінді бір ұрпағының келгені көп ұзамай-ақ мәлім болды.

Бұлар кеңес әдебиетін тақырыбы жағынан ғана байытып қойған жоқ, әсіресе оның интеллектуалдық дәрежесін көтеріп, поэтикалық палитрасын кеңейтті. Социалистік реализмнің кейбір қатып қалған канондарын бұзып, тың рухани өрістер ашты. Мысалы, олар өмір шындығын ойып алып бейнелеген көркем туындылары арқылы кітаби коммунистік идеяларға көзсіз берілген аға ұрпақтың шығармаларында жиірек кездесетін кейіпкерлерді жағымды, жағымсыз деп екіге қажарып бөліп тастаушылық, немесе социалистік қоғамда антагонистік қарама-қайшылықтар болмайды, сондықтан да кеңестік әдебиет кейіпкерлерінің арасында бітіспейтін тартыстарға орын жоқ-мыс деген секілді доғмаларды жоққа шығарды. Сол арқылы суреткерлердің дәл осы буыны әсіресе 1920-1950-жылдардағы кеңестік көркем әдебиетте қатты белең алған жөнсіздеу революциялық романтиканың біраз аптығын басты. Сол кезеңдердің тым саяси конъюнктурашыл, қызыл сөзге үйірлеу «шығармаларына» олар нағыз, шын советтік өмірдің прагматикалық бейнесін қарсы қойды. Осы тектес сапаларымен олар кеңестік көркем әдебиеттегі кітаби өмір мен нақты, реальды өмірдің арасын айтарлықтай жақындастырды.

Бұрын социалистік реализм әдісінің канондарын барынша сақтап жазылған кеңестік көркем әдебиет шығармаларында социалистік өмірдің көлеңкелі жақтары көп ауызға алынбайтын, ал алынса да, сылап қана жеңіл-желпі баяндалатын. 1970-1990-жылдары жарық көрген таңдаулы қазақ баяндарының авторлары нақ осы кемшіліктерді көркемдік нысанаға алды. Айталық осы жылдары өмірге келген М.Мағауинның «Қара қыз», «Тазының өлімі», Қ.Мұқанбетқалиевтың «Ескі достар», Т.Әбдіқовтың

«Қыз Бәтіш пен Ерсейіт», «Әке» т.б. деп аталатын баяндары нақ осындай сапаларымен ерекшеленді.

1970-1990-жылдары қазақ прозасында осыған дейін жетекші жанр болып келген романның осы лидерлік рөлін бірте-бірте повес пен әңгімелер бере бастағаны анық байқалады. Сондықтан нақ осы дәуір қазақ әдебиетінде повес пен әңгіме жанрларының гүлденген дәуірі болды десек қателесе қоймаспыз. Өйткені XX ғасырдың соңғы ширегінде барынша қаулап дамыған ғылыми-техникалық революция қысқалық пен нұсқалықты сүйетін мінезін айқын таныта бастады. Нақ осы дәуірде көркем әдебиеттің кино мен теледидар деп аталатын жаңа бәсекелестері қарқынды даму жолына бет бұрды, уақыт, мезгіл ырғағы жылдамдана түсті. Осыған байланысты оқырмандардың бос уақыты барынша азайды, Сөйтіп уақыт пен мезгілдің өзі XX ғасырдың соңғы ширегінде дүниежүзілік әдебиетте повесть, жанрын алға шығарып, оған осы дәуірдің ең көкейкесті адамгершілік, рухани проблемаларын образдар тілімен қозғауды міндет етіп жүктеді. Бұл процестен қазақ прозасы да тыс қалған жоқ. Професионалдық бастауын халқымыздың майталман көркемсөз шеберлері Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», «Он бес үй», М.Әуезовтың «Көксерек», «Қараш-қараш оқиғасы», «Қилы заман» секілді туындыларынан алған қазақ повестері 1970-1980-жылдары тақырыптық, идеялық, көркемдік көкжиектерін бұрынғыдан да кеңейте отырып, интеллектуальдық, эстетикалық сапасын дүниежүзілік стандарттардың дәрежесіне дейін өсірді. Осылайша біздің ұлттық рухани айналамызға М.Мағауинның «Қара қыз», «Тазының өлімі», «Бір атаның балалары», Ә.Кекілбаевтың «Ханшадария хикаясы», «Шынырау», С.Мұратбековтың «Жусан иісі», «Жабайы алма», «Басында Үшқараның», Д.Исабековтың «Пері мен періште», «Гауһартас», «Дермене», Қ.Мұханбетқалиевтың «Ежелгі дұшпан», «Ескі достар», Т.Әбдіковтің «Тозақ оттары жымындайды», «Ақиқат», «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт», «Әке», О.Бөкеевтің «Қар қызы», «Қайдасың, қасқа құлыным», Б.Нұржекеевтің «Кінәлі махаббат», А.Сүлейменовтың «Бесатар», Т.Нұрмағанбетовтың «Қош бол, ата», «Тұнық су», «Түкпірдегі ауыл», Ж.Түменбаевтың «Ауыл шетіндегі үй», «Ауыл мен Алматының арасында» т.б. секілді талантты повестері келіп қосылды.

ӘДЕБИЕТТЕГІ ПРОЦЕСС: ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

1. Дәстүр және әдебиет тарихын дәуірлеу мәселелері.
2. Әдеби процесс (үдеріс) пен жаңашылдық.
3. Дәстүр мен жаңашылдық – әдеби үдерістің генераторы.

Әдебиет тарихын дәуірлеу әдеби-көркем дамудың бірқатар компоненттерін ғылыми-теориялық тұрғыдан саралауды қажет етеді. Осылардың ішінде дәстүр мен жаңашылдықтың алатын орны ерекше. Дәстүрсіз даму, дамусыз жаңашылдық болмайтыны белгілі. Жаңашылдық әдеби-көркем дамудың белгілі бір фазасында құнарлы дәстүрден барып өркен жаяды. Сондықтан да біз әдеби дәстүрді өткен дәуірде жасалған жалпыұлттық, жалпыадамзаттық маңызы бар бүгінгі заманның рухани қажеттіліктері мен сұраныстарын өтей алатын, көркемдік қуаты айрықша құндылық деп санаймыз. Яғни, әдеби дәстүр – өткен дәуірлердің бүгінгі күнге жарайтын, өзектілігімен ерекшеленетін құндылығы. Таратыңқырап айтсақ, ілгері дәуірлерде қалыптасқан дәстүр жаңашылдықтың өзегіне айналуы үшін оның бойында өзекті идея, өміршең көркемдік болуы шарт. Философиялық тұрғыдан алғанда адамзаттың даму жолы дәстүр мен жаңашылдықтың үздіксіз сабақтасып тұруымен байланысты. Уақыт пен кеңістік ауқымында дамитын өзге де рухани үдерістер секілді әдеби-көркем үдеріске де диалектиканың үзіліссіз және үзілмелі қозғалысы ретінде қарауымыз қажет. Жалпы тіршілік диалектикасындағы осы үзіліссіз және үзілмелі қозғалыстың сипаты әдеби көркем дамудың кезеңдік табиғаты болатындығын және ол әдеби дамудың ажырамас әрі міндетті құрамдас бөлігі екендігін аңғартады. Диалектика заңдылығы бойынша қандай да болмасын рухани үдерістің басталуы, шарықтау шегі, дағдарысқа ұшырауы, өзге бір келесі кезеңге өтуі, яғни алмасуы болмақ. «Бәрі де өзгереді...» - дейді дүниенің даму дидарын түсінген ақылмандар. Өмір өзгерістер арқылы дамып, тіршілік сипаты алмаса отырып дүние дөңгелемек.

Тіршілік көші тоқтамай өмір жалғасу үшін ескінің орнын жаңа баспақ, жаңа ұрпақ өз дәуірінің рухани-көркем сұраныстарын жаңаша қанағаттандырмақ, дүние дидарын жаңа оймен өрнектемеқ, жаңа сөзбен сомдамақ. Адамзат ойының дүниені көркем игеруінің жолы болып табылатын сөз өнерінің даму тарихында дәстүр мен жаңашылдықтың осындай сабақтастығын жиі аңғарамыз. Белгілі бір дәуірде қалыптасқан әдеби-көркем мұраның баршасы кейінгіге жарар жоралы жолға, игі дәстүрге айнала бермейтіндігі түсінікті. Дәстүрге дәуірдің озығы, кезеңнің үздігі ғана айнала алмақ. Дәстүрге айнала алған әдеби туындылар ғана кейінгіге жетпек. Айталық, ХІҮ-ХҮІІІ ғасырлар аралығында өмір сүрген 10-15 жырауды ғана білеміз, олардың бізге жеткен шығармалары 80-90 ғана. Бірақ осы бес ғасырдағы жыраулардың саны бізге жеткен жыраулардан әлдеқайда көп болғандығы күдік тудырмайды. Соған орай, біз білетін шығармалардан бізге

жетпеген шығармалардың саны әлденеше есе көп екендігі де күмәнсіз. Дегенмен, біздің дәуірімізге олардың озығы мен асылы ғана жеткен. Осы озығы мен асылы дәстүр жасаған көркем дүниелер. Жыраулар ХІҮ-ХҮІІІ ғасырларда қалыптастырған осы дәстүр ХХ ғасырдың ортасына дейін сақталып келді. Қазтуған мен Доспамбеттің, Асан Қайғы мен Ақтамбердінің, Үмбетей мен Бұқардың дәстүрлері ХІХ ғасыр әдебиетінің идеялық бағдарына, жанрлық құрылымына, стилі мен тіліне, өлең құрылысына әсер етіп келді. Бірақ, жыраулық дәстүр қазақ әдебиеті үшін мәңгілік бұлжымас құбылыс емес еді. Өйткені, кең сахараны жайлаған қазақ тұрмысының сол ғасырлардағы көші, өмір сарыны, ұлттың ой-өрісі, қам-қаракеті өзгеріске түсетіні жаңа заманның жаңа талаптарына бейімделетіні анық болатын. Соған орай, оның сөз өнері де жаңа өріс таппақ. Жаңа өріс жаңа соқпақ салмақ.

Дәстүр де халықтың ой-өрісі сияқты, ол ұлттың рухани дамуында үнемі жаңғырып тұрады. Біз мұны, яғни, дәстүрдің жаңғырып тұруын өзектілік категориясы арқылы түсіндіргіміз келеді. Егер оған сұраныс болмаса, онда ол жаңғыра да қоймас еді. Жалпы қандай да болмасын жаңғыруды тудыратын оның қоғамға қажеттілігі, яки зерулігі. Әдеби дәстүр – кейінгі дәуірлер үнемі рухани қуат алатын құнды қазына дегенде, біз оның осы өзектілігін айтамыз. Қазіргі кезде әлем әдебиетінде, соңғы жылдары өзіміздің әдебиетімізде де фольклорлық сюжеттердің, әсіресе, мифтік оқиғалардың осындай өзектілікке ие болып отырғанын көреміз. ХХ ғасырдың соңғы ширегіндегі ең ұлы тұлғалар Габриэль Гарсиа Маркес романдарындағы, Шыңғыс Айтматовтың повестері мен романдарындағы, қазақ әдебиетінде Оралхан Бөкей повестеріндегі, Есенғали Раушанов, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Жанат Әскербекқызы поэзиясындағы мифопоэтиканың жандана, белсенді түрде көркем мәтіндерден орын алуы, - дәстүрдің осындай өзектілігінен туындап отыр. Әрине, аталған қаламгерлердің қай қайсысы да мифтік мазмұнды дайын күйінде ала салмайды, мұнда шығармашылықпен игерілген дәстүр жөнінде әңгіме болғаны абзал.

Әдебиеттегі өзектілік пен көкейкестіліктің көрінісі, әсіресе, жаңашылдықтан байқалады. Сондықтан да көкейкесті тақырып пен идея, тіпті көкейкесті жанрда болмақ. Сөз өнеріндегі көкейкестілікті тудыратын қоғамдық ойдағы өзекті мәселелер. Әлеуметтік дамудың белгілі бір дәуірдегі өзекті ойлары тақырыптың, идеяның өзектілігін тудыра отырып, жанаша дәстүрдің қабырғасын қалайды. Өзекті мазмұн көркем мазмұнға айналу барысында әрқашан жақсы шығарма тудыра бермейді. Бұл арада өзектілікпен әуестену құбылыстары да ұшырасып жатады. Мұндай көріністер кеңестік саясатты мадақтау заманында көп кездескен. Бұл адамды, адамның әрекеті мен жан дүниесін шынайы суреттемеуден, адамнан гөрі саяси ұрандар жетегінде кетуден туатын құбылыс десек, бүгінгі күнде де осындай арзанқол, үстірт жазылған шығармалар орын алып отырғаны белгілі. Өйткені, өмірдің өз философиясына, дәуірдің иірімдеріне бармаған шығарманың айтары

кашанда арзан болған. Сондықтан сөз өнеріндегі өзектіліктің арқауында кашанда мазмұн мен пішіннің табиғи бірлігі мен үйлесімі тұруы шарт.

Дәстүр де, жанашылдық та әдеби үдерістің генераторлары. Кемел дәстүрге сүйенген жанашылдықтың ғұмыры ұзақ болмақ. Әдеби үдерісте дәстүрді жемісті әрі шынайы жалғастыру – көзсіз еліктеу емес. Ол кашанда шығармашылықпен қабылданып игерілген жалғастық. Бұл шығармашылық жалғастықтың нәтижелі қорытындысы – жанашылдық құбылысы. Ал жанашылдық – көркем өнердің, оның ішінде, сөз өнерінің де қозғаушы һәм дамытушы күші. Жанашылдық арқылы әдебиеттің бейнелеу мүмкіндіктері артады, жаңа көркемді концепциялар мен жүйелер туып қалыптасады. Жанашылдық әдеби үдерістің өзегі мен арқауы бола отырып, ұлттың ойлау жүйесінің тереңдігі мен көп қырлылығын және ұлт тілінің көркемдік әлеуетін де байкатады. Дәстүр мен жанашылдық диалектикасы қай кезде де алға кадам жасаудың, дамудың кепілі.

Әдеби үдеріс ауқымында тек әдеби-көркем факторлар ғана емес, сондай-ақ, оған қоғамдық сананың саясат, философия, дін, құқық, мораль, ғылым сияқты формалары да айтарлықтай ықпал етеді. Мәселен, Абай өнернамасының арқауында ислам дінінің, Мағжан поэзиясының мазмұнында саяси-тарихи әсер ретінде Алаш қозғалысының, Сәкен шығармашылығының өзегінде кеңестік идеологияның ықпалы бар екендігі белгілі. Әдеби дәуір аясында дүниеге келген қандай да болмасын көркем шығарма белгілі бір қоғам шындығының жемісі әрі көрінісі, қандай да болмасын қоғамдық ойдың көркем сұлбасы.

Әдебиеттегі дәстүр мен жанашылдықтың өзара байланысы мен ерекшеліктері – әдебиет тарихын дәуірлеу барысында айқын аңғарылады. Өйткені, дәстүр мен жанашылдық әдеби үдерістің жүрер жолын, барар мекенін көрсетерлік құбылыстар. Сондықтан да әдеби-тарихи үдерістің өрістеу жолдарын жүйелеу – әдебиет тарихын дәуірлеумен тікелей байланысты. Бұл үдерістің сипатын анықтау үшін белгілі бір дәуірде көркемдік жүйе жасайтын, қалыптастыратын критерилерді табу қажет. Мұндай көркемдік критерилер әдебиет тарихының белгілі бір уақыт аралығындағы кезеңіне тән ортақ ерекшеліктерді көрсете алатындай болуы тиісті.

Әдебиеттің тарихын дәуірлеу оның даму динамикасын белгілі бір қисынды нобайға түсіру, үдерістің басты сипатын айқындау. Сондықтан да дәуірлеу барысында әдеби үдерісті белгілі бір уақыттық бөліктерге жіктеу арқылы дамудың жалғастығын, дәстүр мен жанашылдықтың табиғатын, ұлттың көркем ойлауының әр кезеңдердегі сипатын айқындауға қол жеткізуге болады. Осы арқылы әдеби идеялар мен формалардың табиғатын танумен бірге ұлттың көркем ойлауындағы өзекті мәселелерді тануға боларлық.

Әдебиет тарихының ішінара әдеби дәуірлерге бөлінуі, бір дәуірдің бәсеңсіп, келесі бір дәуірдің белен алуында дәстүр мен жанашылдықтың

орны айтарлықтай. Егер бұл екі іргелі категория болмайтын болса, әдебиет тарихы өзіндік дәуірлерге де бөлінбес еді. Әрбір әдеби дәуір өзіндік дәстүр қалыптастырады. Ондай дәстүрдің басы жанашылдық болып, ол бірте-бірте дәстүрге айналады. Содан соң ол дәстүрдің ең таңдаулы үлгілері келесі дәуірдің қажетіне жарайды да, олар жаңа дәуірде бұрынғыдай жолбасшылық рөлге емес, толықтырушылық қасиетке ие болады. Жаңа дәуір өзінің жаңа идеялық-эстетикалық талаптарын орнықтырады. Мұндай жаңа талаптар да бірте-бірте дәстүрге айнала бастайды. Бұл дәстүр де қалыптасады, дамиды. Ары қарай жаңа кезенге орын бере бастайды. Сөйтіп, дәуірден дәуір алмасады. Ұлттың рухани дамуы оның көркемөнерін де, оның ішінде, сөз өнерін де үнемі дамытып, әр дәуірде оны жаңа рухани-мәдени өріспен ілгерілетіп отырады. Егер мұндай кезеңдік даму болмаса, жалпы қазақ поэзиясы Бұқар, Дулат, Абай, Мағжан, Қасым, Мұқағали сияқты әр қайсысы өзінің көркемдік әлемін қалыптастырған ірі тұлғаларды білмес еді. Әдебиеттің кезеңдік дамуы оның жанарып, жаңғырып тұруының көрінісі. Сондықтан әдебиет тарихындағы әрбір кезеңнің маңызы мен орны дәйектеліп, сол кезең ауқымында туған идеялық болсын, көркемдік болсын, жанрлық болсын бастамаларға тиісінше баға берілуі тиіс.

Ұлт әдебиетінің ұзынсонар тарихына үніліп, ондағы дәстүр мен жанашылдықтың сипатын қарастырар болсақ, онда ең алдымен қазақ сөз өнерінің қайнарынан саналатын жыраулық поэзияға үңілгеніміз жөн. Қазақ хандығы тұсындағы деп аталынып жүрген төрт ғасырлық тарихы бар жыраулар поэзиясында жауынгерлік пафостың орны айрықша. Дегенмен, Ақтамберді, Үмбетей, Марғасқа толғауларындағы әлгіндей идеяны бұл дәуір поэзиясының ең басты мазмұны дей алмаймыз, оған қоса ел бірлігі, өсиеттік-ғибраттық мазмұндағы толғауларды да атауға болады. Ал, жауынгерлік, күрескерлік поэзия дегенде санамызға Исатай бастаған көтеріліс, Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс төңірегінде туған әдебиет еске түседі. Осы тараптағы ақындардың бейнелеу арсеналында жыраулар дәстүрінің бірқатар көркемдік компоненттерін көруге боларлық. Жыраулар поэзиясының басты тақырыбы мен идеясы жөнінде сол ғасырлардағы қазақ мемлекетінің саяси-әлеуметтік дамуымен сабақтастырыла біршама жазылды. Мұхтар Мағауин зерттеуінде қазақ әдебиеті тарихының алғашқы кезеңі ретінде негізделген жыраулық әдебиет дәстүрдің дені – толғау жанрымен байланысады. Жалпы алғанда, жанрдың әдеби дамудағы орнын мензегенде біз жанр – әдеби дәуірдің негізгі көрсеткіштердің бірі деген қағиданы орнықтыруымыз керек. Осыдан өрістете келе, жанрды әдебиет тарихын дәуірлеудегі басты әдеби – көркем мінездемелерден бірі ретінде танып, жанрдың құрылымдық-көркемдік қырларын дәстүр тұрғысынан да, жанашылдық тұрғысынан да қарастырғанымыз да абзал. Сонда белгілі бір әдеби дәуірде туған, қалыптасқан немесе үстемдік еткен қандай да болмасын жанрдың ілгеріде айтқан құрылымдық-көркемдік тұрпатын тануымыз керек. Жанрдың құрылымдық-көркемдік тұрпаты дегенде, біз жанрқұрушы композиция, стиль

деген сияқты мәселелерді көлденең тартып, оның осы ерекшеліктерін түбегейлі талдауды ұсынамыз. Сондай-ақ, жанрдың адресаты, жанрды туғызған өмірлік жағдаят, сол тұстағы әдеби тілдің деңгейі деген мәселелер де ұмыт қалмағаны абзал. Жыраулық поэзияның сақтаушысы һәм бізге жеткізуші әдеби қалыбы болған толғау жанры – ХІҮ-ХҮІІІ ғасырлар бойы бес ғасырдай уақыт казак әдебиетінің басты жанры болып келгені белгілі. Сондықтан әдебиет тарихының дәуірлеу сияқты ауқымды мәселеде, дәстүр мен жаңашылдық сияқты аса маңызды мәселеде де бұл жетекші жанр ұмыт қалмауы тиіс. Өйткені, әдебиет тарихындағы жанр мәселесі, яғни жанрдың тарихилығы мәселесі көркем ойдың көркем пішін арқылы берілуінің өзіндік амалы. Сондықтан жанр мәселесі сөз болғанда, шығарма тілі, стилі, композициясы компоненттері де әңгімеге арқау болады.

Асылы, бастапқыда әдебиетке енген идея болсын, тақырып болсын алдымен ойтүрткі пікір ретінде туады да, өзінің көркемдік қорытындысын келесі дәуірлерде тапса керек. Бұл әлгі идеялардың кең орын алуымен және көркем түрдің жетілуімен байланысты болады деп ойлаймыз. Сөз өнеріндегі белгілі бір идеяның әдепкі көрінісінде, бастапқы тәжірибесінде кемел көркемдік бола бермейді. Мұнда шынайы көркемдіктен гөрі идеяшылдық шығарманың бетінде бірден көзге түсіп қалқып тұрады. Яғни, автор бұл жерде белгілі бір идеяны мейлінше жалаң, мейлінше ашық жеткізеді. Мәселен, Ыбырай Алтынсариннің мектеп қабырғасынан белгілі:

Бір Аллаға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық.
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық,-

деген карапайым шумақта көркемдіктен гөрі идеяшылдық басым. Ыбырай казак әдебиетіне оқу-ағарту тақырыбын алғаш әкелген педагог акын. Оның өзге өлеңдерінде де, әңгімелерінде де оқу-ағарту тақырыбы осылай, карапайым түрде көрінеді. Ал, Абайдың ағартушылығында идея автордың субъективті пікіріне айналып, мейлінше сезімге әсер етерлік қуатқа ие болады. Сонысымен де, Абай өлеңдеріндегі оқу-білім мәселесі көркемдігімен ерекшеленеді. Оның:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім,-

деп жазуында оқу-білім идеясы автордың жеке өмірімен өзектесіп, субъективті ренк тудырады, соның нәтижесінде акынның ойы нағыз көркем идеяға айналған. Ал, Мағжан поэзиясында мұндай ағартушылық идея жас акынның әсіре субъективтілігіне көмкеріліп, романтика-сентименталистік ыңғайда айтылды. Оның «Ләззат кайда?», «Мен сорлы» өлеңдерінде автордың ішкі әлемі арқылы бейнеленген оқу-білім тақырыбы алдыңғы дәуірде туған ағартушылық идеяның мүлде жана ыңғайда көркемдік шешімге ие бола бастағандығын байқатты. Қандай да болмасын дәстүр жалғастығы шығармашылықпен игеруді, автордың дәстүр ауқымының өзінде жаңа ізденістерін байқатады.

Әдебиет тарихындағы дәстүр мен жанашылдық құбылысына көрнекі мысал боларлық әдеби деректердің бірі – поэзиядағы сыншылдық үрдісі. Сыншылдық, сынай отырып өнеге айту дәстүрі Абайға дейінгі дәуірде, арысы жыраулар поэзиясында, берісі Дулат пен Шортанбай замандарында молынан көрінгені мәлім. Алайда, қоғамдық қарым-қатынастардағы келеңсіздіктерді сынау, жеке адам болмысындағы кемшіліктерді мінеу, олардан қорытынды шығара отырып, игі, ізгі, иманды қасиеттерге қарай бейімдеу, бағыттау қазақ әдебиетінде Абай шығармашылығында толымды сипатқа айналғандығы мәлім. Сондай-ақ қазақ поэзиясында ертеден келе жатқан философиялық сарындар өзінің ұлы қорытындысын Абайдан тапты. Абайға дейінгі акындық поэзияда әлеуметтік сында пессимистік сарынның қабаты қалың келіп, ол заман акындары қоғамдағы келеңсіздіктерді көбінесе ел басқарған адамдардың жағымсыз типтерін көрсету арқылы бейнелейтін. Мысалы:

Хан кеткен соң, халықтан қақпа ашылды,

Қақпа ашылса, табанға хан басылды.

Батыр кетті – қорғанның құлағаны.

Қақпасы жоқ, қорған жоқ – ел шашылды.

Жуан қамшы қол бастар көсем болды,

Ел ермелі екіесті шешен болды.

Би кетті малдылардың айтағында,

«Бәленді мұқатып бер» десең болды. (Жанак акын)

Бұл саладағы Абайдың жанашылдығы өлеңде суреттелген жағдаяттарға терең субъективтілікпен келе отырып, әлеуметтік қатынастарды талдауға барды. Сондықтан да Абайдың сынында әлеуметтік талдау, адамның мінезін тану, мәселенің себебін ашу жағы басым тұратын. Кемеңгер ойшыл суреткер сынай отырып, ақыл айтатын, оның бұл ақылы жайдақ пікірден ада, терең ойға құрылған пәлсапалық ойлар еді. Сол себепті де Абайдың әлеуметтік сынының астарында үлкен ой, ірі қорытындылар жататын. Абайдың сыншылдығы жөнінде Ә.Қоңыратбаев: «Абайдың реализмі анық сыншылдық сатыға жеткен құбылыс. Оның бір басы феодализмге, екіншісі капитализмге тиеді. Осы белгілерде Абай поэзиясының өмірмен шындап туысуы, жарты

ғасыр ішіндегі дала өмірінің энциклопедиялық суреті ғана емес, оның өскен талабы мен ой-санасының да елесі бар» деп жазды. Данышпан ақынның:

Адал бол – бай тап,
Адам бол – мал тап,
Қуансаң, қуан сол кезде.
Бірінді, қазақ, бірін дос,
Көрмесен, істің бәрі бос,-

деп жаңа сөз айтуы, - жаңа заманның жаңа ақынының әдебиет сахнасына шыққанын айғақтады. Кеменгер суреткер үшін өзінің алдындағы ауызша дамыған авторлық поэзия, әлбетте, құнарлы дәстүр болды, бірақ бұлжымас қағида, айнымас үлгі болды деп үзілді-кесілді айта алмаспыз.

XVIII ғасырдың ортасы XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ поэзиясында туған эстетикалық көңіл-күйдің үлкен бір арнасы – отаршылдыққа қарсылық идеясы. Отаршылдыққа қарсылық сонау Бұқар жырау заманынан, одан беріде зар заман ақындарынан құнарлы орта тауып, XIX ғасырдың I жартысында Дулат, Мұрат, Шортанбай т.б. ақындардың шығармаларында кеңінен айтылады. Дулат пен Мұраттағы, Шортанбай мен Нарманбеттегі отаршылдыққа деген сын – дәстүрдің бұзылуы, жердің тарылуы, діннің әлсіреуі сияқты қазақ халқына ауыртпалық әкелген жайттарды бейнелеу арқылы, өз заманына өткенді карама-қарсылықта бейнелеу арқылы көрінді. Мәселен, Дулаттағы:

Кешегі бір заманда,
Қайран қазақ, қайтейін,
Қасиетті еді хан, қаран.
Мынау азған заманда,
Қарасы – антқор, ханы – арам.
Батыры көксер бас аман.

Сондай-ақ, отаршылдық зардаптары, оған қарсылық XIX ғасыр соңында және XX ғасыр басында ағартушылық идеялармен сабақтастырыла бастады. XX ғасыр басындағы ұлтты ояту, рухани жаңғыруға үндеу бағытындағы А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов өлеңдеріндегі ағартушылық пен сыншылдықта Абайдың дәстүрі сезіліп тұратын. Дегенмен ол қазақ қоғамындағы Абай заманына түбегейлі айырмашылығы бар жаңа кезең еді. Жаңа кезеңінің жаңа сөзін дәстүр салтындағы жаңа қолтаңбасы қалыптасқан қаламгер емес, жаңа кезеңінің тарихи-қоғамдық жағдайында тәрбиеленген, қалыптасқан қаламгер айтуы тиіс еді. Ұлт-азаттық қозғалыстың идеялары Ахмет, Міржақып, Ғұмар т.б. шығармаларынан көрініс тапқанымен, оның көркемдігі, кемел көрінісі Мағжан шығармашылығына тән. А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатов саналы ғұмырларын ағартушық, қайраткерлік жолға арнады. Ал М.Жұмабаевтың ақындық қабілеті ұлт-азаттық идеяны көркем кестелеуге бейім тұратын. Жаңа дәуір ақынының «Тез барам», «Есімде...тек тан атсын», «Жер жүзіне», «Күншығыс», «Пайғамбар» өлеңдері отаршылдыққа қарсылықтың жаңаша жырланғанын байқатты. Ал, Алаш қозғалысы тұсында дүниеге келген Ғұмар

Қараштың, Ахметқали Мәметовтың, Сәбит Дөнентаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың жырларында бұл мәселе мүлде жаңа қырынан жаңа жігер, қызу қарқынмен жырланды. Бұл Алаш әдебиетінің игі дәстүрлері, тіпті Алаш қаламгерлерінің шығармаларына тиым салынған уақыттың өзінде қазақ ойында, сөз өнерінде өмір сүріп жатты. Сондықтан да Алаш мұрасы тәуелсіздік алған жылдары өзінің табиғи жетекші орнына келіп орнықты.

Дәстүрдің өзінен соңғы әдебиетте белсенді орынға ие бола беруі әдеби-көркем дамудың өрістеуіне айтарлықтай үлес қоса бермейді. Ондай дәстүр жаңашылдықпен жалғаспаған тұста жаңа дәуірдің рухани сұраныстарын қанағаттандыра да бермейді. Мұндай мысалдар қазақ әдебиетінің бұрынғы кезеңдерін де, сондай-ақ, қазіргі әдебиетте де кездесіп қалады. Ұлттық әдебиеттану ғылымымызда оны алғаш аңғарып, 1918 жылы «Екеу» деген атпен «Абайдан соңғы акындар» деп мақала жазған Ж.Аймауытов пен М.Әуезов болды. Осы мақалада: «Ғұмар Қарашта Марабай акын, Бұхар жырау тағы сол сықылды бұрынғы акындардың қалпымен кеткен ескінің сарқыты бар. Бірақ ескілік сөздер батырдың батырлығын, бидің шешендігін, ханның хандығын, салтанатын жетілдіріп, ескектетіп айтқанына келісуші еді; ол кездегі халықтың рухы да, тұрмысы да ескек, асқақ сөзге лайық келуші еді. Халықтың мінезін суреттеп, мінін айтып, терең пәлсәпа сөздерді желдіртіп, ескектетіп айту бұл заманда артық, ұнаспайды» - деп жаза отырып, авторлар бұрынғы дәстүрдің қазіргі заманған үйлеспейтінін айтқан болатын. Бұл арада дәстүр мәселесімен бірге дәстүршілдік ұғымы туады. Қазақ әдебиетіндегі дәстүршілдік жөнінде айтқанда, біз ХІҮ ғасырдан бастап ХХ ғасырдың орта шеніне дейін өмір сүрген авторлығы бар ауызша әдебиет жөнінде айтамыз. ХІҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ өмірінде ерекше рөл атқарған ауызша әдебиет ХІХ ғасырдың соңғы ширегі ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында қалыптасқан жазба әдебиет тұсында сақталып, ендігі жерде жаңа әдебиеттің дамуына көлденең келгені болмаса, бәлендей жаңалық болудан қалды. Сондықтан да жоғарыдағы Ж.Аймауытов пен М.Әуезов мақаласында «ұнаспайтын» құбылысқа айналды. Себебі, жаңа қалыптасып келе жатқан жазба әдебиет жаңа ой, жаңа идея, жаңа тақырыпқа сай жаңа жанр, соны стиль қажет еді. Ауызша дамыған әдебиеттің нормативті поэтикасы жазба әдебиеттің қалыптасуына үйлеспейтін. Сондықтан кезінде сан ғасыр үлкен дәстүр болған жыраулық одан беріде ақындық ауызша поэзия сөз өнерінің көшбасшылығын сан жанрлы, алуан стильді жазба әдебиетіне берді. Бұдан былай толғау, арнау, дастан жанрлары жетекші орыннан ығысып, оның орнына лириканың медитативті-субъективті түрлері, жаңа типтегі поэма, баллада, көркем прозаның әңгіме, повесть, роман сияқты жанрлары, драма жанры келе бастады. Бұл қазақ әдебиетінің жаңа кезеңінің қалыптасуы еді.

Аталған кезеңде жыраулық дәстүрмен бірге Шортанбай Қанайұлынан басталатын діни-ағартушылық дәстүр, Абайдың көркем реалистік дәстүрі де

құнарлы орта тауып, ары қарай өрістеп жатты. Шортанбай мұраларында айқындала көрінген діни-ағартушылық дәстүрдің XX ғасыр басындағы дарынды ізбасарлары Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Молда Мұса т.б. Шортанбай Қанайұлының жалпы мұрасында «Дін жолынан айнымас», «Бала зары», «Насихат сөздері», «Келер заман сипаты», «Қожа, молда» толғауларында дін насихаты жалпылық, дидактикалық сарында жырланса, ал, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы осы дәстүрді кеңінен дамытып, діни тақырыптағы өлен-толғаулармен бірге мысалдар, аңыздар, дастандар жазды. Мәшекеннің бұл шығармаларында діни тақырып кеңейе түсумен бірге образдар жүйесі, көріктеу құралдары мейлінше дамытылды. Соның нәтижесінде, әдебиетіміздегі діни лексиканың көркем үлгілері және А.Байтұрсынұлы «Діндар дәуір» деп атаған кезеңнің өзіндік жанрлары да қалыптасты.

Ілгеріде айтылған жайлардан шығатын түйін – әдебиеттегі тақырып пен идея бір кезеңнің ғана жемісі емес, үлкен әдеби үдерістің өне бойында байқалатын, ауқымды, бай дәстүрлі құбылыс.

Жалпы, көркемөнердегі сияқты, сөз өнеріндегі жаңа бастаманың орнығуы адамды, адам мен қоғам арасындағы күрделі де, әр қилы қарым-қатынасты жаңа қырынан бейнелеумен байланысты. Жаңа дәуір, жаңа заман өзінің жаңа сөзін айтатын ұланын тудырады. Сөйтіп, әдеби дамудың жаңа кезеңі сапарын бастайды. Ол сапар өзінің жоралы жолын, құнарлы соқпағын қалыптастырады. Осы жолға өткеннің қажетін алып, дәстүрді ұстанады, бірақ, дәстүр ауқымында қалмайды, оны екшейді, қажетін ғана қолданады. Оның бұл істегенін одан соңғы кезеңде келгендер де қайталайды. Сөйтіп, дәстүр мен жанашылдық арасындағы әрі күрес, әрі бітім жалғаса береді.

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАНАШЫЛДЫҚ

1. Абай – қазақ поэзиясының реформаторы, жанашыл ақын
2. Абай дәстүрі және ақындық мектеп.
3. Қазақ әдебиетіндегі ұлы дәстүр – Абай дәстүрі.

Абай – жанашыл ақын. Ол өзінің бүкіл ақындық өнерінің өн бойында әдебиеттегі игі дәстүрді одан әрі дамытып, мазмұн мен пішіннің бірлігін мықтап ұстанды және іс жүзінде осының асқан үлгілерін өз қолымен сомдап соғып көрсетті. Бұл жолда Абай бәрінен бұрын қазақтың әдеби тілінің шынайылығын жан сала қорғады, өлең сөзінің әр түрлі «жамау-құраудан», баяғы «ескі бише бос мақалдап», құр босқа жан жалдап, тіл безеуден құтқарды, поэзияда тек қана «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын келістірудің» жолдарын нұсқады, суреткерлік шеберлік «құпияларын» ашып көрсетті, сөйтіп, пішіні келіскен әдеби шығарманың мазмұны тағы да халық тағдыры болуын қалады. Мазмұн мен пішіннің мұншалық әсем үндестігін қадағалаған Абай, әрине, мазмұнның пішіннен басымдығын жете аңғарды: «Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін...»-деді. Бұл да көркем творчествоның психологиясын аса талантты, нәзік әрі терең сезінуден туған тілек еді. Ал оның «құлақтан кіріп бойды алған жақсы ән мен тәтті күй» тарапындағы эстетикалық талғамдары мен толғамдары – өз алдына жеке зерттеуді керек ететін күрделі мәселе.

Абай дәстүрі – ақындық мектепті де ішіне сыйғызып жіберетін кең ұғым. Абай дәстүрі оның қасында жүрген шәкірттерімен шектелмейді. Қазақ әдебиетіндегі Абайдан кейінгі көрнекті тұлғалардың барлығы дәстүр жалғастырушылар десек, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин сынды әдебиет қайраткерлері осы лектің алдыңғы толқыны ғана. Демек, кең мағынада алғанда дәстүр жалғастырушылардың бәрі дерлік Абайдың ақындық мектебінің өкілдері болып табылады. Алайда, Абайдың ақындық мектебі деген ұғымды нақтылап, оның маңайындағы ақын шәкірттерімен байланысын алып қарастырғанда, ақындық дәстүрден де басқа, ұстаз бен шәкірт арасындағы күнделікті қарым-қатынастардың нақтылы көріністері бой көрсетеді. Яғни, Абай поэзиясының кейінгіге әсер-ықпалы деген мәселеден басқа, Абайдың тікелей тәрбиесі, ұстаздық ұлағаты, тіпті оның өлең жазуға баулу, үйрету қарекеттері айқындалды.

Ұлы Абайдың ақындық әлеміне ой жүгірткен кезде, оның өз мұрасы немесе шығармашылық айналасы ғана емес, солармен бірге оның ұлттық поэзиямызға көзқарасы, қазақ өлеңінің болашақ даму арналары жөніндегі толғаныстары да түп-түгел көз алдымызға елестейді. Абайдың әдеби ортасы дегенде оны ақындық өнерге баулыған, рухани өсу жолында темірқазық бағдар бола білген ақын-жырауларды, би-шешендерді, кейіннен нағыз ақындық кемеліне жеткен тұлғаның өнеріне сусындап, әдебиеттегі дәстүрін

жалғастырған акын шәкірттерін, оның мұрасын халыққа насихаттаған өнерпаз буынды айтамыз.

Абайдың зор ақындық құдіретімен қоса, акындар мектебін қалыптастырған ұстаздық қарекеті айқындалды. Ұстаз – Абай мен шәкірт акындар арасындағы поэзиялық байланыс көздерін сөз еткенде, ең алдымен Абайдың эстетикалық талғамының бір көрсеткіші болып табылатын ақындық өнер туралы толғаныстары, соның ішінде әсіресе, акын шәкірттерге, олардың туындыларына карата айтылған сындарына назар аударылды. Абай сыны – оның ақындық қиялының көрінісі емес, өмірлік ұстанымдары мен күнделікті қарекетінің жемісі. Шәкәрім, Көкбай, Әріп сынды шәкірттерінің шығармаларын сынға алғанда Абай тек шәкірттерін үйретуші, түзеуші деңгейінде ғана емес, қазақ өлеңіне биік меже қоюшы, өзінен кейінгі әдебиетке жана, классикалық поэзияның үлгісін ұсынушы, ұстаз-акын ретінде көрінді. Абайдың шәкірттерін сынауы, жеке бас мінездерін әшкерелеуі, өлеңдерін түзеп, қайта жазғызып, үлгі боларлық қып өзі шығарып көрсетуі сияқты құбылыстар – Абайдың ақындығымен қоса осы өнерге баулу, тәрбиелеу сияқты ұстаздық қарекетінің айқын көрінісі. Абай мен оның шәкірттері арасындағы поэзиялық байланыс, тек Абайдың бір алуан өлеңдерінің шығуына түрткі болып қана қойған жоқ, акын шәкірттердің ұстаз алдында ысылып, нағыз ақындық жолға түсуіне жол ашты.

Абай мектебі өкілдерінің айтыс жанрын игеруі қазақ әдебиетіне айтарлықтай жаңалық әкелді. Табан астында өлең құрап, суырыпсалама өнердің не бір түріне аса мән берген Абайдың өзі де айтысқа бей-жай қарамаған. Бізге жеткен Қуандық қызбен сөз қағысы Абайдың айтысқа тікелей қатысын байқатқандай. Табан астында сөз құрап, айтысқа түскен шәкірттерін Абай күнделікті сынап отырды десе де болғандай. Әсіресе, суырыпсалама өнердің майталмандары – Көкбай, Әріптер Абайдың баулуымен, айтыс өнерін шебер меңгерді. Ал, айтысты көркем шығармаға айналдыру – Абай айналасына кең тараған көркемдік тәсіл десек, Шәкәрімнің, Тұрағұлдың, Дүбәкірдің жанрлық жағынан қыз бен жігіт, мысал айтыстарына жататын өлеңдермен қоса, Әріп Тәнірбергенұлының «Тәуке мен Ұрқия», Уәйіс Шондыбайұлының «Тәуке мен Жікібай» сияқты айтыс үлгісі бар көлемді поэмалардың жазылуы – айтыс жанрының мүлде өзгерген көркемдік түрін ұсынды. Сондай-ақ, Әріпке қатысты «Біржан – Сара», Әсетке байланысты «Әсет пен Ырысжан» айтысы сияқты туындыларда айтыс өнерін жетік меңгерген акындар ел аузында жұрнағы қалған айтыстарды көркем шығармаларына арқау етті.

Абай мектебіндегі тарихи шығармалардың бастауын Абайдың тарихқа қатысты еңбектерінен, ой-пікірлерінен іздеген жөн. Абайдың тапсырмасымен дүниеге келген Шәкәрімнің «Шежіресі», «Еңлік – Кебек» пен «Қалқаман – Мамыры», Көкбайдың Абылай туралы жырлары, Уәйістің «Жошы – Алаша

ханы» ұстаз тапсырмасымен жазылып қана қоймай, Абайдың тарихи шығармаларымен байланысып, сабақтасып жатыр.

Абай көлемді тақырыптарды игертуде шығыстан келген нәзирагөйлік дәстүрдің соны үлгісін ұсынды. Басқаны қайталамайтын жаңаша идеялармен жазылған Абай поэмалары шәкірттер ізденісін тын жолға бастады. Бір тақырыпты бірнеше ақынның жарыса жырлауы Абай мектебіндегі шәкірттердің шабытын қамшылап, көркемдік биіктерге жетеледі. Сондай-ақ, Абайдың орыс пен батыстан алған жаңаша бір дәстүрін ең алдымен қасында жүрген шәкірттері қабылдап, дамытты. Оның көрінісі – Ақылбай, Мағауиялардың орыстың, батыстың үлгісінде жазған «байрондық поэмалар» табиғатына жақын романтикалық туындылары. Абай шәкірттері тарихи тақырып пен нәзіралық үлгіге барғанда Абайдың ұстанған идеялық позициясынан ауытқымайды. Ақындардың ұстанған мақсаты – адам бойындағы ізгілік пен зұлымдық, қатыгездік пен мейірбандық, махаббат пен ғадауаттың майдандасқан көріністері арқылы қоғамдағы әділетсіздікті әшкерелеу, сөйтіп соры қалың қазақтың көзін ашу сияқты хәкім Абайдың ұлы идеяларын жалғастыру.

XX ғасырдың басында Абай дүниеден өтті. Және бір ескертіп айтатын Абай қаламынан туған асылдың бәрі бұл кезде қалың оқырман қауымның игілігіне айнала алмай, алтын сандық ішіндегі мүлік секілді, ақын дәптерінің ішінде қалып қойды. Абайдың сөзі түгіл өзінің аты да, маңайдағы қоныстас, қонсылас өңірлер болмаса, қалың қазаққа мәшһүр болған жоқ. Осының бір мысалы – Ахмет Байтұрсыновтың мынадай сөзі: «Мен Қостанайдан Омбыға қарай беттеп шыққан жолда, - дейді ол кісі, - Ақмола, Атбасарға дейін Абайдың атын естіген емес едім». Егер сол кездің ең сауатты, ең құлағдар адамдарының бірі Ахаң естімесе, одан арғы ел Абайдан мүлде хабарсыз болғанына күмән болмаса керек.

Оған ақынның мынадай өлең жолдары да куә. Алғаш рет өлеңнің аруағына жүгініп, «Патша құдай, сыйындым, тура баста өзіне» деп жалбарынғанда, ол өз сөзінің әзірше көршілес екі рудан аспағанын мойындай келіп, ал өз айналасындағы ағайындардың одан әлі түк түсініп болмағанына былай деп күйінеді:

Арғын, Найман жиылса,
Таңырқаған сөзіме...
Қайран сөзім қор болды
Тобықтының езіне...

Сөйткен Абай дүниеден өткенде, ұлы ақыннан айырылған қазақ даласы аза тұтып, күңірене де алмай қалған. Оны алғаш рет ашқан – Әлихан Бөкейханов. Абай қайтыс болғаннан кейін Әлихан Бөкейханов ақынның артында қалған мұрасын, өмірбаян мәліметтерін жинастырып, 1905 жылы, қаралы күннің бір жылдығында облыстық «Семипалатинский листок» газетінде кеңейтілген азнама (некролог) мақала жазды. Абайдың ата-тегін,

өмір жолын, шығармашылық қызметін баяндады, қазақ халқының рухани өміріндегі тарихи орнын көрсетті.

Арада екі жыл өткенде, 1907 жылы Ә.Бөкейханов осы мақаласын ақынның суретімен қоса географиялық қоғам бөлімшесінің жинағына енгіздіртті. Сөйтіп, Абай есімі, Абай мұрасы өзінің туған халқынан бұрын Ресей қауымының зиялы өкілдеріне жетті. Ал ақынның қолжазба дәптерлеріндегі асыл мұрасы тұңғыш рет кітап болып, осыдан екі жыл кейін, 1909 жылы ғана жарық көргені белгілі.

Абайды алғаш ашқан Әлихан Бөкейханов болса, оның шығармаларын қазақ қауымына, қазақ оқырмандарының санасына алғаш жеткізген Ахмет Байтұрсынұлы еді. Ол ақынның қайтыс болуының он жылдығына орайластыра, 1914 жылы өзі шығарып отырған «Қазақ» газетінің үш санында «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын бастырды.

А.Байтұрсынұлы онда, мақаланың тақырыбынан көрініп тұрғандай-ақ, қазақ тарихында Абайдан асқан ақын жоқ, оның сөзі өзгелердікінен ерекше терең мағыналы екенін, оны түсіну үшін ерекше зейін мен зерде керек екенін айтты. Одан кейін ақындық өнердің шарттарын санамалай келіп, сол шарттардың барлығы да Абайдың басында болғанын, сондықтан да оның мұрасы ерекше мәнді болып шыққанын түсіндірді. Қазақ халқы үшін бұл мұраның өлшеусіз өмірлік маңызы бар екенін басып айтты. «Абай сөзі дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ», - деп турасынан қайырды. «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек», - деп шегелеп санаға сіңірді.

Біз осының барлығын нығарлай баяндап отырған себебіміз, Абай мұрасының, демек, Абай дәстүрінің де, тек XX ғасыр еншісінде екенін, тек XX ғасырдағы ұлттық әдебиетіміздің игілігіне айналғанын баса айту болатын. Енді сол мұраның алғашқы мирасқорлары кімдер еді, ұстаз дәстүрін олар қалай жалғастырып дамытты, соған келейік.

Абайдың өзінен кейінгі жазба ақындар ішінде мезгіл жағынан да, қандастық жағынан да оған ең таяу тұрған тұлға — Шәкәрім. Ол — ақынның қатты сыйлайтын ағасы Құдайбердінің баласы. Құнанбайдың көп үрім-бұтағы ішінде экесінен жастай қалып, жетімек қатарында саналғандықтан, ерекше қамқорлыққа алынып, ерке де еркін өскен немересі. Абайдан бір мүшел ғана кіші. Ақын ағасы дүниеден өткенде, бұл қырық алты жаста. Оның үстіне Абайдан кейін тағы 27 жыл өмір сүріп, жетпістің үшеуіне шыққанда қаза болған. Демек, Абайдың кемелді өміріне түгелдей куә болған, әсіресе оның әрбір өлеңінің дүниеге келген шағын көзімен көріп, ең алғашқылар қатарында құлағымен естіген, былайша айтқанда, ақынның шығармашылық зертханасы дейтіннің басы-қасында жүрген адам. Өзі де жастайынан өлеңге, өнер-білімге құмартып өскендіктен, ақын ағасының көз алдында, көңіл аясында жүрмеуі мүмкін емес еді. Сондықтан Шәкәрім Абайдың шәкірттері ішінде ең бірінші орында тұруы тағдырдың өз бұйрығымен болған іс еді.

Бұл жөніндегі Абай ашқан жаңалықты, патшалықтың отарласу саясаты шиеленіскен сайын азғындай бастаған халық бейнесінің сиқын жоғарыда бірсыпыра жеткізе баяндағанбыз. Абайға ілесе отырып, Шәкәрім де қаламды батыра сілтейді. Бір кезде достан да, дұшпаннан да көңілі қайтып түңілген ағасының күйіне түскендегі акын інісінің ширығуы шұғыл, өзіне қояр сауалы да қатқыл:

Досың қайсы, кимастай елің қайсы?
Ел салмағын көтерер белін қайсы?
Аузың темір татиды бәрін татып,
Жалғанды кимайтұғын жерің қайсы?

Байы-бай, кедейі-кедей болып, елдіктен айрыла бастаған халқының келешегін ойлағанда, Шәкәрім де көкірегі қарс айрылғандай болып, дәл Абайша күңіренеді:

Мінеки, естісеңіз елдің жайын,
К...нен кейін кетті басқан сайын.
Қайран елім, қазағым, қалың жұртым,
Көп айтып, а, дариға, не қылайын!...

Сондай кеселдерден бойды аулақ салуға шақырады. Шәкәрімнің «Партия адамдары», «Партия құрған өнкей қырт», «Тағы сорлы қазақ», «Ей, көп халық, көп халық» сияқты, патшалық отаршылдықтың қазақ даласына тигізген зардаптарын әшкерлеудің дәл Абай дәстүріндегі өте тағылымды да таңбалы тәпсірі болып келеді.

Абай мен Шәкәрім арасындағы шығармашылық сабақтастық туралы сөз қозғағанда, бұл екі тұлғаны өзге акындардан гөрі анық жақындастыра түсетін ерекшелік – олардың шығармашылық мұраларындағы ойшылдық, терен философиялық толғаныс ортақтығы дер едік.

Абай мұрасымен алғаш танысқанда-ақ, оған біржола бас қойып, табынып өткен мирасқорларының алдыңғы қатарында аталатын егіз тұлға-Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржакып Дулатұлы. А.Байтұрсынұлының рухы бір мақсаттас інісі М.Дулатұлының да бүкіл шығармашылық мұралары түгелдей ұлы Абай қазынасымен үндес, сарындас болғандығы, рухы жағынан соның құрамдас бөлігіндей болып бірігіп кеткендігі.

Бұлай деуге негіз болатын бірінші ілік – «қазағым» деп, Абай есімін бұл екеуінің де өз шығармашылығына басты өзек етіп алғандығы. «Қайран жұртым» деп, болашағын ойлап қамыққанда, көкірегі қарс айрылған Абайдың ізімен, сол қазақтың басындағы қара бұлтты айықтыру үшін ғасыр басындағы барлық Алаш зиялыларымен бірге бұл екеуінің де бүкіл өмірлерін сарп етуге белсеніп шыққандығы.

Жас қайраткер, дарынды акын Міржакып Дулатұлы қалың ұйқыдағы халқына «Оян, қазақ!» деп жар салды. Оның тіршілік қазанына тірек болған үш тағанына, яғни ошақтың үш бұтына қауіп төнгенін дабыл қаға хабар етті:

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым, енді жату жарамас- ты.

Жағдайды бұдан гөрі ертерек пайымдап, аңысын аңдып келген естияр ағасы Ахмет алғашқы айтар сөзін астарлап, орыс мысалы арқылы сыналап жеткізіп еді. Енді ел санасын біртіндеп оятпақ ниетпен ызындаған «Масасын» жіберген-ді.

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары аяқтары ұзын маса...
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаккы жеп қанаттары бұзылғанша,
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса.

А.Байтұрсынұлында дәл Абай үлгісінде жазылған шағын көлемді екі өлен бар. Бірі – «Қазақ салты». Былай деп басталады:

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара- көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылмаған...

Білетіндердің айтуы бойынша, «қаудан шыққан өрт» деп отырғаны патшалықтың отарлау саясаты екен.

Абай «Қалын елім, қазағымды...», «Қартайдық, қайғы ойладық» пен «Қартайдық, қайрат қайттыны...» жазғанда, патшаның алғашқы хандық заманды жойған жарлығынан бері жарты ғасырдай, ал Орал мен Сібір казактарын басқарудың уақытша низамы шыққаннан бергі жиырма жылға жетер-жетпес қана уақыт өткен-ді. Жеке адам түгіл, бүкіл халықтың тұрмыс салты мен мінез-құлқын біржола өзгертіп жіберу үшін осынша ғана уақыт жеткілікті екен.

Осы тұста ерекше атап көрсетерлік бір ерекшелік – біздің төл әдебиетіміздегі халық тағдыры, содан туындайтын саяси күрес саласында ғана емес, Абайдың ақындық өнерін, атап айтқанда, адамның жан-жүрегін, ішкі дүниесін, неше түрлі көңіл-күйін білдіретін сыршыл лирикасын жалғастырып, ілгері қарай дамыту мағынасында да, өзіндік өрнек, өшпес із қалдырды.

М.Дулатұлының «Шағым» атты өлеңі осы айтқанның айқын мысалы бола алады.

Тамшылап көзден аққан бұл суық жас,
Балкытып қашан ерітер жүректі тас?
Қаламнан жылап аққан кара бояу,
Жазылып қағазға, сен, жұртқа қыл паш.

Абайды еске түсірейікші:

Ызала жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл.
Не жазып кетсе- жайы сол,

Жек көрсендер өзін біл.

Жанағы Міржақып шумағы басқа бір көңіл күйіндегі дәл осы жолдардың жалғасы іспеттес. Абайда оны білдіретін – «ызалы жүрек пен долы кол» және «улы сия мен ашы тіл». Жүрекке ыза толып, кернеп бара жатса, әрине, соны улы сия мен ашы тіл ғана жеткізе алса керек. Ал Міржақыпта адамның аса бір егіліп, көзінен суық жас тамшылаған сәтте оның тас болып қатқан жүрегін еріту үшін зарлы өлең қаламнан қара бояу болып жылап ағуы керек екен.

Мағжан ақындығының алғашқы еліктеу, үйрену кезеңінде Абай дәстүрінің қаншалықты жемісті маңызы болғанын кезінде Жүсіпбек Аймауытов та жеткізе айтқан.

Сабактастықтың, әсіресе шағын лирика саласында сабак алуға, үйренуге қарай көбірек ойысатын тұстары табиғат, сүйіспеншілік тақырыптарын жырлағанда анығырақ байқалады екен. Ал енді дүниежүзілік поэзияда мәңгілік саналатын осы екі тақырыпты ұлттық поэзиямыздың лирика жанрында тұңғыш енгізген Абай деп айтсақ артық болмас.

Мағжанның жігіт жасында баспадан шығарған тұңғыш жинағы – «Шолпанға» енген «Жазғытұры», «Жазғы таң», «Толған ай», «Күз», «Орал тауы», «Зар» атты өлеңдерін мазмұн жағынан да көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан да, тұп-тура Абай дәстүрінің тікелей жалғасы деп бағалауға әбден болады. Ұлы Абай мен әйгілі Мағжан шығармашылығындағы дәстүр жалғастығы күмәнсіз. Махаббат тақырыбын Абайдан алса да, Мағжан оны өзінше жырлады. Ұзақ жырлады. Бүкіл ақындық мұрасына өзек болған басты тақырыптарының біріне айналдырды. Оның шығармашылық ауыртпалығы да аз болмаса керек. Бұл тақырып ақын үшін рахат пен бейнеттің, ләззат пен азаптың, сүйініш пен күйініштің, өмір мен өлімнің ортақ баламасына айналды десе болғандай.

Ешбір дау туғызбайтын ақиқат – Абайдың теңсіз некеге, қызды малға сатуға ымырасыздығы, сезім бостандығын, жар тандау еркіндігін барынша жақтағандығы. Ақынның «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» атты өлеңі осыған дәлел.

Абай дәстүрін өздеріне нәсіп еткен ізбасарлары бұл тақырыпты шығармаларына өзек етіп алуы заңды.

Бұл ретте алдымен ауызға аларымыз да Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы болмақ. Туған әдебиетіміздегі роман атты күрделі жанрдың тұңғыш туындысының осы тақырыпқа арналуының өзі тегін емес-ті. Өйткені әйел теңдігі, жесір дауы, қалың мал тақырыбы қашанда қазақ қаламгерлерін қатты толқытып, үлкен қарсылық туғызып жүрген мәселелердің бірі еді.

Бұл роман әдебиетіміздің тарихынан өзінің тиісті орынын алды. Негізгі құндылықтарын атап өтумен шектелгеніміз жөн болар.

Біріншіден, шығармада Абайдың сыншыл реалистік дәстүрі өзінің лайықты жалғасын тапты. Нақты оқиғалардың ізін суытпай, сүйекті

туындыға өзек боларлық жайттарын іріктеп алып, белгілі кезеңнің толымды әлеуметтік көріністерін жеткізе білді. Әңгіме бір ғана әйел теңдігі, қалыңмал төңірегінде ғана шектеліп қалмай, отаршылдық қазақ ауылына әкелген басқа да біраз кесепатты зардаптары нанымды түрде қамтылды.

Екіншіден, бұдан бұрын поэзия саласында әлеуметтік тақырыптағы бірсыпыра уытты шығармалары мен сыршылдық сарындағы әсерлі өлеңдері арқылы бірсыпыра ақындық тәжірибе жинақтаған автор үлкен прозаға кіріскенде де, бірден көсіле кетіп, бас-аяғы бүтін әсерлі шығарма әкелді.

Үшіншіден, романның басты кейіпкері Жамал ұлттық әдебиетімізге келген жаңа тұрпатты қазақ қызының алғашқы бір қарлығашы болды. Жамалдың оқуда зеректік танытып, тез сауаттануы, бойына біткен ақыл-парасаты мен өнерге бейімділігі, сөзге шеберлігі, өлең шығаратын қабілеті қазақ қызының жаңа бейнесін жасайтын белгілер еді.

Бакытсыз Жамалдың қасіретін «Қалың малдағы» Ғайша жалғастырды. Ахмет, Міржақыптардың үлгісі мен Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметін ауыл мектебінде ұстаздықпен ұштастырған Спандияр Көбеев араға үш жыл салып әдебиетімізге тағы бір роман әкелді. Бұлардан кейінгі бір кәделі шығарма – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы.

Әдебиетіміздегі Абай дәстүрінің ықпалы деген өте күрделі, ауқымы кең ұғым. Қазақ поэзиясына Абай Құнанбайұлы енгізген жаңашылдық үлкен дәстүр болып қалыптасты. Абай қазақ поэзиясын әсіре шешендікпен, әсіре бояудан құтқарып, терең ойлылықты арттырды. Ол ақын орнын, оның қоғамдық, әлеуметтік мәнін танып, көркем сөзді жоғары сатыға көтерді, ауыз әдебиетінің дәстүрінде келе жатқан поэзияны түрлендіріп, жаңа арнаға салады. Мысалы, «Көлеңке басын ұзартып» өлеңінде, «Адасқан күшік секілді, ұлып жұртқа айтқан ой» дегенде тынымсыз, мазасыз ойды, жабырқау көңілдің суретін «адасқан күшікке» балайды.

Қазақ әдебиетіндегі ұлы дәстүр – Абай дәстүрі. Абай дәстүрі деген ұғымның сан салалы, күрделі екендігі баршаға мәлім. Абай мұрасы тақырып-мазмұн жағынан алғанда да, ақындық өнер, шеберлік тұрғысынан келгенде де ұлан-ғайыр. Қазақ әдебиеті тарихында Абай дәстүрі деген ұғымның қалыптасып, кең қанат жайғаны бүгінгі әдеби үрдістің даму барысында зор маңызын көрсетіп отыр. Себебі Абай дәстүрі деген тақырып өте кең ауқымды әрі өзекті, ғылыми айналымға түскен сала. Абай дәстүрінің Шәкәрім шығармашылығындағы жалғастығын зерттеген ғалым Б.Әбдіғазиевтің пікірін негізге алсақ: «Абай дәстүрі – қазақ әдебиетінің даму тарихында заңды жалғасын тауып, жан-жақты байып келе жатқан асыл арна», - деп жазады.

Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың әдеби мұрасын жоғары бағалап, алғаш пікір білдірген қалам қайраткерлері – Алаштың ардақты азаматтары. XX ғасырдың басында-ақ Алаш арыстарының бірі Ахмет Байтұрсынов Абайға «қазақтың бас ақыны» деп, ал Мағжан Жұмабаев «хакім ақын» деп, Сұлтанмахмұт Торайғыров «ақындар пайғамбары» деп лайықты бағаларын

берген болатын. Қазақ әдебиеттану ғылымында Абай дәстүрі көп зерттелді. Әлі де зерттеліп жатыр. Ежелден күрмеуі қиын, алып тынысты, кең ауқымды сала болғандықтан, зерттеуін жалғастыра береді деген ойдамыз. Абай дәстүрі туралы М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Ы.Дүйсенбаев, А.Нұрқатов, Қ.Мұхамедханұлы, Ы.Мұстамбаев, Ә.Жиреншин, З.Ахметов, М.Базарбаев, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, М.Мырзахметұлы, Ж.Ысмағұлов, Б.Әбдіғазиев т.б. ғалымдар әр қырынан зерттеп, акын салған сара жолдың кейінгі қазақ әдебиетінің дамуына, әдеби үрдістің жалғасуына тигізген игі ықпалын көрсетті. Абай дәстүрінің кейінгі поэзияға әсері жөнінде арнайы монография жазып зерттеген ғалым А.Нұрқатов өзінің «Абайдың ақындық дәстүрі» атты еңбегінде: «Шын мәнісінде халықтық бағыттағы, таланты сау, ниеті таза, мақсаты айқын каламгерлердің қай-қайсысы да дәуір талабын батыл сезіну мен сол жайында толғануды, алға және алысқа көз тігуді Абайдан үйренді. Сөйтіп олар Абай дәстүрін дамыта отырып, оның поэзиялық халықтығын, өзекті принциптерін дәуір талабына сай өрбіте, тереңдете түсті, қазақ әдебиетін онан әрі өсірді, оны жана тақырыптармен байытып молықтырды, сол заманда өмір ағысы алға тартқан күрделі мәселелерді қозғай да, шеше де білді», - деп ой түйеді.

Абай дәстүрінің сан салалы, өте күрделі екенін айта келіп, белгілі ғалым Ж.Ысмағұлов кенестік дәуірдегі қазақ әдебиетіне Абайдың тигізген ықпалы жайында сөз қозғау мүмкін болмағанын ескертеді. Қазақ әдебиеті тарихында Абай дәстүрінің алдыңғы шептен орын ала алмағанының бірнеше себебін түсіндіреді. Бұл тақырыпты арнайы қолға алып, артына көлемді еңбек қалдырған ғалым Айқын Нұрқатов екенін айтады. Абай дәстүрін жалғастырған Алаш ұранды каламгерлер жайлы А.Нұрқатовтың жаза алмағанына Ж.Ысмағұлов өкініш білдіріп: «Бірақ, амал не, марқұм сол кездегі қатаң тәртіп жағдайында, Абай мұрасының ең етене мирасқорлары – Алаш әдебиетінің өкілдері, яғни XX ғасыр басындағы ең шұрайлы кезең туралы да, оның жанағы аталған ұлы тұлғалары туралы да ауыз аша алған жоқ», - деп жазады.

Сол кездегі билеп тұрған саясат кесірінен Айқын Нұрқатовтың бұл тақырыпты жаза алмағанын айтып, Ж.Ысмағұлов: «Бұл тақырып қазіргі Тәуелсіздік тұсында, біздің Әуезов институтында ғана там-тұмдап қолға алынып отыр», - деп зерттеудің қолға алына бастағаны жайын баяндайды.

Бұл тақырып Абайдың кейінгі дәуірде қазақ әдебиетінде жанаша сипат алып қалыптасқан биік қоғамдық-эстетикалық идеялар, мақсат-мұраттар ұлы ақынға ілесе шыққан Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов сияқты қайраткерлердің шығармаларында әрқайсысының өмірдегі, өнердегі ұстаған бағыты, ізденістеріне орай өзгеше жарқын көрініс тапты. Қазақ мәдениетіне, әдебиетіне халықтың рухани өміріне шексіз мол жаңалық әкелген осы ақындардың әрқайсысы Абайдың ағартушылық, демократиялық озат ой-пікірлерін, өнерпаздық дәстүрлерін өзінше жалғастырды.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде Абайдың дәстүрін тікелей жалғастырған ақындарды академик З.Ахметов атап көрсетеді: «Абайдың ұлы ізашар ақын деп қарағанда оның шығармашылық дәстүрлерін дамытып жалғастырған ізбасар ақындар деп, қазақ поэзиясының бір туар аса көрнекті қайраткерлерінен Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовты алдымен айтамыз. Кең мағынасында Абай дәстүрлерін дамытқан деп, мысалы, Сәкен мен Ілиясты да, ал жеке бір қырларынан келсе М.Әуезовті де, кейінгі атақты ақындардың да қайсысын болса да алып қарауға мүмкін екені талассыз».

«XX ғасыр бас кезіндегі қазақ ақын-жазушыларының бүкіл шығармашылығы Абай атты ұлы арнадан бастау алады. Сондықтан XX ғасыр басындағы әдебиетті сөз еткенде, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды ұлы тұлғалар поэзиядағы Абай салған дәстүрдің сан қырын ашып, жаңашылдықпен жалғастырғанын атап өту ләзім. Онсыз сол кездегі поэзияның даму барысын, көтерілген биігін аша алмаймыз», - деген ғалым Ө.Әбдиманұлының пікірі ойымызды растайды.

XX ғасыр басындағы қазақтың бірқатар көрнекті ақындары Абайдан үйренді, Абайды өздеріне ұстаз санады. Абай үлгісімен өлең жазды, халқының мұнын жырлады. Сол ақындардың ішінде «қаранғы қазақ көгіне өрмелеп шығуға» талпынған өршіл рухты С.Торайғыров Абайды оқуға шақырады.

Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе.

Адамдықты көздесең,

Жат тоқып ал көңілге.

С.Торайғыров асыл сөзді іздесең, адамдықты көздесең Абайды оқы, ерінбе деген өсиет айтады. Ақынның айтқан өсиеті бүгінгі және ертеңгі ұрпақ үшін маңызы зор. Себебі Абай мұрасында асыл сөз бен терең ойдың, адамдық қасиеттің бар қазынасы жатыр.

АБАЙ ДӘСТҮРІНІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫРЛАРЫ

1. Абай – ойшыл акын, сыршыл суреткер.
2. Акын поэзиясындағы портрет, мінез-құлық, табиғат.
3. Абай қалыптастырған көркем пішін, жаңа жанрлық түрлер.

Ахмет Байтұрсынов өзінің «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, Абайдан кем болмаса да, білімі кем болмағандығы даусыз», - деп жазады. Абайдың ақындық дарыны аса қуатты. Абай аса күрделі қоғамдық мәселелерді терең талдап, тұжырымдап айтатын кемеңгер ойшыл акын, сонымен қатар ол кісінің кескін-кейпін (портретін), мінез-құлқын, қимыл-қозғалысын, табиғат көркін нақтылы, дәл сипаттайтын асқан сыршыл суреткер акын және өзінің де, өзгенің ішкі сезім дүниесін, көңіл-күйін әсерлі жеткізетін нәзік сыршыл лириканың шебері дегенде, бұлар оның жан-жақты ақындық шеберлігінің әр қыры, әр түрлі сипат-қасиеті екенін, акын тұлғасының біртұтастығын, көп қырлы болса да, бір сырлы екенін есте сақтаған абзал. Әр түрлі лирикалық жанрлар, тақырыптық сарындар арасында пышақ кесті шек-жік, айқын айырым, шекара бола бермейді, көбінесе бір-бірімен қабысып, ұштасып, сабақтасып, бір өлеңнің, жеке шығарманың өзінде бірін-бірі толықтырып отырады.

Абай өмір құбылыстарын бейнелеп суреттеу немесе баяндап жеткізу, адамның ішкі жан дүниесін, психологиясын ашып көрсету секілді әр түрлі көркемдік тәсілдерді шебер қолданады. Бірақ қандай түрлі әдіс-тәсілді қолданса да, оның шығармаларынан терең ойшылдық айқын сезіледі. Ойшылдық көбіне лирикалық сезіммен, терең тебіреніспен ұштасады немесе баяндап айту арқылы да көрінеді, кейде суреткерлік шеберлік басым келеді. Қалайда осының бәрі бірін-бірі үстемелеп, жандандыра түсетін қасиет-сипаттар болып шығады.

Абай қазақ поэзиясының идеялық ауқымын, тақырыбын кеңейтті, әдебиетте жаңа жанрлық түрлер қалыптастырды.

Абайдың лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда сан салалы, алуан түрлі, тақырыбы, идеялық мазмұны жағынан да аса бай, әр қилы өмір құбылыстарын камтиды. Халықтың тағдырын, заман жайын толғайтын сан алуан әлеуметтік, философиялық лирика түрлері, адамның ішкі жан дүниесін бейнелейтін жырлары, суреттері, оларға қоса жеке адамдарға арналған жырлары, тағы басқа өлең түрлерін Абай поэзиясынан табамыз. Оларда қуаныш сезімі де, өмірге деген зор сенім де мұң мен наз да, зәрі, ашы сын да – бәрі де бар. Абай лирикасының жанрлық түрі бай, акын шеберлігінің қырлары мол екеніне көзіміз жетеді. Оны мына өлеңдерінен де байқаймыз:

Ғашықтың тілі-тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл.

Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлін илан, мейлін күл.

Ақын ғашық жастардың сезімінің нәзіктігін байсалды түрде, парасатпен сипаттаған десек, жастық шағын еске алып, өз көңіл-күйін әзілмен айтуында да еш жасандылық жоқ.

Композициялық құрылысы өте келісті өрнектелген тағы бір шағын өлеңге назар аударсақ:

Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта.
Жауған күнмен жанғырып,
Жер көгеріп күш алар.
Аққан жасқа қанғырып,
Бас ауырып, іш жанар.

Өлеңде адамның көңіл-күйі табиғат көрінісімен салыстырыла бейнеленеді. Алғашқы шумақта адамның сезім-күйі табиғат құбылысымен сарындас келгендіктен, екінші шумақта да солай болатындай көрінуі әбден ықтимал. Бірақ ақын шендестіру тәсілін қолданып, жер көгергендей, адамның бойы да жадырайды демейді, «бас ауырып, іш жанар» дейді.

Поэзиядағы өлеңге бірден-бір тән қасиет жинақылығы, идеялық мазмұны жағынан сыйымдылығы, тиянақты ойды білдіретіні болса керек. Осы тұрғыдан қарасақ, Абайдың жоғарыда айтылғандардан басқа «Жарк етпес қара көңілім не қылса да», «Күшік асырап ит еттім» секілді кейбір өлеңдерін де осы топқа жатқызуға болады. Ықшамдылық дегеніміз қалайда қысқа қайыру емес, аз сөзбен тұжырымдап айтып, көп мағына білдіру. Абай поэзиясындағы мазмұны, тақырыбы, жанрлық және стилдік ерекшелігі жағынан оқшау тұрған бір топ өлеңдер - інісі Оспан мен баласы Әбдірахманға арналған жырлар. Оларды Мұхтар Әуезов «Бас қайғысымен байланысты жоқтау жыры» деген.

Абайдың Оспанға арналған үш өлеңі тақырыбы жағынан біртұтас көрінсе де, құрылыс-қалпы, жанрлық түрі жағынан бірдей емес. «Жайнаған туын жығылмай»деп басталатын өлең Оспан өліміне байланысты көңіл білдіру түрінде жазылса, «Кешегі Оспан» деп басталатын екі өлеңі, оны еске алып, мінездеген өлең деуге лайық. Өлеңнің мазмұны да, ойды көтерінкі леппен бейнелеп, өрнектеп жеткізу мәнері де, тіпті:

Жайнаған туын жығылмай,
Жасканып жаудан тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай,
Жаксы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жалын жүрек суынбай,-

деп, осы үлгіде барлық тармақты бас жағынан бірыңғай үйлестіріп келтіруі – бәрі де өзгеше тосын бір тәсіл тапқандықты байқатады. Өлімге қайғыру сарыны мүлде жоқ дерліктей, бастан-аяқ мадақ өлең түрінде келіп, соңы «Жаксы өліпсін, япырым-ай» деп бітеді. Бұл – әрине, өзгеше айту тәсілі. Қайғы үстінде көңілге медеу боларлық көтеріңкі сарынды күшейту үшін солай еткен.

Екінші топ өлеңдері – Әбдірахман қайтыс болғанда оның мезгілсіз қазасына қайғыру үстінде шығарылған «Арғы атасы кажы еді», «Кешегі өткен ер Әбіш», «Тұл бойын ұят ар едін», «Жиырма жеті жасында», «Талаптын мініп тұлпарын», «Орынсызды айтпаған», «Бермеген құлға, кайтесін» секілді өлеңдер. Бұлар - жоқтау өлең үлгісіне жақын. Мұхтар Әуезов осы өлеңдердің ерекшелігіне назар аударып, былай деп жазған болатын: «Тақырып жағы мен нақтылы факт жағынан алғанда бұл өлеңдер Абайдың жеке ғана өз басының үй-ішілік қайғысы, бас лирикасы деуге болады. Бірақ сырт қалыптары қазақ поэзиясында көп кездесетін көңіл шеріне, мұн жырларына, жоқтау сарындарына ұқсаса да, дәл осы өлеңдердің өзінде де Абайдың ақындығы өзгеше үлгі тудырып, тағы бір бұрын шықпаған шеберлік танытады».

Назар аударарлық жәйт Абайдың өлеңдерінің ішінде өзге шығармаларына ұқсамайтын, мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар мол. «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесін», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Жаз», «Желсіз түнде жарық ай», «Болыс болдым, мінеки», «Қызарыл, сұрланып», «Келдік талай жерге енді», «Өлсем, орным кара жер сыз болмай ма?», «Көк тұман - алдындағы келер заман» секілді өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, мүлде тың дүние, шығармашылық жаңалық. Біздің айтпағымыз – Абайдың сарқылмас шығармашылық тапқырлығы, оның қолынан шыққан кемеліне келген, көркемдік бітімі жағынан мүлтіксіз өлең үлгілерінің көптігі және әрқайсысының бір-біріне ұқсамайтын, жаңаша сипатты дүние болып келетіні.

Ақынның тіпті жылдың төрт мезгілін суреттейтін «Қыс», «Күз», «Жаз», «Жазғытұры» секілді бір топқа, циклге жататын өлеңдерінің де әрқайсысы мазмұн-мағынасы, суреттеу тәсілі, құрылысы жағынан әр түрлі болып шыққан. Сондай-ақ өлең сөз, ән-күйдің мәнін, ақындық өнердің қасиетін бағалайтын, тақырыбы жағынан бір-біріне жалғас «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Көңіл құсы күйкылжыр шартарапқа», «Өзгеге көңілім тоярсын», «Адамның кейбір кездері» деген шығармалары да ойды әр қырынан өрбітуі, пікір сонылығы, бейнелеу, айту ерекшелігі бойынша бір-бірінен өзгеше сипат алған.

Абайдың көркемдік ойлау, бейнелеп айту, суреттеу тәсілі мүлде жана, лирикалық стилі еркін, икемді, поэзиядағы қалыптасқан, дайын үлгілерді

кайталамайды. Осының өзі-ақ оның поэзиясына жанашылдық сипат дарытады.

Абай поэзиясының аса бағалы қасиеті, артықшылығы – онда ешқандай жасандылықтың ізі жоқ. Қысылмай қымтырылмай, шабыттың қуатымен тебіреніп еркін сөйлеу, жан-тәнімен сезінген, жүрек жарды ой толғамын ортаға салу, боямалап, әшекейлемей, ақтарыла адал айтатыны - міне, Абай поэзиясының адамды баурап алатын ерекше тартымдылығы алдымен осы қасиеттерінде. Ақын тілінің байлығы, бейнелілігі, өткірлігі ой-сезім қуаттылығына байланысты. Поэзияда сөзді туынды, ауыспалы мағынада қолдану жиі кездеседі. Тура мағынасында айтылатын сөздер де аз болмайды.

Мысалы:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім,-

деген өлең тармақтарын еске алсақ, мұндай сөздер түгелдей өзінің бірінші, негізгі мағынасында алынған.

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім,-

дегендегі «уысыма түспеді» деген сөз тіркесінде ауыспалы мағына бар.

Қазақ арасында үлгі, дәстүр, әрине, аз емес. Бірақ ақын соның бәрін былай қойып, бүгінгі күннің талабына бірден-бір қажетті нәрсе деп ғылым, білімге жету жолын ансап, соған бастайтын қалыптасқан үлгі жоқ деп отыр. «Үлгісіз жұрт» деген өлеңдегі өкпе сызы, жүрек жігі, көңіл жүгі деген сияқты метафоралар да, жастық шақта шексіз бай, мол болып көрінген дүниені көлдей деп, бұзылған достықты жыртылған итмұрындай деп салыстыратын тенеулер де, сөзсіз ұтымды, өте келісті айтылған. Сөздердің, сөз тіркестерінің мағынасын арттырып тұрған нәрсе-ойдың тереңдігі, бейнелілік сипаты барлығы:

Дос-асықтың болмайды, бөтендігі,

Қосылған босаспайды жүрек жігі.

Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз-

Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі.

Мұнда босаспайтын қосылған жүрек жігі айнымас достық, ғашықтықтың белгісі ретінде алынған да, ал баянсыз, бағасыз достық пен ғашықтық жалғандықтан жасалған көңіл жүгі делініп сипатталған. Ойдың өткірлігі сөзі қолданудағы тапқырлық, көркемдік шеберлікпен сәтті ұштасқан.

Абай поэзиясының тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін, сезімінің сан құбылып ойнақшуын көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора және басқа бейнелі сөздер өте көп кездеседі. Мысалы Абай поэзиясында жүрек, көңіл секілді ұғымдарға берілген тын анықтамалар, эпитеттер мол екені зерттеушілер назарын айрықша аударып келді. Дәлел ретінде айта кетейік: ыстық жүрек, сорлы жүрек, ауру жүрек, жылы жүрек, ынталы жүрек, мұз жүрек, асыл жүрек, асау жүрек, ет жүрек, жас жүрек, ызалы жүрек, шошыған жүрек, ит жүрек, шын жүрек, сұм жүрек,

ак жүрек, ғаділетті жүрек, өртенген жүрек, өрбіген жүрек, үрпейген жүрек, қапаланған жүрек, айнымас жүрек, жаралы болған жүрек, сөніп қалған жүрек, сезімпаз көңіл, ер көңіл, жаралы көңіл, есер көңіл, шын көңіл, кара көңіл, сынық көңіл, ак көңіл, кірлемеген көңіл.

Бұлармен қатар Абай жүректің көзі, жүректің оты, көңілдің көзі ашық, көңілдің жайлауы, ой өлкесі деген секілді ауыспалы мағына туғызатын бейнелі сөздерді - метафораларды қолданады. Осы эпитеттер мен метафоралардың басым көпшілігі Абайдың өзі шығарған соны, жаңа үлгі-өрнектер екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Бірде акын жүрегі кейіптеу бейне-метафора арқылы сипатталады. Мысалы: Жүрегім менің-қырық жамау. Осының бәрін асқан көркемдік шеберлікпен жеткізіп тұр.

Абайдың өзіндік қолтаңбасы айқын танылатын метафораларға жастықтың оты, жүректің көзі, дүние есігі, өмірдің өрі деген секілді бейнелі сөз үлгілерін қосуға болады.

Метафорада теңеудегідей екі нәрсені теңеп, салыстырудан гөрі олардың арасындағы ұқсастық-жақындықты, сезім-әсер жалғастығын тірек ету басым келеді. Көбінесе сондай екі нәрсенің бірі айтылып, екіншісін емеурін жасап сездіреді. Мысалы:

Көздің жасы, жүректің қаныменен
Ерітуге болмайды іштің мұзын.

Сонымен қатар, Абай кейде қажет дегенде халық поэзиясының тіліндегі дәстүрлі үлгі-өрнекті бұрыннан қалыптасқан қалпында пайдаланатын тұстары да бар. «Интернатта оқып жүр» дейтін өлеңінде жасөспірім оқушы жастарды Абайдың көк өрім деуі баланы балдырған дейтін халық ұғымына орайлас келеді.

Тағы бір өлеңінде Абай адал, ақ көңіл, қулық, сұмдықты білмейтін, иланғыш жастар жайлы сөз қозғай отырып, олардың балғын жастығын айтқанда метафоралық тәсіл қолданылып, көгеріп тұрған «балы тамған жас қамыс» бейнесі арқылы елестетіп көрсетеді.

Мысалға, Абай шығарған бір жоктаудағы мына сөздерді алайық:

Қызыл балақ қыранның,
Балапанын дерт алды.
Жеміс ағаш бәйтерек,
Балдырғанын өрт алды.
Артына белгі тастамай,
Жал, құйрығын келте алды.

Осындағы бейнелердің қайсысын алсақ та-дертке ұшыраған қыранның балапаны да, өртке күйген балдырған жас ағаш та, жалы, құйрығы келте шолақ ат та - халық поэзиясында кең тарап әбден қанық болған және ұлттық сипат-ажары, белгі-бедерлері ап-айқын көрініп тұрған тұспал бейне, символ болып келеді.

Абай әкелген жаңалық аралас буынды өлең екені белгілі. Мұның түрлері көп. Абай туғызған түрлері тіпті көп және қазақ өлеңінің Қазаннан кейінгі дамуына (ойға бағынған еркін өлшемдерге) сәйкес, әр акынның тың пішін іздеу, түр табу нәтижелеріне қарай көбейе бермек. Әрине, әр түрдің табылу һәм тұрақтану заңдылығы болмақ.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары, Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту-қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы – заңдылық.

Абай – ұлы ұстаз-кемеңгер. Абай тақырыбы - мәңгілік тақырып. Абай тақырыбы таусылмайтын телегей теңіз.

Абай – халқымыздың мақтанышы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз, ұлттық идеологиямыз. Оның өлмес мұрасын алдымен өзіміз танып, сосын әлемге таныту – біздің ғұмырлық парызымыз. Өйткені, Абайды әлемге таныту – әлемге қазақты таныту деген сөз.

АЛАШОРДА ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ФИЛОСОФОСИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

1. Алаш қайраткерлерінің әлеуметтік-философиялық көзқарастары.
2. Ұлт санасын оятудағы жаңашылдық.
3. Алаш қозғалысы – дәстүрі өміршең тарихи-рухани құбылыс.

Алаш қайраткерлерінің әлеуметтік-философиялық көзқарастарының ағартушылық, жаңашылдық мақсаты нақты, шынайы мазмұнға ие, яғни, оның қазақ қоғамының хал-жағдайын жақсартуға, оны дамудың даңғыл жолына салуға және жалпы алғандағы ұлт санасын оятуға бағытталғанын көреміз. Сол заманғы ұлттық рухани көзқарастар табиғатын түсіндіруде ұлттық оянумен тығыз сабақтастықтағы жаңашылдықты келесідей түсініктемелер арқылы пайымдасақ болады. Біріншіден, ұлттың болашағын анықтайтын тылсым да құпия маңызымен толыққан ұлттық сипат туралы түсінік; екіншіден, қандай да бір қоғамдағы басымдылыққа ие ұлттық идеалдандырылған үлгіні табуға деген ұмтылыс; үшіншіден, субъект психикасының жіктелмеген, бейсана қажеттілігін білдіретін, бастапқы, ілкі сана ахуалы негізінде қалыптасқан, белгілі бір ұлттық мәдениет өкілдеріне тән, мәдениеттің іргелі эталондарын анықтау; төртіншіден, ұлттың барлық мүшесіне тән және ұлттық сипаттың көрінісін халықтың рухани өмірінен іздеп-табуға деген ұмтылушылыққа, әлеуметтік ұстанымдары мен ұлттық құндылықтары, діни наным-сенімдерінің заңды түрдегі бір-бірімен байланысына негізделетін тұжырымдамалар; бесіншіден, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін және ұзақ уақыт бойына санада сақталып қалатын әлеуметтік және мәдени мұра элементтерін, ұдайы қайталанатын дәстүрлі формаларын және ұлттық қауымдастықтың рухани болмысын кең мәтінде көрсететіндей тәрбие құралдары мен әдіс-тәсілдерін табу. Бұл жерде алғышарттардың бастауы ұлттық сана-сезім мен тұлғаның қалыптасу типтерінің тарихына бойлай енетін, әлеуметтік болмыс пен сананың іргелі құрылымы саласында жатыр.

Қоғамдық пікірге тікелей әсер ету мақсатындағы көкейкесті болатын ұлттық мәселелерді талқылауға арналған алаш қайраткерлерінің ой-пікірлері ұлттың тұлғалық болмысының дүниетанымдық ерекшелігін бағалауда өз көрінісін тапты. Олардың көзқарастарында ұлт өкілдері үшін ортақ белгілер жинақталған. Жаңашыл ұлттық ойлаудың өзіндік негіздерін қалап, халықты мәдени, рухани жетілдіруге бағытталған елдік сарынды ұлт зиялылары алаш қозғалысына ұластырды. «Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы – тарихи-саяси, айрықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені, ол қазақ баласының жаңа саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді.

Қозғалыстың қарқындылығы мен жаңашылдығы қазақ қоғамы үшін қиын-қыстау дүбірлі шақта азаттық ұранын салып, іс жүзінде бытыраңқылық пен мемлекеттік институттар қалыптаспаған сахара төсінде дербес мемлекет идеясын құруға бел шешіп кірісуінде еді. Алмағайып кезеңде амал тауып, халқының басын қосып, ертеніне сендірген осындай ұлы топ бұғанға дейін болмағаны тарихтан белгілі. Олар сол тұста кездескен қиындықтардың барлығын жеңе білді, түпкі мақсатқа жету үшін, қандай да болмасын, замана сауалының оңтайлы шешімдерін таба білді. Ал, бұл қозғалыстың алдында тұрған басты мақсат қазақ жұртын аңсаған еркіндікке қол жеткізіп, азат елге айналдыру, өз алдына дербес мемлекет құру еді. ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқы азаттық үшін күресудің, мәдениетін заманына сай өркендету мүмкіндігінен кенестік тоталитарлық жүйенің орнауы себепті айырылды. Дегенмен де, ұлттық ояну философиясының, ұлт-азаттық қозғалыстың Қазақ елінің тәуелсіздік ансары мен мемлекетшілдік мұраты болып қаланғандығы анық.

Кенестік кезең қазақ ұлттық санасына момақандық, өзін-өзі қор санаушылық, жалпақтық сияқты әдеттерді әбден сіңірді. Ұлттық тіл, ұлттық діл, ұлттық ұлағат жойылу қаупі кезеңіне дейін жетті. «Қазақтардың рухын қорқыныш сілкіп, оны түгелімен шайқатып жіберген – азамат соғысы, одан соң ұжымдастыру, репрессия, тағы да басқа «мероприятиялар» болды. Ой, сезім-сананың үңгірлері осындай аштықтан, репрессиялардан, жаппай ұжымдастырудан, «Полютбюро тапсырды» деген бұйрықтардан, алфавитті қайта-қайта ауыстырудан тұрды. Осындай қорқыту арқылы жаңа таптық партиялық сезімді, «жарық келешек» жөніндегі арманды оңай ұқтыруға жағдай туды. Оған көнбегендердің тағдыры белгілі болды». Осындай ауыр кезеңдегі қазақ рухының сақталып қалуы үшін Мұхтар Әуезов, Лияс Есенберлин, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев, т.т. жазушылар көркем шығармалары арқылы күресті. Дегенмен, ақырғы есепте қазақ болып ұйысып қазақ болып өмір сүрудің өміршен екендігін тарих дәлелдеді, қазақ ұлты өзін өзгеге сіңіп, жойылып кетуден аман алып қалды. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып шанырақ көтерді. Әрине, рухани және қарекеттік жағымсыздықтарынан айығу үшін машақатты күрес керек, дегенмен, кайткен күнде де, қазақ ретінде баянды өмір сүрудің ұлы үмітіне бөленудің өзі қазақтар үшін тарихи жеңіс болмақ. Іргемізді бекітіп, елдігімізді мәңгілік ету жолында қам-қарекет жасау үстіндеміз. Әлемдік қауымдастықтың белді мүшелерінің біріне айналып келеміз. Дегенмен, әттең-ай дегізер мәселелеріміз де шаш-етектен. Тәуелсіздігімізді алған жылдардың бас кезінде-ақ ғалымдарымыз бостандықтың эйфориясы мен «біз жоқ жердегінің бәрі жақсы» деген түсініктен тезірек арылып, тазаруға, қамдануға тиіс шарттарды көрсетіп берді: «Қазіргі дүниежүзілік цивилизацияның даму барысында ұлттық мәдениеттердің ерекшеліктері жоғалып, олар экзотикалық уақыты өткен дүние ретінде «өгейсіп», «қысқарып» барлық халықтарға, олардың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына, қоршаған ортасына тән келетін, әлдебір «баршалық-

техникалық» мәдениетке бет алу көрсетеді. Кейде мұндай дүниежүзілік цивилизациялану белгілі бір күшпен енгізіліп отырған «мәдениет» стандарты (айталық, кинодағы Голливуд стандарты секілді) болуы мүмкін». Бодандықпен бірге санамызға қорқыныш пен үрей, құлдық психология енді. Әрбір істеген ісін үшін жалтақтық, өктем жұртқа қарау, сол не деп айтар деген ой тұрды. Бұл қорқыныштан біз әлі құтылған жоқпыз. Біздің санамыздың улануы, құлдыққа жақын тұруымыз осы кезеңнен басталды. Орыс отаршылдығын әлі сөз етуіміз де осыдан. Тіпті, былай алғанда, отыз жыл деген болымсыз ғана уақыт. Ал, бүгін кешегі бодандық қамытымызды киген замандағы күйімізді ұмыта салу, көңілден шығару оңа бермесі анық. Сезімге, жалған патриоттыққа бой алдырмай, осы кезеңдегі болмысымызды жан-жақты терең зерттеудің маңызы зор екендігі түсінікті. Іргеміздегі қытай елінің орыстың отаршылдығын арнайы зерттеуі де бекер болмаса керек. Ал, бұл бізге ерекше маңызды.

Тоталитаризмнің дәстүрге көзқарасы тым салқын. Өйткені, бұл доктринаға негізделген қоғам тұндыр тақырға құрылды... ғасырлар бойы жинақталған тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің тәсілі ретіндегі дәстүр ұлттық белгілердің қорғаныс қалқанына айналды. Жүздеген жылдар бойы сыртқы күштердің қыспағында болған қазақ қоғамы үшін ең алдымен ұлттық «МЕН» дегізерлік қасиеттің қорғаны ретіндегі дәстүрдің рөлі әсіресе зор. Тоталитарлық режимнің ұлттық сананы бүлдіруге келгенде бүлікшілдік ықпалы күшті болған себебі, ол ең әуелі мәдени дәстүрлерді, мінез-құлық үлгілерін, жанұядағы қарым-қатынастарды, т.б. қирата келді. Тоталитаризмнің сорақы этникалық тәжірибелерін өзінің ұлттық шет аймақтарындағы ұлт зиялыларын құртудан бастауы тегін емес. Азғындықтың осынау философиясы ақыл-ой бәсекесінің ешбір түріне дес бермейді. Ал, ғасыр басындағы қазақ зиялылары саяси көзқарастар мен саясат технологиялары тұрғысынан алғанда тіпті, қазіргі заманның терминдері жөнінде де әлдеқайда ілгері кеткен еді. Қазіргі таңда «кеңестік үңгірден» жарыққа шығып, бұрынғы қалыптасқан танымның орнын «жаңа сипаттағы» құндылықтармен толтыру науқанында «батыстық және шығыстық» дүниенің терезелерінен «өзімізді» табу жолында әрекеттер жасалып жатқан сияқты. Яғни, санамызды сансыратқан сансыз сұрақтарға өзімізден емес өзгеден жауап күтудеміз.

Кеңес дәуірінде рухани дамуды біздерге көбінесе материалдық дамудың жалғасы, жақсара түскен материалдық жағдайдың әрі қарай дамуының жемісі деп танытты. Болмыс, тұрмыс сананы билейді деген қағидаға сүйендірді. Сондықтан да, рухани дамуды көбінесе қажеттілікпен, мүддемен және «мәдени» тұтынушылықпен өлшедік: неше адам кітап оқиды, неше кісі театрға барады, қаншасы көркем көрмелер залдарына шығып тұрады, рухани дүние осындай көрсеткіштермен есептелді. Сөйтіп бірте-бірте шынайы руханилық ығысып, оның орнын мәдени-әлеуметтік түсініктер басты. Қазақстан – көп ұлтты ел. «Халқымыздың қазақтық, ұлттық бет-пішіні

аз» деген әнгіме баспасөз құралдары беттерінде айтылып, жазылып жүр. Алаш нәсілінің сол сан-алуан ұлыстың, тектің ішінен дараланып, өзіндік этнографиялық кескін-келбетін сақтап қалуы – рухани өрлеу, толысу нышаны болмағы ақиқат. Ол ежелден келе жатқан тарихи дәстүрі мен салт-санасын, ғұрып-жораларының озық үлгілерін аялап, сақтай білуге тікелей байланысты құбылыс. Ұлттық мінезде өзіндік өнері мен дүниетанымы астасып, анық байқалып тұратын халықтардың кеудесі жоғары, ұпайы түгел. Жапондықтарда көне дәстүр бұзылмай сақталған. Әлемдік мәдениет пен өнерде биік тұрған ағылшын, француз, үнділердің кескін, бейнелерінің мызғымас беріктігі де дәстүрлі құндылықтарын негіз етіп алуында. Дамыған, өркениетті елдер тілін де, түрін де, ділін де қалпынша сақтап қалғаны шындық.

Ұлылық ешкімге еліктемес бітім-болмыс, сипатпен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда, жаһанданудың аласапыранында ғұмыр кешіп отырған ұлтымыз үшін Хакім Абайдан басталатын Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар жалғаған рухани ой әлемінің негіздерін ұлттық мұра мен мирас және әлеуметтік тәжірибе ретінде зерттеу аса өзекті екендігін көрсетеді. Халық деген тірі организм секілді. Ұлттық мұрат – жойылып кетпеу. Ұлттық мұрат – халықтың мәңгі жасауы. «Оян қазақ» деген ұран әлі өзектілігін жоғалтқан жоқ. Исатай, Махамбет, Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістер, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам, күн болмағанда кім болам деп жырлаған» Алаш арысы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «халқымның мен шын ұлы екеніме тарихтың өзі куәлік берер» деген сөзі де сол ұлттық мүддеден туындаған. Олай болатын болса, «Алаш тағылымы өз дәуірімен бірге кеткен, тек қана деректік мәні бар оқиға емес. Алаш қозғалысы – ұлттық идеядан бастау алған, ұлттық дүниетанымға нәр берерлік, дәстүрлері өміршең, тәлімі терең тарихи-рухани құбылыс». Батыс құндылықтарын басшылыққа алғанымызбен, үйдің иесі өзіміз болып қала береміз деген ой-пікірдің кезеңі өтіп кетті. Осыдан бір ғасыр бұрын Алаштың рухани ұстаздары «Қазақ» газетінің басына киіз үй таңбасын салуларының рәміздік мағынасын былай түсіндірген еді: «Киіз үй – киіз туырылықты халық. Үйдің түндігі ашық, есігі жабық болуындағы мағына: түндік – жарық беретін жол, есік – түрлі заттар кіретін жол дегендік. Жарық жолы ашық, еркін болсын, түрлі заттар кіретін жол есігі еркін болмасын делінген еді. Түндіктен түсетін жарыққа өнер-ғылым енгізілген еді. Түндік күнбатыс жағынан ашылуы өнер-ғылым Еуропа жағынан күшті болған себепті қазақ ішіне Еуропа ғылым өнері таралсын деген мағына еді. Үйдің есігі қазақ деген сөзден жасалған. Ондағы мағына «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі болсын, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын делінген еді».

Біз жаһанданудан тығылмай, басымызды бүкпай, өз жоспарларымыз бен жобаларымызды ұсынуымыз керек. Қорғанып қана қоймай өз дауысымызды білдіруіміз керек және мүмкіндігінше өз ынғайымыз бен

орайымызға бейімдеуіміз жөн. Осы орайда құндылықтар тәуелсіздігін қалыптастыру, құлдық психологиясының тамырларын табу және одан құтылу басты мақсаттарымыздың бірі әрі бірегейі болып отыр. Басты қауіп жаһандануда емес, қауіп өзінің кім екенінді білмеуінде, өзінді-өзін танымауында. Еліміздің рухани өмірінде үлкен серпілістер болып жатыр, дегенмен де, оның жалпыұлттық сипат ала алмай отырғаны айқын. Азаттығымызға отыз жылдыққа таяу мерзім болғанымен өзіміздің ұлттық болмысымызды әлі де болса тұрақты бағалай алмаудамыз. Рухани дүниеміздегі үлгілер мен эталондарды өз болмысымыздан емес, өзгелерден іздейміз. Тәуелсіздікпен бірге өмірге келген еркін рухты ұрпақ жасайды деген аңсарларымызбен бірге, «пепси ұрпақ» қатар есейіп келеді. Тамыры терең мәдениетімізді заман талабына сай насихаттау жетіспеуде. Одан қалса, өзімізді танымай жатып, бөтен мәдениетке еліктеу мен бас ұруымызды қояр емеспіз. Академик Ғарифолла Есім «Еліктеушілік дегеніміз біреудің соңынан салпандап ере берушілік. Ал, әлемге өз өлшемін ұсына білу ол жаңа сапалық, тың өркениеттік сұраныс. Біз осы сұранысқа сай болуымыз үшін көптеген мәдени, оқу, білім, ғылым, өнер салаларында жаңа сапаға өтуіміз қажет. Тың сапалық кеңістікке шығу үшін біз өркениеттің жаңа өлшемін ұсынуымыз керек.

Еліктеу және әлдекімдерден үнемі шәкірт болып үйрене беру өркениеттілікке жеткізбейді. Абай айтқандай «болмасаң да, ұқсап бақ» деген өлшемді ұстанған жөн» дейді. Жаһандану мен дәстүршілдік. Негізгі императивтерді сақтау. Бұл мүмкін бе? Дініміздің қандай болғанын қалаймыз? Ол біздің еркіміздегі іс пе? Бұның бәрі тыңғылықты, сарабдал, жан-жақты өлшенген жауаптарды талап ететіндігі сөзсіз. Бұл тұрғыда алаш мұрасына да жүгінетініміз хақ. Белгілі ғалым Тұрдығұл Шаңбай: «Алаштық дүниетаным әдебиетте, мәдениетте, тарихта, саясатта, әлеуметтануда, ғылымда айқын көрініс тапты. Бірақ соны қазақ философиясының басым бағыты ретінде зерттеудің методологиясы айқындалмай, ғылыми концепциясы ұсынылмай отыр. Ресей әдебиеттану ғылымында көркем шығармадағы орыстың ұлттық характері мәселесі, философиясында орыстың ұлттық дүниетанымы басым бағытта зерттеле бастады. Бұл сол елде соңғы он-он бес жылда қорғалған диссертациялар тынысынан айқын байқалады. Ұлттық танымдағы ізденістер өз кезегін тосып тұр. Сол ізденістің бірі – Алаш философиясы мәселесі. Алаш философиясы Қазақстан өркениетін қалыптастырудағы қазақ философиясының алтын қазығы деп танимыз. Қазақ философиясының басқа ғылымдардың артында салақтап жүрмей, керісінше дүниетанымдық бағдар берер феномен бағдаршам болуына Алаш философиясы қажет еді. Бүгінде олай болмай тұр. Бұл бүгін айтылғанмен, ертең айтылар ақиқат» деп тұжырымдайды. Қорытып айтқанда, қазақ халқының ұлттық дүниетанымы өзгерісі сан түрлі кезеңдерден өтті. Онда өміршендік күші таскындаған дәуір де, өміршендік солғындаған дәуір де болған. Оның өзіндік тарихи себептері бар. Бүгінгі сәтте тарих бізге үлкен

мүмкіндік пен жауапкершілікті сеніп тапсырып отыр. Біз құлдық пен бодандық қыспағынан құтылып, біртіндеп ес жиып, өзімізді-өзіміз іздей бастаған рухани ояныс пен қайта түлеу кезеңінде тұрмыз. Бұған дейін жиған-тергенімізді, рухани тәжірибемізді қорыту мен болашағымызды құру үстіндеміз. Осы тұрғыда дәстүрлі, көшпелі өзге елдің отары болған жұртының рухын оятып, өзгенін озығы мен ұлттық танымды үйлестіру арқылы казак халқын азаттық жолына бастамақ болған алаштың рухани мирасы мен әлеуметтік тәжірибесін зерделеу кезек күттірмес іс.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ МЕН ДӘСТҮРІ

1. Әдебиеттегі ұлттық дәстүр және Әуезов жанашылдығы.
2. Әуезов зеттеулеріндегі әдеби дәстүр мен жанашылдық.
3. Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы Абай дәстүрі.
4. Қазақ көркем прозасындағы М.Әуезов дәстүрі.

Әдебиеттегі ұлттық дәстүр – өте кең әрі терең ұғым. Қай елдің болса да әдебиеті мен өнері оның ұлттық болмыс-бітімінің, салт-санасының, ақыл - ой ерекшеліктерінің негізінде пайда болады. Әдебиет - ұлт менталитетінің жемісі, әрі негізгі көрсеткіші болып саналады.

Қазақ әдебиетінің тарихына, өсіп даму жолына көз жіберсек, ауыз әдебиетінен бастап ұзына бойында қадау-қадау кесек тұлғалардың ұлттық әдеби дәстүрлерімізді жаңартып мол үлес қосып отырғанын айқын байқауға болады. Солардың ішінде Абайдан кейінгі дәуірде қазақ әдебиетінің өсіп өркендеуіне айтарлықтай жаңалықтар енгізген тарихи тұлғалардың бірі – Мұхтар Әуезов болғандығы айқын. Ол өз бойындағы табиғи дарын қасиет-қабілеттерімен қатар тынымсыз еңбек, үздіксіз ізденіс үрдістерімен, сол арқылы тұла бойына терең дарытқан ұшан-теңіз ақыл-ой, ілім-білімімен әдебиетіміз бен әдебиеттану ғылымын да жаңа дәстүрлермен байытып дамыта түсті. Сондықтан да біз М.Әуезовтің өзіндік жанашылдық үрдістерін саралау үшін алдымен оның осы әдеби ұлттық дәстүрдің өсіп даму жолдары туралы өзіндік ой-толғамдарына тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз.

Әдеби дәстүр мен жанашылдық мәселесі туралы, яғни дәстүрдің жалғасып жанаруы жайында М.Әуезов үнемі ой толғап, пікір-көзқарасын білдіріп отырған. Жалпы әдебиеттанудың ең өзекті мәселелерінен саналатын дәстүр мен жанашылдыққа байланысты қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқылардың бірі болып, әрі салмақты да саликалы еңбек жазған бірегей қаламгер М.Әуезов болғандығы да талассыз шындық. «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі (тарихи-әдеби сын)» деген 1922-23 жылдары «Шолпан» журналында (N2-3, 4-5) жарияланған еңбегінде автор халық ауыз әдебиетіне, әдебиет тарихына («көшпелі дәуір» әдебиетіне), Абай дәуіріне шолу жасап, қазіргі әдебиеттің жай-күйі мен алдағы бағыт-беті туралы ой-пікір білдіреді. М.Әуезов халық ауыз әдебиетін өте жоғары бағалайды: «...Біздің ескі, ауызша әдебиетіміз бай, өрнекті, түрі, тарауы көп кестелі, қысқасынан айтқанда, қазақтың даласы секілді кең, келешегі көрікті, үлкен, жалпы түрік әдебиетінің ішінде үлкен өріс алатын әдебиет секілді көрінеді... Сөзінен туатын мағынасы, ішіндегі қайратты рухы, сыртындағы кестесі мен келісімі өзін еріксіз елесткендей болады» - деп жазады.

Автор осы пікірін ары қарай тереңдете түсіп, қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктеріне баса назар аударып, өз пікір тұжырымдарын ұсынады: «...Әдебиетімізде өзге жұрттың ауызша әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр. Ауызша әдебиет бір заманда тәртіпті жазба әдебиеттің

қызметін атқарғандығы білініп отыр. Сол міндетін ұққандықтан ауызша әдебиет өз өрісін кеңейтіп әкеткенін көріп отырмыз. Сол ескі сөздің ішінде ескі қазақ өмірінің әрбір дәуірі, әрбір мезгілі және әрбір жеке-жеке суреттері де айтылған. Мұның үстіне жазба әдебиетте, классические произведенияларда, кездесетін үлгілі мінездер - типтер, ел ішіндегі айрықша таптардың өзгеше психологиясы да дәл айтылған жерлер бар» - деп, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Қобыланды», «Ер Тарғын» жырларының кейіпкерлерін мысалға келтіреді.

М.Әуезов халық ауыз әдебиетін өмір бойы зерттеп, көптеген терең ғылыми еңбектер жазып қалдырғаны белгілі. Ол еңбектерінде ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты талдап ашып көрсеткен. Айталық, 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» кітабында ауыз әдебиеті мен жазбаша әдебиеттің айырым белгілері туралы ауыз әдебиетінің авторы белгісіз, ауызша шығарылып, ауызша тарайды, әр түрлі нұсқалы (вариантты) болуы да мүмкін деген сияқты бұрын-соңды (В.Белинский, М.Ғабдуллин) айтылып келген анықтама пікірлерден тыс ауыз әдебиетінің мазмұндық-мағыналық және пішіндік белгілерін нақтылай айқындайтын өзіндік көзқарас танымын білдіреді. Автор ауыз әдебиетінде халықтың өнері мен білімі де, тәлім-тәрбиесі де, жалпы өмірге деген көзқарасы жинақталатынын айта келіп, «ауызша әдебиетте бір жаққа қарай беттеген арнаулы бағыт болмайды. Оны елдің дін наным, елдің белгілі салты, әдегі туғызады», - дейді. Сондай-ақ, «Ауызша әдебиеттің барлық жұрнақтары күйге өлшеніп, арнаулы әнмен айтылады. Сол себепті оның сыртқы түрінде жазбадан айырмасы бар. Ол желпініп айтылады» - деген белгілерді ұсынады.

М.Әуезов осы кітапта ауыз әдебиетінен гөрі жазбаша әдебиетке жақындау болып келетін «Кенесары-Наурызбай», «Исатай-Махамбет», «Бекет батыр» жайлы тарихи жырлардың батырлар жырынан өзгешелік, ерекшеліктерін саралап айқындайды. Тарихи жырларда басқа өлең-жырлардағыдай тұспалмен асыра, жасыра суреттеуге бой бермей, күні кеше ғана болып өткен барлық оқиғалардың бетінде «тарих басып өткен жер, сорғалаған қан, сойқақтаған із болып ашық жатыр». Айталық, «Кенесарыларды баяғының батыры қылып қалай жырлайын десе де, олар көбінесе бүгінгінің адамы болып тұрып алып, кейін қарай шегінбей қойған». Бұл жырларда ақын қиялы қаншалық шарықтаймын дегенімен «өмір кісенімен тұсалып», бұрынғы өлең-жырлардағы жасырынды сүйетін тұманды сарын сейіліп, әдебиетте жаңа бағыт туғызып, өмірге жанасу жағы басымдау бола берген. Олардағы «өлең тілі құр ғана ұйқасы мен қызуын қуған сөз емес, сол заманның кестелі сұлу, шешен түрлерінен құралған сом алтындай жұмыр келетін кесек тіл» - деп, тарихи жырлардың көркемдік кестелеріне де айрықша мән береді.

Жоғарыда сөз болып отырған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақалада автор жазба әдебиеттің басталу кезеңіне де шолу жасап тоқталып өтеді. Қазақ жазбаша әдебиетін Абайдан басталады деп сол кездегі пікір

айтушылармен жас ғалым келіспейтіндігін білдіріп: «Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған» - деп, жазба әдебиеттің басталу кезеңіне шартты түрде «Көшпелі дәуір әдебиеті» деген атау береді: «Көшпелі деп ауызшадан жазбаға қарап көшкенін айтамыз. Мана сол замандағы ой ойлаған адамдардың ойында болған өзгерісті, сөздерінен туған жаңа күйді айтамыз», - деп әдеби шығармалардағы мазмұндық, әрі пішіндік өзгерістері мен біртіндеп ене бастаған жаңалықтарына назар аударады.

М.Әуезов: «Көшпелі дәуірдегі ақындардың бәрінің жайынан айтатын сөз - бұлар өз заманының бел баласы. Олардың заманы - қараңғыда сипалап сенделудің, киналудың заманы. Ел дертіне не нәрсенің ем екенін білмей, бірі дінді, бірі ескілікті жақтап, бірі орыс ұлығын жамандап, бірі қазақты жамандап, түпкі дертті таба алмай, жалпак адасқан заман» - деп, ол дәуір әдебиетінің өзіндік ерекшеліктеріне, мазмұндық сыпатына бойлап барады, - «Мінеки, көшпелі дәуірдің айрықша мінезі - осы... Бұлардың өлеңдерінде ел тұрмысының бұрынғы айтылып жүрген жалғыз кызығы мен желігінен басқа, тұрмыстағы негізгі дерт, негізгі себептер айтыла бастаған. Ел күндегі өмірі, күндегі сезімі, күндегі ойыменен әдебиет шеңберінің ішіне кіре бастаған» - дейді.

Әрине, әрбір кезеңнің, әрбір жеке тұлғаның өздеріне тән ерекшелік, өзгешеліктері болады. М.Әуезов кейінгі зерттеу еңбектерінде әдебиет тарихының қадау-қадау кезеңдеріне, жеке өкілдеріне көңіл аударып, сараптау пікірлерін білдіріп отырған.

«Әдебиет тарихы» атты еңбегінде әуелгі ой-тоғамдарын жалғастырып, «Көшпелі дәуір әдебиеті» деген шартты атаудың орнына «Зар заман ақындары» деген нақтылау ат береді. Мұнда да жазба әдебиеттің белгісі ретінде «ел тірлігінің сөз бола бастауын» атап, «жазба әдебиетті туғызатын, ең алдымен, жалғыз ақындар» деп тұжырымдайды.

Автор: «Алғашқы рет келешек заманның құбыжығын сезіп, тұспалмен белгі беріп, болжал айтқан - Асанқайғы» деп, оны зар заман ақындарының, яғни жазба әдебиеттің басы деп санайды. Асанқайғы сөздерінің бәрі терең ой, мағынасы тылсым жұмбақ. «Беті шалғай терістен, қиын қиядан, бұлт құшқан биіктен, шыңыраудың түбінен шыққандай «қиырдан жиылған» суреттер болады». «Құлан жортпас қу тақыр», «Құлықтан туған құлаша» немесе «Қилы-қилы заман болып, қарағай басын шортан шалғанда», «ұлы-қызы орысқа бодан болғанда, қайран ел, есіл жұрт не болады» деген сияқты ауыр сұрақ, ащы жұмбақ нені аңғартады?! «Сыртқы аламыштығына қарап жатсынбай, ішкі жұмбақ мағынадағы түбірі бірлігін ойлап, соны ұғыну керек», - деп жазады. М.Әуезов кітапқа «арғы заманның Сыпыра жырау, Қазтуғаны, бергінің Алаша Байтоқ жырау, Базар жырауы, Досқожасын» атап, оларға кідірмей, Бұхар жырауға ауысады. «Бұхар жырау - Абылайдың жанындағы уәзірі, заман күйін сынға салып, қорытынды айтып, бет нұсқайтын кемел ақылшысы». Бұхар жырау толғауларының сарыны Асанқайғы толғауларындай. Бірақ бұл жалаң еліктеуден туған, қолдан жасап

алған сарын емес, сол өз заманының «дерті улатқан акынның жүрегінен кайнап шыққан шын жалын, шын қайғы». Асанқайғыдан кейінгі шыққан акын, жыраулардың дені оның дәстүрін жалғастырып, толғауларының жұмбағын шешуге ұмтылған. 1933 жылы мектепке арнап жазылған оқу кітабында да зерттеуші-ғалым Бұхар жырау шығармашылығын қарастырады. Оның сол әзірше қолда бар аз өлеңінің өзінде көп жайды сөз ететінін, саяси-қоғамдық жағынан, патша өкіметіне бағынбай, жеке хандық билікті сақтау және көпке тізгін бермей, оны нық ұстап, баурап отырып соңынан ерту керек деген сияқты екі негізгі сарын бар деп санайды: «Тілеген бетіне айдап сал, бірақ сыр ұшығын берме. Қайта көпке максатың ұғымсыз, жүрісін, ісің қыздырмамен айдап салу боп, ұран болсын, сөзің жұмбақ болсын дейді. Осы Бұхардың өзі тұтынған жолы. Артында қалған сөзі де соны дәлелдейді» - деп, өсиет сөздерінің өзінде көпке ұғымсыз болғысы келеді. «Түйінді сөзін бірнәрсенің жерге көмбе-көмбе қып екшеп-екшеп тастайтын» өлең жолдарынан мысал келтіреді:

Ай не болар күннен соң,	Хандар киер қамқа тон
Күн не болар айдан соң.	Шүберек болар тозған соң.
Құбылып тұрған бәйшешек,	Еңсесі биік кең сарай
Қурай болар солған соң.	Кемдік болар бөлген соң, -

деген сияқты «көпке ана сөз, мына сөздің жотасын қылтылдатып, ...әдейі шап қаптырып адастырып отырады», - деп жырау шығармашылығының өзіндік ерекшеліктерін саралап сараптайды.

М.Әуезов Махамбеттен кейінгі зар заман акындарының өлеңді жазып шығара бастағанын айтып, олардың да әрқайсысының жеке-жеке және жалпысына ортақ ерекшеліктерін ашады. Егер жыраулар кезінде жаңа туып келе жатқан заманның қара бұлттай түнеріп келе жатқан райынан, сынайынан шошынып, өз басына төнер қауіп-қасіретті жұмбақтап жыр етсе, «бұл күннің акындары баяғыдай шыққан бұлтты сөз қылмай, содан түскен бұршақты, үй жыққан дауылды, мал ықтырған сокқыны сөз қылады». Ақ патша сыйлаған саясаттың жемісінен түскен қаза мен дерт қандай болды, соларды айтып күнірене жырларына қосатын. Біреуі елді орыс ұлығы билеп, «ел мінезінің бұзылып, бірлік берекеден айырылғанын айтады. Екіншісі ел жайлауын орыс алып, жер тарылғанын айтады. Үшіншісі дін жоғалып, қарындастық қадір тозып, ру тіршілігінің шыркы бұзылғанын» айтады. Айналып келгенде, бәрінікі жиылып «өткенді ойлап, күрсініп, сағынып, қазіргіден қажып, торығу, алдыңғыдан шошынып қорқу, сондықтан ыныранып, зарланып зарығу» - деп түйеді.

Автор осы бағыттағы Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір, Нарманбет шығармаларының заман өзгешелігіне байланысты туып қалыптасуын, сондай-ақ көркемдік ерекшеліктерін де ашып көрсетеді. Айталық, Шортанбай өлеңдеріне байланысты: «Сөздің сырт келісімін сонша қумайды. Оған ішкі мағына, мазмұн толық жетсін дейді. Сол себепті дыбыс күйлеу, шындықты тауып ұйқас үшін астын-үстін әкете беретін аллитерация,

ассонанс бұнда болмайды». Оның өлеңдері ілгергі өлең-жырдағы «шешендік, ақындылық, алып ұшпалық көріктерінен айырылған жабайы тақ-тақ өлең боп қана көрінеді» деген шынайы әділ де қатқыл пікір байлауын білдірген.

М.Әуезов қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар «Бөкей ханның тұқымы... әрі казакша бай-сері, әрі орысша дворян-аксүйек боп өз бетінше кең сайран тіршілік еткен» Шәңгерей ақынға да тоқталып өтеді. Ол орыстың XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басындағы күйректік, сарындамашылдыққа, неше түрлі қараңғы күнгірт сезімдерге бой бұрып, діни лирикаға да, елесшілдікке де (символизмге) берілген әдебиет өкілдері сияқты «дәме мен дәрмен, сенім мен үміттен» күдер үзіп, бүгінгіден қашатын «ұлтшыл-байшыл сарындамашыл, дарашыл ақындарының басы болады. Сондықтан ол алған тақырыбының көбінде «үкілеп-тұмарлап, айшық сала сөйлеп,... сөзден бедер салып, зергерлік жағын көп бағып, жалт-жұлтын күшейтеді» - деп көркемдік сыпатын жоғары бағалай отырып, «...алып ұшқан, аспандаған кердең кербез күйді көрсетсе де, мағынасы көптірген жадағай, саяз ғана нәрсе болады. Сарнап тұрған үн бар, бірақ өніп тұрған нәр аз, ... дәлдіктен алыс тұманды айшық көп» - деп сол кезеңнің идеологиясы тұрғысынан пікір айтады. Мұны қалай түсінсек те автордың сол бір алмағайып қатерлі жылдардың өзінде әділ шындықты қиыннан қиыстыра қиялап айта алған шеберлігіне танданбасқа шара жоқ.

Қазақ әдебиетіндегі ұлттық дәстүрді дамытуда ұлы ақын Абайдың орны ерекше екендігі белгілі. «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты тарихи-әдеби сынында М.Әуезовтің өзі «әдебиет тарихының ретімен қарасақ,... қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған» дей тұра, «суретті художественная литература ретінен қарағанда» жазба әдебиеттің басы Абайдан басталады деген пікірді дұрыс деп табады. Автор кейінірек жарияланған бір сұхбатында: «Абайға әсер еткен дүниелер көп... Бірақ Абай деген сол әсерлердің жиынтығы емес, бәрінен қорытылған асылы, жана бітім, тың тұлға... Абай қазақ тарихында ақындықтың, ойшылдықтың өкілдерінің арасында жүз біріншісі емес, бірден бірі ғана...» - деп өзінің түйінді ойын, тұжырымды бағасын берген.

Ұлы ақынның осы жаңашылдық қадір-қасиетінің сыр-сипатына байланысты М.Әуезов 1918 жылы «Абай» журналында жарияланған «Абайдың өнері һәм қызметі» атты алғашқы мақаласының өзінде-ақ оның өлеңшілдікке өзгеше нұр кіргізгенін, «өлеңнен неше түрлі өлшеу көрсетіп, көп түр» енгізгенін, тыннан жол салғанын атап айтады. «Абайдың қиялы шалымды, ойы терең, ақыл білімнің әр тарауынан көкірегінде асыл қазынаның көп» екендігін, «дүниенің сыры мен жүрегінің жалғасып кететіндігін», «не нәрсенің болсын жарастығын, келісімін, сұлудың сұлуын іздейтіндігін» деп басып, дәл тани алған. Абайдың тілі «құғымды, қысқа, аз сөзге көп мағына сыйғызғыш, өрнекті дәлшіл, күйлі, таза һәм анық келеді» деп тұжырымдайды. М.Әуезов осы ой-пікірін 1959 жылы жарияланған Абай туралы ғылыми зерттеуінде жалғастырып, оның қазақ тіліне, поэзиялық

лексикасына, поэзиялық синтаксисіне көп жаңалықтар енгізіп, «жабайы, татымал сөздерге жаңаша оралым, жаңаша қолданыс арқылы поэтикалық қасиет беретінін нақты мысалдар арқылы дәлелдеп береді. Айталық: «Желсіз түнде» ... - қысқа қайырылған, аз жайға көп күйді сыйғыза алған, анық ыстық тынысты, нәзік ырғақты, әсем лирика. ...Бұндағы тіл – сөзбен айтылған күй емес, сөз жеткісіз жүрек тілі болуға тиіс. ұлы суретші және психолог ақын сол жайлардың барлығын емеуріннен, елестен ғана танытып, нәзік жайды қысқа шебер ғана қайырып, кілт тоқтайды. Оқушы өзі ойланып, өзі хиялдап, арғы сырдың баршасын өзі қосатындай етіп леп береді де тына қояды», - деп өлеңнің пішіні мен бітіміндегі өзгешелік пен жаңалықты ашып береді.

М.Әуезов ертеректе жазған мақалаларында Абай өлеңдерін қоғам қажеті, заман талабы тұрғысынан әлеуметтік, көркемдік маңыз-мәнін терең ашып айқындап, ақын шығармашылығын жалпы қазақ әдебиетінің даму тарихында «Абай дәуірі» болып қалыптасқанын және оның өзіндік орны мен атқарар қызметін нақтылай қарастырып, аса жоғары бағалайды: «Абайдың өлеңінің ішіндегі мағынасы мен беттеген бағыты жағынан қарағанда көшпелі дәуірдің өлеңдерінен айырылатын жері: мұнда сұлдері құрыған зар да, әлі құрыған уайым да жоқ. Оның орнына қазақ өмірінің кем-кетігін түсінген көзі ашықтық бар, дәлдеп ауруын тауып, емін айтқан ширақтық бар», - деп көрсетеді. Автор Абайдан бастап әдебиетке «ашық тілек, айқын ұғымның, здоровый реализмнің сарыны» келгенін, қазақ әдебиеті жаңа түр, жаңаша мазмұнға ие болып, жаңа бағытқа ойысқанын сөз етеді. «Абайдан басталған сол реализмнің сарыны қазақ әдебиетіне осы күнге шейін жол болып келе жатыр», - деп әдебиеттің Абайдан бергі дәуірдегі бағыт-бетіне сипаттама береді.

Қазақ әдебиетінің ілгері даму өрісіне байланысты атқарар міндеттері туралы да автор өзіндік ой-толғамдарын білдіреді: «Олай болса, жазылатын пьесаларда, романдарда, әңгімелерде, поэмаларда қазақтың негізгі мінездерін айқын көрсететін типтер жасау керек. Қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру - әдебиеттің ендігі міндеті. Бұл күнге шейін біз саяз жүзіп жүрміз. Қазақ әдебиеті қазақ өмірінің бетіндегі қаймағын жалап жүр. Бұрынғы әдебиеттің ішіне тазша бала менен жалшы сақау қатын да кірген болса, бүгінгі әдебиетке қалпақ киген оқығаннан бастап, қой жайып жүрген қойшыға шейін кіруге тиіс. Әдебиет сол күнде ғана өмір айнасы, өмір тезі болуға мүмкін», - деп түйіндейді.

М.Әуезов қазақ әдебиетінің ұзын-ырға тарихын шолып қарастыра отырып, әдебиеттегі ұлттық дәстүрдің туып қалыптасуы мен өсіп даму жолдарын саралап өтеді. Әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық, біріншіден, көркем шығарманың қоғам өмірімен ара қатысына, өмірдегі толғақты мәселелерді терең ашып, жан-жақты бейнелеп көрсетуіне тікелей байланысты деп біледі. Екіншіден, көркем шығармадағы көтерілетін әлеуметтік мәселелер жалпылама жадағай түрде емес, нақтылай адам өміріне тигізер әсері арқылы, адамның табиғи тұлғасында, жан дүниесінде шынайы

бейнеленуі қажет деп біледі. Үшіншіден, әдебиеттің негізі бейнелеу құралы – тіл қолданысының шеберлігі, сол арқылы көркемдік қасиетінің жоғары болуы қажет деп есептейді. Міне, әдебиетке қойылатын осы негізгі талап міндеттерді дұрыс түсінген ойшыл қаламгер өз шығармаларын жазуда да осындай биік өлшемдерді нысана етіп алғандай.

М.Әуезовтің қазақ әдебиетіндегі ұлттық дәстүрді дамытудағы жаңашылдығын сөз еткенде, алдымен, оның әдебиеттегі жаңа жанрлардың туып қалыптасуының бастауында болып, қазақ прозасының, драматургиясының, әдеби сын мен әдебиеттану ғылымының өсіп дамуына мол еңбек сіңіріп, көшбасшылық қызметтер атқарғанын айрықша атап көрсетуіміз керек.

М.Әуезов, өзі айтқандай, алғаш әдеби қадамын өлең жазудан бастап, бірақ оларды құнттап, сақтамаған да екен. Оның алғашқы баспа жүзінде жарияланған көркем туындылары – прозалық және драмалық шығармалары мен ғылыми-публицистикалық, сын еңбектері болды. Ең алғашқы көркем әңгімесі – «Қорғансыздың күні» 1921 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланып, 1922 жылы жеке кітап болып шықты. Алғашқы «Еңлік-Кебек» пьесасының жобасы 1917 жылы киіз үйде қойылып, 1922 жылы кітап болып басылды. Алғашқы мақалалары 1917 жылдан бастап «Алаш», «Сарыарқа» газеттерінде, «Абай» журналында жарияланды. Әрине, бұған дейін де қазақ әдебиетінде тиіп-қашты болса да прозалық, драмалық шығармалардың, әдеби сын мақалалардың нобай үлгілерінен із түсе бастаған еді. Бірақ, олар өздерінің сапалық деңгей-дәрежесімен де және басқа да түрлі себептермен әдебиетіміздің даму жолында айтарлықтай орынға ие бола алмаған. XX ғасыр әдебиетімен тел өскен, «заманмен қатар аттап келген» көрнекті қаламгер Сәбит Мұқанов: «1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы еуропалық прозаның дәрежесіне көтерілді...

...Қазақ әдебиетінде драматургия жанры тек Мұхтар Әуезов қана ашқан жаңалық. Одан бұрын қазақтың ұлттық әдебиетінде ауызға аларлық пьесаның өзі түгіл, иісі де болған жоқ. Қазақ драматургиясының алғашқы жолсын М.Әуезовтің қаламынан 1917 жылы туған «Еңлік-Кебек» пьесасы тартты...» - деген пікірді айтқан. 20-30 жылдары әдебиет сынына, баспасөзге белсене араласқан, жетекшілік қызметте болған сыншы Ғаббас Тоғжанов 1929 жылы шыққан «Әдебиет пен сын мәселелері» атты кітабында: «Бұдан екі-үш жыл бұрын көркем әдебиет жайында бірен-саран адамдар жазатын. Әуезұлы Мұхтар жазатын еді. Аймауытұлы Жүсіпбек жазатын еді. Анда-санда Сәкен мен Нәзір айтысып қоюшы еді. Қазақ оқығандарының ішінде Жүсіпбек, Мұхтарлар – «мандай оқығандарымыз», білімі де бар, қаламы да жүйрік оқығандар. Өздері сыншы, өздері акын. Алғаш әдебиетті тексеріп сын жазғандар осылар», - деп атап көрсетеді.

М.Әуезовтің осы 20 жылдардың соңына қарай жазылған «Көксерек» атты ұзақ әңгімесі өзінің тақырыбы жағынан болсын, авторлық идеясы,

шешімі жағынан болсын, оның басқа шығармаларынан окшауырақ тұрады. Сырт карағанда жай бір касқырдың тіршілігі туралы жазылған сияқты көрінетін бұл әңгіменің философиялық түйіні тіпті тереңде жатыр. Әлі көзін жырып ашпай тұрғанда адам асырап алып, ауыл-ел арасында өсіп есейген сон өз тобырына қосылған касқырдың өмірі туралы ешбір әсірілеу қоспасыз шыншылдықпен жаза отырып, жазушы нағыз соны мінез, сом тұлға -қасқыр характер жасай алған.

Көксерек көзін ашқалы көріп-білгені адамдар ортасы болса да Құрмаштың соншалықты аялап-әлпештеп күткеніне көп елікпей, өз табиғатына жат, жау ортаға оншалық үйренісіп үйірілмейді, қайта керісінше, ішіне қан қатып өседі. «Кәпір, қырыс, тағы емес пе?! Кеудесін бермейді, жасымайды! - деп ауыл аңыз қылады». Ал, кейін өз үйіріне қосылып, касқырлық тіршілігіне алаңсыз кіріскеннен кейін адамдар ортасына аздап болса да көзі үйренген Көксерек басқа да касқырларды бастап келіп, әншейіндегі касқыр атаулының сескене беретін күзетшінің айғайы мен иттің үргенінен де, тіпті, мылтық даусынан да қаймықпай, жай касқырлардың бойында жоқ неше түрлі әдіс-айламен күндіз демей, түн демей, елдің әлегін шығарады. Ақыр аяғында өзін асырап жетілдірген Құрмашты опат етіп тынады. Мұнда ешқандай әсірелеу жасандылық та, кездейсоқтық та жоқ, - барлығы соншалықты нанымды да дәлелді. Басқа касқырлар қауымынан әдіс-айласын арттырып өсірген Көксерек жыртқыштықтың, жауыздықтың шырқау шыңына шыққан сияқты бейнеленген.

Қазір әдебиет тарихын, соның ішінде М.Әуезовтің шығармашылығын да, бүгінгі таным-түсінік тұрғысынан, әдебиеттанудың жаңа көкжиегінің жетістік деңгей-өлшемдерімен талдап, сараптау тәжірибелері қанат жая бастады. Осы бағыттағы танымал сыншы-ғалымдарымыз Б.Майтанов, А.Ісмакова, Г.Пірәлиева, т.б. еңбектері көңіл аударарлық.

Сонымен, Мұхтар Әуезовтің қазақ әдебиетіндегі ұлттық дәстүрді байытып дамыту жолындғы өзіндік жанашылдық еңбек үлестерін тұжырымдап түйіндер болсак: біріншіден, суреткер-ғалым әдебиеттің өсіп-даму процесінде дәстүр мен жанашылдықтың атқарар қызметін терең танып біліп, қазақ ауыз әдебиеті мен әдебиет тарихының қадау-қадау кезеңдеріндегі әдеби дәстүрдің жанарып жаңғыру жолдарын саралап талдап берді; екіншіден, қазақ әдебиетіндегі жаңа жанрлардың, проза мен драматургияның, әдеби сын мен әдебиеттану ғылымының бастауында болып, өз шығармашылығымен мол үлес қосты; үшіншіден, заман талабына сай дауірлік көкейкесті, өзекті тақырыптарды тандап талғап, олардың тамыр теренін ақтарып, келешекке жалғасар өміршең беттерін айқара ашып көрсете алды; төртіншіден, алғашқы қалам тартқан туындыларынан бастап әдебиет пен өнердің басты қасиеті болып саналатын көркемдік-эстетикалық биік талғам-өлшемнің үздік үлгілерін жасап берді.

Міне, М.Әуезовтің 1920-30 жылдардағы қалыптасқан шығармашылық ерекшеліктері қазақ әдебиетінің әлемдік деңгейге шығарған «Абай жолы» дәуірнаамасына барар жол, көтерілер басқыш болғандығын айғақтайды.

Бұл туынды кейінгі толқын каламгерлерге суреткерлік шеберліктің, жазушылық талап пен талғамның айнымас өлшемінде жарқырап тұра беретініне дау жоқ. Осындай құнарлы орта, әдеби дәстүр қазақ прозасының 60-80 ж.ж. кезеңіне де өз әсерін тигізді. Әсіресе, тарихи кезеңдер шындығын, айтулы өнер адамдарының тағдырын арқау еткен прозалық шығармалар оқырман назарына көбірек ілікті.

Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи ірі тұлғалар мен өнер адамдары, сал-серілер, әнші-сазгерлер өмірін арқау еткен шығармалар аз жазылған жоқ. Осы шығармалардың биік шыңында, қайнар бастауында атақты «Абай жолы» эпопеясын тудырған ұлы суреткер М.Әуезов өнегесі, каламгерлік дәстүрі тұрды. Осы дәстүрге табан тіреп, суреткерлік мектептен нәр алған қазақ прозасы және оның белгілі өкілдері шықты. Мұндай озық дәстүрлерлі жалғастырған, шеберліктің шыңына көтерілген туындылар І.Есенберлиннің «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», Д.Әбішевтің «Сұлтанмахмұт», С.Жүнісовтің «Ақан сері» т.б. романдары.

Осы дарынды шоғырдың бел ортасында каламгер Тәкен Әлімқұловтың аталуы да занды. Жазушы шебер прозашы ретінде танытқан алпысқа жуық әңгіме, 7 хикая, 2 романы. Жазушының М.Әуезов шығармаларының тіліне, композициялық құрылысына, көркемдік амал-тәсілдеріне, суреткерлік стиліне терең ден қойғаны бірден аңғарылады. Тәкен Әлімқұлов ұлы Мұханның жанында дос, шәкірт іні ретінде үйренумен, оқумен, тоқумен жүрді. Тарихи деректерге жүгінсек, 1961 жылдың бас шенінде М.Әуезов жанына Тәкенді ерте жүріп Оңтүстік өңірін, оның ішінде Тәкеннің өскен жері Созақ ауданын аралағанын аңғарамыз. Бұл сапар, әрине, Тәкен үшін із-түссіз кеткен жоқ. Мұхтар Әуезов дәстүрі Тәкен Әлімқұлов әңгімелерінде табиғат көріністерінің бейнелену ерекшелігінен, жазушы қолданған көркемдік әдіс-тәсілдерден анық аңғарылады. Табиғат көрінісі мен кейіпкердің ішкі жан дүниесінде өтіп жатқан сезім толқындарының арасындағы көркемдік сабақтастық, эстетикалық тұтастық, бірлік – Мұхтар Әуезов шығармаларының аса бір құнды тұсы. Жазушының Ақан сері, Тәттімбет, Сәкен, Сүгір, Сейтек, Махамбет образдарын сомдаған әңгіме, хикаяларындағы табиғат суреттеріне назар аударсақ, М.Әуезовтен үйренген каламгерлік шеберлігін жіті байқаймыз. Жазушының тіл кестесінен, сөйлем құрылысынан, сөздік қорынан, жазу стилінен тайға таңба басқандай көрініп тұрады. «Қош бол, Гүлсары!» хикаясында да жазушы алдыңғы кезекке тұлпардың өз ойы, өз түйсігі шығарылады.

«Қош бол, Абсент!», «Тұлпардың тағдыры» атты шығармаларында осындай астарлы, жанды терең психологизм әдісі арқылы Т.Әлімқұлов та адам тағдыры мен ат тағдырындағы ортақ желілерді шебер киюластырады. Демек, осынау тақырыптағы тамыры тереңде жатқан суреткерлік,

каламгерлік дәстүр арнасы кейінгі проазлық туындыларда әр қырынан, әр түрлі оқиғалық ортада, әркім тарихи кезеңдер шындығын көрсету мақсатында тек қырлана, құнарлана түскенін көреміз.

Бұл тұста каламгерлер бір-бірін жалаң қайталап немесе дайын үлгіні көшіріп алуға бармайды. Әрбір кейіпкердің тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес немесе тарихи-әлеуметтік өмір шындығының ауанына қатысты жаңаша арналар қосып отырады. Әрбір тыңнан табылған шығармашылық арна әр каламгердің өзіндік қолтанбасын, жазу стилін, көркемдік жүсйесін ажыратуға негіз болады. Адамның ішкі жан әлеміндегі өзгерісті жануарлар тағдыры арқылы ашу әдісін өте тартымды қолдану үлгісін М.Әуезов бастаған болатын. Сондықтан да М.Әуезовтің дәстүрі, суреткерлік машығы кейінірек Ш.Айтматов тың жэне жоғарыда аталған талантты казак каламгерлерінің шығармашылығында заңда жалғасын тапты.

Ілияс Есенберлиннің шығармашылығының мәні өте зор болды. Оның «Көшпенділері» езілген, жаншылған санамызды оятуға арналған бірегей ескерткіш еді. Ұрпақ санасына ұлттық патриотизм қалыптастыруға қызмет істейтін бағытта тарих тереңін зерттеген бағыл жазушы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы – ұлттық рухани құндылықтарымыздың бірі. Қазақ халқының бес ғасырға жуық тарихының көркем шежіресі болған, бірнеше романның басын біріктірген бұл роман аз зерттелген жоқ. «Көшпенділер» өзінің камтыған оқиға, баяндау, суреттеу әдісі жағынан М.Әуезовке тән нағыз шеберліктің жалғасы екенін танытты. Тарихи романда орын алған өмір шындығы, тарихи шындықты көркем шешіммен бейнелеудегі суреткер тереңдігі де М.Әуезов дәстүрі жалғасуының айқын көрінісі еді.

Ілияс Есенберлин кеңестік кезеңде Мұхтар Әуезовтен кейін («Хан Кенеден» кейін!) екінші болып ұлтымыздың намысы мен азаттығы жолында төгілген қанның кімдікі және оның құны қаншалық екенін есімізге салды. Жазушы ұлттық танымымызға есімдері ұмытылған, аттарын атауға тиым салынған ұлттық тұлғаларды, қазақтың хандары мен батырларын қайта тірілтті. Олардың зор үнімен насихатталған отансүйгіштік, адамгершілік құндылықтар қайта оралды. Олардың кісілік келбеттері мен ірі-ірі істерін алға тартты. Ендігі ұрпақ осы «Көшпенділер» арқылы тарихқа саналы көзбен қарайтын дәрежеге жетті. Тарих дегеніміз – тек Иван Грозный мен Бірінші Петр емес, өзіміздің де ұлттық тарихымыз бен ұлттық қаһармандарымыз бар екенін өзімізге мойындатты. Ілияс Есенберлин осындай жанкештілікке барып, тарихи санамызға бетбұрыс жасады. «Көшпенділер» ұлттық рухтың оянуына түрткі болды, жұтандыққа ұшыраған тарихи танымымызды тереңдетті. Тарихи-революциялық тақырыпта Х.Есенжановтың «Ақ Жайық», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романдары жазылды. Бірақ біздің ХІХ ғасырдан арғы тарихы қозғаусыз жатыр еді десек болады. І.Есенберлин романдары («Көшпенділер», «Алтын Орда») осы саладағы алғашқы адым ретінде оқырман тарапынан зор ықыласқа бөленді. Бұдан кейін ХҮ-ХҮІІІ

ғасырлар оқиғаларына қамтитын Ә.Әлімжановтың, Д.Досжановтың, С.Сматаевтың романдары жарияланды. М.Мағауиннің «Аласапыран» романы осы бағыттағы елеулі табыс ретінде бағаланды. Тарихи тақырыпқа арналған шығармалар қазақ әдебиетінде жетекші орынға ие болуға айналды. Әуел баста өткенді білу арқылы ұлттың өзін-өзі тануы секілді ізгі ниеттен туғн бұл талап бірте –бірте идеялық-көркемдік концепцияға, оқырманды өткен күндер оқиғалары, тарихи тұлғалары арқылы зор азаматтық адамгершілік, патриоттық сезімдерге баулитын тәрбиелік құралдың біріне айналды.

60-жылдардың прозаиктері романның тарихи жадын жаңғырта келе, оның бойындағы лиро-эпикалық тектің бастауларын қайта түлетті. Соцреализмнің қасан қағидаларының құрсауын бұзып, жалаң баяндау стилінен бой тартып, прозаға авторлық тебіреніс, авторлық толғанысқа жол беретін лиризм лебін әкелді. Осы кезеңдегі қазақ прозасының ең басты ерекшелігі ретінде көркемдіктің ұлттық формаларынан ізену, ұлттық рухани құндылықтарға қол созуға ұмтылысты айтар едік. Бұл дәстүрді Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртаза, М.Мағауин, С.Жүнісов, А.Сейдімбеков, Д.Досжанов өз шығармаларында әр қилы сипатта онан әрі өрбітті. Олар архивтегі деректерді ғана емес, сонда көмілген есімдерді олардың ойларын жарыққа шығарды. Бұл ұрпақтың алдына қойған негізі мақсаты – қазақ ұлтының рухани тарихын жаңғырту еді. Бұл міндетті олар ойдағыдай орындап шықты. «Көшпенділерге» ілесе шыққан қазақ тарихи романдары ұлт тарихындағы ақтандақтардың орнын толтырды.

АЙҚЫН НҰРҚАТОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

1. А.Нұрқатов еңбектеріндегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесі
2. «Абайдың ақындық дәстүрі» монографиясы.
3. Абайдың ақындық мектебі туралы жаңа көзқарас.
4. Әдеби мектептер мен бағыттар және Абай поэзиясы.

Қысқа ғұмырында қомақты мұра қалдырған нарғасқа таланттар қазақ тарихында аз емес. Сол тұлғалардың ішінде орны бөлек тұлғалардың бірі – Айқын Нұрқатов.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының қоржынын өзінің салмақты зерттеулерімен байытқан ғалымның бір ғана «Абайдың ақындық дәстүрі» монографиясы өзі айды аспаннан бірақ шығарды. Арада жылдар салып, Мәскеудің атақты «Художественная литература» баспасынан осы кітаптың «Путь к себе. Поэтические традиции Абая» деген атаумен орысша тәржімасы шықты. Игі істің басынан табылып, жалпы редакциясын басқарған – профессор Серік Негимов. Жатық тілмен шебер аударма жасаған – Ғосман Төлегұл. Кітаптың басты ерекшелігі Абай туралы жазылған. Ал Абай жөнінде жазу – күллі алаштың ары туралы жазу деген сөз. Ол үшін көл-көсір білім мен терең танымның болуы аз, қайтпас қайрат пен шынайы батылдық та қажет. Толық адам концепциясын жасаған тау тұлғаны тану үшін толық ғалым болу да қажет секілді... Бала кезде-ақ «бір жазда Абайды түгелге жакын жаттап алып», ұлы ақын айналасындағы адамдармен етене жакын боп өскен заңғар Әуезовтің өзі бір сөзінде ұлы ақынның мұрасына тереңдеп ене алмағанын жазған-ды. Әрине, Әуезовтен артық жарытып жазған ешкім жоқ. Әйтсе де, отыздың о жак, бұ жағындағы жалынды жігіттің осы тақырыпқа баруы – ерлік. Айқын Нұрқатовтың ғылым сапарындағы ерен ерлігі. Талапты жастың талпынысының жемісіндей болып «Абайдың ақындық дәстүрі» туды. Ең бастысы, Абайдың шығармашылық әлемінде еркін жүзіп, орнықты ой, тұшымды тұжырымдар айта алғаны қымбат. Соның үдесінен шыға біліпті автор. Бес тараудан тұратын аталмыш кітапта Абай шығармаларындағы дәстүр мен жаңашылдық сипаттары, ақын айналасындағы ізбасарларының ізденістері, орыс әдебиеті мен қазақ сөз өнерінің сабақтастығы – бәр-бәрі жайында сөз болады. Монографияның арнайы айтуға тиісті тарауы – Абай айналасындағы ақындар шығармашылығы жайында жазғаны. Өйткені, бұл советтік жүйенің идеологиялық шеңберіне сыйынқырамайтын қауіпті тақырып еді. 1951 жылы көрнекті әдебиеттанушы Қайым Мұхамедхановтың осы тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясының арты қуғын-сүргінге ұласып, бірнеше қайраткеріміздің басынан қара бұлттың арылмай-ақ қойғаны жасырын емес... Бүгін бұл жайлы айту оңай. Абай айналасы жайлы сөз еткенде, қазір уақытта Шәкәрімге соқпай кету – қылмыс. Бірақ сол заманда Шәкәрім атын атау қылмыс-тұғын. Тек ол ғана емес, қаншама

талантты шәкірттерінің есімдерін саясат салқыны бүркеп келді. Айқын Нұркатов санаулы шәкіртін қалқан қыла отырып, осы тақырыпты ашуға ұмтылыс жасады. Абай мектебінің сан-салалы, сан қырлы болғандығын қажет жерінде ашық айтса, кей тұстарда емеурінмен жеткізеді. Бүгінде толымсыздау еңбек секілді көрінгенімен, өз кезеңі тұрғысынан алғанда, бұл – автордың ғана емес, тұтас қазақ руханиятының жеңісі еді. Кітапты оқып біткенде санада сақталған Абай тұлғасы тағы да биіктей түсетіндей. Өйткені, оқырман әншейінде байқай бермейтін акын өлеңдеріндегі идеялық-көркемдік детальдар сырына қанығып, ішкі мән-мәнеріне еріксіз үңіледі. Бізаль жүректің сиясауытына уытты тілдің қаламұшын батырып ап жыр жазған абыздың сатиралық өлеңдерінің өрнегін танып, арсыздық атаулыдан жиренеді. Енді бірде сикырлы лирикасына елтіп, эстетикалық мол әсерге бөленеді. Иә, нәзирагөйлік дәстүрімен қайта жаңғыртылып жазылған «Ескендір» дастанының астарына А.Нұркатов зерттеуі арқылы бойлады. Шығыстың шоқжұлдыз-шайыры Низами нұсқасымен салыстырыла талданып, айырмашылығы мен артықшылығы таратылып жазылыпты. Мазмұндық-идеялық ерекшеліктері өз алдына, формалық өзгерістері де аз емес екен. Жиырма мың жолдық дастанды Абай жаңаша түлетіп туғызды. Абай қаламының қуаттылығы да осында болса керек. Өйткені, ол үш бастаудың қайнарынан сусындап, бір-біріне ұқсай бермейтін үш мектептің тәрбиесін көрді, көңіл көкейіне қондырды. Жаксысын алып, жасығынан жеріді. Осы үш дінгек Абайды әлемге әйгіледі. Қазақтың Абайының қарымды қаламынан алты алашты айтпағанда, алты құрлыққа жаназық болар шығармалар туды. Сөйтіп, ол адамзаттың Абайына айналды. Содан да болар, ұлтымыздың ұяты – Абайды іздейміз. Жоғымызды одан тауып, мұңымызды соған шағамыз. Босансып кеткен кездерде Абай сынынан шырығып, қарая бастасақ, Абай гуманизмінің шуағына жылынамыз. Жидебайда жатып-ақ жер жүзінің рухани дүниесінің тамырын басып отырған Абай хакімнің әлеміне үлкен дайындықпен кірмесе, оқырманын он айналдыратыны бар. Осындай зерттеулер сананы сәулелендіріп, жүректі жылытатын акын мұрасын тереңірек тануға жол ашады, қазына қақпасын ашар кілт бола алады. Академик Зейнолла Қабдолов айтпақшы, кітапты сынайтын оқырман бар да, оқырманды сынайтын кітаптар да бар. Өзіңнің интеллектуалды сын тезіне түскенінді байқамай қалады екенсің. Себебі мұнда Абай туралы айтылған... Нұркатов мұратының орындалғаны сол шығар, монографиядағы түйдек-түйдек түйінсөздер, ғылыми-тұщымды тұжырымдар кім-кімді де бейжай қалдырмақ емес. «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға кез болды» деген – осы. Соктықпалы, соқпақсыз жерде күн кешкен кемеңгердің кемел мұрасын монографиясының арқауына айналдырған Айқын Нұркатов жайлы сөз ету – әдебиеттің жүлгелі арналары жайлы сөз ету ғана емес, түптеп келгенде, шалқыған шабыт пен қайтпас қайсарлық жайлы да сөз ету боп шығар еді. Өйткені, үш мүшелдік ғұмырында екі жүзден аса зерттеу жазуы – ғылым тарихында сирек кездесетін танданарлық құбылыс. Асылы, ірі тақырыпқа

бара білудің өзі, оны абыроймен алып шығудың өзі автор тұлғасын да биіктетіп жібереді екен. Міне, ғалым сол үшін де биік біз үшін. «Өлді деуге сыя ма...» Ұрпағы бар, тәуба! Өлмейтұғын артында сөзі қалды. Ғалым – бақытты. Қазақ қана емес, аталмыш еңбек өзге ел оқырмандарының санасын сәулелендіріп жатса, сол арқылы қазақтың мерейі өсіп жатса, ол – хаты қалған ғалымның ғана емес, ұлтының, біздің де бақытымыз!

Қазақ әдебиеттану ғылымының алғаш қанат қаққан кезеңінен бастап, бүгінге дейін өзінің өзектілігін жоймай келе жатқан және келешекте де маңызы кемімейтін мәселелердің бірі Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты екендігі анық.

Абайға байланысты мәселелер жан-жақты қамтылып жатқандай көрінгенімен, зерделей үңілген жан шын мәнінде әлі де ойсырап тұрған осал тұстардың бар екенін аңғарған хак. Сондай кемшіл тұстардың бірі – Абай мектебі, оның ақындық дәстүрі мәселесіне қатысты. Бұл мәселенің зерттеушілер назарынан қаға беріс қалуының сырын өз мақаласында академик С.Қирабаев: «Абай творчествосы және одан қалған ақындық дәстүр 50-жылдардың бас кезінде қандай сынға ұшырағаны әркімнің-ақ есінде болар. Содан кейін бұл тақырып жеткілікті сөз болған жоқ. Бола қалса, бір жақты орыстың прогресшіл әдебиетімен байланысты ғана қаралып, ал ақын дәстүрі өз маңындағы бір-екі адамның ғана еңбегіне сүйенумен шектелді. Соның нәтижесінде Абай мектебі кең көлемде зерттелмеді» – деп көрсетеді. Осы кезеңде дәл осы олқылықтың орнын толтырған еңбек А.Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» аталатын монографиялық зерттеуі болғаны анық.

Әлбетте, сыншы-ғалымның Абай жайындағы монографиялық күрделі зерттеуге кенеттен келмегені сөзсіз.

Бұл пікірімізге оның Абай шығармашылығына қатысты әр жылдар көлемінде баспасөз беттерінде жарық көрген «Ұлы тұлға», «Кекті жыр», «Абайды қайта-қайта оқығанда», «Лермонтов және Абай», «Сонда ақын белін буынып», «Абай – лирик», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы», «Ұлы ақын», т.б. мақалалары дәлел болса керек. Зерттеушінің өз сөзіне жүгінер болсақ, ол «Абайдың ақындық айналасы мен әдеби мектебі туралы мәселе зерттеушілер назарын әрдайым аударып отырды. Өйткені бұл – Абайдың творчестволық мұрасын игеру және оның дәстүрлерін дамыту жолындағы ең түбегейлі мәселелердің бірі», - деп біледі.

Шындығында да А.Нұрқатовтың зерттеуі әдебиетіміздегі Абай дәстүрін кең ауқымды алып, дәлелді де дәйекті ой-пікірлерге негіздей отырып, жан-жақты ашып көрсеткен тұнғыш еңбек болғаны хак. «Абай мұрасын игеру, оның творчествосын терең зерттеу – өткендегі мәдени қазынамызды пайдаланудағы ең түбегейлі мәселелердің бірі болғаны сияқты, біздің әдебиетіміз, әсіресе поэзиямыз өзінің қалыптасып дамуының қай кезеңінде де ұлы ақынның жемісті, құнарлы дәстүрлерінен сырт қалған емес. Бұл – даусыз шындық» – деп Абай дәстүріне байланысты өз позициясын айқын ұсынатын

зерттеуші аталмыш мәселеге арналған монографиясының «Абай творчествосының дәстүрлік және жанашылдық сипаттамалары», «Абай тұсындағы акындар», «Абай дәстүрлерінің арнасында», «Орыс реализмінің дәстүрлері және казак әдебиеті», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» аталатын негізгі тарауларында жоғарыдағы пікірін жан-жақты дәлелдей, талдай таратады.

А.Нұрқатов Абайдың ақындық дәстүрі мәселесінің казак әдебиеттану ғылымында әріден қозғалып келе жатқанын айта келе, қалай болғанда да аталмыш мәселе төңірегіндегі сан алуан ой-пікірлердің әлі де болса ғылыми жүйеленіп бір арнаға тоғысып үлгермегенін М.Әуезовтың осы мәселені арқау ететін еңбектерінен бастау алып, одан кейінгі үлкенді-кішілі зерттеулерде жалғасып келе жатқанын түрлі пікірлерге негіздей отырып көрсетеді де, бұл тұрғыдағы өз көзқарасын: «Абай мектебін, оның дәстүрлерін Абай кезіндегі және одан кейінгі дәуірдегі реалистік казак әдебиетінің даму жолдарымен тұтас алып қарау шарт. Абай творчествосының, оның ақындық дәстүрлерінің ұлылығы мен нәрлілігін сонда ғана толық ұғына алмақпыз», - деп айқын танытады.

Қандай да бір әдеби мектептер мен бағыттардың, жекелеген акындардың Абай поэзиясының дәстүрлеріне деген қатынасын айқындауда олардың өздерін Абай шәкіртіміз деп атауы және акынға жадағай еліктеушілігі өлшем бола алмайтынын кесіп айтқан А.Нұрқатов пікірінше, Абай дәстүрін жалғастырушыларға қойылатын басты өлшем – «Ақынның шығармашылық әдісі мен көркемдік жүйесінің ең басты, шешуші негіздерін игеру және одан әрі дамыту» болып табылады. Абай дәстүрінің мәнін айқындап алу А.Нұрқатовқа әдебиетіміздің даму процесінде сан тарау шығармашылық бағдар ұстанған үлкенді кішілі қаламгерлер арасынан Абай қалыптастырған реализм дәстүрінде халықтық және демократтық сипаттары айқын туындылар ұсынып, әдебиетке көркемдік жаңалықтар әкеле білген акындар тобын даралай қарастыруға, сол арқылы әдебиеттің кейінгі даму жолында Абай дәстүрін жалғастырушылар ретінде шығармаларын да Абай поэзиясына тән халықтық сипат пен өмірлік шындық айқын танылатын акындарды ғана тану керектігін ұсынуы орынды танып болғаны анық.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ (1960-2000 жж.) ДӘСТҮР МЕН ЖАНАШЫЛДЫҚТЫҢ ДАМУ СИПАТЫ

1. Қазақ әдебиетіндегі (1960-2000 жж.) дәстүр мен жанашылдық.
2. Әдеби шығарманың көркемдік-идеялық, эстетикалық болмысы.
3. Т.Әлімқұлов пен Ә.Кекілбаев прозасындағы Айтматов дәстүрі.

Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жанашылдық түр мен жанр ізденістері арқылы даму сипатына ие болды. Халқымыздың Ұлы Отан соғысындағы ерлігін көркемдік тұрғыдан зерттеп, қаһармандық жасау психологиясын, философиясын ашуға ұмтылыс жасалды. Ұлы Отан соғысы тақырыбы соғысты басынан кешкен М.Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым» (1947), Б.Момышұлының «Төлеген Токтаров», «Біздің генерал» (1963), Ә.Шәріповтің «Ормандағы от», Қ.Қайсеновтың «Жау тылында» (1967), партизан ақын Ж.Сайынның «Жорық жолдары» (1970), Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» (1973), Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» (1970), «Ақиқат пен аңыз» (1976), С.Мәуленовтің «Женіс жүрек» (1985), Т.Бердияровтың «Оқ пен гүл» (1967) сынды туындылары публицистикалық толғау, роман, повесть, әңгіме, т.б. алуан жанрда жарық көрді. Ұлы Отан соғысы жастық шағы сол кезеңге сәйкес келген ұрпақ өкілдері Б.Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» (1967), Н.Ғабдуллиннің «Жігер» (1983), М.Мағауиннің «Бір атаның балалары», Д.Исабековтің «Біз соғысты көргеміз жоқ», С.Мұратбековтің «Жабайы алма» повесть-романдарында, Е.Ибраһимнің «Өмір өлмейді» (1963), Ә.Нұрғалиевтің «Соғыстың соңғы жазы» (1978-1984) т.б. поэмалар мен өлең кітаптарында көрініс тапты.

Бұл жылдарда жарияланған экология мәселелерінің жалпы адамзаттық мәніне көңіл аударыла бастады. Экологиялық күйзеліске ұшыраған ауылдың экономикалық, әлеуметтік, философиялық тұжырымы Т.Ахтановтың «Дала сыры» (1968), «Боран» (1968), Қ.Жұмаділовтың «Саржайлау» (1978), «Сәйгүліктер» (1984), С.Жүнісовтің «Жапандағы жалғыз үй», Д.Исабековтың «Гауһартас», С.Шаймерденовтің, «Селдің екпіні» (1977), З.Шашкиннің «Сенім», І.Есенберлиннің «Көленкемен қорғай жүр», т.б. шығармаларда көрініс тапты. 1960-1990 жылдары жарық көрген Т.Әлімқұловтың «Ақбозат» (1962), «Кертолғау» (1973), «Тұлпарлар тағдыры» (1975) жинақтарына өнер адамдары мен тарландар тағдыры арқа етілді. Прозада лирика мен эпика, реалистік, романтикалық әдістер үйлесіп, дерек пен ойдан шығару түйіндесіп жатты. Ә.Әлімжановтың «Отырардан келген сыйлық» (1964), «Махамбеттің жебесі» (1960), О.Бөкеевтің «Қамшыгер» (1970), «Ән салады шағылдар» (1978), Т.Әбдіқовтың «Ақиқат» (1978), С.Елубаевтың «Ойсылқара» (1972), Т.Жармағанбетовтың «Соңғыт хат» (1974), Д.Исабековтың «Қарғын» (1980), «Тіршілік» (1975), Ә.Кекілбаевтың «Дала балладалары» (1967), «Шыңырау» (1982),

М.Мағауиннің «Көкмұнар» (1972) жинақтарында жанрлық, стильдік соны ізденістер байқалды.

Ұлттық поэзия көкжиегі жана көркемдік бояулармен молыға түсті: Ә.Тәжібаев. «Таныс дауыстар» (1984), О.Сүлейменов «Әр күн – арайлы таң» (1986), С.Мәуленов «Жапырақтар жанады» (1964), Т.Айбергенов «Арман сапары» (1963), «Аманат» (1975), Ә.Ахметов «Тырау-тырау тырналар» (1974), Қ.Салыков «Жезкиік» (1973), Ж.Нәжімеденов «Темірқазық» (1982), К.Ахметова «Жапырақ жаздың жүрегі» (1974), С.Жиенбаев «Іңкәр дүние» (1981), Ж.Жақыпбеков «Саратан» (1979), т.б. 60-80 жылдары казак лирикасын түрлік-мазмұндық, көркемдік тұрғыдан дамытқан лириктеріміз: Т.Айбергенов, М.Мақатаев, Т.Молдағалиев, М.Шаханов, Ж.Нәжімеденовтердің стильдік ерекшеліктері дара-дара болғанымен, кейде уақыт ортақтығы кезеңнің суреткерлік тұтастығын құрады.

Бұл жылдары да сюжетсіз лирикалық-философиялық поэмалар көптеп жазыла бастады. Мұндай ізденістерге. Қ.Бекхожиннің «Сұңкар туралы жыр», Х.Ерғалиевтің «Аңыз ата», «Жылдар, жылдар», Ж.Молдағалиевтің «Мен казакпын», «Байқоңыр баспалдақтары», «Қыран дала», Ә.Тәжібаевтың «Портреттер», М.Әлімбаевтың «Менін Қазақстаным», Т.Бердияевтың «Жер мен адам», Қадыр Мырзалиевтың «Данышпан», М.Мақатаевтың «Өмір дастан», «Аққулар ұйықтағанда», «Моцарт», «Жан азасы», Т.Айбергеновтің «Жүрекке айтылған өлендер», Т.Молдағалиевтің «Жер» т.б. шығармалары жатады,

Балладалық жанрдың дамуы. М.Шаханов өз шығармашылығын сазды лирикадан бастап, лириканың баллада жанрына, сюжетті өлеңге ойысты. Ақын түлеткен бұл жанр арқылы ұлттық тіліміздің поэтикалық қабаты дамыды. М.Шахановтың «Сейхундария», «Махаббатты қорғау», «Сенім патшалығы», «Барселона аэропортындағы сұңкарлар», «Жеңілген жеңімпаз хақындағы дастан», т.б. балладалары жанрдың ішкі қуатынын молдығын байқатады.

Прозада әлеуметтік, саяси, моральдық, психологиялық, философиялық жайларды жазушылар бірегей шешуге ұмтылыс жасады. Оған Т.Ахтановтың «Боран», Ә.Әлімжановтың «Көгілдір таулар», О.Бөкеевтің «Мұзтау» шығармалары жатады.

Колхоздастыру, байларды тап ретінде жою драмасы, 1932-33 жылдардағы ашаршылық трагедиясы, сталиндік репрессия Ж.Сыздықовтың «Әли қарттың әңгімесі», Ғ.Мүсіреповтың «Сөз жоқ соның іздері», т.б. көркем шығармаларда бейнеленді. Зобалаң шак шындығы Ш.Мұртазаның «Сталинге хат», «Бесеуге хат», Қ.Мұхаметжановтың «Біз періштеміз бе?» атты сахналық туындыларында тереңдетілді.

Қазақ прозасы тарихи тақырыпты кең құлашпен игере бастады. Аталмыш кезеңдегі казак прозасының ұлттық тарихқа бет бұруында да сыр бар еді. Өткен ғасыр басында М.Жұмабаев, І.Жансүгіров, М.Әуезов бастап берген бір бағыт жетпісінші жылдары Ғ.Мүсірепов, Х.Есенжанов,

І.Есенберлин, Т.Әлімқұлов, Ә.Әлімжанов, О.Сүлейменов, М.Мағауин, Ш.Мұртаза, С.Жүнісов, С.Сматаев, Қ.Жұмаділов, Д.Досжан, Ә.Сарай, т.б. ізденістерімен толықты. Рухани дүниеімізде мұндай серпілістің болу себебі халықтың өз тарихы мен ежелгі болмысын жетік білуі керек екендігіне байланысты еді. Қатпары қалың тарих І.Есенберлиннің «Қаһар» (1969), «Алмас қылыш» (1971), «Жанталас» (1973), «Алтын Орда» (1982), Ә.Кекілбаевтың «Үркер» (1981), «Елен-алан» (1984), Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» (1974), «Тағдыр» (1989), Д.Досжановтың «Жібек жолы» т.б. көркемдік шешімін тапты. Роман жанрының шарықтап дамуының ерекше бір көрінісі – тарихи туындылар әдебиетіміздің алтын қорынан орын алды. Бұл сипаттағы шығармалар – 60-80 жылдардағы қазақ прозасының үлкен табысы.

Жазушыларымыздың осы тарихи тақырыпты кең қамтып, терең көрсетуге ұмтылуы – қазақ әдебиетінің басты бір бағдар-арнасын танытады. Тарихи тақырыптағы көркем шығарма ғана жазумен шектелмей қазақ зиялылары осы тұста таза ғылыми ізденістерге де қол созды. Тарихи беллетристика мен эссеистика зор қарқынмен дамыды.

О.Сүлейменовтің («Аз и Я»), М.Мағауиннің («Қобыз сарыны»), Қойшығара Салғариннің («Күнгір-күнгір күмбездер», «Қазақ әлемі», «Қазақтың күй өнері») қазір халыққа кеңінен танымал еңбектері дүниеге келді.

Қазақ драматургиясы тақырыптық, көркемдік жағынан байып, жетіле түсті. Қ.Мұхаметжановтың драмалық туындылары, Ш.Айтматовпен бірігіп жазған «Көктөбедегі кездесу» (1972), Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», Т.Ахтановтың, С.Жүнісовтің, Д.Исабековтің пьесалары сахналық мәдениетті кемелдендіруге үлес қосты. Соңғы ширек ғасыр уақыт көлемінде қазақ әдебиетінің түрлі жанрлары уақыт талабына сай зерттеу еңбектерінің негізгі арқауын құрады. Осы еңбектердің барлығында да жаңа ғылыми тұжырымдар жасады. З.Қабдолов, З.Ахметов, С.Қирабаев, Н.Ғабдуллин, Т.Кәкішев, Т.Қожакеев, Р.Нұрғалиев, Ш.Елеуенов, Р.Бердібаев, Ж.Дәлебаев, Ә.Нарымбетов, М.Атымов, Б.Майтанов, Т.Рахымжанов, Х.Әдібаев, Ө.Күмісбаев, А.Ысмакова, Т.Сыдықов, С.Макпыров, Б.Мамыраевтардың монографиялық еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымының айтулы жетістіктеріне жатады. Бұл еңбектерде қазақ әдебиетінің ең өзекті, көкейкесті мәселелері қарастырылып, тиісті шешімін тапты.

Р.Бердібаевтың «Роман және заман» (1967), «Дәстүр тағылымы» (1978), «Аңыздан романға» (1976, орыс тілінде), «Биік парыз» (1980) секілді еңбектерінде қазақ прозасының елеулі мәселелері қарастырылды. «Қазақ тарихи романы» (1980) монографиясында ғалым роман туралы бұрын айтылған ойларын одан әрі дамытты. Дәстүр жалғастығы мен әдеби процесс мәселелеріне байланысты автор бұған дейінгі еңбектерінде де толымды талдаулар, жинақтаулар жасаған болатын. Кейінгі еңбектерінде автор бұрын байыпталған ғылыми тұжырымдарын жаңа арнаға салып,

толықтырып, өзекті жаңа мәселелермен байытып, қазақ прозасының дамуы туралы соны ойлар ұсынды. Р.Бердібаев тарихи проза жанрының тарихи роман, тарихи-биографиялық роман, тарихи-революциялық роман, роман-хроника, тарихи-ұлттық роман сияқты саларға жіктелетіндігін көрсетіп, әр сала аясына жататын шығармаларды арнайы қарастырды. Ғалым роман-хроника қатарына І.Есенберлиннің тарихи трилогиясын жатқызды. Кей романдарға қатысты автор аңыз-роман (роман-притча) деген атауды ұсынды. Ә.Әлімжановтың тарихи романдарын тарихи-публицистикалық роман тобында қарайды. Ал С.Мұқановтың – Ш.Уәлиханов, Д.Әбілевтің – С.Торайғыров, С.Жүнісовтің – Ақан сері, А.Токмағамбетовтың – Сыр бойы ақын-жыраулары, Т.Әлімқұловтың – Махамбет, Ақан сері, Сәкен, Ықылас, Тәттімбет, Сүгір, Сейтек туралы туындыларын тарихи-биографиялық шығармалар қатарына жатқызды, Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы мен мен Д.Досжановтың «Жібек жолы» шығармасын тарихи өткен-дәуір туралы романдар типіне қосты. Ә.Кекілбаевтың романының «жабық романдарды» еске салатынын атап өтіп, өзінің бітімі жағынан бұл шығарманың «философиялық романдардың да реңін танытатынын» анықтайды.

Көркемдік дәстүр мен әдеби процесс мәселелері, әдеби шығарманың көркемдік-идеялық, эстетикалық жаратылысы туралы 80-жылдардағы әдебиеттану ғылымының жаңа бір жетістігі академик З.Қабдоловтың «Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі» (Алматы, 1986) атты еңбегі болды. Еңбекте М.Әуезовтің өмірі мен өнер жолы, оның шығармашылығындағы дәстүр мен жалғастық, ұлы суреткер шығармаларының жанрлық құрамы мен тақырыптық идеялық тұтастығы, алуан қырлы шеберлік сырлары талданды.

60-80 жылдардағы зерттеулерде әдебиет дамуындағы жалғастық, дәстүр мен оның жанғыруы секілді мәселелерді зерттеуге арналған еңбектер кеңінен көрініс берді. Әдебиеттану ғылымында дәстүр, оның жалғасуы туралы академик М.Қаратаевтың әр жылдарда жарық көрген еңбектеріндегі ғалымның тұжырымдары социалистік реализм аясында болғанымен, нақты қаламгерлер туралы пікірлері маңыздылығын жойған жоқ. Ғалымның бұл саладағы еңбектерінде дәстүр мен жалғастық мәселесі әр қырынан қарастырылды.

Филология ғылымының докторы Ә.Дербісалиннің «Дәстүр мен жалғастық» (1976) монографиясында ақындық дәстүр мен XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының арақатынасы қарастырылса, Б.Наурызбаевтың «Қазақ прозасындағы Б.Майлин дәстүрі» (1979) атты монографиясы да тілге тиек етіп отырған мәселе туралы қазақ әдебиеттану ғылымындағы құнарлы зерттеулердің бірі болды. Ш.Елеуқеновтің «От фольклора до романа-эпопей», «Замандас парасаты», Е.Ғабдировтің «О национальном и интернациональном в советской литературе» еңбектері осындай бағыт-бағдарымен ерекшеленді. Аталған еңбектердің авторлары

әдебиеттің басты теориялық принциптеріне, халықтық дәстүр мен жанашылдық жалғастық және тарихи деректер мен көркемдік шындық, психологиялық секілді ірі проблемаларына, методологиялық категорияларға тоқталып, талдаулар жасайды. Дәстүр мен әдеби процесс, дәстүрдің жалғасу заңдылықтары бұл проблеманың табиғатын, болмысын тереңінен қамту зерттеушілерден үлкен дайындықты талап етеді. Бір әдеби кезең мен кейінгі бір әдеби кезең, жекелеген суреткерлер арасындағы дәстүрлік қатынасты, творчестволық әсер және осы сипаттағы құбылыстарды анықтау бүгінгі әдебиет үшін теориялық әрі практикалық маңызы жоғары проблема болып табылады. Осы саладағы ізденіс, ғылыми тереңдік «Дәстүр мен жанашылдық» атты ұжымдық монографияда кең көрініс тапқан. Аталған еңбекте қарастырылып отырған мәселенің ішкі мазмұны, ерекшелігі және зерттелу аясы, даму арналары мол әдеби материалдар негізінде қарастырылды. «Әдебиеттің халықтағы және дәстүр жалғастығы», «Прозадағы психологизм», «Прозадағы лиризм және тарихи дәстүр», «Повесть және қаһарман», «Образ жасаудағы ізденістер», «Қазақ романдарындағы замандас бейнесі», «Дәстүр тағылымы – драмала», «Қазақ әдеби сыны жана міндеттер алдында» атты тарауларда әдебиеттің әр жанры саласында дәстүр дамуы, жанашылдық секілді мәселе әр бағытта ашылып, жана тұжырымдар жасалды.

Сонымен, бұл дәуірдегі әдебиеттану ғылымы мен сыны уақытпен бірге тыныстап, талап деңгейінен шығуға үлес қосты. С.Қирабаевтың «Шындық және шығарма» (1981), «Талантқа құрмет» (1988), Т.Тоқбергеновтің «Қос қағыс» (1974), «Үш тоғыс» (1977), «Тоғыз тарау» (1974), Т.Ахтановтың «Көкейкесті» (1980), Ә.Нүрпейісовтің «Жүрегі тола жыр еді» (1978), З.Қабдоловтың «Жебе» (1977), Р.Бердібаевтың «Қазақ тарихи романы» (1979) «Замана сазы» (1985), «Тарихи роман» (1997), Ж.Дәдебаевтың «Шымырлап бойға жайылған» (1988), «Өмір шындығы және көркемдік шешім» (1991), А.Егеубаевтың «Сыр мен сымбат» (1981), «Сөз жүйесі» (1985), Ш.Елеуеновтің «Қазақ романы және қазіргі дәуір» (1977), «Замандас парасаты» (1977), «Жаңа жолдан» (1989), «Әдебиет және ұлт тағдыры» (2001), Ә.Кекілбаевтың «Дәуірмен бетпе-бет» (1972), М.Мағауиннің «Ғасырлар бедері» (1991), Р.Нұрғалиевтің «Өнердің эстетикалық нысанасы» (1979), «Айдын» (1985), З.Серікқалиевтің «Ақыл таразысы» (1976) атты кітаптарында және «Уақыт және қаламгер», «Стиль сыры», «Сөзстан», т.б. жинақтарда жанр сипаты, шығарманың көркемдік ерекшелігі, жазылу тарихы, характер, типтендіру т.б. мәселелер сөз болды.

60-80 ж.ж. қазақ прозасына түркі тілдес әдебиет өкілдерінің ішінен әсіресе, Ш. Айтматовтың әсерінің күшті болғандығы тарихи шындық. Адам тағдырына, адамның ішкі жан дүниесіне тереңдеп бара алған тартымды, толымды туындылардың барлығында да Ш.Айтматов қолтаңбас айқын көрінеді. Әсіресе, Тәкен Әлімқұловтың тұпарлар тағдырын арқау еткен әңгімелері мен повестерінің сюжеттік-композициялық құрылысына,

шығармаларының ішкі көркемдік қуатына Ш.Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары!» хикаясының тигізген әсері жоғары бағаланды. «Қош бол, Абсент!», «Телконыр», «Ақбоз ат», «Қаралы қызық», «Тұлпардың тағдыры», «Көкпар» т.б. шығармаларында Т.Әлімқұлов та Ш.Айтматов қол артқан көркемдік әдіс-тәсілдерді сәтті, орнымен, жанашлдықпен пайдаланып отырады. Адам тағдыры мен тұлпарлар тағдыры қатар өріліп, бір арнаның екі сағасындай тұтасқан, тамырлас көркем дүниеге айналады. Ш.Айтматов хикаясындағы Танабай бейнесі мен Т.Әлімқұловтың әңгімесіндегі Сүгір бейнесінің терең ішкі көркемдік қуаты екі қаламгердің шығармаларындағы көп қатпарлы психологизммен сабақтасып жатты. Жазушы Ә.Кекілбаевтың «Бәйгеторы» хикаясындағы тұлпар Бәйгеторының тағдыр-соқпағы да бір тұста Ш.Айтматов хикаясындағы Гүлсарының бастан кешкен оқиғаларымен ұқсас, мазмұндас, сарындас көрінетінін аңғарамыз. Өмірінің онында әбден титықтаған, бұрынғы дәурені келмесе кетіп, санаулы күндерін ең алғашқы иесі Танабайдың қолында, соның көз алдында өткізіп жатқан, аяулы да, аянышты, қиын да қайшылықты жылдарын артқа тастап, ақтық сағатын тағатсыз күтіп жатқан тұлпар тағдыры оқырманын еріксіз тебірентеді. Гүлсарының күрделі де қайшылықты сезім күйлерін, аттың адамша тебіреніп, толғану сәттерін бастан кешіргенін Айтматов қаламы өте әсерлі жеткізеді. Танабай мен Гүлсарының жарық дүниедегі ең бір кимас жандардай бір-біріне мұң шағуы, адам тағдыры мен ат тағдырындағы ең бір аяулы сәттерінің бірлікте өтуі көз алдымызда кино лентадай біртіндеп өтіп жатады.

Осы терең эстетикалық ізденістің, шынай суреткерліктің сәтті арнасын қаламгер алдымен өзі шебер менгерген көркемдік әдіс – психологизмнің қуаты арқылы табады. Ә.Кекілбаев та, кейіпкердің ішкі психологиялық хал-күйіне, сана ағымына айрықша орын беретінін аңғарамыз. Бәйгеторы дәл адамша күйініп, сүйінеді, тығырыққа тіреліп, тыным таппай, өзіне сүйеніш, терек іздейтін тұстарына келгенде жазушы жаңа суреткерлік өрнектер табады. Бәйгеторының тағдыры тұлпардың өз ойы, өз түйсігі арқылы танылып отырады.

КӨРКЕМДІК ДӘСТҮР МЕН ӘДЕБИ СЫН

1. Көркемдік дәстүрдің қалыптасу жолдары.
2. Әдеби процесс және сын.
3. Т.Кәкішевтің қазақ әдеби сынының тарихы туралы зерттеулері.
4. Қазіргі қазақ әдебиеті сынының жай-күйі.

Көркем өнердің даму үдерісінде жаңалықтар өзіне дейінгі мұраны, дәстүрді жоймайды, қайта оның кейбір элементтерін дамыта келіп, жаңаша көркемдік ізденістермен, тың дүниелермен ұштастырады. Дәстүр мен жаңашылдық әдеби процестің негізгі ерекшелігі екені тұжырымдалады.. 1960-70 жылдары әдебиетке келген Ә. Кекілбаев, О. Бөкеев, С. Санбаев, М. Ысқақбаев т.б. дарынды жазушылардың шығармаларындағы дәстүрлі аңыз-әңгімелерді, мифтік сюжеттер мен образдарды пайдалану тәжірибесі зерттеу еңбектерде талданып, жаңашыл ізденістері айқындалды.

Әдебиеттегі дәстүр шебер суреткерлердің жаңашылдық ізденуі арқасында толысып, түрленіп отырады. Әдеби дәстүр туралы сөз – бүкіл сөз өнерінің тарихын қозғайтын күрделі мәселе. Бүгінгі қазақ прозасының көркемдік жетістіктерін аға буын қаламгерлердің қажырлы еңбегінсіз пайымдау мүмкін емес. Сондықтан дәстүр мен жаңашылдық – әдеби процестің басты қозғаушы күші.

Әдеби процесс (үдеріс) – әр ұлт әдебиетінің әр түрлі дәуірлерде түрліше қалыпта даму үрдісі, сонымен қатар әлемнің күллі тарихи кезеңдерінде өмір сүріп келе жатқан әдебиеттің тарихи дамуы, жаңды қозғалысы. Термин 1920 жылдардың соңында мәдени контекст аясында көркемдік тұтастық ретінде танылған әдебиеттің тарихи болмысын, эволюциясын сипаттау мақсатында пайда болды. Бұл ұғым 1960 жылдардан бастап ұдайы қолданыста жүр. Тарихи-теориялық талдау әдеби процесс эволюциясының сызық бойымен, бірқалыпты дамымай, тұрақты және өтпелі кезеңдердің диалектикалық тұрғыда ауысып отырғанын көрсетеді.

Әдеби процесс терминімен белгілі бір ел мен дәуірдің әдеби өмірін, сонымен қатар одан да ауқымды, бүкіл әлемдік деңгейдегі көп ғасырлық әдебиеттің даму тарихын белгілейді. Әдеби үдеріс әрбір тарихи кезеңде әлеуметтік, идеологиялық және эстетикалық тұрғыдан жазылған әр алуан сапалы кесек образдар мен қарапайым бейнелер кескінделген қарадүрсін шығармалардан көпшілікке арналған әдебиеттерге дейін өз бойына жинап, үздіксіз сіңіріп отырады. Әрбір әдеби шығарма – өзі жазылған тарихи дәуірдегі қоғамдық шындықтың айнасы. Өмірдің даму заңдылығы көркемөнерге де тән. Әдеби процесс әр халық, ұлт әдебиетінің даму үрдісінің белгілі дәуірлердің әр кезеңінде әр түрлі жағдайда, алуан қалыпта болып отыруы.

Әдеби үдеріске тән ерекшеліктің бірі – дәстүр жалғастығы. Дәстүр мен жаңашылдық әдебиеттанудағы ең өзекті мәселелердің қатарында саналады.

Себебі ол әдебиет дамуының, өркендеуінің негізі, жалпы тіршілік дамуының тегігі. Бұд екі ұғым бір-бірімен байланысты, бірінен екіншісі туындайды. Жанара да жалғаса дамып отыратын әдеби процесс күрделі диалектикалық даму заңдылығына бағынады.

Түрлі анықтамалық басылымдарда көркемдік дәстүрді өнерді дамытудағы, өткен дәуірлердің көркем тәжірибесін игерудегі сабақтастық деп қабылдайды. Мысалы, XX ғасырға дейін казак әдебиеті өлең сөз шеңберінде дамып келді және оның жаңадан қалыптаскан проза жанрына әсер етті. Әдебиетімізде кара өлеңнің десі басым болғандықтан, XX ғасырдың басында кара сөз шеберлерінің туындылары поэзияға жақын болды. Бұл турасында Ә. Дербісәлин: «Қай салада болмасын, жалпы дәстүр атаулыға тән қасиет ол дайын күйінде тумайды, не өзге біреуден онай алына салмайды, ол заманалар жемісі, тәжірибелер нәтижесі, уақыт сынынан, ұрпақтардың ақыл-ой елегінен мүдірмей өткен, халықтың тіршілік-тұрмысына жауап беру арқылы өміршен сипат алып, әрдайым өсіп, өніп, жалғасып отырған әрі тұрақты, әрі жанды, белсенді құрал», - деп жазады. Орыс әдебиетінде осы мәселеге XX ғасырдың басында назар аударған В.Маяковский: «Біздер Пушкиннің «Евгений Онегині» сияқты туындыларға жүз рет қайта айналып соғамыз. Тіпті өлімге бас тіккенде де оған қайта айналып отырамыз. Олардан ұтымды шығармашылық тәсілдерді үйренетін боламыз. Мұның өзі санамызда туған, әмірі жеткен, сезінген ойымызды дұрыс жеткізуге септесіп, шексіз ләззат сыйлайтын болады» - деп жазады.

Философиядағы «жоктан бар болмайды» деген қағидаға сүйенсек, көркем өнердің даму үдерісінде жаналықтар өзіне дейінгі мұраны, дәстүрді жоймайды, қайта оның кейбір элементтерін дамыта келіп, жаңаша көркемдік ізденістермен, тың дүниелермен ұштастырады. Мәселен, А. Құнанбайұлы өзіне дейінгі баяғы замандардан келе жатқан шығыстың эстетикалық дәстүрі мен халқымыздың бай рухани мұрасынан сусындады, оны жоғары бағалады. М. Әуезовтің «Абай жолындағы» фольклорлық дәстүрлер, І.Есенберлиннің «Көшпенділеріндегі» аңыздық баяндаулар турасында да осыны айтуға болады. Қазак прозасының қалыптасу тұсында көркемдік ойдың даму үдерісіне фольклор мен ауыз әдебиеті дәстүрі үлкен ықпалын тигізді. Еуропа әдебиеттерінде фольклорды пайдалану әдеби тәсіл деңгейінде ғана жүзеге асса, казак әдебиетінде фольклор көптеген күрделі функцияларды аткарды. XX ғасыр басындағы прозалық шығармаларда фольклорлық дәстүр сюжет құруда (М. Дулатовтың «Бакытсыз Жамалы»), суреткердің дүниетанымын, дүние қабылдауын бейнелеуде (Ш. Құдайбердиев «Әділ-Мария, Ж. Аймауытов «Ақбілеу»), кейіпкерлер характерін сомдауда (С.Торайғыровтың Камары мен Ахметі, М. Дулатовтың Жамалы, т.б.), тіл өрнектерінде айқын көрініс тапты. Фольклор казак романтизмінің мазмұндық және форма құрушы факторы ретінде көрінді. М. Жұмабаев, М. Дулатов, С. Торайғыров, Ш. Құдайбердиев, Ж. Аймауытов шығармашылықтарына да фольклор

дәстүрінің күшті әсері айқын аңғарылды. Жалпы, қазақ прозасында фольклор қаламгерлердің эстетикалық ізденістерінің көркемдік және рухани-философиялық феномені ретінде көрінді.

М.Әуезовтің көркемдік әлемі мен қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті ғылыми тұрғыдан алғанда аса маңызды, мәнді мәселе екендігінде сөз жоқ, мұның өзі арнайы зерттеуді қажет етеді. Осыорайда М. Әуезовтің дәстүрімен қазіргі қазақ романының эстетикалық ізденістерін, жаңашылдық сипатын, оларға ортақ және дара белгілерді анықтау тарихи дәуір шындығын көркем бейнелеудің басты ерекшеліктерін жаңа қырынан тануға бастайды.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Ж.Аймауытов, М.Әуезов, М.Жұмабаев шығармаларындағы үрдіс өз жалғасын таба алмады. Аталған суреткерлер шығармаларына романтизм үлгісіне тән сұлу өрнектер, жаңашылдыққа ұмтылыс, терең сезім күйі, нәзік сыршылдық тән болды. Кейіннен қоғамдағы үлкен кері өзгерістер, тоталитарлық тәртіптің ұлғаюы, әдебиеттегі «социалистік реализм» доктринасының орнау салдарынан әдеби процесс тежеу көрді. Арада біраз уақыт өткеннен кейін 1960-жылдары әдебиетке осы олқылықтың орнын толтыруға әрекет еткен қаламгерлер, конъюктураға мойынсұна қоймайтын жаңа толқын келді.

Қаламгерлер дәстүрлі мифологиялық образдары мен сюжеттерді еркін пайдаланып, оны дербес авторлық мифология жасау үшін материал ретінде қолданды. Олардың дәстүрлі мифологиялық образдарды мен түрлі елдер мифологиясының элементтерін бір арнаға біріктіру жаңашыл көркемдік ізденістерге бастады. Миф – қазіргі әдебиеттанудағы маңызды теориялық мәселелердің бірі. Қазіргі таңда мифтік концепциясының сан алуан түрлері бар. Қазақ қаламгерлері де мифті түрлі қызметте керегінше пайдаланды: ол аллегория да, символ да, архетип те болды, күрделі әлемнің бейнесін берудің, философиялық ой айтудың жақсы құралына айналды. Мифологизм элементтері адам болмысының қарама-қайшылықты, күрделі табиғатын ашып, бүгінгі күннің рухани мәселелерін терең бейнелеу үшін қолданылады.

Қазақ қаламгерлерінің мифтік бастауға ден қоюы – өз дәуірінің көкейкесті мәселелерінен қашуы емес, керісінше, сол қоғам жүзеге асып жатқан саяси, экономикалық, рухани өзгерістерді қабылдай алмаудан, жалпы қоғамдық ахуалға наразы болудан туындап жатты.

Қазақ қаламгерлері адамзаттың балаң кезінен жасаған рухани дүниесі боп саналған мифтер мен мифтердегі образдылықты жаңа көркемдік мақсатқа ғана емес, дәуірінің өзекті мәселелерін шешуде, өздерінің көңілі толмаған жағдайдан шығудың жолын қарастыруда өзгеріске ұшыратып пайдаланды. Олардың өткен тарихқа мойын бұруы өздері ғұмыр кешіп отырған уақыттың маңызды, дәуірлік, мәңгілік мәселелеріне деген қызығушылықтан туып жатты. Миф арқылы тарихи дәуірдің рухани дамуындағы басты ерекшеліктерді ашып көрсетуге болады. Оларды мифтің романтикалық пафосы, эмоционалдық және эстетикалық қуаты,

экспрессивтік тіл көркемдігі, т.б. қызықтырды. Қаламгерлер мифологиялық сарындар арқылы жинақталған символдық бейнелерді жасауға ұмтылды. Сонымен қатар олар дәуірдің рухын бейнелейтін өздерінің мифтік образдарын жасады. М. Жұмабаев шығармаларындағы Қойлыбайдың кобызы, Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың акыры» романындағы мұнара, С. Санбаевтың Ақ аруанасы, Бекет бақсысы, О. Бөкеев шығармаларындағы Бура, Кербұғы бейнелеріі хақында осыны айтуға болады. Олар халықтың өткеніне, рухани мұрасына айрықша мән беріп қана қоймай, өз мифологиясын жасай алатынын дәлелдеді. Қазақ суреткерлері мифтің шығармашылық потенциалын, оның адамзат үшін уақыттан тыс мәнін белгіледі. Осының негізінде дәстүрлі мифті жаңғырту мен оны авторлық концепцияға сай қайта жасауға ұмтылыс күшейіп, қазақ прозасында 1970-ші жылдардан бастап жана мифология идеясы туды.

Мифология ұзақ уақыт бойы дәстүрлі көркемдік ойлау жүйесінде дайын көркем формалар ретінде қызмет етіп келеді. Адамзат тәжірибесінің «түйіні» болып табылатын ондағы мазмұн байлығы, мифтің универсалды қасиеті, синкреттілігі әр түрлі бағытта қалам сілтеген қаламгерлерді ғасырлар бойы қызықтырып келеді. Белгілі бір тақырыпқа жазылған көркем шығармаларда өзгеше бітімді миф-аңыздардың бой көрсетуі жазушылар шығармашылығындағы ерекше бір құбылыс болды. Көркем туындылардағы мифтік сюжеттер ежелгі мәдениеттің философиялық концепцияларын синтездеуге мүмкіндік береді. Аңыз – өмір материалы, шикізат. Сондықтан оны да жинақтаудан, сұрыптаудан өткізіп барып, айтар идеяға сай ұтымды пайдалана білу қажет. Халық қазынасында жалпы адамзаттық идеялар мен адамгершілік мәселелер бой көрсетіп, бүгінгі заманның ділгір мәселелерімен үйлескендіктен, жазушылар да осынау сарқылмас бастауларға бет қойды. Көркем әдебиеттің даму тәжірибесінде мифтік сюжеттерді, аңыз-әңгімелерді әдеби шығармада қажетіне қарай пайдалану ежелден бар үрдіс. Шығыстың, қазақтың поэтикалық ойлау жүйесінде сөз зергерлерінің мифологиялық бастаулардан тірек іздеуі жиі байқалады. Аңыздардың жалпы адамзаттық мазмұны мен терең философиялық астарын алған ашқандардың бірі – Абай. Оның «Ескендір», «Масғұт» атты романтикалық мифологеманы батыл қолданады. Әрине, мифологизмнің терең бастауы ауыз әдебиетінің, халық поэзиясының терең қойнауларында жатыр.

XX ғасырда қазақ әдеби процесінің дамуында діни-мифологиялық мотивтердің ықпалы зор болғанымен, оның дамуы біркелкі жүрген жоқ. Мифологиялық желі XX ғасыр басындағы әдебиетте жақсы көріне бастады да, 1930-60 жылдар аралығында әдебиетте үстемдік еткен идеологиялық себептердің салдарынан үзіліп қалды, кейіннен 1970 жылдардан бастап қазақ прозасындағы осы сабақтастықтың қайта жалғасты. Аңыздық желі, мифологиялық сюжеттер, мотив пен образдар ірі суреткерлер шығармаларында жиі қолданылып, көркемдік ізденістердің күрделі де

белсенді процесі жүрді. Қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикалық дәстүр мен дінимифологиялық, аңыздық сюжеттердің типологиялық, тарихилық тұрғыдағы көркемдік функциясын зерттеген еңбегінде А. Жақсылықов қазақ әдебиетінде мифопоэтикалық ойлау дәстүрінің генетикалық тұрғыдан сабақтастығы үзілмегенін, ол дәстүрдің А. Ясауи (12 ғ.), Асан қайғы (15 ғ.) шығармаларынан қоса алғанда XX ғасырдың басына дейін жалғасқанын дәлелдеп көрсетеді. Зерттеушінің тұжырымдауынша, бұл эстетикалық сабақтастық большевиктік идеология және әдебиеттегі репрессиялық тазалаудың, отызыншы жылдардың басында социалистік реализм әдісінің директивті енуінің нәтижесінде ғана үзіліп қалды да, тек жетпісінші жылдардың басында қайта жалғасын тапты.

Аңыздар мен мифтерді көркем туындыда әдеби тәсіл ретінде қолдану 1970 жылдарынан бастап күшті қарқын алды. Осы кезеңде мифологема өз дәуірінің тақырыбын идеялық-образдық тұрғыдан шешу құралы ретінде батыл қолданады.

XX ғасырдың екінші жартысында, әсіресе 60-70 жылдардан бастап қазақ прозасында мифтік аңыз-әңгімелерге, тәмсілдерге деген ықылас, фантастикаға, философиялық пайымдауларға, қиял-ғажайыпқа деген құштарлық осы дәуір әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін белгіледі.

Ғылыми-техникалық даму мифтік шығармашылыққа жаңа тақырыптар берді. Осы тұстағы қазақ жазушыларының тарихи романдармен қатар, бүгінгі күн тынысын бейнелейтін символдық астарлы мәндегі әңгіме, повестерде, хикаяттарда, күй аңыздарында, т.б. прозалық туындылар түрлерінде аңыз жанаша қолданыс тапты. Олардың қатарына қазақ әдебиетінде Ә.Әлімжанов, Ә.Кекілбаев, С.Санбаев, Д.Досжанов, О.Бөкеев, М.Ысқақбай, С.Сматаев, Д.Досжанов, т.б., шет елдер әдебиетінде – В.Быков, В.Астафьев, Р.Гамзатов, Ш.Айтматов, О.Чиладзе, Г.Мотевосян, А.Ким, В.Белов, т.б. қаламгерлерді жатқызуға болады.

Мифтік, аңыздық сюжеттердің 1970-90 жылдары дамуы мен өрістеуіне жаңа серпін берген жазушылардың шығармаларында ортақ сипаттар болды. Қазақ жазушыларының туындылары халықтың өткен тарихына қатысты ауқымды философиялық пайымдауларға, толқаныстарға бейімділігімен; халық ауыз әдебиетінің поэтикасымен, эстетикасымен ішкі үндестігімен; көтеріңкі-эмоциялық, романтикалық стильге жақындығымен ерекшеленді.

1970 жылдары қазақ прозасына ерекше болмыс-бітімді шығармалар әкелген, шығармаларында аңыздық желілерді эпикалық кендікпен түйістіріп, сәтімен, өнімді пайдаланған, өзінің көркемдік шешімін әлемге танытқан жазушылардың көш басында Ә.Кекілбаевты атауға болады. Жазушы шығармаларындағы мифтік желілер, аңыз-әңгімелерді пайдалану тәжірибесін алсақ, ол өзіне дейінгі аңыз-әңгімелерді ше бер пайдалана отырып, философиялық, психологиялық мән-мағына, өзіндік концепция жүктейді. Жазушы шығармаларында аңыздық сарынды дайын күйінде алмайды.

Қаламгер халық жадындағы аңыз-әңгімелерден ерекше бір күрделі мазмұн, символдық мағына көре біледі. Фольклорлық дәстүрдің көркемдік жетістіктерінен нәр алған О.Бөкеев прозасының стилистикасы поэзия тілімен табиғи жарасым табады.

С.Санбаев шығармаларына көбіне өз халқының ерте кездердегі ортағасырлық тарихы өзеке болған. 1960-жылдардың аяғы мен 70-ші жылдардың басындағы шығармаларында С.Санбаевтың кейіпкерлері үшін жасаған ісі ғана маңызды емес, оларды ішкі көңіл-күйі, жан дүниесіндегі өзгерістер де алаңдатады. Олардың өмірінде болған оқиғаның ізі, нәтижесі, тағылымдық өмір сабағы да аса маңызды. Жазушы мифтік-фольклорлық сюжеттерді қазақ халқының өткені мен бүгінін сабақтастыра, тоғыстыра бейнелеуде пайдаланады. Бірақ қаламгер шығармаларындағы аңыз-әңгімелерде өз өлкесінің тарихи тұлғаларына, тарихи оқиғаларға танданып, тамсанудан, оларға еліктеуден гөрі, ондағы оқиға желісінен тыс жатқан астарлы мәселелерді қозғау басымырақ. Сюжеттік желіде өткен дәуір оқиғасы, аңыз жайлы баяндалғанмен, ішкі мазмұны – жақсылық пен жамандық, мейірім мен қатігездік, Отанға деген *махаббат*, т.б. жалпыадамзаттық мәні бар мәселелерді қозғайды.

Дала адамдарының рухани өмірі – қаламгер шығармаларындағы негізгі тақырыптардың бірі. Жазушы шығармалары мифологиялық халықтық сананың ең терең қабаттарын бейнелейді. С.Санбаев туындыларындағы аңыз-әңгіме, мифтерден терең философиялық, адамгершілік бастаулар ашылып, бүгінгі күннің әлеуметтік-рухани мәселелерімен үндеседі. Бабалардың рухани өмірінің тарихын баяндайтын аңыз мәңгілік ұғымымен ұштасады. Қаламгер шығармаларында адамның туған жердің тарихымен, халқының өткенімен және бүгінімен терең байланысы философиялық тұрғыда пайымдалады.

Қаламгерді тарихи тақырыптар қызықтырады. Бірақ рухани-эстетикалық қажеттілікке, жазушының дүниетаным ерекшелігіне орай әр тақырыптың игерілу сипаты мен сыры түрліше. Тарихи тақырыпқа қалам тартып жүрген қаламгерлерден С.Санбаевтың өзіндік ерекшелігі бар. Көшпелі елдің белгілі бір тарихи кезеңдері, өткен дәуір оқиғалары көрініс бергенімен, оның шығармалары үйреншікті мағынадағы тарихи туынды емес. Жазушы үшін поэтикалық мифтің адамгершілік-философиялық арқауы, оның қазіргі заман адамдары үшін көкейкестілігі маңызды. Өйткені жазушы үшін тарихи оқиғаларды нақты көрсету негізгі мақсат емес. Қаламгер одан гөрі өткен тарихқа, өмірге эстетикалық көзқарасын танытып, философиялық пайымдаулар жасауға ұмтылады. Халық аңыз-әңгімелерінің философиялық тереңдігі, ауыз әдебиеті дәстүрінің гуманистік мазмұны, қаламгер шығармаларында ерекше өрнек тауып, жана қырынан көрінген. Оның «Ақ аруанасы» – қазақ сөз өнеріне өзіндік қолтанбасымен, стильдік ерекшеліктерімен жанаша леп әкелген шығарма. Ол сол тұстағы қазақтың тарихи прозасынан өзіндік ұқсамайтын даралығымен оқшауланды. Жазушы дайын мифтік сюжетті, аңыз-әңгімелерді сол күйінде пайдаланбағанымен,

казак үшін киелі болып есептелетін аруана туралы өзінің авторлық мифологиясын тудырған.

Техникалық ғылымдарда ашылған жаңалықтар өзіне дейінгі дәстүрді жойса, әдебиеттің даму заңдылықтары бойынша жаңалық дәстүрлі көркемдік құндылықтарды жалғастыра дамытады. XX ғасыр әдебиетінде казак каламгерлері фольклорлық дәстүр жүйесінде ерекше эмоционалдык-мазмұндық жүк арқалаған фольклорлық образдылықты эстетикалық тұрғыда өз туындыларында ұтымды пайдалана білді. Осы ретте адам мен әлемнің, табиғаттың уақыт пен кеңістік тұрғысындағы байланысын көрсететін зооморфты символиканы, яғни, көшпенділер санасында аса маңызды орын алатын қасқыр, ат, түйе, бұғы т.б. тотемдік бейнелерді атауымызға болады (Көксерек, Кербұғы, Бура, Бәйгеторы, Аруана т.б. бейнелер). Түйе – казак әдебиетінде концептуалдық ауқымы кең дәстүрлі образдардың бірі. Аруана, бура бейнелері ұлттық көркемдік дәстүрімізде жиі кездеседі. Түйе – шексіз ана махаббатын бейнелейтін казак ертегілерінің, мифтік аңыз-әңгімелердің («Бозінген», «Бота» т.б.) дәстүрлі кейіпкері, киелі болып саналатын төрт түлік малдың бірі, казак дүниетанымында тұтастықтың, болмыс бірлігінің, ғарыштың символы. О.Бөкеев «Бура» шығармасында мифтік аңыз-әңгімелердегі халықтың рухани тәжірибесімен суарылған дәстүрлі бейнеден авторлық мифологиялық кейіпкерді сомдайды. Образ «ғарыштық», «табиғи» деңгейге көтеріліп, экспрессиямен, лиризммен молыққан, жалпылық, жинақтық мән алып, сонымен қатар жана мифтік бейнеге, бостандық сүйгіш рухтын бөкевтік символына айналған.

Каламгерлердің дара шығармашылық ерекшелігін әдебиеттегі дәстүр мәселесімен сабақтас қарастырудың мәні зор. Әр жаңашыл акын өзіненбұрынғы ақындар қолжеткізген көркемдік тәсілдерді, көркемдік даму тәжірибесін игеру арқылы дамиды да, өзі де жана ой қосады. Мысалы, Шәкәрім Құдайбердиев дүниетанымының қалыптасуына ұлы Абайдың, орта ғасырдағы сопылар поэзиясының, жыраулар поэзиясының, Л. Толстой шығармашылығының ықпалы зор болды. Шәкәрім ақиқатты тану, рухани тұрғыда өзін-өзі жетілдіру ұмтылыстарын, рухани ізденістерін әдеби, көркемдік ізденістерімен ұштастыра білген сирек тұлғалар қатарына жатады. Оның шығармашылығында діни, эстетикалық, философиялық және психологиялық бастаулардың синтезі жүзеге асты.

1960-70 жылдары казак поэзиясына келіп қосылған қуатты буын М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Қ. Мырзаліев, Т.Айбергенов, М.Шаханов т.б. лирик ақындарымыздың әрқайсысы өзіндік үнімен, дара таланттарымен, қайталанбас қолтаңбасымен ерекшелене отырып, барлығы да казактың қара өлеңіне ден қойды. Олардың көркемдік, тілдік, жанрлық ізденістері қара өлеңнен бастау алды. «Қазактың күпі киген қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын» деген Мұқағали ақынның сөзі бекер емес. Осы ретте әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық туралы белгілі акын Т.Медетбек: «Баба дәстүрдің мұрагері – өз ұлтының рухани байлығы мен әлем әдебиетінің үздік

үлгілерін бойына жинақтап, оларды өзінше игеріп, өзінше қорытқан, өз уақытының үні бола білген, өз заманының әлеуметтік мәнін ашып көрсете аларлық қуатқа ие немере Жаңалық» – деп қорытады.

1970 жылдары қазақ прозасында да тарихи тақырыпқа бет қойған жазушылар М.Әуезов негізін салған тарихи роман дәстүрін жалғастыра дамытып, қазақ тарихының әр қилы кезеңдерін жаңаша бажайлап, жанрлық, көркемдік, стильдік ізденістерге бой ұрып, көркем бейнелеуге бет қойды. Тарихи тақырыпқа қалам тартқан қазақ жазушыларының философиялық-эстетикалық концепциясында мифтік-фольклорлық дәстүр айрықша көркемдік қызмет атқарды. Қаламгерлер поэтикалық мифтің адамгершілік-философиялық арқауын, оның қазіргі заман адамдарға қажетті өзекті сипатын, мәңгілік мәнін пайдаланды және өткен тарихқа, болмысқа өздерінің эстетикалық көзқарастарын танытып, тың философиялық пайымдаулар жасады, жаңа көркем бейнелер сомдады. Халық аңызәңгімелерінің философиялық тереңдігі, ауыз әдебиеті дәстүрінің гуманистік мазмұны, қаламгер шығармаларында ерекше өрнек тауып, жаңа қырынан көрінді.

1960-70 жылдардан бастап суреткерлердің халықтың өткен рухани тәжірибесіне, тарихи бастауларға, мифологиялық бағдарға бет қоюы ұлттық сананың оянуымен байланысты еді. Кеңес әдебиетінде дәуірлеген социалистік реализм әдісі тұйыққа тірелгенде, жазушылар мифтік шығармашылықты дүние, болмыс туралы ой толғаудың тәсіліне айналдырды. Қазақ жазушылары адам мен әлемнің сырын бейнелеуде қалыпты формалардан бас тартты да, оны философиялық пайымдаулар мен мифологиялық таным тұрғысынан игеруге күш салды. Мұның өзі жазушылардың белгілі бір мәдениеттің, белгілі бір тарихи дәуірдің құбылысы болуымен де байланысты болды.

Әдебиеттанушылар әдеби үдерісті зерттеу барысында суреткер шығармаларының көркемдік деңгейіне, сапалық дамуына жіті назар аударады. Дәуірдің әдеби процесін тұтастықта зерттеудің маңызды болатыны үлкен суреткерлер өзіне дейін танылған суреткерлермен ғана емес, «қосалқы» авторлармен де, көпшілік әдебиетпен де шығармашылық «диалогқа» түседі. Тамыrsыз ештеңе өнбейді. Жеке суреткерлер, яғни тұлғалар әдеби үдерісте дәстүрге сүйене отырып, өзіне дейінгі құндылықтарды өзгерте, дамыта келіп, өздері де әдебиетке көркемдік жаңалық, ізденістерін әкеледі және әдеби үдеріс ағынында жалғастырушы, жанартушы қызметін атқарады. Мысалы, XX ғасырдың екінші жартысында, 1970-90 жылдары қазақ прозасында Ә. Кекілбаев, Д. Исабеков, Р. Токтаров, О. Бөкеев, Т. Әбдіков, С. Санбаев, М. Ысқақбаев, Д. Досжанов т.б. жаңашыл жазушылар ұлттық дәстүрді сактай отырып, әдебиеттегі социалистік реализмнің «қатқан қалыбын» бұзуға ұмтылды, дүние мен адам сырын жаңаша құрылымдық ажармен бейнелеуге тырысты. Қазақ жазушылары әдебиетке партия өктем билігін жүргізген тұста халқымыздың басынан өткен

келенсіз құбылыстарды есебін тауып, орайын келтіріп айта білді. Олар өмір шындығын сынаржак суреттеуден бас тартып, мүмкіндігінше қоғам дамуының қайшылықтарын көрсетуге тырысты. Әдебиетте өз ортасын олқы санап, көңілі толмаған, қоғамға сын көзімен қарай бастаған кейіпкер бой көрсетті. Көркем шығармада мұндай кейіпкер қоғам шындығына қанағаттанбай, қоршаған ортаны жатсынып, тіпті жан сілкінісін, ішкі наразылығын білдірді.

Әдеби үдеріс бір ғана ұлт әдебиетінің шеңберінде ғана емес, әлемдік әдебиет ауқымында да бір мезетте бір-біріне ұқсас және бірін-бірі қайталамайтын әдеби кезеңдерден, дәуірлерден тұрады. Әдеби үдеріс үздіксіз жалғасып, әрбір жаңа дәуір өзіне дейінгі көркемдік жетістіктерге сүйенеді. Мысалы: әлемдік әдебиеттің көркемдік даму тәжірибесінде символизм, экспрессионизм романтизм әдісінің аясында канат жайды, яғни XX ғасыр басындағы модернистік бағыттар романтизмнің көркемдік дәстүрлерімен нығая түсті. Жаңа тарихи тұс дәстүрлі құндылықтарды игере отырып, әдеби үдерісте жаңа дүние тудырады, яғни адамзаттың сан ғасырлар бойы жинақтаған көркемдік қазынасына өз үлесін қосады.

Әдеби үдерістің маңызды құрамдас бөлігінің бірі халықаралық әдеби байланыстар болады. Әдеби үдеріс аясында әдеби бағыттар мен ағымдардың белгілі бір ұлт әдебиетінде орын тебуінің бірнеше факторлары бар екені белгілі. Соның бірі – тарихи-әлеуметтік фактор, бірі – ұлттық дәстүр аясында пісіп жетілген қажеттілік (зандылық), енді бірі – әдеби байланыстар. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің әлемдік әдеби процеспен байланысы М.Әуезов, С.Талжанов, Ш.Сәтпаева, Е.Лизунова, Р.Қайшыбаева, С.Тойшыбаева, К.Қанафиева, М.Маданова, Ө.Күмісбаев, Б.Мамыраев т.б. зерттеулерінде қарастырылады. Шетел әдебиетіне ықылас қазақ әдебиетінің әлеуметтік-тарихи және эстетикалық мақсаттарынан туындады.

Қазақ әдебиетіне әлемдік әдеби үдерістің, Шығыспен қатар Ресейдің және Батыстың эстетикалық байланыстарының әсері болды деуге болады және қазақ әдеби үдерісін зерттеу барысында осындай әдеби байланыстарды ескеруіміз қажет. Ұлттық әдебиет жүйесінің өзінің көркемдік дәстүрлерін дамытудағы рөлі қаншалықты зор болғанымен, оны өздерінің жеке тәжірибесімен ғана шектеп қою әдебиеттің қарқынды дамуына кері әсерін тигізеді хак. Ұлттық әдебиет жүйесіне әлем әдебиетінің көркемдік тәжірибесі де табиғи түрде кіреді.

Әрине, біз осы орайда жай «еліктеу» немесе «шеттен алу» туралы емес, мәдениеттердің өзара әрекеті мен өзара ықпалы туралы айтып отырмыз. Сырттан орыс, еуропа әдебиеттерінен келген көркемдік тәжірибе өз бойына жананы құмарлана сініре білген қазақ топырағына механикалық түрде ауысқан жоқ, ол «өзімізге» айналып, ассимиляцияланды, ұлттық әдебиетіміздің бір бөлігіне айналды. Қазіргі қазақ әдеби процесінің ерекшелігі, әдебиеттанушылармыз атап өткендей, сан алуан эстетикалық жүйелердің: романтизмнің, реализмнің, модернистік ағымдардың өзара

катар, параллель, тіпті синхронды дамуында жатыр. Бұл жүйелердің өзара әрекетке түсуі олардың элементтерінің өзара қиынуына алғышарттар жасады және соған сәйкес өз алдына жеке эстетикалық бағыттың әрқайсысын зерттеуде күрделілік туғызады.

Жаһандану дәуірінде қазіргі әдебиеттану ғылымы әдеби байланыстар мен әдеби ықпал объектісін кең ауқымда қарастырады. Ол тек тақырыпқа, образдарға, сарынға, сюжеттік желіге ғана қатысты емес, сонымен қатар көркемдік идеяларды, түрлік ізденістерді, жанрлар мен олардың жүйесін, шығармашылық бағдарламаларды да қамтиды. Халықаралық байланыстар әдеби процесте шартты түрде дербес болғанымен, өз кезегінде әдеби шығармашылыққа да белсенді әсер етіп отырады.

Әдеби процеске ең алдымен әлеуметтік тарихи құбылыстар әсер ете отырып, екі түрлі фактор басты бағыт береді: ұлттық-мәдени дәстүр мен жалпы адамзаттық, әлемдік мәдениеттің әсері. Ұлттық топырақтан сусындап, ұлттық дәстүрден қол үзбеу және әлемнің көркемдік даму тәжірибесін өз мүддесі тұрғысынан игеру әрбір ұлт әдебиетінің жемісті дамуының басты шарттарының бірі болмақ.

Сын – аса күрделі сала. Сондықтан да оған анықтама бергенде, түрліше пікірлер айтылып жүр. Әдеби сынның негізгі зерттеу объектісі – көркем әдебиет, әдеби процесс. Сыншы белгілі бір әдеби шығарманы талдап, баға беру үшін әдебиеттану ғылымының зерттеу әдістерін, методологиясын қолданады. Әдебиет сынының ғылымнан басты айырмашылығы көбіне қазіргі әдебиеттің жай-күйін қарастыруында; әдеби мұраларды бүгінгі заман тұрғысынан пайымдауында. Негізінен әдеби сын баспасөз бетінде газет жанрларында жазылып, өмір сүреді. Әдеби сынның әдеби, ғылыми, публицистикалық идеологиялық сипаттары бар.

Қазіргі қазақ әдебиеті сынының тарихына, оның жүріп өткен жолына көркемдік сапа деңгейі тұрғысынан қарағанда бірнеше айтулы кезеңдерді атап өтуге болар еді. XX ғасырдың 20-30 жылдарында алаш арыстары негізін қалаған, осылардың арқасында жаңаша, ұлттық танымдық-көркемдік биігіне көтерілген әдеби-көркем сынымыз, ең бастысы осы арқылы сол кезеңдегі туған әдебиетіміздің тарихын, теориясын, көркемдік ізденістерін бір жүйеге түсіруге деген талпыныс, барлығы да зая кеткен жоқ. Сол жылдардағы А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, С.Мұқанов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ғ.Тоғжанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев бастаған және осы ізденістер арнасын ары қарай сәтті жалғастырып кете алған кейінгі толқын әдебиет зерттеушілері мен сыншылары да ұлтымызға теңдессіз мол мұра қалдырды. Қазір қолымызда қалған осынау баға жетпес құнды мұра бүгінгі әдебиетін іздейтін, әдебиетін сүйетін жас ұрпаққа да таптырмас рухани азық. «Әдебиеттану» терминдерінің сөздігінде: «Әдеби сын – көркем шығармаларды талдап, баға беріп, олардың идеялық-көркемдік мәнін, әдеби процестегі алатын орнын анықтайтын әдебиеттану ғылымының негізгі бір саласы. Сын – әдебиеттің тарихымен және теориясымен тығыз байланысты.

Айталық, әдебиет тарихы мен әдебиет сыны бір-бірімен жалғас, бірін-бірі толықтырып тұрады. Әдеби теориясы әдеби процестің заңдылықтарын, шығармаларды идеялық, стильдік ерекшеліктері тұрғысынан талдау принциптерін анықтау болса, әдеби сынның негізгі міндеті шығарманы нақты тексеріп, жетістік-кемшіліктерін саралап, эстетикалық баға беру. Әдебиет сыны сөз өнерінің бүгінгі тандағы даму жолдарын анықтауға ат салысады. Әдеби шығармаларға пайымдаулар жасап, түйінді пікірлер айтады. ... Әдебиет сыны тарихы ертеден басталады. Көркем шығармалар дүниеге келіп, халықтың кәдесіне асуының өзі-ақ оларды сын көзбен қарап, бағалаудың қажеттігін туғызатыны анық. Бірақ, сол бағалаудың өзі, әдеби туындының құны мен мәнін анықтап пікір қорыту әр кезде, әр жағдайда әр түрлі болды. Ауыз әдебиеті жағдайында өлең-жырды, дастанды, ертегі-аңыз, хикаяны тыңдаушылардың бағалауы, ауызша пікір білдіруі болашақ әдеби сынның тек алғашқы адымдары деуге болады. Жазба әдебиет қалыптасып, баспасөз, газет-журналдар пайда болған кезде нағыз толық мағынадағы әдеби сын өрбіп, өркендей бастайды» деп жазылған. Бұдан басқа: «Көркем әдеби сын – әдебиеттану ғылымының бір саласы, көркем шығарманы бүгінгі әдеби процесс аясында талдап, бағыт сілттеп отыратын әдеби-публицистикалық, ғылыми-эстетикалық шығармашылық түрі. Әдебиет сыны әдебиет теориясы, әдебиеттің тарихы жеткен жетістіктерге негізделеді. Әдеби сын жазба әдебиеттің, ғылымның дамуымен тікелей байланысты» деп көрсетілген.

Профессор Р.Нұрғали: «Әдебиет сыны өз тұсындағы әдебиет мәселелеріне араласады. Сыншы – күнделікті әдеби құбылыстарды талдаушы, талғаушы адам. Ол – шығарманың көркемдік ерекшеліктерін, формасын талдаушы емес, ең алдымен туындыға негіз болған өмірлік материалды саралаушы, ойшыл, көркемдік, сұлулықты ашушы. Бұл тұрғыдан әдебиет сынының эстетикалық міндеті мен социологиялық мақсаты қатар жүреді. Сыншы – жазушы мен оқырман арасын жалғастыратын көпір, көп нәрсені ажыратып, тиянақтап түсіндіретін әділқазы, арда би. Әрқашанда әдебиет сыны жеке шығармалардың, жеке авторлардың төңірегінде тұйықталып қала алмайды. Ол бір жазушының көлеңкесі емес. Сын пікірлердің артық- кем айтылуы, бір шығармалардың уақытша асыра бағалануы, бір туындылардың қалтарыста қалуы- қайталанатын құбылыс», - деп жазады.

Әдебиет сыны көркем әдебиетпен үзінгілес дүниеге келеді. Көркемдік даму мен эстетикалық талап-талғамның өркендеу процесі уақыт жағынан бірбірінің ілгері-кейінділігіне қарамастан, өзара байланысты болады».

Әдеби сынның табиғаты мен көркемдік-жанрлық қырларын профессор Д.Ысқақұлы төмендегіше айқындайды: «Сын көркем әдебиетпен бірге пайда болып, бірге дамиды. Әдебиет бар жерде, оның сыны да бар. Әдеби сын дегеніміз – көркем әдебиет, оның ғылымы мен журналистиканың тоғысқан түйінінде пайда болып, күнделікті әдеби өмірді зерттейтін, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, баға беретін, оқырманның дұрыс түсінуіне

көмектесетін, рухани әлем аясында қызмет атқаратын, әдеби, ғылыми, публицистикалық сипатты қоғамдық сананың күрделі бір саласы, шығармашылық түрі.

Әдеби сынның басты мақсаты – әдеби өмірде болып жатқан жаналықтарды дер кезінде бағалап, оқырмандарға түсіндіріп отыру, субъектісі – сыншы; объектісі – шығарма жазумен әдеби өмір; әдіснамасы мен әдістері – диалектикалық материализм, қоғамдық ғылымдар, оның ішінде әдебиеттанудың зерттеу әдістері; сынның мазмұны – әдеби процестің өзекті, зеру мәселелері; құралдары – әдебиеттану ғылымының категориялары, терминдері; өмір сүру арнасы – баспасөз; жанрлары – хабар, аннотация, рецензия, шолу, шығармашылық портрет. Мақала, фельетон, эпиграмма, пародия, эссе: бағыты – оқырман қауым, қаламгер; принциптері-халықтығы, идеялылығы, шыншылдығы, тарихшылдығы, ғылымилығы, жауынгерлігі, өмірмен байланыстылығы; атқаратын қызметі-үгітшілік, насихатшылық, танымдық, бағалаушылық, талдаушылық, тәрбиелік, ұйымдастырушылық».

Қазақтың ұлттық әдеби сыны мен әдебиеттану ғылымындағы осынау күрделі жылдарда қалыптасқан, өркен жайған құнарлы дәстүр 60-90 жылдар, керек болса бүгінгі тәуелсіз әдебиетіміз бен өнеріміз үшін де баға жетпес биік тұғыр, эстетикалық құндылық болып отыр. 70-жылдардың ішінде жазған дүниелерімен оқырманын елең еткізген З.Серікқалиев, Т.Токбергенов, А.Сүлейменов, Ж.Әбдірәшев, С.Әшімбаев т.б. сын еңбектері әдебиетке соны леп алып келді.

Бүгінгі күні де қазақтың қабырғалы қаламгерлері туралы қадау-қадау еңбектер жазып жүрген көрнекті сыншымыз Сайлаубек Жұмабектің «Сын пернесі» («Жазушы»), «Ғ.Мүсірепов» («Рауан»), «Сын әуені» («Елорда»), Т.Әлімқұлов, Ә.Әлімжанов, Ә.Тәжібаев, М.Мақатаев, Қ.Мұхаметжанов, М.Қаратаев, А.Сүлейменов, З.Серікқалиев, қазір де қолынан қаламы түспеген Ә.Нұрпейісов, Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртаза, Ф.Оңғарсынова сынды шынайы суреткерлер жайындағы толымды, тағылымы биік әдеби-эстетикалық эсселер мен әдеби талдау мақалалар шоғыры, осының барлығы әдебиет сыншысының кейінгі он, он бес жыл көлемінде тынымсыз ізденіс үстінде екендігін көрсетеді.

М.Әуезов үлкен прозашы, дарынды драматург, тамаша тәржімашы, белсенді сыншы болумен бірге қарымы кең ғұлама ғалым болатын. Шығармашылық қызметінің алғашқы кезінен бастап көркем әдебиетпен бірге оның сынына да белсене араласқан М.Әуезовтің пікірі, оның сыншылдық қызметі, әсіресе қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасына сіңірген еңбектері әлі де арнайы зерттеулерді қажет етеді. Жазушының қазақ тілі жайлы айтқан пікірлерінің бүгінгі ұрпақ үшін маңызы айрықша. Аталған проблеманы шешудегі басқа да ұлттар әдебиетінің әр кезеңінде қол жеткізген табыстарын саралай келіп, сыншы негізгі әңгіменің арқауын Ш.Айтматовтың «Боранды бекет», Ю.Бондаревтің «Таңдау», Ә.Нұрпейісовтің «Сен» романдарын талдауға құрады. Әсіресе, осынау

шоктығы биік шығармалардағы бас кейіпкерлер Едігенің, Владимир Васильевтың, Жәдігердің ұнамды қаһарман ретіндегі қайталанбас характерлері, мейлінше дараланған мінез-мүсіні, олар көтеретін әлеуметтік-көркемдік жүк іргелі әңгімеге өзек болып, жинақтау мен саралаудың арнасында ашылады. Мысалы, «Осы романдағы характерлер қактығысы, сюжеттік желі тікелей іс-әрекет динамикасынан гөрі, ой-сана мен психологиялық шарпысулардан тұратын иірімдерге негізделген», — деп түйінделетін автор ойының тереңдігіне ден қоймаска болмайды. Сонымен, жоғарыда сыншының кітабында негізінен қазіргі қазақ әдебиетінің қабырғалы қаламгерлерінің, айтулы акын-жазушылардың творчествосын тілге тиек ететіндігін астың сыза айттық. Және бірнеше мақалалар қазақ прозасына олжа салған қаламгерлеріміз Е.Домбаев, С.Бердіқұлов, Б.Нұржекеев, О.Бөкеев, К.Ахметбеков романдарын талдауға арналыпты. Нақтырақ айтсақ, «Роман және әлеуметтік талдау» деп аталатын көлемді мақаладағы сөз болатын Е.Домбаевтың «Жаман Жәутік», О.Бөкеевтің «Өз отынды өшірме», Б.Нұржекеевтің «Бір өкініш, бір үміт» романдарындағы қол жеткен көркемдік табыстар мен орын алған кемшіліктер нақты бір проблема төңірегінде, яғни осы шығармалардағы әлеуметтік талдау деңгейінің ара салмағымен өлшенуі көп сырдың бетін ашқан. Осы орайда көркемдік талдау, кейіпкер шынайылығы, жазушының тіл шеберлігі сияқты мәнді мәселелер де назардан тыс қалмайды.

Бұл ыңғайдағы мақалалардың ішінен, біздіңше, халқымыздың арқалы акындары, ардагер дарындар Ә.Тәжібаев пен М.Мақатаев және сирек талант Ф.Оңғарсынованың шығармашылығына арналған дүниелерді ерекше бөліп айтуға болар еді.

Ал енді сыншының құлашты кеңге сермеп, ағынан жарылып, актарыла сөйлейтін тұсы — санлақ суреткерлер Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романының екі кітабын, Әбіш Кекілбаевтің «Үркер» және «Елең-алаң» романдарын талдайтын мақалаларында. Бұл қаламгерлердің көп жылғы шығармашылық ізденістерінің жемісті екендігін, олардың қаламынан туған шығармалардың көркемдік әлемін, танымдық-тағлымдық мән-мағынасын, рухани-философиялық парасатын, қала берді суреткерлік қолтанба ерекшеліктерін егжей-тегжейлі иін қандыра әңгімелейді. Мысалы, «жазушы әке мен бала қарым-қатынасын педагогикалық, эстетикалық, философиялық өрімде өзгеше біртұтастық сақтап, екі кітаптың өн бойында осы өрімді ылғи ірі планда көрсетіп отырады» — дей келіп, сыншы «Қызыл жебе» романындағы орталық кейіпкерлер Рысқұл мен Тұрар тұлғаларын даралаудағы, оларды типтік образ биігіне көтеру мақсатындағы жазушы ізденістеріне, романның реалистік қуатына, романтикалық тынысына ерекше әсер еткен көркемдік факторларды кеңінен сөз етеді.

Ал, әдебиет классиктері Ғ.Мүсірепов және М.Қаратаевпен арадағы сұхбат-диалогтарда алдымен туған әдебиетіміздің кешегісі мен бүгінгісі, әлі де қолымыз жетпей жатқан асуларымыз бен көркемдік мақсат-мұраттар сөз

болады. Бүгіндері арамызда жоқ, айтулы сөз зергері, үлкен суреткер Ғабит Мүсіреповтің қаламдас інісіне ағынан жарылып, аманат еткендей, абыз ойларын бүкпесіз ортаға салуы, оны қолға ұстатқандай жіліктеп жеткізуі оқырман үшін ерекше қымбат, кастерлі болуға керек. Тағы да бір мақаланы жеке-дара, бөліп алып әңгімелеуге толық негіз бар. Ол әйгілі жазушы Шынғыс Айтматовтың айтулы туындысы «Жан пидә» атты романына арналған «Әлеуметтік әділет тартысы» атты көлемді мақаласы. Кезінде романның ізін суытпай, іле-шала «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген бұл мақаланың басты құндылығы – оның сол кезеңдегі одақтық пікірге дер кезінде үн қосып, алғашқы пікір – байламның бірі болғандығында ғана емес, сонымен бірге авторының терең таным-талғамын, биік парасатпайымын байқатқандығында.

Ал, енді кітапқа енген басқа да шолу, талдау мақалалардың арқауында жатқан кіндік мәселелер негізінен 60-80 жылдар прозасының, поэзиясының тақырыптық, жанрлық, стильдік ізденістерін қамтып айтуға арналады. Осы арнада енді таныла бастаған, алғашқы тырнақалды шығармаларымен оқырманға жол тартқан жаңа толқын қаламгерлердің аяқ алысы туралы да сыншының ой-толғамдары, пікір-байламдары орынды, орнықты көрінеді. Сыншы әдебиетіміздің ертеңгі күнінен де суыртпақтап сыр тартады. Жалпы алғанда, С.Жұмабектің сыншылық қолтаңбасын бірден ажыратамыз. Әсіресе, ой-пікірді поэтикалық аяда айшықтап жеткізу, стильдік тұрғыдан шегелей, ширықтыра қайыру мақсатында әдеби-теориялық терминдерді, халықаралық лексикадағы танымдық аясы кең, өткір, танымал сөздерді сыншы өте ұтымды ұстайды. Ұстайды да оларды контекст тініне ойнақы, тігісін жатқыза кіргізіп, киік сақасына қорғасын құйғандай, сөзіне салмақ үйіреді. Бұл сыншының ұтатын тұстары. Мысалы, көркемдік эволюция, сүренсіздіктің барометрі, қайсар иммунитеті, барша парадокс, тағы басқа сол сияқты жеке сөздер, бірқатар сөз тіркестері бұған дәлел. «Жазушы Әбілқайыр, Тевкелев, Бөкенбай, Есет, Мәгі, Тайлан образдарына ретушь жасамағандықтан, қайта тарих пен тарихи тұлғаның қоғамдық тұтас бірлігін құрайтын әлеуметтік шифрды, суреткерлік кодты, шығарманың саяси-философиялық тонусын дәл тапқандықтан бұл образдар өзінің биік көркемдік дәрежесіне көтерілген» («Тарих және көркемдік шешім парасаты», 195-бет). Осындағы ретушь, шифр, код, тонус сөздері сыншының ой-арнасында жарасым тауып, көздеген нысанасын дәл тауып, дөп басуға, пікір байламын түйіндеп ұсынуға жол ашады.

Қазақ әдебиеттануы мен сынының ауыр жүгін көтерген, халықтық мүддеге сай өркен жаюына еңбек еткен, кер замандағы кереғар қағидалардың таяғын жей жүрсе де ұлттық ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің дамуына мол үлес қосқан әдебиетші-ғалымдар аз емес. Солардың бірі – Халықаралық жоғарғы мектептер ғылым академиясының құрметті академигі, Еларалық қоғамдық Ш.Айтматов академиясының академигі, Қазақстан жазушылар одағының

С.Сейфуллин атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, зерттеуші, сыншы – Т.Кәкішев.

Т.Кәкішевтің ғалымдық-өнерпаздық ерекшелігі – өзінің зерттеу еңбектерінде аңызына түрлен түспеген тың салаларды нақты деректер негізінде індетте зерттеуге құмарлығы. Міне, сондықтан оның қаламынан туған дүниелерге ғылыми қауым да, шәкірттер әлемі де, әдебиетті қызықтаушылар да құлақ түріп отырады. Соның нақты бір дәлелі – «Қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу жолдары» атты 1971 жылы қорғаған докторлық диссертациясы. Ондаған жыл тірнектей зерттеген махнатты еңбегі қазақ әдебиет сынының Октябрь революциясына дейін туғандығын, Ұлы Отан соғысына дейін жанрлық жағынан әбден қалыптасып, онаша отау тіккендігін дәлелдеп беріп отыр. Оның алғашқы бөлімі 1971 жылы «Сын сапары» атты монография болып жарияланды. Екінші бөлімі – «Онаша отау» 1982 жылы басылды. Қазақ әдебиеті сыны саласындағы еңбегі қазір республика жоғары оқу орындарының негізгі оқу құралына айналып, оның алғашқы бағдарламасын 1982 жылы жасап, 1994 жылы 25 баспа табак көлемінде оқулығын шығарды. Қазақ совет әдебиетінің 1920 жылдарын түбегейлі зерттеген, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаған Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық-әлеуметтік өмірбаянын жасаған профессор Т.Кәкішев қазақ әдебиеті сынының тарихы саласындағы еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған зор үлес болып, ғылыми мектеп жасап отыр.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлы төңкеріске дейін сын болған жоқ деген қағиданы жоққа шығарып, қазақ әдебиет сынының тарихына зор үлес қосты. «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығында халықтық сыншылдық эстетикалық көзқарасынан бастау алып жатқан халық ауыз әдеби мұраларынан басталып, қазақтың тұңғыш газет-журналдары – «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Айқап», «Қазақ» сынды баспа сөздердің сыни ой-пікірдің тууына игі әсерін жан-жақты талдап, зерттеумен қатар әр кезеңдегі әдебиеттің партиялығы, әдебиеттің таптығы тұрғысынан баға беру және әр түрлі әдеби ағымдар «тұрпайы социализм», «бірінғай ағым теориясы», «пролеткультшылдық»-тардың арасындағы айтыс-тартыстар мен өрістес келіп жатқан ой-пікірлердің ақ-қарасын айқындаумен құнды. Көркем табиғаттың аясында сұлулықпен суғарылып өскен қазақ халқының эстетикалық талғамы да сол өзін қоршаған ортаның, сұлулықтан сомдаған биік талғамдарына сай, әлемдік әдебиеттің небір озық үлгілерімен қатар тұра алатын тамаша ауыз әдебиетін жасады. «Қыз Жібек» жырындағы қыздардың сұлулығы, «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбуырылдың шабысының суреттелуін көркемдік сұрыптаудың жоғары көрінісі деген зерттеушінің пікіріне сөзсіз келісесіз. Халық бар жерде сол халықтың рухани қажеттілігінен туындайтын

әдебиеті де болады. Өнер мен әдебиет адамдардың сұлулыққа, әсемдікке, әдемілікке, көркемдікке құштар табиғатына сай қалыптасып, белгілі бір талап-талғамдарға жауап бере отырып дамиды. Яғни, сөз өнері мен сын өнері бірге пайда болып, қатар қанат жаяды. Бірінсіз бірі жоқ. Демек, әдебиет сынының түп-төркіні өнер атаулыны тудырған, оны сұлулықтың сырлы бесігіне бөлеп алдилеген, өркендеткен халықтық эстетикада жатыр. Қазақ әдеби сынының тарихы әріден, түп-тамырынан бастап зерттеген «Сын сапарында» халықтық эстетика жеке тарауда арнайы қарастырылған. Әдеби сынның дамуы көркем әдебиеттің дамуымен тікелей байланысты. XX ғасырдың басында дами бастаған қазақтың профессионалды жазба әдебиеті сыни ой-пікірлердің жандана түсуіне объективті алғышарттар жасады. Басылып шығып жатқан жаңа кітаптар жайлы пікір білдірген материалдар баспасөз бетінде жиілей түсті. Зерттеуші оларды құрылымдық, мазмұндық, максаттық ерекшеліктеріне қарай дәйектеме сын, жарнама сын, аннотация, оқушы хаты, рецензия, айтыс мақала, публицистикалық сын, проблемалық мақала, шолу, ғұмырнама, баяндама, сын мақала, зерттеу мақала сияқты жанрлық-формалық түрлерге жіктейді.

Т.Кәкішев қазақтың жазба әдебиет сынының түп-төркінін көне замандағы түрлі ескерткіштерінен, орта ғасырлық жазбалардан, қазақ хандығы тұсындағы би-шешендерден, акын-жыраулардан, қазақ жерінен шыққан ғұламалардың еңбектерінен көреді. Қорқыттың қазақ жерін аралап, әр өңірге берген бағаларына, Әл-Фарабидің өнер жайлы пікірлеріне, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» терең ойларға, Махмуд Кашкаридың «Диуани лұғат ат-түркідегі» қанатты сөздерге, Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметіндегі» көркем толғаныстарға т.б. тоқталып, сыншылдық таным-білімнің қайнар көздері ретінде қарастырады. Сонымен қатар ғылыми, ағартушылық, эстетикалық талғамның қалыптасуында орны айрықша үш ғұламаларымыз – Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтың еңбектерін айрықша атап өтеді. Соның ішінде ұлы Абайдың сыншылдық ойының аса ірі құбылыс екенін дәлелдеп көрсетеді. Әдеби сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланыстылығын және жоғарыда аталған газет-журнал беттеріндегі әдеби ой-пікірлерді саралап көрсетеді. Сыншылдық ой-пікірлер, әсіресе «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінде жандана түскендігін көреміз. 1971 жылы жарық көрген «Сын сапар» еңбегінде кейбір олқылықтарын толтырып «Қазақ әдебиеті сынының тарихында» (1994) әдеби пікірлерді талдауға көп көңіл бөлді. А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ә.Бөкейхановтың, Р.Мәрсековтың т.б. мақалаларының қазақ әдебиет сынының дамуындағы үлесін, биік белесін айқындап береді. Сондай-ақ бұрындары «жабық» болып келген «Сарыарқа» газеті, «Абай» журналы сияқты басылымдарда шыққан сыни мақалаларға тоқталады.

1917 жылы Қазан төңкерісі қазақ жерінде де көп өзгерістер әкелді. Ұлы дүрбелені мол жаңа замандағы жаңа талап та өз дегенін істей бастады.

Қоғамдық өмірдегі бар мәселе таптық тұрғыдан шешілген тұстарда әдебиет майданында сынға партиялық бағыт басшылық жасап, әдеби сын компартияның идеологиялық құралына айналып кете барды. Міне осының нәтижесінде көркем әдебиеттің құндылығын тек партия мүддесіне сай келе ме, жоқ па деген тұрғыда бағалағандықтан әдеби сында асыра сілтеулер орын алды. Бұл, әсіресе, кеңес өкіметі орныға түскен 1920-30 жылдарда ресмилік сипат алды. Бұл кезде сын әдебиеттің дамуына пайдасын тигізбек түгілі, кері әсерін тигізді. Бір жағынан жер-жерлерде мектептер ашылып, жоғары оқу орындары, театрлар т.б. мәдени ошақтары ашылып, елді жаппай сауаттандыру жүріліп жатса, екінші жағынан, ұлттық сана-сезімінің оянуына құрсау салынып, халықты идеологиялық «жазалаудан» өткізуді міндет етіп қойды. Міне, осындай қарама-қайшылығы мол қилы кезеңде әдеби сынның жай-күйін сараптауға арналған зерттеуші Т.Кәкішевтің «Онаша отау» еңбегі 1982 жылы жарық көрді. Бұл еңбек нақты шындықтарды саралап көрсеткендіктен, заман талабына сай келмей, ұзақ жылдар бойы баспадан шықпады. Автор «идеологиялық талаптарға» сай келмейтін мәселелермен санасуға мәжбүр болды, соның салдарынан кейбір пікірлерін таптық сипатқа бұрмалады. Бұл еңбек саясат салқынына ұрынып, бірақ кемшіліктерге бой алдырғанмен де, 1980 жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін 1920-30 жылдардағы әдеби-саяси өмірдің көп шындығын ашып берді. Ал, автор бұл мәселеге 1994 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиет сынының тарихында» қайта оралып, мүлде жаңаша көзқараспен жазды. Онда алғашқы кітапқа айтуға мүмкіндік болмаған қазақ халқының ұлттық мүддесі үшін алысып өткен алашшылдар жайлы шындықтар ашылып, олардың қазақ әдеби сынының тарихындағы сыншылдық ой-пікірлердің маңызды орны, лайықты бағаланды. Аумалы-төкпелі заманда тұсаулы ғұмыр кешкен әдебиет сыншыларының қызметіндегі артық-кем түсіп жатқан тұстарында жасырмай жайып салды. Әсіресе, ақиық акын Мағжанның төңірегінде болған әдеби айтыс туралы жолдар көп шындыққа көз жеткізді. «Кер заманның кереғар ойлары» кітабының «Дарындар – сын додасында» атты тарауында қазақ поэзия элементінің қос жұлдызы Мағжан мен Сәкен тағдырларын желіге ала отырып, оларға тағылған сындардың сырын ашады. Т.Кәкішевтің көптеген публицистік мақалалары, ірі-ірі айтулы еңбектері «Санадағы жаралардан» арылып, арыстарымызды қатарға қосу, кейінгі ұрпақтарға танытуға арналды. Бұл бағыттағы айтулы еңбектері «Октябрь өркені» (1962), «Дәуір суреттері» (1967), «Сәкен Сейфуллин» (1976), «Сын сапары» (1971), «Онаша отау» (1982) сияқты қазақ әдебиет сынының туу және қалыптасу жағдайларына қатысты қомақтылығымен лайықты бағасын алды.

Қазақ әдеби сыны жылдан жылға өсіп, қанат жайып, өркендеп келеді. XX ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың бас кезінде сын жанрына ерекше үлес

қосып келе жатқан тұлғаның бірі және бірегейі – профессор Құлбек Сәрсенұлы Ерғөбек. Ғалымның әр жылдары жазған академик-жазушы Сәбит Мұқанов жөніндегі жазбалары, қазақ балалар әдебиеті, сыны т.б. зерттеулерін айтпағанның өзінде кейінгі жылдары жарық көрген «Арыстар мен ағыстардың» әдеби сын еңбектерінің алты томдығының жөні бір бөлек.

Қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелерін тереңінен танып, портреттер мен проблемаларды талдап жазатын ғалымның «Арыстар мен ағыстарда» айтары көп. Алты кітаптың әрқайсысы жеке-жеке біртұтас дүние, атап айтқанда, бірі «қазақ балалар әдебиеті мәселелерін» қамтыса, екіншісі «қазақ өлені хақында» сыр шертеді. Келесі бір кітапта «қазақ қарасөзін» айтса, соңғы кітабында «шығармашылық лабораторияны» кең тұрғыдан қамтиды. Біздің бүгінгі мақсат – әдебиеттану, сын әлемін сарапқа салатын төртінші кітап жайында ой өрбіту, себебі бүгінгі әдеби процесті тамыршыдай тап басып алуан-алуан еңбек жазып келе жатқан ғалымның бар еңбегі туралы бір ғана зерттеудің барысында айтыл шығу мүмкін емес.

Қазіргі таңда «қалың қалай, қазақ сыны?» деп сұрақ қоятын дәрежеге жетіп қалдық Шын мәнінде сын тоқырауға ұшырап тұр десе де болғандай. Сол себепті осы жанрдың шын мәніндегі жанашыры және бірден-бір белсенді авторы болып жүрген сыншының көбірек жағдайда осы кітаптағы сыни еңбектеріне тоқталып, талдау жасауды мұрат тұттық.

Қазақ сынында аты-жөні ұмытылып бара жатқан тұлғалар көп, солардың қатарында тұрған жанның бірі Мұхамеджан Қаратаев. Әрине қазақ сынының өркендеуіне ғұмырын арнаған ғалымның өмірі ең бір ауыр кезеңдерге тап келді. Социалистік реализм де, идеология да кімді де болсын қатты қадағалап, не жазу керек, нені сынның найзасына қадау, ілу мәселесін өзі назарға алып нұсқау беріп отырды. Талай зобаланды бастан кешірген ардақты сыншының артық-кем кеткен жері де болған шығар, бірақ осындай мәселелерден ілік іздеп, жазықсыз жандарға зәбір, жапа көрсету жараспайды. Сыншы Қ.Ерғөбектің «Сын сардары бола білген еді...» деп аталатын еңбегі М.Қаратаевтың шығармашылық өмірінің соңғы кезеңіне арналған.

Кенес үкіметі құлар алдында қоғамда «қайта құру» атты жылымық дауылы жүріп өтті, сол дауылдың сокқысын көрген жақсылар көп, көзі тірі М.Қаратаев, І.Кенесбаевтар ғана емес көп жыл бұрын өмірден өткен С.Мұқановқа дейін қиянат жасауға жақын бардық. Сондай солақай сокқыға көбірек ұрынған қайраткер академик сыншы Қаратаев. Жан азабы, ар азабы шыдатпаған ол көп кешікпей мерт болып кетті. Ал енді, шын мәніне келгенде, қаһарлы «отыз жетінін» азабын аз шекпеген аяулы жанның бірі – М.Қаратаев. Ол жөнінде зерттеуші: «Сөйтсек, отызыншы жылдары Абай атындағы қазақ педагогикалық институтын тәмамдаған, Санкт-Петербургте аспирантурадан өткен, азулы сыншы, эстет әдебиетші Қазақстан Жазушылар одағында жауапты хатшы қызметін аткарып тұрып, «халық жауы» болып ұсталып кетіпті. Сібірге айдалған жап-жас Мұхамеджан да

біраз қағазға қол қойған деседі, атынан бірсыпыра мақала да жазылыпты. Мүмкін. Өзгені қайдам, архив ақтарған маған аға буында отыз жетінін құйынынан аман адам жоқ сияқты көрінеді. Біреу – аз, біреу – көп, біреу-көрініп, біреу көрінбей істеді. ...Қалай дегенде бәрі де қоғам дертіне қызмет көрсетпей тұра алмаған. Ол бір алмағайып заман еді ғой ағайын!», - деп сыр шертеді.

Иә, шын мәнінде ол бір кезең алмағайып дәуір еді, жазықсыз, әзіз жандардың қаншамасы қапылыста қаза тауып, мерт болып жатты. М.Қаратаев, Ө.Тұрманжанов, Ж.Арыстанов сынды ардақтылар бір емес екі реттен сотталып, айдалып, әйтеуір аман қалды. Бір адамның емес, бір халықтың басына құйын үйірілгенде кімнің басынан не өтпейді, енді бүгін өркениетке ұмтылып, азаттыққа жетіп, биік мәдениет баспалдағында тұрғанда зая-заманның өзі аямаған тұлғаларды екінші, үшінші рет күйдіру ешқандай абырой әпермейді. Жасы сексенді алқымдаған сыншы (1990 жылдары) жаны күйгенде: «Бұлар неге оқиғаға терең талдау жасамайды, неге мәселенің бетін қариды? – Не бұлар бізді жеңіл тағдыр кешті деп ойлай ма, сонда? Ол заманды басқа бермесін. Басқа берсе сатқынның көкесі – осылардан шығар еді?», - деп шыр-пыр болады.

Уақыт өтті, көп нәрсенің ақ-қарасын айыра бастадық, асыл мен ақықты, жаман мен жасықты танитын жас ұрпақ жетіліп келе жатыр. Сол бір аласапыран күндері көз алдымызда «шөжіп те, шөгіп те» бара жатқан сыншының қасында болып, жанына жалау, өміріне медеу болған жас сыншы Құлбек Ергөбектің түйіні төмендегідей: «Бірді-екілі кісі теріс айналды екен деп, Мұханнан жұрттың бәрі безінген жоқ, әсіресе, шәкірттері жау жоқта батырсып, бұлт жоқта найзағай отын жаркылдатып жүрген айғайшыларға тіпті де ден қойған жоқ. Ұстаз-ұстаз қалпында, шәкірт-шәкірт орнында!» - қалды. Атақты ғалым, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші, өз өмірінде талай соққының азабын көрген М.Қаратаевтың замандасы, әріптесі, «қайырымсыз уақыттың қайсар ұланы» Б.Кенжебаевты шын мәніндегі шәкірті Қ.Ергөбектің ұстаздар жайында айтары әманда ашық, көңілі таза, «айғайшыларға» ермейді.

Сыншы, әдебиетші, фольклорист, тюрколог, публицист ғалым Рахманқұл Бердібай шығармашылығы жайында жазылған еңбек «Алаш рухты азамат» деп аталады. Өткен ғасырдағы елуінші жылдардың соңынан бастап әдебиеттану әлеміне келген ғалымның бұл күндері жарық көрген кітабының өзі 40-қа жуық десек қателеспейміз, ал мақалалар саны да 500-ден асып жығылары сөзсіз. Өмір белестерін, шығармашылық жолын, әдебиетке қосқан үлесін, түркі әлеміндегі әдебиеттен алар орнын, ең бастысы алашым деп, қазағым деп, ұлтым деп жүрегі соғатын ғалым Р.Бердібайдың шығармашылық портретін аша білген. Мысалы: «Р.Бердібай қазақ кеңес әдебиетінің әр жанрдағы көптеген туындылары туралы сын мақалалар жазды, проблема көтерді, соның ішінде әсіресе қазақ романын тереңдеп тексерді, қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті байланыстарын, көне қазақ әдебиеті

тақырыбына да белсене қалам артты», - дейді. Ғалым зерттеуші атап көрсеткендей Р.Бердібайдың шығармашылық ауқымы өте кең, 60-70 жылдары сын жанрында жарқылдап көрінді, көп уақыт бойы роман жанрын зерттеді, ал енді баспасөз бетіндегі проблемаларға араласып, конференция, т.б. жиындардағы ойлы, отты, өткір пікірлер өз алдына бір бөлек дүние. Бұл күндері «Р.Бердібай – зерттеу мектебі қалыптасқан көрнекті фольклорист, бұл саладағы еңбектері өз ішімізде де, сырт елде де үлкен абыройға ие. Тынымсыз ізденістен туған «Қазақ эпосы», «Эпос-ел қазынасы», «Эпос мұраты» аталатын монографиялары арқылы түйілген концепциясы оны эпостану негізін салушы дәрежесіне көтерді. Күллі түрік дүниесінде әбден мойындалды».

Қ.Ергөбектің ұстаздық парыз, шәкірттік қарыз, дара даналық, мейірімді ізгілік жайында айтары көп. Осы ойлардың бір парасын Р.Бердібайға қатысты былай өрбітеді: «Ізгілік бастауы – даналық! Даналық қайнары – ұстаздар өнегесі. Р.Бердібай ұстаздар өнегесін мықтап тұтынған, шәкірттігіне шәк келтірмейтін кісі». Иә, кешегі Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев сынды ұлы тұлғалардың шәкірті, бүгінгі Ш.Ыбыраев, Қ.Ергөбек, З.Бисенғали, Ж.Дәдебаев, Б.Ыбырайымов т.б. талантты әдебиеттанушылардың ұстазы Р.Бердібай алаш рухын айбынлатып, асқақтатып жүрген қалам қайраткері.

«Бақытты ғұмыр». Қ.Ергөбектің бұл еңбегі академик сыншы Серік Қирабаев шығармашылығына арналған екен. Үлкен әдебиеттің жауынгер жанры саналатын әдеби сынға Абай атындағы педагогикалық институттың екінші курсына оқып жүргенде жазған «Идеясыз жинақ» («Социалистік Қазақстан», 24.10.1948, «Егемен қазақстан») атты мақаласымен келген ол бұл күндері танымал әдебиетші, белгілі сыншы. Серік Қирабаев көп қырлы талант иесі, зерттеуші соның бірі жайында былай деп түйін жасайды: «Саны көп мақалалардың бізге қазақ балалар әдебиеті жайында жазған мақала, рецензиялар көбірек ұнады. В.Г.Белинский рухында жазылған «1949 жылғы балалар әдебиеті» (1950), «Балаларға арналған жинақ» (1951), «Балалар әдебиетінің кейбір мәселелері» (1954), «Балаларға арналған еңгімелер» (1953), «Қазақ совет балалар әдебиетінің кейбір мәселелері» (1954), «Детям – хорошие книги» (1954) – аталатын мақалалар проблемалылығымен, танып айтып, талдай қоюымен көңілді елең еткізген кезінде», - деп бір түйсе, одан әрі өзінің де бұл әдебиетке деген сүйіспеншілігін: «Балалар әдебиеті – бейкүнә, жанап кетсең жанына шуақ ұялататын кәусар бұлақ секілді мөлдір әдебиет қой», - деп жеткізеді. Бұл күндері С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, Ғ.Мұстафин т.б. классиктер шығармашылығын монографиялық деңгейге дейінгі зерттеуді жүзеге асырып жүрген ғалымның сын әлеміне балалар әдебиетінің сыншысы, зерттеушісі болып келуінің өзі бір тарих. Әдебиет әлемінде жүріп «бақытты ғұмыр» кешу оңай емес, ардың ісі болып саналатын әдебиет әрқашан азаптануды талап етеді. Біздің ойымызша Серік Қирабаевтың бір бақытты ғұмыры – ол «Әдебиетіміздің актандық беттері»

(1995), Серағанның әдебиет, қоғам үшін күресінің бір белесін: «қайта құру рухымен өмірге келген «ақтандақтарға» Сераған алдымен себепкер басшы-ұйымдастырушы болып араласты. Ұлы Абайдың, алау акын Сұлтанмахмұттың екі томдығы, маздаған Мағжан, аяулы Ақан, Жакандар, ғұлама Ғұмардың бір томдық еңбектерінің жарық көруіне тікелей атсалысты», - деп көрсетеді.

Аға буын саналатын ардақтылардың алдында тұрған ең ұлы міндеттердің бірі күні кешегі әдебиеттің басынан өткен «ақтандақтардың» ақиқатын айту, кейінгі келер ұрпаққа шынайы шындықты жеткізу. Жаратылысында бекзат, тумысында адал Сераған бұл сұрақтардың көпшілігіне шама-шарқынша жауап берді және ең бастысы әділеттен аттамай үлгі көрсетті. Қадірменді Қирабаевтың осындай ұлағатты іске кірісуі жөнінде: «Ағалық жасқа жеткен Сераған ұлғайған жасқа, молайған тәжірибеге орай осы екі міндетті қатар атқаруға кірісіпті. Соңғы кездері жарық көрген – «Әдебиетіміздің ақтандақ беттері» мақалалар жинағы бізге осындай ой түйгізді», - дейді. Аталған кітапқа енген «Әдебиет пен өнер-ұлттық идеологияның маңызды саласы», «Әдебиет – ұлттың рухани байлығы», «Қайта құру және әдебиеттану», т.б. мақалалардың қай-қайсысы болмасын бүгінгі әдебиетті қалай өркендетуге болады, ғылым, білім, әдебиетті қалай дамытуға болады дейтіндей методологиялық мәселелерді тереңнен қозғайды. Жоғарыдағы мақаланың аты айтып тұрғандай әдебиет пен өнерді ұлттық идеологиядан бөліп қарау мүмкін емес. Бұл жөнінде сыншы ғалым С.Қирабаевтың өзі: «Ешбір қоғам, мемлекет идеологиясыз өмір сүре алмайды. Идеологияның жоқтығы қоғамның даму бағдарын әлсіретеді, оны құлауға жеткізеді» (2,4), - деп жағымды пікір айтады.

Сыншы Қ.Ергөбек өзінің ойын қорытарда ардақты аға, кемел ғалым, академик С.Қирабаевтың бірнеше адами қасиетін санамалап көрсетеді, ол қасиеттері төмендегідей: 1. Әділдігі; 2. Қимыл ілкімділігі; 3. Өзі жазып қана қоймай, белгілі бір объектіні өзгеге тақырып етіп ұсынар кендігі; 4. Қазақ әдебиеті казынасын орыс тілі арқылы кезінде үлкен аренаға шығарған азаматтығы; 5. Әдеби процесті тұтас көргісі келетін алымдылығы; 6. Ақ деп таныса пікірін батыл қорғайтыны.

С.Қирабаев бойындағы Қ.Ергөбек көрсеткен бұл қасиеттердің әрқайсы туралы-ақ жан-жақты пікір сабақтап, ой түйіп, дәлел келтіруге әбден болады, оған ғалым Қирабаевтың өмір жолы, ғалым сапары, әдеби мұралары әбден лайық. Оның бәрін тәптіштеп айтып, жазып жатуды бүгін мақсат етпедік. Қ.Ергөбектің «Арыстар мен ағыстарында» (Әдебиеттану, сын әлемі) қазақ әдебиеттану ғылымына, оның ішінде әсіресе сынына қосқан тұлғалар жөнінде жазған ойлы, қызықты, дерек көздері орасан бай еңбектер көп. Атап айтқанда Мүсілім Базарбаев («Кекірілінен басталған жол»), Төлеген Токбергенов («Сыншы мінезі»), Сағат Әшімбаев («Жанын жалау еткен»), Бақыт Сарбалаұлы («Таза бұлақ») т.б. жайындағы жазбалары құндылығы, тереңдігі, методологиялық бағыты, ең бастысы ғылыми концепциясы айқын.

Бүгінгі шағын ғана зерттеуімізде біз ғалымның М.Қаратаев, Р.Бердібаев, С.Қирабаев шығармашылығының кейбір қырларын сөз еткен еңбектеріне ғана тоқталдық. Зер салып қарағанда аңғарылатын бір жайт бар, ол сыншы Ерғобектің зерттеу объектісінің ауқымы бай. Ол өзі сөз етіп отырған тұлғаның шығармашылық тағдырымен бірге өмірлік деректерін қабыстыра, қоғамдық өмірдегі орнына дейін талдау жасай отырып танымды, тағылымды, үлгі-өнегені қатар ұсынып отырады. Мұның бәрі сыншы ғалым зерттеулерін қызғылықты етіп, оқырманына ой салады.

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МОДЕРНИЗМ

1. Қазақ прозасындағы модернистік эстетика.
2. Қазақ прозасының көркемдік жүйесіндегі экзистенциализм.
3. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы экзистенциализм.
4. Қазақ прозасындағы жатсыну проблемасы.
5. Көркем шығармадағы адам және қоғам концепциясы.

Біздің дәуірімізде проза, соның ішінде роман өмір шындығын ашудың, күрестердің, байланыстардың, қайшылықтардың, ықыластардың түп-теріне дейін көрсетудің, үлкен заманалық тенденцияларды, объективті ақиқаттарды адамдардың мінез ерекшеліктерімен, жеке бастың аңсарымен тығыз тұтастықта алып суреттеудің сенімді құралына айналды. Өмірдің объективтік ағысын, оқиғалар тарихын айтуды қаһармандардың субъективтік аңсарымен қабыстыру ғана – көркемдік шындыққа алып баратын сара жол.

Расында да, қазақ прозасында жаңа сипатты шығармалардың дүниеге келуінің бір үлкен себебі – қоғам мен оның субъектісі – жеке адамның арасындағы қатынастар тереңірек талданды. Жалпы, қоғам деп аталатын категорияның өзін алып қарасақ, еріксіз түрде адам деп аталатын факторға тірелеміз. Өйткені қоғамды тудырушы, жасақтаушы адам. Қоғамның негізгі заңдылықтары, қарым-қатынастық жүйесі, тәртібі, даму тетіктері, идеологиясы адамның ақылы мен ойы, іс-әрекетіне тәуелді болатыны өзінен-өзі белгілі. Қоғам – адамдардың өмір сүру салты. Сол себептен де қоғам мен адам проблемасына үңілуіміздің нәтижесінде адамның көпшілік қыры мен жекелік болмысын бір-бірімен сабақтастыра отырып қарауымызға мүмкіндік туады.

Өмір өзгерістерінің шынайы бейнесін жасау қажеттілігін сезінген осы кезең жазушыларының адам және қоғам проблемасына келгенде біраз уақыт белең алып келген сынарезу, тапшылық қасаң принциптерден іргесін алшақтата бастауы – каламгерлердің өмір материалдарын сан-қырлы әлеуметтік-рухани сипаты ерекшеліктеріне орай әр алуан позициядан зерттеуге көңіл қойғандықтарынан көруге болады. Қоғам құбылыстары жөніндегі тарам-тарам толғаныс-зерттеулердің идеялық-эстетикалық

шешімдерінен де бір сарындық байқалмайды. Бұл өзгеріс әдеби қаһармандардың бойында бар.

Қоғам мен адам, я болмаса кеңістік пен кейіпкер проблемасы қашан да қаламгердің дарын мен парасат-білігін салмақтайтын әдебиеттің рухани өзегі. Кейіпкерсіз көркем шығарманың, кеңістіксіз кейіпкердің көрінуі мүмкін болмағандықтан, осы екеуінің арасындағы жанды байланыстардың өзгермелі күйін суреткерлік құдіретпен бере білу жазушы көркем туындысының сапалық өлшеуіші бола алады.

Соңғы жылдары қазақ прозасында авторлық «меннiн» берiлу амалдары күрделене түсті. Қаламгерлердің шығармашылық ізденістеріндегі стильдік процестер түрлі бағыттарда жүріп жатты. Адам тұлғасын, адамзаттың бүгінгі рухани құндылықтарын безбендеуге келгенде бейнелеудің дәстүрлі принциптерімен қоса, альтернативті сарындардың да орын тебе бастағанын аңғару қиын емес. Атап өтерлік жайт, бұл кезеңде әлемдік әдебиетте модернистік эстетиканың ықпалы аз болған жоқ. Мұндай ерекшелікті ұлттық прозамыздан да аңғарамыз. Зерттеуші Т.Есембеков: «Проблемалық ізденістердің нәтижесінде экспрессионизм, импрессионизм және экзистенциализмнің қазақ прозасына белгілі мөлшерде қатысы бар екені анықталып отыр. Бұлай деп айтуға теориялық та, практикалық та негіздер бар», - деп жазады.

Соңғы жылдарда кеңістік пен кейіпкер қатынасын көркем зерделеу нәтижесінде өніп шығып, әдеби тенденциялардың бірі ретінде көрініс берген қазақ прозасындағы экзистенционалды ой ағымы бүгінгі күні айрықша назар аударуға сұранып тұрған мәселелердің ішіне енеді. XX ғасырда пайда болған, өз идеялық бастауын Гуссерль, Кьеркегор еңбектерінен алатын әлемдік ой ағымындағы бұл бағытты Марсель, Ясперс, Бердяев, Шестов, Бубер, Сартр, Камю, Бовуар, Хайдеггер сияқты философтардың қолдағаны мәлім. Кезінде «өмір сүру философиясы» деп аталған мұндай бағытты тек буржуазиялық идеологияның, буржуазиялық философияның толғамдарының нәтижесінде дүниеге келген теріс көзқарастар бағыты деген түсініктердің басым болғаны да шындық. Мәселен, «Экзистенциализмнің философия мен әдебиеттегі көрінісі» деген еңбек жазған поляк ғалымы Ежи Коссак: «Философиялық концепция ретіндегі қазіргі экзистенциализмнің әлеуметтік және тарихи негіздерін, оны ерекшелейтін идеялар мен сарындарды айтқанда біз философияның тарихындағы кең ауқымдағы пессимистік және нигилистік ағымдармен кезігіміз. Бұл адам ақыл-ойының қалыптасқан шындыққа бас көтеру тарихының құрамдас бөлігі», - дейді. Бірақ оның «Шындығында, шынайы адам үшін күрес экзистенциализмнің түрлі өкілдерін біріктіреді» сынды ой білдіруі бұл бағытты ұстанған ойшылдардың адамтанудағы рөлін мойындағаны еді. Және де олардың еңбектеріне қатысты құнды ғылыми тұжырымдар да айтқан.

Жалпы, экзистенциализм бағытының негізгі тенденцияларын саралай келсек, олар мынадай:

Біріншіден, қандай да болмасын білімнің көзі адам тұлғасының нақты болмысын талдаудан басталады. Адам болмысы – жалғыз шынайы ақиқат.

Екіншіден, адам өзінің жекелік максатына ұмтылу барысында ғана өз табиғатына үніледі. Яғни, өмір сүру – өзінді-өзің қалыптастыру, өзінді-өзің ғана таңдау.

Үшіншіден, қандай да бір ортақ мақсаттар мен идеологиядан, жалпылық мүдделестіктен ауылы алшақ адамның жекелік болмысы ғана оны абсурдтық әлем, абсурдтық өмірден құтқарады.

Төртіншіден, адам өзінің күнделікті өмірінде өзін экзистенция ретінде, яғни нақты қайталанбайтын тұлға екенін сезіне бермейді. Ол үшін шекаралық ситуация – өліммен бетпе-бет келу керек. Тек сонда ғана адам өзінің шын бостандығын сезіне алады. Сонда ғана ол өзінің «жапандағы жалғыздығын» («заброшенность» - Хайдеггер), адам мен сыртқы әлемнің сәйкессіздігін түсіне алады. Бұл – экзистенциалистердің негізгі тұжырымдарының бірі.

Экзистенциалистік таным мен олардың ұстанған концепцияларын, теориялық қырларын қарастырған еңбектердің түгелі дерлік келіскен тоқтам бар. Ол – экзистенциализмнің мәдени құлдырау, рухани дағдарыс кезінде күш алатыны. Экзистенциалистік ой-пікірдің ХХ ғасырда бой көтеруіне бірінші дүниежүзілік соғыстың әсері және адамзат баласының бір-біріне жойқын майдан ашқан екінші дүниежүзілік соғыстың уақытында әсері күшейгені осыдан болса керек. Яғни, экзистенциалистік ой ағымы қоғамдық құрылыстағы және әлемдік деңгейдегі қайшылықтар тереңдегенде, санадағы қалыңдықтар кезеңінде адам өзінің фәнидегі жалғыздығын барынша түсінеді деген пікірді ұстанады.

Қазақ әдебиетіндегі осы философиялық ойдың кейбір көріністерін ХХ ғасыр басынан-ақ байқаймыз. Қазақ прозасының бастапқы кезеңдері мен соңғы жылдары аралығын бір-бірімен байланыстыра зерттеп, жалпы бұл жанрдың қалыптасып-дамуындағы негізгі көркемдік заңдылықтарды ашуға арнаған еңбегінде қазақ зерттеушісі А.Исмакова Ш.Құдайбердіұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов шығармаларындағы экзистенциалистік мәселелердің қойылысы жайлы біршама құнды пікірлер айтты. «Тематика казахской прозы 20-х годов катастрофична и расколота, здесь льется кровь, рушатся мечты и иллюзий. По агрессивности этот мир поражает нас своей внутренней оппозицией, порождающей шум и ярость степи. Для этих писателей важно показать, как герой под воздействием жизненных событий становится человеком-личностью», - деп жазады ғалым.

ХХ ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік, қоғамдық жағдай сол шақтағы алғашқы прозалық туындылардың проблематикасын белгіледі. Уақыт өткен сайын асқына түскен отарлық бұғау, қазақ даласындағы бір қоғамдық формациядан екіншісіне өту, әкімшілік-саяси құрылымдардың күштеп ауыстырылуы барысындағы өліара кезең, салт-сана, ел арасындағы өрескел жүгенсіздіктер, адамдық ардың ала жібін аттаған паракорлық сол дәуірдегі

әдеби шығармаларға арқау болған шындықтар. Қазақ халқының басына түскен ауыртпалық, қым-қуат тіршілік сол кезеңдегі қаламгерлердің қарапайым адамның жан-дүниесіндегі өзгерістеріне үнілуге мұрындық болды. Адам табиғатының трагедиялылығы, бұл өмірдегі таусылып бітпес «күйбен» қарекеті жайлы, әлемнің, болмыстың қатыгездігі, оның адам тіршілігімен үйлесе бермейтін қайшылығы жайлы ойлар алғашқы экзистенциалистік пікірлердің көрінісі ретінде танылады.

Қазақ интеллигенттерінің ұлт бостандығы жайлы көзқарастары, қалыптасқан саяси ахуалға қарсы тұруы қазан төңкерісінен кейінгі уақытта тікелей көрініс беруден гөрі, астарлы мағынаға ауыса бастады. Сол себепті де адам тағдырының сыртқы әсерлер тудыратын жағдайлар алдындағы шарасыздығы мен қорғансыздығы, буырқанған әлем алдындағы қауқарсыздығы жайлы философиялық ойлар белең ала бастады. Адам ғұмырының мәнісі жөніндегі мәңгілік мәселелер жазушылардың бірден-бір терендегі бейнелеуге ұмтылған тақырыбы болды.

Алғашқы прозалық үлгілердің көпшілігіне тән трагедиялық әуен трагедиялық бейнелер кеңістік пен адам тұлғасын сыртқы дағдарыстармен, барынша өткір мәселеге айналып кеткен рухани ауытқулармен тығыз байланысты. Мұндай ерекшелікті Мұхтар Әуезовтің 20-шы жылдары жазған әңгімелерінен байқар едік. Қазақ әдебиеттануында бұл мәселені алғашқылардың бірі болып көтерген Е.Аманшаев жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесі жайлы: «Жер-дүние Өлімнің құрсауында жетімдіктің зардабын шеккендігін паш етеді. Адам атаулы күллі әлемді молаға толтырып, Күшікбайдың бейітінен ысқырып келе жатқан өлім алдында қорғансыз, панасыз, жетім. Әңгімедегі кеңістік тұйықталған вакуум секілді. Жер-дүние Өлім деген тұйыққа тіреліп, өлім деген вакуумнан шығар тесік таба алмай қымтырылулы. Адам тұйыққа туа сала тасталған», - деп түйіндейді. Автор пікірі теориялық тұрғыдан толық дәйектеліп жатпаса да, бұл жерде біраз ойға қорек болатын көзқарас жатыр. Адамның әлемдегі жалғыздығын бейнелеудегі айрықша қызметі бар – табиғаттың символикалық функциясы да сыншы мақаласында орынды ескерілген.

Кейінгі жылдардағы қазақ прозасы да адам руханилығы мәселесіне түрлі философиялық көзқарастар тұрғысынан келуге тырысты. Ұлттық әдеби сын көрнекті жазушы Д.Исабековтің «Сүйекші» повесінің философиялық қатпары мол шығарма екенін айтып келеді. Бірақ осы философиялық толғаныс нендей қажеттіліктерден туды, шығармаға осындай жанрлық анықтауыш қосақтағанда көркем туынды сюжетіндегі мекен мен мезгілдің тиянақсыздығына ғана сүйенуіміз керек пе? Қалыпты құрылымдардың шеңберіне сыя бермейтін ой ағымының рухани көздері қайда жатыр? деген сауалдар астары копарылып тексеріле де бермейді. Дегенмен, қаламгерлер творчествосындағы негізгі концептуалдық ойдың бетін ашуға тырысқан сирек болса да жазушының ой қатпарларына деңдей алған сын да жоқ емес. Сонымен бірге, «Сүйекшідегі» Тұңғыштың трагедиялық болмысын

«әлеуметтік теңсіздік» ауқымында қарастыру жауыр болған жаттанды пікірлерді-қайталағандық болып шығады.

«Сүйекші» сынды повеске үңіле отырып Д.Исабеков творчествосына әлемдік әдеби-философиялық ағым – экзистенциализмнің әсері болғандығын айта аламыз. Мұндайлық өзгеше нышан Дулаттың басқа да шығармаларында аңғарылады деуге негіз бар. Сыншы Ә.Бөпежанова қаламгер шығармашылығына шолу жасай келіп: «Ал жазушы творчествосынан сарын іздесек, шығыс поэмаларынан да, тіпті Толстойдың көпке мәлім «қорлық жасағанға зорлық жасама» принципінен де емес, кезінде бізде ағаш аттың басына ілінген, батыс философиясының, сондай-ақ әдебиетінің де қуатты ағымы – экзистенциализммен үндестіктерді зерделер едік», - деген біршама батыл пікір айтқан болатын. Осы түйінді ойлар жан-жақты дәлелденуін күтіп қалғаны да рас.

Ғұмыры бір повеске жүк болатын орталық кейіпкер – Тұңғыш бұл күнде жан-дүниесі аяусыз тоналған, сұлдерін ғана сүйретіп жүрген, басқаларға беймағлұм қауқиған тіршілік иесі. «Бұл жарық дүниеде аз жасады ма, көп жасады ма, рахат көрді ме, бейнет көрді ме, бағы ашылған ба, соры қайнаған ба, бұл жағын да ойлап толғамайтын секілді. Мынау қан базардай құжынаған адамдар тіршілігінде дәулет бар, мансап бар, талас бар, тартыс бар, қайғы бар, сүйініш бар-ау деген сезім оның миына әсте оралған емес. Ол ештеңеге қызықпайды, ештеңеге жанталасып ұмтылмайды, еш уақыт опынбайды».

Тұңғыштың осы сипаты руханилықтан жұрнақ қалмаған, сезімдік қасиеттері өліп кеткен Үндемеске айналған шағына дейінгі аралықта жеке адамның үлкен тағдыры жатыр. Тұңғыш – Аманат – Кеңкелес – Диуана – Үндемес аттарының әрқайсысы оған тағдырдың тепкісі салған таңбалар. Тұңғыштың адамдық болмысынан біржолата айрылу процесінің кезеңдері оған қойылған осы бір аттармен байланысты. Зорлықтың алғашқы ащы дәмін ол әкесінің кездейсоқ өлімінен кейін, жала құрбанына айналып, Доскей ауылына аманатқа тапсырылған шағынан тата бастайды. «Мейірімсіз тағдыр түк таппағандай бейкүне, дәрменсіз баланы осылайша тумай жатып тәлкекке айналдырды».

Осы мейірімсіз, қатыгез тағдырдан Тұңғышқа енді көз ашу жоқ. Дегенмен, Аманат шағында оның бойындағы адамға тән сезімдер әлі де өше қоймаған. Ол анасын сағынады, анаға деген махаббат балаға тән қылықтарымен көрініп жатады. Ал, тағдырдың тағы бір қатал сокқысы – аяулы ананың өлімі оны Кеңкелеске айналдырды. «Кеңкелес үшін мына дүниеде құдық қазып, мал бағу, сәті түссе, тоя тамақ ішіп, ұйқысы қанып оянудан басқа мақсат та, қызық та жоқ. Өзгелер сияқты ол күлмейді, күлдірмейді, қымыз ішіп, қызара бөртіп жүргісі де, бозбала боп қызға қырындағысы да келмейді. Оған енді бәрібір».

Тұңғыш барған сайын өзінің адамдық тірегінен алыстап бара жатыр. Д.Исабековтың кейіпкерінде нақты белсенді іс-әрекет жоқ. Қаһарманға

үстемдік жасайтын нақтылы жағдай, жағдай болғанда трагедиялық жағдай, әділетсіз өмірдің объективті бейнесі. Тұңғыш адам төзгісіз қияметтер мен өмірдің мынау қаскөй баянсыздығына мойынсұнған адам. Ол осы қиянаттың негізгі себептерін, төркінін іздеуге де, оған жан-тәнімен қарсы тұруға да бейілсіз. Повесте оның сезімдік ахуалы, ішкі портреті, толқыған жан әлемі де мардымсыз күйде көрінеді. Тұңғыш көз ашпай келе жатқан ауыртпалықтың бәрін «тағдырдың салғанына» жориды. Оның жаны түршіге қорқатыны – жалғыздық. Осыны еске алғанда ғана мұздап қалған жан сарайы бір селк еткендей болады. «Ол диуана кемпірмен осылайша қосарланып жүре бермейтінін, ерте ме, кеш пе, оның қанатының астынан шығып өз бетінше бөлініп кете барарын білетін-ді. Бірақ «ажырасармын-ау» деп ойлаған сайын бүкіл жарық дүниеде жалғыз өзі ғана қалатындай, күні бұрын жаны құлазып, жетімдік жапасын нақ бір енді шегетіндей іштей үгітіліп, мүсәпір халге түсетін. Тұңғыш диуананың аузынан «енді айырылысайық» деген суық сөзді естігенде тырнағының астына әлдекім ине сұғып алғандай бір селт ете түсті де, басын тұғжытып, төмен қарап отырып қалды».

Тұңғыштың басындағы қиянаттың бәрі оның жанында емес, тек тәнінде ғана сезіледі. Ең бастысы онда тағдырға деген налу жоқ. Өйткені кейіпкердің басында ерік пен бостандығы жоқ. Трагедияның үлкені де осында. Ол өзімен ісі жоқ, өздігінен тоқтамай сусып өтіп жатқан өмір ағысының (экзистенцияның) қақпақылы ғана. Осы дәрменсіздік оны белсенділіктен айырған.

Қарапайым ғана жанның көкірегіндегі құпияға үңілуге тырысатын Дулаттың Тұңғыш арқылы көрсетпек болғаны - адамның мына өмірдегі кері кету процесі. Бұл жерде Тұңғыштың Үндемеске айналу процесі. Ал бұл кері эволюция адамдардың адамдардан жатсынуының нәтижесінде белең алады. Тұңғыш өмірден мейірімділік, адамдар тарапынан жылы ықылас пен қамқорлық көрмей-ақ қойды. Өмірден өз сыбағасын ала алмай, жарық дүниеге елеусіз келіп, елеусіз кетті.

Жазушы өмірдің трагедиялық суретін жасай отырып, сол өмірге жеке адамның панасыздығы мен қорғансыздығын, жалғыздығын, тағдырының талайсыздығын меңзейді. Биологиялық, физиологиялық қасиеті бір адамдардың бір-біріне деген қаскөйлігінің өзі өмір мағынасыздығына алып келетін тәртізді. Бұл жерде американ ғалымы С. Финкелстайнның «Человек не может познать другого — вот что выдается за вечную истину жизни. Современная экзистенциалистическая литература показывает, как люди терзают друг-друга в хаотическом абсурдном мире насилия» деген ойы Дулат Исабеков шығармасына да қатысы бар.

Адамдар бір-біріне неге тасбауыр? Осы сауалға жауап іздейтін Д.Исабеков «Сүйекші» повесінде өз кейіпкерлерінің өмір сүру кеңістігіне трагедиялық әуенде баға беруді нысанаға алған. Сондықтан да Тұңғыш мынау жалғанда ешкімнің шапағатына, жылы алақанына жарымай өтті. Тұңғыш тағдыры басқалардың тарапынан ұмытылған тағдыр. Оның ата-

бабасында жоқ кәсіп - көр қазушылықпен айналысуының өзі көп жайды аңғартады. Өйткені ол іс-әрекетіне баға бере алмастай халге жеткен, Үндемеске айналған. Шығармадағы трагедиялық пафостың тереңдеп кеткені соншалық, жазушының повесті оптимистік рухта аяқтауына мүмкіндік бермеген. Олай дейтініміз, шығармадағы қаныпезер Үкітайдың өмірінің соңында Тұңғышқа істеген қыастықтарына өкініп, адамшылық сезімінің аяқ астынан оянып, оған іздеу салуы нанымсыз шыққан. Рас, жазушы Үкітайдың бұл шешімінің психологиялық дәлелдемесін оның төрт баласының шешектен қайтыс болып, соны Тұңғыштың обалына қалғандығынан деп көрсетуге тырысады. Алайда, бұл сурет шығарманың трагедиялық сипаттағы фабуласында өте елеусіз.

Адам болмысына қатысты терең философиялық толғаныстар 70-80-ші жылдар прозасының дарынды өкілдерінің бірі – Ә.Кекілбаев шығармашылығының да негізгі бағыттарын айқындады. «Шыңырау», «Күй», «Ханша-Дария хикаясы», «Бәсеке», «Құс қанаты», «Шеткері үй» повестері, «Аңыздың ақыры» романы жазушының адам жөніндегі көркемдік-философиялық концепциясын барынша ашып көрсетуге болатын көркем шығармалар. Қаламгер әдебиеттік өрістеудің кейінгі кезеңдеріне тән ерекшеліктер – тарих қойнауларына үніліп, аңыздық желілерді туынды өзегіне айналдыра отырып, мифологиялық желілерді көркемдік мақсатына сай қолдана отырып, өнердің ұлы нысанасы - адамды тануға тың талпыныстар жасады. Өткен күннің көмескі суретін қиялымен байытып, қайта тірілте отырып бүгінгінің мәселелерін бажайлайды.

Жазушының «Шыңырау» повесіндегі бас кейіпкер – Еңсеп ата кәсібі – құдық қазумен қоңырқай тірлік кешіп жүрген, өз ортасы үшін елеусіз ғана адам. Оның өмір сүріп келе жатқан осы шағына дейін “қыран топан қызыққа батқан берекелі өмірі жоқ. Түксиген сыз қабырғалар мен қиыршық топырақтан басқа, екі иінінен аждаһадай айқара басқан көр-қараңғыдан басқа, көргені де шамалы. Бірақ оның осы қара көр қуыс пен бір шөкім сұрқай өмірінен бөгде ойлайтын да ештеңесі жоқ еді».

Суреткер өзінің стильдік бедері – аналитикалық, философиялық баяндауға сүйенсе отырып шығарманы трагедиялық коллизияларға құрады. Еңсепті ғұмыр бойы иектеп келе жатқан сезім – үрей мен күдік. Ол жер шұқып құдық қазу барысында, шыңыраудың түбінен судың шығу-шықпауы екіталай. Өзі ойлаған межеге жеткенде «өлім аузында жүрген кісінің» күйін кешеді. Баяғыдағы сәл болмашы қуанышы, бұдан әлдеқайда бұрынғы, тіпті кешегі талай-талай құдық қазып бетегелі белге берекелі су келтіргендегі қызығының барлығы ұмытылады. Еңсептің бойындағы үрей сезімі талай жылғы құдықшылық еткен кәсібінің нәтижесінде пайда болды дейік. Ал тас қараңғы шыңырау түбінен жарық әлем - жердің бетіне шыққанда бұл сезімнің көлеңкедей еріп жүретіні қалай? Енді маңынан жуымайтын болып өз-өзіне ант беріп, көп уақыт сол тұңғыш қаласқа тағы да түсуге бел байлайды. Үнемі солай. “Күні кеше жігерін құм қылған қыран шұңқырға

кайтадан жетелеп алып келген әзәзіл күштің аты не екенін ол кезде Еңсептің өзі де білмейтін. Келе-келе түсінді. Бірін-бірі жақсы мен жаманға бөліп, жағаластырып қойған мына дүниеде бөтеннің аузынан шыққан жылы сөз, қошамет-қолпаш әлі арыны қайта қоймаған арғымақ атқа қатты тебінген үзенгімен бірдей екен. Ал ол кезде адам пақырды тауға ұрып, тасқа соқтыратын аяр алданыштың әлі арыны мұқалмаған арғымақ кезі еді».

Жазушы Еңсептің еңсесін езгілеген осы бір сергелден сезімдердің түпкі сырын оның тек құдықшылығынан ғана емес, тіршілік еткен ортасынан да табады. Демек, Еңсеп еңбегінен ғана жатсынбайды. Оны жатсындырған мынау қатыбас өмірі мен кекілінен сипамаған тағдыры. Яғни, үрей мен күдік Еңсептің тіршілік ету формасына айналып кеткен. Ақырында ол «өз өмірінің ішіндегі ең терең шыңырауды қазып жүріп қазаға ұшырады». Қу тақырдан талай рет су шығарған ағасы Дәржанның да тағдыры осылай аяқталған.

Экзистенциалистер концепциясы бойынша қорқыныш пен үрей ғана адам өмірінің өлімге барып тірелетін мағынасыздығын таныта алады. Сөйтіп барып адам өз өмірінің шынайы ақиқатына көзі жетеді. «Сонда ғана, - деп жазады Е.Коссак Хайдеггер философиясын талдай отырып, - адам өзінің бөтен әлемге тасталғандығын сезеді, оны үрей мен қорқыныш атаулыдан құтқаратын «өлімге деген еркіндігі» қалады».

Сол тәрізді Еңсеп басындағы нала мен мұнды кездейсоқ шындық деп танудың реті болмай қалады. Оның жеке басы мен қиындыққа толы еңбегі өз ортасынан бағасын ала алмай кетті. Үстірттің үстіндегі суы бір ортаймай шалқып жататын құдықтың «Еңсеп қазған» емес «Еңсеп өлген» деп аталып кетуі соның белгісіндей. Яғни, оның өмірі табаныңды тірердей, соған көңіл қойып сенетіндей шындықты таба алмаған күйі өтті.

Ә.Кекілбаев Еңсептің жалғыздық өмірін, сайқымазақ тіршілігін сыртқы моральдық қатынастар мен ішкі сезімдік әсерлерді тұтастықта суреттеу арқылы нанымды етіп көрсете біледі. Жатбауыр әлемдегі адам өмірінің өткіншілігі мен өкініштілігін баса суреттеген жазушы концепциясы таза скептикалық арнада түйінделеді деуге де негіз аз. Повестегі мына бір үзіндіде қаламгердің басты философиялық тұжырымы жатыр:

«Асылы, адам көңілі өмірдің көп өткіншісі шұбырып жататын айдау қара жолының үстіндегі қайыршының кетік тостағаны сияқты: өткіншілердің біреуі у тамызады; өншен у болса, әлдеқашан жер қабар едің, аз болса да, анда-санда бір тамса да, жер үсті тіршіліктің тәттілігін сездіріп, таңдайынды татытып кететін балы бар ғой тағы да. Адамның есінен қанша таңғанмен, есірік дәмеден қол үзбей, ылғи әлденеге тырмысып, арам тер болып жүретіні де сондықтан шығар».

Ә.Кекілбаевтің трагедияны адаммен туасы бірге, табиғи дейтін экзистенциализм өкілдерінен айырылатын тұсы да осында.

Жазушы О.Бөкейдің әуелгі «Қамшыгер», «Үркер», «Қайдасын, қасқа құлыным», «Мұзтау», «Ән салады шағылдар» кітаптарынан сыншылар мен зерттеушілердің аңғарғаны шығарма бойындағы терең философиялық түйін

мен лирикалық желінің шебер үйлесе білуі және психологиялық талдау мен публицистикалық сарынның берік жымдасып келіп авторлық «меннің» баса көрсетілуі. «Оралханның, - деп жазады С.Қирабаев, - ескі сүрлеуді таптамай, әдебиетке өзіндік үнмен, сырымен, айтар ойымен келгені, өмірді өзінше көріп тануға, өзінше бейнелеуге ұмтылысы, осы жолдағы сәтті ізденістері оның оқырманын тез табуына, оның жүрегінен жылы орын алуына себеп болғаны даусыз». Расында да, Оралхан қазақ прозасының кейінгі жылдарында жарқ етіп танылған құбылыс болды. Қазіргі уақытта қаламгер шығармашылығына ерекше ден қойып жатқанымыз да осыдан болса керек. Қазақ әдебиеттануында қазір көп зерттеліп жатқан да осы қаламгер. Зерттеулердегі ең көп айтылатын пікір – О.Бөкейдің замандастарымыздың өмірі мен мінез-құлқына ден қоюшылығы. Бұл мәселені кеңінен алып қарайтын болсақ, қаламгердің негізгі тақырыбы – бүгінгі заман ағымындағы адам, оның рухани байлығы болып табылады. Бүкіл шығармалары Өмір – Адам – Табиғат желісіне құрылып, олардың арасындағы қарым-қатынастар сипаты көркем образбен, өмірге, адамға, табиғатқа құштарлық пафосымен суреттеледі. Жазушы үшін бұл ұғымдардың концептуалдық мағынасы бар. Шығармадағы көркем компоненттердің бәрі осы бір органикалық тұтастықты ашуға жұмылдырылады. Сыншы Т.Токбергенов өзінің «Қос қағы» кітабында О.Бөкей творчасындағы ғалам мен адамды бір ұғымнан, бір-бірінен ажыратпай, бөліп-бөлшектемей тұтастықта қарау сынды стильдік ерекшелікті жоғары бағалай келе, ойын жазушының «Кеністік пен жалғыздық деген ұғымда адам-жұмбақтың сыры жатыр. Бәріміз жабылып, қайталап айтып жүрген адам-жұмбақ, ғалам-жұмбаққа үніле қарасам, өз алдыма қойған өмір танымға бір табан болса да жақындай түсем бе деп ойлаймын. Мен қазір «Қар қызын» көп ұлғайтып, қайта жазуымда, қазір бітіруге айналған жана романымды «Өз отынды өшірме» деп атауымда сондай бір сырлар жатыр», - деген өз сөздерімен түйеді.

Қаламгердің өзі көрсеткен кеңістік және жалғыздық ұғымы оның шығармашылығының басты тірегі болып табылады. Экзистенциалистердің түсінігі бойынша жеке адамның шындығынан артық шындық болмақ емес. Жеке субъект болмыстың ішінен, кеңістіктен өзін-өзі таңдап алуы керек. Ол осы арқылы тек жекелік болмысын ғана таңдамайды. Бүкіладамзаттық мәні бар шешім қабылдайды. Яғни, оның имманентті құбылысы кеңістікке өз көзқарасын туғызды деген сөз. Жазушы О.Бөкей шығармашылығынан осындай танымның әсері бой көрсетпей қалмайды.

Дүние құбылысының бір бөлшегі – адамның кеңістікті сезіммен саралап, ақылмен ұғынуындағы көркемдік танымның орны айрықша. Көркемдік ойлау нәтижесінде кеңістік үлгісі адам санасында белгілі бір қалып ретінде, тым шексіз болса да белгілі бір модель ретінде бейнеленеді.

О.Бөкейдің әлем мен жалғыздық арасындағы қарым-қатынасты көркем игеру барысындағы экзистенциалистік ой-пікір «Қар қызы» повесінен анығырақ көрінеді. Дүние тылсымын, адам-жұмбақтың сырын ашуға

ұмтылатын қаламгер кеңістік ретінде Алтайдың катал да, ешкімге сырын ашпас томырық табиғатын алады. Мұнда қазақ прозасына М.Әуезовпен келген, өзінің төл шығармасы «Қамшыгерде» танылған көркемдік амал – табиғатты адам трагедиясымен қабыстыра суреттеу жүзеге асады.

Повесте Алтайдың табиғаты тек географиялық ұғымды білдіре бермейді. Мұнда табиғат аясы ғаламның кішірейтіліп алынған моделі. Оның қатерлі де, катал мінезін автор «жаратылыстың осыншалық қатыгездігіне налығандай әлемдегі бүкіл жақсылық пен жамандық атаулыдан безінесін; ақша қардың ортасында мендей қарайып тұрған жалғыз трактор – аппақ дастарханның үстінде жорғалаған қоңыздай-ақ қауқарсыз бейшара», - деп суреттейді. Әлемнің, кеңістіктің көзімен қарағанда адамдар арасында алып күштің баламасындай болып кеткен трактордың өзі жоқтай ғана. Ал, осының ішінде үш тағдырдың, үш моральдың, үш дүниетанымның иесі - Нұржан, Аманжан, Бакытжан бар. Осы бір литоталық суретте кеңістік өлшемімен алғанда адам соншалықты қауқарсыз және елеусіз.

Жазушы ғаламның адамға емес, адамның ғаламға деген қатынасы тұрғысынан зер салады. Бұл орайда қаһармандардың ойы мен танымы әр тарапта көрініс береді. Повестегі драматизмді ширықтыра, кейіпкерлердің психологиялық терең иірімдерін көрсете отырып, суреткер олардың мінез қайшылықтарын ашу сияқты маңызды мақсат көздейді.

Шығарманың алғашқы бөлігінде олардың ауылдағы тірлігі, өмір тарихтарына қысқаша шолу жасалады. Қатерлі сапар алдындағы кішкене эпизодтан олардың мінез ерекшеліктеріндегі бәлендей өзгешелік, я болмаса айырмашылықты аңғару қиын. Қайта бұлардың тағдырларында ұқсастық бар. Үшеуі де әке мейірімін көрмей өскен жандар. Әкесіздік қасіретін жамаған соғыс деп түсінеді бұлар.

Оралхан повесть кейіпкерлерін алғашында бірдей деңгейден алып қарауында үлкен мән жатыр. Қаламгер ойынша олардың адамгершілік сапалары, ақыл-ой өрісі, рухани әлемі ішкі еркінді тұсаулаған, өзінің шектеулі заңдылықтары бар адамдар қауымының ортасында емес, алып кеңістікпен бетпе-бет, жеке келгенде ашылуы тиіс. Алып кеңістікте осы үшеуінің тағдыры сыналады, олар кеңістікке сол үшін «тасталған». Нағыз өмір мен өлімнің шайқасы осы жерде басталады.

Повесте бір-бірінің сырын жетік білетін боп көрінген үшеуі мынау жалпақ әлемде, шет-шегі көрінбестей суық дүниемен жалғыз қалғанда беймағлұм болып келген сырларын ашады. Ең бастысы, олардың кеңістікке деген қатынастарындағы өмір танымдық тайталастары басталады. Демек, экзистенциализмнің шындық, ақиқат өмір мен өлімнің тым жақындап келген аралық ситуацияда ашылатыны жөніндегі идеясы шығарма өзегіне айналған. Жазушы осы бір тартысты ситуацияға кейіпкерлерін әдейі салады да, өлім категориясының мағынасын төрешілік ұғымында қабылдайды. «Анау үзенгілес келе жатқан достарының тотыққан мыс түсті шаршанқы дидарына ұзақ үніліп, оларды енді ғана танығандай, олармен енді ғана шындап

достасқандай балаша қуанған. Әрі өзінің кеше түнде оңбай таяқ жегеніне тіпті өкінген жоқ, қайта «өзіме де сол керек» деп өз-өзін табалаған. Ер-азамат не майданда, не жорықта сыналады деген осы. Ол - Бақытжан осынау қар шағылдардың арасынан достарын ғана емес, өзін де іздеп тауып алғандай еді. Ол ұлы жаңалық ашты - өзін ашты». Ал Нұржан «өте сенімді де, мықты жігіт» деп осы қиын сапарға ертіп шыққан Аманжанға енді басқаша қарауға мәжбүр. «Тәңірім-ау, Нұржанның осы екі жігіттен басқа кімі бар еді? «Аманжан, сен осындай ма едің?.. Пышак жұмсағаны несі. Жо-жоқ, ауылға енді қайтып бармау керек екен. Не болса да осында қар-елінде, адамдары аз кеңістікте өлу лазым екен».

Нұржанның тебіренісінде автордың астарлы ойы бар. Жазушының айтағы - адам өзін-өзі ортақ мүдделерге сай бағалай алмайды. Қауымдық тірлікте қанша адамдар болса, соншалықты жамандық пен жақсылық бар. Дүниенің тепе-теңдігін ұстап тұрған осы іргелі категорияларды заман ағымымен сапырылыса араласып кеткен көптің ішінен айырып алу да қиын. «Үлкен жерді ансап керегі жоқ-ау. Өйткені үлкен елдің - үлкен дауы болады» - деген сөзді автор Нұржанның аузына салғандағы ойы қоғамдық тіршілік болмысынан алыстаудың адам арының тазалығы үшін күресі ретінде ұсынылады. Шығармадан түйетін тағы бір қорытынды - адам әлемдегі жалғыздығын сезіну арқылы өзін-өзі таниды, бағалайды. Өзінің табиғатына үңілудің нәтижесінде кеңістікке жаңаша көзқарас, басқаша қатынасы қалыптасуы мүмкін. (Әрине кеңістік ұғымына қоршаған орта, сол сияқты басқа адамдар да кіреді).

«Қар қызы» повесінде заман ағысынан қалтарыста күн кешкен Қоңқай мен сиыршы шал Оралхан суреттеген кеңістіктің тартылыс күшін реттеп тұрған екі полюс секілді. Тіпті жапан даладағы Қоңқайдың жалғыз үйі - бір адамнан тұратын «мемлекет». «Қоңқай мемлекетінің» өзіндік заңдары мен философиясы бар. Ал сиыршы шал болса, осы Қоңқай үшін ен түзді мекен етеді. Яғни, Қоңқай болмаса тыныштық пен жақсылықтың күзетшісі - сиыршының да болуы мүмкін емес. Бұл - қаламгердің жаратылыс диалектикасына көзқарасы. Бөкейдің пікірінше, адам дүниеде қаншалықты жамандық көрсе, соншалықты жақсылық шапағатын сезінуге қақылы. Қоңқайдың жалғыздық күй кешуі қоңқайшылдықтың заманы өтіп, күні батып бара жатыр деп бағалауға да келе бермейтін сияқты. Өйткені Аманжанның таңдауы басқаға емес, Қоңқайға түсті ғой. Оның жолын жалғастыруы да мүмкін. Есесіне сиыршы шалдың қарасын Нұржан көбейтті. Өмір қозғалысы осылай жамандық пен жақсылықтың ымыраға келмейтін тартысынан туатынын жазушы көркем суреттей келіп, биік рух пен адамдық ардың тазалығын жақтайтын концепциясын танытады. Мифтік бейне деп қарауға боларлық Қар қызы да қаламгердің осы мақсатына орай алынған.

О.Бөкейдің «Қар қызындағы» кей тұжырымдар «Сайтан көпір» повесінде аңғарылмай қоймайды. Туындыдағы негізгі кейіпкерлердің бірі - Аспанның мына монологына назар аударайық: «Адамнан өткен қаскөй не бар

екен мына жалғанда: ендеше, табиғатқа біздерден өгей ешкім де жоқ, ештеңе де, тек екі аяқтылар ғана артық, сол керексіздігімізді жасқана жасырамыз, жанталаса қорғаймыз. Өгейлігімізді білдірмес үшін арпалысып, мұқым жержаһан, ұшқан құс, жүгірген аңға үстемдігімізді жүргіземіз. Өттен, Алтайдағы елік жабылып келіп сүзіп, тепкілеп өлтірсе де обал жоқ маған, обал жоқ. Бүкіл әлемдегі жан-жануарлар жабылып, адамзатқа шабуыл жасаса ғой. Мен сонда сол аң-құсқа қосылып, қарсы аттанар едім». Кейіпкердің осы толғанысы көркем туындының жұлгесіндегі философиялық ойдың тірегі ретінде алынады.

Жалпы алғанда, автордың стильдік айшығы - детерминациясы басым адам характерлерін, олардың рухани болмысын суреттеуде философиялық және публицистикалық ойдың бірлігін сақтап отыруы. Мұндай ерекшелік О.Бөкейдін барлық шығармаларына дерлік тән. Қалам иесінің философиялық толғаныстарға баса салмақ артуы бүгінгі адамның болмыстың түрлі салаларына қарым-қатынасын анықтауға қажет болғаны хақ. Ал адам үшін алаңдау, оның бүгінгі мәселелерін күн тәртібіне көтеру, қоғамдық пікірге әсер ету, рухани дамудың болашағы жөнінде толғану жазушы шығармашылығындағы публицистикалық сарынды заңды етті.

«Сайтан көпірде» адам рухының мәңгіліктілігі мен табиғат рухының арасы сабақтас алынғанын аңғарар едік. Жоғарыда талданған «Қар қызы» повесінде адам зауал шақ - өліммен бетпе-бет келіп барып қана өз шынайы болмысын танытатыны жөніндегі экзистенциялық пікір осы шығармада да бар. Өйткені Аспанға да, Аманға да сайтан көпірден өту шаруашылық мақсаттардан гөрі ішкі рухын сынау үшін керек. «Әркімнің алдында түптің түбінде өтпей қоймайтын «Сайтан көпірі» бар. Тек қорықпағандар ғана арғы жағалауға шығып мақсатына жетпек». Сайтан көпірден өту дегеніміз - өлімге тым-тым жақын келу немесе өмірмен қоштасу. Сонда да Аспан шал мен оның баласы Аман осы бір қатерлі сынға бел буады. Тіпті әкесі өзінің жарымжан (екі аяғынан айырылуы) болуына кінәлі «сайтан көпір» екенін біле тұра баласын тоқтатпау әрекетінде осы мақсат айқындалып жатады.

Аспан да «өліп-тірілуді» басынан кешіргеннен кейін өзгеріп сала бергендей, айнала дүниеге, адамдарға деген, өзіне деген көзқарасының көкжиегі кеңігендей. Аспан «Бәрібір, Алатай мен ауылды жалғайтын жалғыз дәнекерші - «Сайтан көпірдің» амандығын тілейді. Енді сол қасіретке толы жалғыз көпірден ол айырылды. Әне, быт-шыт болып, қармен қоймалжындаған Қаба өзенінің әр тұсында ағып барады. Тек қана, сорайып-сорайып ағаш бағандары ғана қалған. Енді кісі өлімі болмайды. Бетоннан құйып жанасын салып алар дейсіз ғой. Ол - «Сайтан көпір» емес, бірде-бір адам қорықпай, қарқ-қарқ күліп өте шығады да, Алатай жайлауынан қадір-қасиет кетеді. Адамның бойынан қатерден сескену сезімі жоғалып, мүлдем құрып бітіп, есінетер ессіздік үстемдік алады», - деп тебіренеді. Оның ойынша адамдар бойындағы қорқыныш, үрей сезімдері өлген сайын сұлулыққа, мейірімділікке биік рухқа деген құштарлығы тұншыға береді.

Міне, экзистенциалистік ойдың анық көрінер тұсы осында болғаннан кейін Аспанның ойы мен іштейлік толғанысы берілетін үзіндіні молынан алуды жөн көрдік. Әлемдік эстетикада қалыптасқан, мәңгілік тартыс – жақсылық пен жамандықты белдестіре отырып жазушы өзінің осындай философиялық тұжырымын жасайды.

Кеністік пен уақыт, құбылыстар мен қозғалыстар сырын адам-ның субъективті болмысына сүйене отырып қарастыратын экзистенциалистік дүние қабылдау заңдылықтары О.Бөкейдің көркемдік-философиялық танымына әсер еткенін Аспан, Аман бейнелері дәлелдей түседі. Сонымен қатар, шығармадағы философиялық тұжырымдардың жасалуында, осы негізгі шарттарды айқындауда абстракциялы символ-бейнелердің де орны айрықша. Повестегі АНАУ, АЙҚАЙ, ЖАҢҒЫРЫҚ көркем образдық дәрежеге жеткен. Олардың бойына реалды адамдардың типтік құбылыстары мен қасиеттері жинақталуы бізге осы символдарды кейіпкер деп қарауға мүмкіндік береді. Шығармадағы негізгі тартыс кейіпкерлердің жан әлемінде десек, осы тартыстардың катализаторы – символ бейнелері.

Символдың бірталай артықшылықтары да жоқ емес. Символды қолдана отырып олар туралы тәптіштеп көрсету де керегі аз. Мәселен, Оралханның қолданған АНАУЫ ешқандай түсіндірмені тілемейді. Өйткені халық жадында АНАУларға қандай мінездер тән екені белгілі. Жазушы осы бейнелерді тәсілдік қолданысқа алып, өзінің орталық кейіпкерлерін ашу үшін, философиялық ойдың бет-бағдарын көрсету үшін сәтті пайдалана білді.

Экзистенциализмді адамзаттың рухани дамуына тек қана кері әсер ететін ағым деп түсіну бүгінгі ғылым үрдісінен артта қалушылық болар еді. Бұл ағымды қолдаушылар қайта адамзат алдындағы қордаланып қалған мәселелерді меңзеді. Адам баласының апатияға ұрынбауын, қазіргі кезеңдегі адам бойындағы, қоғам бойындағы ірі-ірі дағдарыстарды батыл түрде,

Жатсыну сияқты философиялық категория – экзистенциализмнің күрделі концепцияларының бірі. Жатсыну мәселесі қазақ әдебиеттану ғылымында аз зерттелген. Философияның да ғылыми мәселесі ретінде жатсыну көп жылдар бойы маркстік-лениндік ілімге қарсы қойылып, тек бір жақты түсініктердің ауқымында қалып қойды. Бүгінгі дәуірде, әлемдік мәдениеттердің интеграциясы күшейген шақта, рухани ықпалдардың төркінін танып, өрісін барлау ғылым алдындағы маңызды істердің бірі екені анық.

Жалғыздық қасіреті, адам болмысындағы жатсыну – әлемдегі жазушылар мен ғалымдардың кейінгі уақытта назарын аударып келе жатқан ауқымды мәселе. Біздің ғылымда бұл проблема көп уақыт дұрыс бағаланбай келген кезең – жалпы дүниетанымдық мәселеге тек материалистік тұрғыдан келу үстем болып тұрған кенестік дәуірге дөп келеді. Кейінгі жылдары қазақстандық ғалымдар тарапынан “жатсынудың адам баласының, қоғамның дамуындағы тарихи қажетті форма” деп те айтыла бастады.

Кенестік жүйедегі жеке адамның еркі мен бостандығынын шектелуі қоғамның бүкіл саласында жатсынууды тереңдетіп жіберді. Сананың тұйықталуы, адамның адамдық түпкі негізден, яғни өз-өзінен, өзінің ұлттық тегінен, тарихынан, әдет-ғұрпынан жатсынуына әкеп тіреді. Мұның бәрі қоғамдық қайшылықтардың барған үстіне ұлғая беруіне түрткі болды.

Міне, осы мәселелер әдебиетімізде каншалықты көрініс тапты, адамның қоғамнан, оның түрлі салаларынан ғана емес, адамның өз-өзінен, әлемнен, қоршаған болмыстан жатсынуы бүгінгі күнгі біздің ғылыми тұрғыдан зерттеуге бет алған нысандарымыз. Жоғарыда атап өткендей, жатсыну экзистенциалистік танымның күрделі ойларының бірі болғандықтан, біз бұл мәселені жалпы экзистенциалистік категорияларға сай қарастырамыз.

Жатсынуудың мұндайлық көрінісі Д.Исабековтің «Тіршілік» повесінен де аңдалады. Алғашында ауруға шипа деп татқан көкнәрдің дәмі Молдарәсілдің енді өмірінің мағынасына айналды. Жалғыздықты жігіт өзін ауылдың бел баласындай көреді. Топырақты өлім, торқалы тойдың атқарылуы осы Молдарәсілсіз өтпейтіндей. Оның ақ тер, көк терге малшынып істеген қызметі көкнәрмен еленіп, көкнәрмен өлшенеді. Осылайша елдің өзіне деген ықыласы ерекше деп санайтын ол кәйіпшіл Киеванға айналып шыға келеді. Оның Тұңғыштан айырмашылығы бір сәт болса да өзінің жалғыздығына опынады. Осы жалғыздық туралы ойлау оның адамдық кейіпін білдіріп тұрған жалқы қасиет сияқты.

Д.Исабековтың адам табиғаты, оның тіршілігінің маңызы жөніндегі тұжырымдамаларының жалғасын алғашқы романы – «Қарғыннан» да танымыз. Өзі өндіре еңбек еткен повесть жанрындағы бейнелеу машығы, стиль бедері осы романда да айқын танылады. Әдебиеттің шағын жанрларында танылған философиялық қарымы да тереңдеп, лирикалық, психологиялық, публицистикалық сарындармен берік жымдасып, тұтастық табады. Қаламгер Жасын, Мәлике, Бағила өмірлерін алып, олардың ішкі болмысына, дүниетанымдық қырларына үніле отырып романдық сюжет жасаған. Әдебиет дамуына оралғы болар кедергілердің қиай бастауы, бұрынғы жат деп танылып келген ағымдардың да үлгілерін тәжірибеге алу еркіндігі де қазак жазушысына дем бергені ақиқат.

Шығарманың орталық тұлғаларының бірі Жасын Мәдиев – тікелей жазушының бұл тараптағы ой-толғамдарын арқаалаған кейіпкер.

Дулат Исабеков кейіпкердің ішкі ой ағымы арқылы да, мінездік бітіміндегі өзгешеліктерді сырттай баяндау арқылы да оның дүниетанымындағы айрықша тұстарды көрсетіп отырады. Бұл кейіпкер Ж.П.Сартрдың «Жиіркеніш» романындағы басты тұлға Антуан Рокантенмен ерекше ұқсас. Ж.П.Сартрдың Рокантені өзінің ішкі өмірімен тіршілік етіп жатқан, ғылыммен айналыса бастаған, жеке ойлары мен кітаптары арасында бұйығы өмір кешіп жүрген адам болатын. Кенет оның санасында күрт сілкініс болып, ұйқыдан ояңғандай хал кешеді, өзі үшін ғаламат жаңалық ашады. Ол жаңалық «әр заттын өзіндік өмір сүруі» туралы болатын. Енді

оның бұрынғы ұстанған көзқарастары мен принциптерінің күл-талқаны шығады. Өл алғаш рет мына әлемдегі заттардың өзінен тыс өмір сүретіндігіне көзі жетеді. Тіпті, романда Рокантеннің есік тұтқасын ұстап тұрып тұтқаның бөлек дүние, өзінің бөлек дүние екендігіне қайран қалатын сурет бар. Сөйтіп ол «калыпты» адамдар түсіне алмайтын танымдық өлшем табады.

Екі қаһарманды туыстырып тұратын қасиеттері: екеуі де дүние танудағы қалыпты нормаларға қарсы шығатыны. Жасын бүгінгі адамдардың санасында қалыптасқан сезімдік-рухани сапаларға, оның ішінде махаббат ұғымына да келіспейді. «Бірін-бірі өзгелерден гөрі ерекше жақсы көретін екі адам үшін де ерекше, өзгеше форма керек қой, неге бәрі бірдей жаралған, неге түптеп келгенде ерекше сезімдер де тұрпайы, анайы инстинкке бағынуы керек? Бұл әділетсіз, мүлде әділетсіз»- деуші еді ол».

Міне, осы жерде жазушылардың дүниетанымдық концепцияларында тоқайластық анық байқалады. Жасын адам тағдырының талайсыздығына назар аударады, адам баласының тіршілік тіректерінің тиянақсыздығын айтқысы келгендей.

Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың акыры» романы да философиялық ойға құрылған шығарма. Жазушының психологиялық талдау шеберлігі, кейіпкер характерін ашудағы ішкі монолог сынды көркемдік тәсілді айшықты қолданысы т.б. қаламгерлік ерекшеліктері оның адам ғұмыры мен болмысына барынша терең үңілуіне қызмет етеді. Суреткер «Аңыздың акырында» адамның болмыс категорияларына қатысын бейнелеуде өзінің стильдік ерекшелігін танытқан — сананың ағымына қатты көңіл бөледі. Суреткерлік пен ойшылдық қабаттаса келіп интеллектуалдық концепцияның жарқырай көрінуіне жағдай жасайды. Адам бойындағы өзгеше құбылыстарды, тосын ассоциацияларды мейлінше тереңірек шынайы беруді ой тасқынына жүктеу үлгісін романдағы Алмас хан бейнесінен табар едік. Әмірші үшін абсолютті ақиқат — мәңгілік. Жазушы хан бейнесін осы философиялық категорияның аясынан алып шыққан. Романда бірден көзге шалына кететін тартыс байқалмайды. Мұндағы тартыс нақты кимылдық-эрекеттік немесе идеялардың шарпысуы емес, тартыс адамның ішкі әлемінде, сансыраған санасында.

Мәңгілікті күш, данқ деп түсінетін хан өз ғұмырына көз жібере қалса ылғи тұйыққа тіреле береді. Есіне кешегі пайғамбар Сүлеймен туралы аңыздың түсуі тағы да тағдырдың тұрлаусыздығын баян қылады.

Автор шығарма экспозициясын жорықтағы Әміршінің осындайлық психологиясынан, өзін-өзі жегідей жеген оймен арпалысқан күйінен бастауында суреткерлік амал бар. Өйткені Алмас ханның өз-өзіне қойып, ұштығын таба алмаған бұл сауалдары романның соңына дейін лейтмотивтік қызмет атқарады. Осы ішкі диалогтардан Әмірші бейнесіндегі жатсыну процесін бағдарлай аламыз. Барған сайын кереғар ойлардың тереңдей беруінен құтылмақ болып қаншалықты қарманса да жер бетіндегі тіршіліктен

тиянақ таба алмай аласұрады. Сондықтан да «хан сарайы, сарай маңындағылар, тіпті кіші ханшаға дейін ол үшін соншалықты бөтен, соншалықты жағ. Ол шексіз жалғыздықта».

«Аңыздың ақыры» романында Әміршінің мына тіршіліктен үміт үзген қаһарманның кейде өлімді сағынатын, сол зауал шактың тезірек келуін күтетін суреттер бар. Өзіне бетпе-бет келіп қит етсе қанын шашкалы тұрған тұз тағысы – жолбарысты шімірікпей қарсы алады, тіпті осы жыртқышты өзінің мәңгілік күйзелісінен біржола құтқаратын азатшысындай көреді. Жолбарысты амалсыз жер жастандырғанда ажалдын тағы да сырт айналып кеткеніне өкінетіндей. Мұндай сезім оның «мына көл-дария аспанның астында кімнің болмасын мәңгі серігі құлазыған жалғыздық екенін» ұғынуынан пайда болған. Ақырында Әміршінің мәңгілікке балап жүрген ұғымдарының бәрі де аяқ астынан күйреп бітеді. Оның жалғыз ғана тапқан панаағы кезінде зынданға өзі жаздырған жазу – «Барар жерің бәрібір жердің асты».

Табиғаттың төл перзенті – адамның, оның айналасын, қоғамын, әлеуметтік қырын ашуға келгенде жазушы О.Бөкей үлкен философиялық проблема – жатыснуды да айналып өтпегенін аңғарамыз. Мұндайлық ой бізге оның тырнақалды туындыларына үңілгенде келеді. Соның бірі қаламгердің үздік шығармаларынан саналатын – «Қамшыгер» әңгімесі. Әңгіме экспозициясы М.Әуезовтің «Қорғансыздың күніне» ұқсас. Аркалық тауының сұсты табиғаты мен Ғазизаның тұрағы бейнеленуі сұрқай тіршіліктің, суық әлемнің суретін берсе, Садақбайдың мекені де елеусіз қалғандай, жалғыздық пен жетімдіктің күйін шертеді. «Түйе тастың құбыласын иектей жұпыны ғана қараша киіз үй тігілген-ді. Үй жалқы ғана. Көз көрімде ел жоқ: тек ұзын сонар кож-кож тастар, сойдақ-сойдақ қарағайлар, алапат таулар ғана қаумалай қоршап, күргейлеп тұрады. Қараша үйдің маңынан ербең еткен баланы да, өріп жүрген жетім лақ та көрмейсіз. Өне бойы өгейсіп, мынау жер-жаһанда аласталып, алыста қалғандай: үн-түнсіз ағарандайтын палғайлан».

Шығарманың сюжегі өрбуге тиісті кеңістікте көңілге суықтық ұялататын экспрессивтік суретпен беру бұл тұста автордың көркемдік мақсатымен орайлас алынады, характер ашудағы маңызды компонент ретінде қолданылады.

Осы айтылған ойдағы сияқты әңгімедегі Түйетас пен оның ығын тасалаған жалғыз үй, анырап соққан аңызактың бәрі Садақбайдың мазасыз, жалғызсыраған тірлігінің белгісіндей. Садақбай - ғұмыр-баки саяқ тіршілік етіп, тек қамшысын ғана адал серігіне балап келе жатқан адам. Өзегі талып ашықса да осы қамшысына жүгінеді. Жұрттың бәрі де оған адамгершілік келбетіне қарап емес, қамшыгерлік қасиетіне қарап сыйлайтындай. Туындыдағы Садақбайдың характерін ашудағы мына детальдың қызметі айрықша: оның түс көруі, түсінде қамшыдан тамған қаннан сезіктенуі. Өйткені Садақбайдың осы бір қорқынышты түстен кейін мүлдем өзгеріп

шыға келгені — оның әлем алдындағы жалғыздығын, аянышты тағдырын сезінгені еді.

Жатсыну мәселесінде жазушының позициясын толықтай әйгілеген алғашқы шығармаларының бірі — «Мұзтау» повесі. О.Бөкей мұнда өзінің айнымас тақырыбы — кеңістік пен жалғыздық мәселесін негізгі нысана етіп алады да, көркемдік құралдарды осы екі ұғымның аясында топтастырады.

Кеңістік пен индивид арасындағы қарым-қатынасқа үңілу барысында жазушының негізгі идеялық тұғыры — антропологиялық көзқарас, яғни адамның әуелгі табиғи болмысы, алғашқы негізі жайлы тұжырымы бой көтереді. Адамның абсолютті рухани тазалығын аңсаудан туатын мұндай көзқарас бүтін шығармашылығының идеялық-эстетикалық бағытын айқындаған басты ерекшеліктердің бірі.

Көркемдік таным нысанасын осылайша анықтап алған Оралхан повестегі Ақтан бейнесін табиғат аясында, табиғаттан ажырағысыз тұтастықта суреттейді. Ақтан — адамдардың қауымдық тірлігінен, бірлескен өмір салтынан саналы түрде жатсынған кейіпкер. Оның пайымдауында нағыз ақиқат пен шексіз тазалық табиғатта ғана қалған.

«Кісі аяғы басып, қолы тимеген дүниенің бәрі киелі» деп санайтын Ақтанды ойға қалдыратыны, есенгірететіні адамдардың мына өмірді өткізші деп қабылдамайтындығы, яғни абсурдтығын сезіне алмайтындығы.

«Мұзтау» повесіндегі әлеуметтік-философиялық ойдың аясын талдай отырып айтарымыз, жазушы өзінің алғашқы шығармаларынан бастап жатсыну сияқты күрделі мәселеге өте қомақты жүк артты. Ол жазушының басқа повестерінен де анық байқалады. Әсіресе, «Атау-кере» повесінде батыс экзистенциалисте-рінің ықпалы анағұрлым мол сезіледі.

Еріктің («Атау-кере») бойында Ақтандікінен («Мұзтау») бөлек Қонқайлық («Қар қызы») жатсыну бар. Оның адамдар ортасын тәрк етуі дүниеқұмар өлермендігімен байланысты. Еріктің томырық мінезі, аса қатыгездігі мен будан аралар жағдайын салыстыра отырып, суреткер метафоралық параллельге барады. Жазушының қозғайтыны тағы да адамның табиғи тазалығы. Еріктің жанашырлықтан ада, селт етпес қалалығына іштей мүжілетін Нүрке кемпір баласының африкалық аралармен әуестенуінен қатты тіксінеді. Демек, Нүрке кемпір Еріктің болмысындағы мейірімнің неден өшкенін сезеді. Өйткені будан арадан өсіп-өнген ұрпақ пен Еріктің әрекетінде дүбара тіршілік түйсіктері бар. Ерік — адамдардың бір-біріне деген мейірімділігі болатынын мүлде жоққа шығаратын жан. Адами сезімдер оған жат, тіпті өзін Айнаға үйленуін өміріндегі шалыс басқан қадамы деп шешіп қойған. Жазушының Ерікке берген мінездемелерінің астарында Ара-символдың орны ұлғая түседі.

«Атау-кере» повесінің композициялық түзілісіндегі Таған мен адам көзінен таса тіршілік еткен Шал желісінің жазушы философиялық ойындағы өзекті айқындау үшін мән-маңызы үлкен. Субъектінің эмоционалдык-психологиялық күйін беретін ішкі монологтан да, баяндау үрдісінен де

философиялық тұжырым мен публицистикалық ой қабаттаса келіп авторлық идеяның айқындалуына жағдай жасайды. Шалдың өгей тұрмысы бүгінгі заман тірлігімен мүлде қабыспайтын үнгірдегі мекені, тіпті тұрмыс заттарының саналы адамзаттың алғашқы қауымында дүниеге келгендей әсер қалдыратыны жазушының түпкі байламынан сыр тартады. Бұрнағы дәуірдің жәдігеріндей көрінетін Шалдың мекені – үнгірге орналасқан үй, ондағы Қазақстанның екі қиырынан арнайы әкеліп бауырына басқан екі жетім – Қозы мен Баянның жайын О. Бөкей ерекше мән бере суреттейді.

«Адам-орманның ортасында жүріп күнәға батқанша, ағаш-орманның арасында таза өскенге не жетсін. Мен қазақтың атом апатынан да, бүлінген ауадан да, ішімдік пен аяқтан шалар ағайын алауыздығынан да ада, таза да тәкаппар ұрпағын тәрбиелеймін. Иә, пәле-қала, өсек-жаладан мендуана жеткендей жәсіктерсір әуен мен әумесер қылар айкай-шудан да алып қашып отырмын».

Адам бойындағы жалғыздық қасіреті, ортамен үйлестік таба алмай күйкі тіршілік кешуі біз қарастырып отырған жазушылардың бірі – Ө.Таразидің кейіпкері – Омардың («Тасжарған») бойынан да байқалады.

Жатсыну мәселесі қазақ прозасында әртүрлі деңгейде көрінді. Сондықтан да біз Д.Исабеков, Ә.Кекілбаев, О.Бөкей, Ө.Тарази шығармашылықтарының негізінде және олардың туындыларын стильдік ерекшеліктеріне қарай жеке-жеке ала қарастыруды жөн санадық. Нәтижесінде аталған жазушылардың творчестволарында жатсынудың мынадай түрлері байқалатынына көз жеткіздік:

1. Адамдардың адамнан жатсынуы. Бұл мәселе Д.Исабековтың «Сүйекші», «Тіршілік», Ә. Кекілбаевтің «Күй», «Шынырау» повестерінде айрықша көрініс табады. Жазушылар өмірдің трагедиялық бейнесін жасай отырып, сол қатыгез тағдырдың құрбандығына айналған кейіпкерлерді сомдайды.

2. Адамның өз-өзінен жатсыну мәселесі (самоотчуждение). «Тіршілік», «Қарғын» (Д.Исабеков), «Аңыздың ақыры» (Ә.Кекілбаев), «Өз отынды өшірме» (О.Бөкей) шығармаларында осы мәселе тереңірек қамтылады. Мұнда адам болмысының рухани дағдарысы жеке адамның ішкі себептерінен және олардың өмір сүру кеңістігінің трагедиясынан ізделінеді.

3. Адамның қоғамнан жатсынуы. О.Бөкейдің «Қар қызы», «Мұзтау», «Қамшыгер» сияқты шығармаларында, Ө.Таразидің «Тасжарған» романында адамын онтологиялық жалғыздығы адамын өз-өзінен жатсынуды да, қоғамнан жатсынуды да гудырады. Қоғамдық тіршілік пен жеке адамның бір-бірінен алшақтауы сөз етінеді.

Адамзаттың қазіргі дамуында жатсынудың, өзіндік жатсынудың бар екендігі бұл проблеманың абстрактылы теорияларға негізделген, ойлан құрастырылған проблемға емес екендігін көрсетті. Өздеріне табиғат заңдарының үстемдік ететінін, өздерінің қоғамдық әрекеттері олардың абсолютті еркіндігіне шек қоятынын адамзаттың түйсінуі – жатсынуды

дүниеге келтірді. Қазір ол әдебиет пен философияның ғана емес, саясаттанудың, әлеуметтанудың, психологияның да проблемасы болып отыр.

70-80-жылдардағы қазақ прозасы да өмірдің көлеңкелі, сұрғай жактарын баса көрсетуге ұмтылғанын көріп отырмыз. Кеністік пен кейінкер қатынасында трагедиялық пафос басым. Бұл зерттеліп отырған каламгерлердің көзқарастарында, олардың мүсіндеген образдарында таза пессимистік шешім белең алады деген сөз емес. Қайта осы жамандық атаулыны барынша, шыншылдықпен көрсете отырып, оның түпкі себептерін іздейді.

Образ сомдауда, характер жасауда, идея айтуда жатсынудың үлкен бір әлеуметтік-көркемдік мәселеге айналуының тағы бір себебі – каламгерлердің өздері ғұмыр кешкен қоғамнан, адамзаттың бүгінгі даму үрдісінен, адамның биік рухани кемелдігі мен шексіз еркіндігін жиі ұштастыра бермегендіктен. Олардың жатсынуға белгілі бір дәрежеде бой алдыруы жан әлеміндегі бұлқыныстарға шипа іздегенінен, өз қиялындағы идеалдарымен табысуға талпынатынынан.

Кейінгі жылдарғы қазақ прозасы әлемдік әдеби ағымдағы жетекші бағыттардың бірі ретінде танылған модернизмнің бір тармағы – экзистенциалистік дәстүрдің адам мәселесін шешудегі, соған ұмтылыстағы орнына да көңіл бөлді. Осы тұрғыдан алып қарағанда әлемдік әдеби процесс пен қазақ әдебиетінің бүгінгі интеллектуалдық өрісі арасындағы байланыстар мен сәйкестіктер біршама аңғарылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБЕТТЕР

1. Дәстүр және жанашылдық. - Алматы: Ғылым, 1980. - 367
2. Маргулан Г.А. О носителях древней поэтической культуры казахского народа. К 60-летию М.О. Ауезова. - Алматы, 1959г.
3. Тұрсынов Е. Генезис казахской бытовой сказки в аспекте связи с первобытным фольклором. - Алматы, 1973г.
4. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. - Алматы, 1976ж.
5. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары. - А, 1998 ж.
6. Древняя культура Центрального Казахстана. -Алматы, 1965.
7. Қанарбаева Б. Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі, - Алматы, 2004.
8. Потебня А. Слово и миф. - М., 1989.
9. Негимов С.Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. - Алматы, 1994.
10. Бекежанов Ө. Мифтің қоғамдық санадағы мәні мен қызметі. Канд. Диссертация авторефераты.
11. Аймұхамбетова Ж. Миф дүниесі және көркемдік элем. -Астана, 2004.
12. Нұрмұратов С. Ұлттық болмыс пен ұлттық сана. - Алматы, 1996.
13. Қирабаев С. Талантқа құрмет: мақалалар, зерттеулер, портреттер. - Алматы: Жазушы, 1988. - 248 б.,
14. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., «Ғылым», 2001.
15. Кәкішев Т. Оңаша отау. А., «Жазушы». 1982. -224 б.
16. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. А., «Жалын», 1997.
17. Бердібаев Р. Биік парыз.- Алматы: Жазушы, 1980.-238 б.,
18. Нұрғалиев Р. Телағыс. - Алматы: Жазушы, 1986. - 440 б.,
19. Елеукенов Ш. Замандас парасаты. Әдеби сын. - Алматы: Жазушы, 1977. - 300 б.,
20. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. - Алматы: Ғылым, 1982. - 147 б.,
21. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы. - Алматы: Ер-Дәулет, 1996. - 252 б.,
22. Ысқақбай М. Шығарма шырайы - шындық. Алматы: Рауан, 1994. 240 б.
23. Токбергенов Т. Үш тоғыс. Әдеби сын. - Алматы: Жазушы, 1997. - 196 б.
24. Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начала XX века и современность). Алматы: Ғылым, 1998. - 394 с.
25. Дәдебаев Ж. Шымырлап бойға жайылған. Алматы: Жазушы, 1988, 189 б.
26. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті: Лекциялар курсы. Алматы, Қазақ университеті, 2002, 311 б.
27. Қасымжанов А. Рухани тамырлар // Қазақ. - Алматы, 1994.
28. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. - Москва, 1988г.
29. Ауэзов М. Времен связующая нить. - Алматы, 1972.

30. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың акын шәкірттері. – Алматы, (1, 2, 3 кітаптар). 1993 – 1994.
31. Ахметов З. Абай және Әуезов // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1995. №4.
32. Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алматы, 1964г.
33. Мырзахметов М. Әуезов және Абай. – Алматы, 1997.
34. Дәдебаев Ж. «Абай жолы» эпопеясындағы Абай дәстүрі // Абай. – 1997. – №2, 3.
35. Нұркатов А. Жалғасқан дәстүр. – Алматы, 1980.
36. Ысмағұлов Ж. Абай: акындық тағлымы. – Алматы, 1994.
37. Бердібаев Р. Сарқылмас казына. – Алматы, 1983ж.
38. Бердібаев Р. Тарихи роман. – Алматы, 1978.
39. Марғұлан Ежелгі жырлар, аңыздар. – Алматы, 1985ж.
40. Қоныратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987ж.
41. Акишев А. Искусство и мифология саков. – Алматы, 1984г.
42. Абылқасымов Б. Жанр толғау в казахской устной поэзии. – Алматы, 1984г.
43. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. – Москва, 1975г.
44. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы, 1983ж.
45. Абылқасымов Б. Телқоныр. – Алматы, 1993ж.
46. Пропп В.И. Исторические корни волшебной сказки. – Алматы, 1986г.
47. Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. – Москва, 1976г.
48. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы, 1958ж.
49. Қазақ әдебиетінің ұлт аралық байланыстары. – Алматы, 1970.
50. Базарбаев М. Казахская поэзия: художественные искания. – Алматы, 1995.
51. Мырзахметов М. Абай және Шығыс. – Алматы, 1995.
52. Коссак Е. Экзистенциализм в философии и литературе: Перев. с польск. – Москва: Политиздат, 1980. – 360 с.
53. Хайдеггер М. Время и бытие: Статьи и выступления: пер. с немецк. – Москва: Республика, 1993. – 447 с.
54. Сахарова Т.А. От философии существования к структурализму. – Москва: Наука, 1974. – 394 с.
55. Грицанов А.А., Овчаренко В.И. Человек и отчуждение. – Минск: Высшейш. шк., 1991. – 127 с.
56. Финкелстайн С. Экзистенциализм и проблема отчуждения в американской литературе (перевод с английского Э.Медниковой) Москва: Прогресс, 1967. – 319 с.
57. Қазақтың жүз романы. //Құрастырған Р.Нұрғали, Астана, Фолиант, 2004, 456 б.
58. Кекілбаев Ә. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 1989. – 400 б.

59. Тарази Ә. Қорқау жұлдыз: Роман мен повесть. - Алматы: Жазушы, 1991. - 288
60. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т.1: Повестер. - Алматы: Жазушы, 1993. - 544 б.
61. Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т.1: Повестер. - Алматы: Жазушы, 1994. - 496 б.
62. Тарази Ә. Тасжарған: Роман. - Алматы: Жазушы, 1980. - 464 б.
63. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т.2: Роман, повестер, әңгімелер. - Алматы: Жазушы, 1993. - 496 б.
64. Бөкеев О. Мұзтау: Повесть, эссе, новеллалар. - Алматы: Жазушы, 1975. - 256 б.
65. Ерғөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. Шеберлік шеберханасы. Астана., «Фоллиант», 2004. -224 б.+20 б жапсырма.
66. Ерғөбек Қ. Жақсыдан қалған сөз. А., «Жалын» 1991. -304 б.
67. Ерғөбек Қ. Жан жылуы. А., «Жалын», 1981. -136 б.
68. Ерғөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. Қазақ қарасөзі жайында. Астана., «Таным». 2003.-360 б.

МАЗМҰНЫ

Андатпа.....	3
Әдебиеттегі дәстүр мен жанашылдық.....	4
Фольклор және әдеби дәстүр.....	15
Ислам мен шығыстың қазақ әдебиетіне әсері.....	41
Қазақ әдебиетінің даму заңдылықтары.....	47
Әдеби процесс: дәстүр мен жанашылдық.....	52
Абай поэзиясындағы дәстүр мен жанашылдық.....	61
Абай дәстүрінің көркемдік қырлары.....	71
Алашорда қайраткерлері философиясындағы дәстүр мен жанашылдық.....	77
Мұхтар Әуезов жанашылдығы мен дәстүрі.....	83
Айқын Нұркатов зерттеулеріндегі дәстүр мен жанашылдық.....	94
Қазақ әдебиетіндегі (1960-2000) дәстүр мен жанашылдықтың даму сипаты.....	98
Көркемдік дәстүр мен әдеби сын.....	104
Қазақ прозасындағы модернизм.....	126
Пайдаланылған әдебиеттер.....	149

Мамыт Амангелді Алтыбайұлы

Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жанашылдық

(оқу құралы)

Редакторы – Аблаев Н.М.

Техникалық редактор – Аблаев Н.М.

Қағаз пішімі А4 Қаріп түрі «Times New Roman»

Баспа табағы 9,5 Таралымы 200 дана Тапсырыс №228

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің
шағын баспаханасында басылды
Шымкент қ., Байтұрсынов көшесі, 13 үй